

ӨЗБЕКӘЛ
ЖӘНІБЕКОВ

Таздур
тағымлы

Екінші кітап



Өзбекәлі Жәнібеков, 1988

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Мағдыр тағылымы

Екінші кітап

Есте қалғандар

Азаматтық парыз

Жаңа заман айшықтары



Алматы "Рауан" 1997

Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы, Рауан,
1997 — 136 бет.

«Тағдыр тағылымының» екінші кітабы өмірбаяндық хикая ғана емес. Қоғамның белсенді мүшелерінің бірі ретінде автор өзінің бастан кешкен, көріп-білген жәйттерімен қоса, айналадағы әлеуметтік ортаға, ел тағдырына қатысты, тарихпен, мұратанумен, елтанумен, сайып келгенде, қазақтанумен ұштасып жататын қазіргі заманғы көкейкесті мәселелерге де тоқтала кеткенді жөн көрген. Шығармашыл қауым, қалың көпшілік, ел тағдыры толғантатын әрбір зиялы азамат, мұғалімдер мен студент жастар басылымынан соны пікір, тұжырымды ой таба алады.

ISBN 5-625-03754-X

Ж $\frac{4700000000 - 039}{404(05) - 97}$ тапсырыс

ISBN 5-625-03754-X

© Жәнібеков Ө., 1997

БІРІНШІ ТАРАУ

Үміт
пен күдік
жетегінде

ЗАМАНДАСТАРЫМА

(арнау)



сы жұрт соңғы кезде уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығы деген өзекті мәселеге қайтадан мән бере бастағанға ұқсайды. «Тағдыр тағылымы» өмірбаяндық қана хикая емес, автордың әлеуметтік ортаға, көне тарихқа, этнографияға, дәстүрлі өнерге, тілге, мәдениетке қатысты ой-толғамы, шығармашыл ізденістерінің түсініктемесі іспетті шаруа екенін ескере отыра, шама-шарқына тереңірек үңіле түсуді қажет ететін осы бір пәлсафалық құбылыстың қай ұрпақпен болса да өмірге, тарихқа байланысты көзқарас секілді түйсік-түсінік жүйесін қалыптастыратыны жайында көптен бері көкейде жүрген кейбір жәйттерді ортаға салуды жөн көрдім. Ал ой таразысынан өткізілген пікірдің, сайып келгенде, елді тарихи мәңгүрттік кеселден айықтыруға қызмет ететіні тағы бар.

Балалық, жастық шағы кешегі ғаламат соғыс жылдарымен¹ және онан кейінгі шырғалаңы мол кезеңмен тұстас келген біздің ұрпақтың тарихқа көзқарасы тек герман фашистерімен шайқастағы ұлы жеңістің ықпалымен ғана емес, жастарды ілгері үмітке жетелейтін бүкілхалықтық энтузиазм мен отаншылдық рухында қалыптасқан еді. Бұған қоғамдық ойдың И. В. Сталин дүние салғаннан кейінгі даму үрдісінің де әсері мол болды. Замандас ұрпаққа саяси және әлеуметтік тұрғыдан сыйпаттама бергісі келген бізбен тұстас белгілі бір жазушының әртүрлі ұрпақ өкілдері бас қосқан ресми жиында сөйлеген сөзінде өздерін қиыншылық атаулыға бой ұсына бермейтін, алған беттен қайта қоймайтын «Жәнібековтің жалаңаяқтары» едік дегенін де естігенім бар-тын.

¹ Әңгіме 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жайында болып отыр.

Бұл әрине, тұтас бір ұрпақтың іс-қаракетін Қазақстан комсомолына тоғыз жылға жуық бірінші хатшы болды деп бір адамға тели салған «асыра сілтеушілік» болып көрінгенімен, шешеннің тарапынан өз ұрпағының көңіл-күйіне бір шама әділ баға беруге тырмысқандық еді.

Расында біз кім едік? «Партия айтты: Комсомол «Құп болады!» деп бұрынғыдай шапқылай беретін оның тетігі болдық па? Шынтуайтына барсақ, біз басқаша тәлім-тәрбие ала бастаған, айналадағы ортаға, тарихқа сын көзімен қарайтындай кемеліне келе жатқан жас ұрпақтың өкілдері едік. Бізде қазіргі «Жана қазақпыз» дейтіндердің балаларындағыдай мерседес түгіл, велосипед те болған жоқ. Жарып тамақ іштік деп те айта алмаймын. Кийім-кешегіміз де жұпыны болды. Буынымыз қатпаса да, соғыс кезінде ұжымшардың малын бақтық, егінін салыстық. Студенттік шақта стипендия жетісе бермейтіндіктен, темір жолдан контейнер, сексеуіл, тас көмір түсірістік, көше сыпырдық. Кейіннен тың игеруге, комсомолдың екпінді құрылыстарына аттандық...

Осындай өмір өткелдері арқылы оның заңдылықтарын өзгерлерден бұрын ұғына бастадық. Сол біз қалыптастырған ортадан кейіннен белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, оқымыстылар, ғылым мен өнер дамуына өзіндік үлесін қосқан азаматтар өсіп жетілді. Солардың алдыңғы қатарынан мен, мәселен, өзімнің замандасым, тағдырлас досым, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есенәлиевті көрем. Мен оны ата-анасы қойған есімімен Кәкіш, Хакімжан деп атайтын едім, солай болып қала бергім келеді. Осы бір мейлінше таза, өзгенің «қайғысына» ортақтаса кетуге, қолынан келгенше басқаға жәрдем беруге даяр тұратын азаматпен 1960 жылдан, Павлодар облыстық комсомол комитетінде қызмет істеген кезінен таныспын. Кейіннен Қазақстан комсомолының Орталық комитетіне хатшы болып сайланған Кәкішпен мүлдем жақындасып, достасып та кеттік. Сонан бері өмірлік жолымыз айырылысқан емес. Тағдыр Кәкішті де аз сілкілеген жоқ. Бірде ана басшыға, бірде мынаған «ұнамай» қалатын сәттерде қасыңнан табылып, қол ұшын беретін, көңіліңді жұбатып, арқаңнан қағатын қимас досыңның көп бола бермейтініне күйінбесең, бәріне де төзуге болатынын Хакімжанның тағдырынан талай рет көрдім.

Кәкіштің ұйымдастыру қабілеті мен дарыны Алматы қалалық партия комитетінде екінші хатшы, көп жылдар бойы Орталық комитеттің мәдениет бөлімінде менгеруші болып қызмет істеген, әсіресе «Азат» демократиялық қозғалысының басшылығына сайланған кезінде (бұл оның зейнеткерлік шағымен тұстас келді) сан қырынан көрінді. Михаил Есенәлиев ел тағдырын көп ойланатын және ой таразысынан өткізгендерін орынды пайдалана білетін қайраткер ретінде танымал болды. Оның «Азат»

қозғалысының ресми жиындарында жасаған баяндамаларынан, сөйлеген сөздерінен, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларынан көріп жүргенім ұлттық идея мәселесі, қоғамның дені сау күштерін біріктіру қамының кезек күттірмейтіні.

1989 жылдың күзі болатын. Атырауда Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессиясында Батыс Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік дамуына қатысты мәселелер талқыланған еді. Сессияға қатысқан Одақтық Ғылым академиясының президенті, академик Гурий Иванович Марчукты әуежайдан Мәскеуге шығарып салып тұрып, мен жексенбі күні болса да, жақын жердегі бір ауыл мектебіне барып қайтсақ деген тілек білдірдім. Обком хатшысы менің ұсынысымды қабыл алып, қаладан 20 шақырым жердегі кішігірім қазақ ауылында тұратын қазақтың бір үлкен азаматымен кездесуге болатынын айтты. Кім жөнінде сөз болып отырғанын түсініп, дереу телефонограмма жібере салуды өтіндім. Телефонограммасы құрғырдың шапшаңдығы сонша біз кеңшарға келіп, жайғасып отырып алғаннан кейін келіп, оған рахаттана күліп алдық. Біздің іздеп келгеніміз Кеңес Одағының халық мұғалімі Құсни Айтқалиевтің авторлық мектебі еді. Па, шіркін, қандай мектеп десеңші! Басқа жағдайда А. С. Макаренконың, В. А. Сухомлинскийдің қатарынан орын алуға тұрарлық Құсни Айтқалиевтің шын мәнінде заманның озық педагогі екенін ол жасаған оқу-тәрбие жүйесінен көрдім. Ең бірінші көзге түскені мектептің тазалығы. 1973 жылы пайдалануға берілген оқу орны сол қалпында, тап-таза, кеше ғана салынған сияқты. Жабдықтардан бір сызу таба алмайсыз, мүжілген немесе қажалған жері де жоқ.

— Мен бәрін түсінем, бірақ жүздеген бала оқитын жерде мұндай тазалықты қалай қамтамасыз ете аласыз. Ал, мынау көгеріс интерьер қалай жасалды? Әрбір класта жеткілікті аудиовизуалдық техника, видеокиноаппаратура тұр. Көрнекті құралдарыңыз тым төмен ілінген екен, балалар жыртып тастайды деп қорықпайсыз ба?— дегенімде ол жымыып күлді де:

— Біздегі бар жиһаз сол 1973 жылы қойылған орнында тұр. Біз оны дырылдатып, әрі-бері сүйретіп жатпаймыз. Балалар да оның үстіне шығып, алысып-жұлыса бермейді. Ол үшін ойын алаңдары, спортзал бар. Ал мынау көгеріс болса, оны оқушылардың өздері жасаған. Бала еш уақытта өзінің қолынан шыққанды бұза бермейді. Байқап қараңызшы, бізде әрбір кластың қабырғасында оқу бағдарламасына қатысты көрнекті жадығаттар (олар апта сайын өзгертіліп тұрады) ілулі. Оларды да шәкірттер ұстаздарының басшылығымен өздері жасаған, баланың көзінің деңгейіне ілінеді. Көрнекі құрал-жабдықтарды жасағанда көп мәселе баланың абайында қалып қоятыны бар. Біз мұны да ескердік. Әрбір класта аудиовизуалдық техниканың

болатыны сол 1973 жылдан бері жинақталған шаруа. Бізде техникаға көзқарас өзгеше қалыптасқан, азантай автотрактор паркіміз де бар. Олардың да қожасы осы балалар. Жаңа өзіңіз көрген өуез салонында балаларды нота жазуын игеруге үйретеміз. Ондағы ескі пианино, домбыра, скрипка да сол үшін қажет.

— Ал балаларыңыздың білім дәрежесі қандай?

— Шүкір, жаман емес, жыл сайын мектеп бітіретіндердің 83—87 проценті жоғары оқу орындарына түсе алады. Тіл білімі де жаман емес. Орта мектептің көлемінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйреніп шығады.

Мектептің ауласы да, интернаттың жатақханасы да, балалардың тамақтанатын орны да тап-тұйнақтай. Мені қайран қалдырғаны бізді ешкімнің күтпегені. Күнде осындай тәртіп бар жерде білім де болады. Соңынан қалаға қайтып келе жатқанда, обком хатшысы: «Сіз бұл кісінің оқушыларын көре алмадыңыз (түн болып қалған еді), бүкіл Атырау елінен ондай тәрбиелі балаларды табу қиын» дегенді айтты.

Содан бері қанша жыл өтсе де, мен талай-талай жақсы мектептерде болдым. Бірақ оларға таңдана қараған емеспін. Керісінше, «паңдана» қарайтын әдет пайда болды. Бұл Құсни Айтқалиевтің авторлық мектебінен алған әсерім болар.

Леніншіл Рүстемов (қазір арамызда жоқ) Ташкент университетіндегі шығыстану факультетінің иран-ауған бөлімшесін бітіріп, Қазақстанға қайтып оралғаннан кейін, орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, қоғамдық жұмысқа белсене қатысты. Мен басқа қызметке ауысып кеткеннен кейін, Келес аудандық комсомол комитетіне бірінші хатшы болып сайланды. Көп ұзамай, аспирантураға оқуға түсіп, оны тамамдап, студент жастарға ұстаздық етті. Талдықорған пединститутын ұйымдастырып, оның тұңғыш ректоры болды. Орталық комитетте бөлім меңгерушісінің орынбасарына, оқу министрлігінде — министрдің орынбасарына дейін жоғарылатылды. Кандидаттық диссертация қорғап (1964 ж), қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерінің лексикалық-семантикалық ерекшеліктері жайлы алғашқы ғылыми еңбектер жазды, сөздіктер құрастырды.

Мейлінше қарапайым, көп оқыған, еңбекқор азамат еді. «Кімнің гүлі солмайды» десек те өмірден тым ерте кеткен осы бір дарынды замандасымның әлі де болса ғылымға берері көп еді. Оның артына қалдырған мұрасы сарамаңдық құнын ешқашан жойған емес, қағидаларын дұрыс пайдалана білсек, ашқан жаңалықтарына лайықты көзқарас қалыптастыра түсер едік.

Аспанға көтеріп құрметтейтін бір тума абзал жандардың қатарынан өз басым қазақтың аса дарынды ақын қызы Фариза Оңғарсынованы көрем.

«Мен бір қызық адаммын
Қатал тағдыр сілкілеп, мың сынаған...
Жұртқа деген ызаға булыққанда,
Сені орынсыз айыптап, ұрсып алам.
Жыр жазбасам жалығам,
Онсыз маған дүние жел өтіндей...
Ал сен болсаң қарайсың, құлшынтасың
Содан саған бір пайда келетіндей»

деп жазған екен ол өзі жайлы.

Осы бір шумақтардың өзінен-ақ ұғатынымыз Фариза ақынның бар сыры — жырларында ойшылдық сарынның басым боп келетіні көрініп тұратынында екендігінде. Сөз қадірін білетіндіктен, Фариза не айтқысы келсе де толғанысты ой, көңіл-күйіне қарай сыр шертеді. Ол өзінің ақын әріптесі Күләш Ахметова секілді, адамның күй-парқына тез берілетін, тезірек жараланатын асыл сезімнің ақыны.

«Мен заманның сескенем сыңайынан,
Жер сұрқынан, аспанның райынан
Оңайынан оңалар орайы жоқ,
Ығысады жыр жылап, мұңайып ән.
Үндемесем болмайды, сөйлемесем,
Астарласам көнбейді, бейнелесем.
Баласына ана жүр арақ сатып,
Ұрпағына арақ ішпе дей ме десем!
Мына базар өз заңын елге ұсынды,
Кімге айтамыз, өлеңмен енді сырды?
Арды ойламай барды ойлау —
бұл заманның,
Бедеріне соғылған белгі сынды».

— деп тегі Күләш та бостан-бос айтпаған.

Тағдыр мені комсомолда қызмет істеп жүргенде кейіннен Қазақстан өнеріне көп еңбегі сіңген тағы бір дарынды замандасымызбен таныс етті. Ол есімі елімізге танымал, әйгілі әуезші-орындаушы, Қазақстанның халық артисі, профессор, одақтық және халықаралық конкурстардың жүлдегері Юрий Степанович Клушкин еді. 1962 жылы Хельсинкиде (Финляндия) өткен Жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік VIII фестивалінде ол өзінің асқақтаған лиризммен, кернейде (труба) ойнаудағы кілткісіз үйлесімділікті сезіне білетінімен көзге түсті. Лирикалық сезімталдықты білдіретіндей қауқары шамалы осы бір қарапайым аспап дарынды орындаушының қолында сол жолы сан қырынан көрінген болатын. Нәтижесінде — қазақстандық кернейші халықаралық конкурста екінші орынға ие болып елге оралдық.

Ол кезде қазақ авторларынан кернейге арнап шығарма жазғандар жоқ болатын. Мұндай аспапта жеке орындаушылар да табыла бермейтін. Ал керней үшін қазақ сахнасына жол ашу кәсіби өнерде кезек күттірмейтін жәйіт еді. Юрамен әңгімелескенде ойымыз бір жерден шықты. Қазақ композиторларына тілек айтып, қолқа салуға тура келді. Бірінші болып Е. Брусиловский кернейге арнап Концерт және Скерцо жазды. Е. Рахмадиев, Ғ. Жұбанова, Қ. Қожамияровтар да Ю. Клушкиннің орындаушылық ерекшеліктерін ескеретін шығармалар ұсынды. Сөйтіп, кернейде жеке орындалатын әжептәуір репертуар жинап алдық та, ол қазақ сахнасында жеке дауысты кернейде ойнайтын бірден бір әуезші болды.

Жас кернейшіге ықыласымыздың зорлығы сонша, импорттық аспап алып береміз деп қанша тырмыссақ та, онан нәтиже шығара алмадық. Әуезшіні радиоға жазғызып, экранға, сахнаға шығарып, әр түрлі деңгейдегі концерттерге, конкурстарға қатыстыра отыра, қалың көпшілікке таныстыра бастағанымыздың жемісті болғаны сонша, ол кезде әсіресе радиодан кейде құлазыған кең далада таң шапағымен қосыла эфирге шығатын қазақ әуендерімен бірге, біздің Юраның кернейінің де үні естіле қалса, құлағын түре қалатын малшылар да аз болмайтын.

1976 жылы жарық көрген «Ақыл таразысы» атты еңбегінен бүгінгі шығармашыл ізденістеріне дейін атам заманнан бергі көркемдік өнертаным ерекшеліктерін терең зерттеп әлемге әйгілі мәдени қазыналардың бірін-бірі толықтыру жолдарын қарастырып жүрген белгілі әдебиет зерттеушісі Зейнолла Серікқалиевпен сырттай таныстығым болмаса, өзімен соңғы жылдарда ғана, Жоғарғы Кеңесте бірге істескен кезден бастап жақындаса бастадым. Бақсам, министр мәртебесіндегі кейбір басшылардың дарынды қызметкерлерін жоғары лауазымдылармен таныстыруға ұқыпты бола бермейтінін біле тұра, Зейнолламен тікелей танысуға мен де қам жасамаппын. Өкінішті-ақ, Тіпті Полиграфия және баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасарлығына лайықты адам іздеп, сарсаңға түскеніміз де бар еді.

Зейнолла әдебиет сыншысы ретінде де белгілі адам. Өз басым оның соңғы кезде жарық көрген «Тағдыр және біз» («Ана тілі», 1996) атты кітабы да ең алдымен ел мерейін, өнер абыройын асырар отаншылық сезім тәрбиесіне қалтқысыз қызмет ететініне кәміл сенем.

Тайыр Мансұровпен таныстығым оның Алматы обкомында әуелде құрылыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, кейіннен — меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезінде басталған еді. Бұл менің облаткомға қызметке жаңадан ғана ауысқандықтан,

біреуді танысам да біреуді тани қоймаған кезімде болған оқиға еді.

Бір жолы кабинетіме жүзінен қайырымдылық нұр шашып тұратындай бір жігіт рұқсат сұрап кіріп келді де: «Сіз мені кешіріңіз, біздің хатшыға (Грицайға) кіріп шыға алмас па едіңіз» дегенді айтты. Мен: «Е, неге кіріп шықпайын, қазір-ақ жетем» дедім. Ол кеткеннен кейін: «Апырай, қандай тамаша тәрбиеленген жігіт, өзге біреу болса ғой маған келмей-ақ, телефонмен «Сізді Грицай шақырады» десе де жетіп жатқан жоқ па? деп ойланып қалыппын. Содан кейін обкомның құрылыс бөлімінің меңгерушілігіне көтерілген Т. Мансұровпен ауылдық жерлерде салынып жатқан әлеуметтік құрылыс объектілерінде жиі-жиі кездесетін болдық.

Сол тұста облатком төрағасының құрылыс істері жөніндегі орынбасары болып Г. Н. Мальцев деген кісі қызмет істейтін. Жұртты балағаттап сөйлейтін бейпілауыз адам еді. Бірақ оның айтқандарын орындай салатындар да шамалы болатын. Облыстағы «сақалды» құрылыстардың қатарына жатқызылып келген Бақанастағы ауруханада құрылысшылармен кездесу үшін Мальцев екеуіміз бірге бардық. Мансұров болса, оған кешігінкіреп келетін болды. Мен Мальцевке бұл сенің төл участоғиң ғой, жиналысты өзін басқар, мен қасыңда болайын дедім. Ол қарсы болмады. Мальцев құрылысшыларды бірінен соң бірін тұрғызып, балағаттап-сөге берген соң у-шу болып жатқанымызда Мансұров кіріп келіп, біраз үндемей, жұрттың айтқанын тыңдап отырды да, әбден шыдамы таусыла бастаған соң микрофонды қолына алып, әңгімеге араласып та кетті.

— Геннадий Николаевич, бұл адамдармен бұлай сөйлесіп мәселе шеше алмаймыз ғой. Меніңше нақтылы бүгін-ертең шешімін табуға тиісті мәселелерге бәрінен бұрын баса көңіл аударған жөн. Біз де ойланайық, қандай резервтеріміз, ресурстарымыз бар, сол жағын қарастырайық. Қазір аурухананы аралап, нақтылы мәселелерді айқындайық, орындау мерзіміне де келісейік. Келесі аптада, дәл осы күні, осы сағатта жолығайық. Қалғанын сонда келісерміз,— деген қорытындыға келді.

Келесі аптада әркім не істеп, не қойғанын айтып жатты. Құрылысты тездетудің нақтылы жоспары осылай жасалған еді. Бұл обкомның құрылыс бөлімі меңгерушісінің тынымсыз өміріндегі бір эпизод қана еді. Кейін ондайлардың талайын көрдім.

Егер мұнан әрмен будақтатып тізе берсек, жүздеген замандастарымның атын атап, олардың әрқайсысына тиісті мінездеме беріп, әңгімеміздің о баста үйлестірілген ырқына түсе алмай қалуымыз ықтимал болғандықтан, оқырман қауымнан кешірім сұрай отыра, қазір арамызда жоқ, кезінде республикада волейбол спортын дамыту ісіне қомақты үлес қосқан спорт шебері,

Кеңес Одағына еңбегі сіңген жаттықтырушы Октябрь Жарылғаповқа байланысты есте қалғандарды ғана паш етіп, әңгіме-мізді мұнан әрмен үйреншікті желісіне қарай бұруды жөн көрдім.

Октябрь Жарылғапов табиғатынан ұяң, сұңғақ бойлы, қыз мінезді, мейлінше сыпайы жігіт болатын. Оның мінезіндегі бір қасиет кішіпейілділігімен іші-бауырына кіріп кеткеннен кейін тілегін қабыл алмауға мұрсатыңыз бола бермейтінінде еді.

Әлі есімде, бірде комсомолдың Орталық Комитетіне келіп, өзі басқаратын «Буревестник» командасының кластық дәрежеге көтерілуі үшін бүкіл елімізге танымал командалармен кездесіп тұруын қамтамасыз ету қажет екендігін алдымызға тартты. Қаражат тауып Алматыда, Мәскеуде, одақтас республикалардың астаналарында өтетін кездесулерге, тіптен кейбір халықаралық жарыстарға қатыстырып, «Буревестниктің» тезірек өсіп жетілуіне қамқорлық жасай бастадық. Октябрь болса, Алматының жоғары оқу орындарынан қалаған студенттерін таңдап алып, кластық команданың құрамында шындай бастады. Кейде өзінің күдіреті жете қоймаса, әсіресе ауылдан келген, серейген бойы болмаса, волейболдан түйсігі шамалы жігіттермен сөйлесіп, ақыл-кеңес беруге бізді де тартатын.

Көп ұзамай, аталмыш команда одақтық, тіптен халықаралық дейгейде танымал бола бастады. Оның жетекшісі де З.Жаркешев, В. Кравченко, Ж. Сауранбаев, О. Андроповтармен бірге «Буревестник» командасының құрамында талай рет республика чемпионы атанды. Одақтық және халықаралық жарыстарға қатысты. Талай-талай мәртебелі жарыстардың жүлдегері болды.

Арада қанша уақыт өткенімен, өз ісіне берік, қатарынан ерекше, оқшаулана көрінетін осы бір ашаң, аққұба жігіттің жарқын бейнесі көз алдымнан кеткен емес.

Тауқыметі мол, жауапкершілігі басынан асып жататын қоғамдық қызметтің ыстық-суығын бірге бөліскен қарындастарыма да қарыздар екенімді ұмытқан емеспін. Менің, өмірімде қарындасқа қатысты талай-талай күлкілі жәйттер де болды ғой. Соның бірі былай өрбіген еді,

Бір жолы іс-сапарымен Шымкентке барғанда обком хатшысы Ыдырыс Тілеубергенов мені оңаша қалдырып:

— Біз Д. Бопова жолдастың күйеуін облыстық музейге директорлыққа ұсынсақ деп едік. Сіз бұған қалай қарайсыз? дегенді айтты.

— Атай көрмеңіз. Жәнібеков Шымкентке барып, күйеу баласын музейге директорлыққа тағайындап келіпті деген сөзге қалам. Жалпы осындай орынсыз ұсыныс енгізуді қоятын уақыт жеткен жоқ па? — деп бір қойдым.

Хатшы не дерін білмей, сасып қалды. Ертеңіне тағы бір жолыққанда:

— Кешіріңіз, кешелі бері әрі ойлап, бері ойлап, сіздің Боповамен қандай туысқандығыңыз бар деген сұраққа жауап таба алмай қайран қалдым. Бәлкім, өзіңіз айтып түсіндірерсіз? — деді. Мен жымышып күлдім де:

— Сіз кешегі әңгімені тағы да көтеріп отырсыз ба, қалай? Мен оған жауап берген сияқты едім ғой, — деп әңгімемізді тағы бір салмақтап қойдым (ол кісі шынымен-ақ әбіржіп қалғандай көрінді). Осындай қарапайым шындықты ұғына қоймайтын сіздей аңғырт адамды көрсем көзім шықсын (әңгімемізді тағы да әзіл-оспаққа бұрып әкеттім), әйтпесе бұған таңданатын несі бар? Комсомолда қызмет істеген қыздардың бәрі менің қарындастарым болатындықтан, олардың жұбайлары маған күйеу болмағанда, жезде болмақ па?

Осылай деуім мұң-ақ екен, Тілеубергенов ішек-сілесі қатып күліп, «аңқау басым комсомолдағы достық, ауызбіршілік, ынтымақтастық, бауырмалдық дегеннің адам болмысында, мәңгі қалып қоятыны есіме келмепті ғой» деп жатты...

Сөз орайына қарай айтайын дегенім, қоғамдық қызметте қатар істескен менің адуын қарындастарым — Мағауия Есмағамбетованың, Зәуре Қадырованың, Дина Әбдірахимованың, Вера Лазукина-Сидорованың, Зура Шуатаеваның, Нина Бөлепованың, Ғайникен Бибатырованың, Лидия Ахметованың, Мария Кузьминаның, Бағила Шендаулованың, Райхан Қосмамбетованың, Гүлша Тәңірбергенованың, Шәмша Беркімбаеваның, Роза Бердіғалиеваның, тағысын тағылардың мен үшін қимас дос, қадірменді туыс, арқа сүйер жақыным, бір тума бауырым болғаны жайында еді. Солай болып қала береді де.

Тегі, менің замандастарым жөнінде сыр шерткенде мәселені сол кездегі саяси және әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қараған жөн. Олай дейтінім, біздер, соғыстан кейін ер жеткендер, мезеттің қиыншылықтарынан дәріс алып өстік. Моральдық, парасаттық, имандылық жағынан қазіргілермен салыстырғанда шынайылау, ісіне бекемдеу болып тәрбиелендік. Мен әрине, бұрынғы-соңғы ұрпақты бір-біріне қарсы қоюдан аулақпын. Десек те, оларды бір-бірімен қанша «сәйкестендіре» қарағаныңызбен, азынаулақ айырмашылықтары көріне беретіні белгілі.

Мәселен, біздің ұрпаққа соғыстан шыққан елдің, әсіресе мезгіл үйлестірген тәлім-тәрбиелік ортаның әсері мол болды. Ал бізден кейінгі жас ұрпақ мұны сезінген жоқ. Оның есесіне тоқырау заманына тап болды, М. Горбачевтің «қайта құрылуының» да ащы-тұщысын бірге татты. Өйткені, жақсы ма, жаман ба, өткен өмірімізді жетістіктерімен де, кемшіліктерімен де қоса қабылдаудың орнына, тарихтың қайта жазуға көнетіндей қаралтым

беттерін іздестіріп, әуре-сарсаңға түсіп жүріп, әлеуметтік ортаның әсерімен қалыптасатын қоғамдық ойда, наным-танымда, адамдардың өзара қарым-қатынасында болатын өзгерістерге жеткілікті мән берілмеді. Айтылғанды дәлдеп жатпас үшін, оқушымын, басымнан кешкен немесе көз көрген жәйттерден бірер мысал келтірсем, орынды болар деймін.

Бір мысал.

Студенттік шақта маған жатақханадан орын тимегендіктен, қазіргі Әйтеке (бұрынғы Октябрь) көшесінің Ыссықкөл көшесімен түйіскен жеріндегі бір қарт еврейдің үйінен бұрыш жаппа алуға тура келді. Кременчугтен (Украина) жер ауып келген, ұлы мен қызы осында тұрақтап қалғандықтан, кері қайтудың есебін ыңғайластыра алмаған бейшаралардың жалғыз бөлмелі пәтерінде қосымша төсек қоятын орын табылмағандықтан, бала керуетіне жайғасып, оған сыя қоймайтын аяғы құрғырдың астына орындық қойып ұйықтайтын едім. Айына 100 сом төлеп тұруға келісілген бұрышқа қаражат таба алмай жүргеніме бес айға жуық уақыт өтті. Өздері жоқшылықтың тауқыметін тартып отырған байғұстар сыр білдірмеді. Менің тарығып жүргенімді көріп, таңертең дастарқанға отыруға шақырса, әдеп сақтап бармайтынмын. Жан қиналып бара жатқан соң елдегі Бибай деген немере әпкеме хат жолдап, көмек сұрауға тура келді. Онан 500 сом телеграфпен келе қойды. Үйдің қожасының қолына ұстатсам, жарықтық, жатқан жерің торқа болғыр, алмады.

— Қарағым, сенің тарығып жүргеніңді көріп отырмыз, құдайға шүкір, аштан өлейік деп жатқан жоқпыз. Қызым жәрдем беріп тұрады. Сенің қол ұшын беретін туысқаның да жоқ екен. Өзіңе жаратсаңшы — дегенді айтты.

Мен де оның ырқына көне қойған жоқпын. Қайта-қайта тықпалап жүріп, 200 сомын кемпірінің қолына әзер ұстаттым. Ол болса: «Қалғанына бір шалбар, көйлек, трусы, майка алсаңшы. Ертең оқу бітіргенде чемодан да керек болар» деді. Қазіргілер болса ғой, мұндай «бейбас» студентті бұрышқа ақысын алдын ала төлеп қоймадың деп-ақ үйінен қуып шығар еді. Қандай адамгершілік десеңші!

Кейіннен осы бір қайырымды қарттарға мен де бір сыйсыпат көрсетейін деген пиғылмен ауылдан Алматыға әдейі арнап келіп, жер сыйпап қалғандай болдым. Қарттарым қайтыс болған екен. Олардың қақырасының орнына екі қабат монша салыныпты. Көзіме жас алып, артыма қарайлауға да дәтім шыдамай кете бердім...

Оқу бітіргеннен кейінгі өміріміз де бірден жақсара қойған жоқ. Бәріне төздік, қайсарлық көрсеттік. Десек те, жастардың болашаққа сенімі мол еді. Солардың бірі болғандықтан, менің бойымда да осы бір қасиет басымдылығын көрсете берді.

Екінші мысал.

Бір жолы, алпысыншы жылдардың аяқ кезінде ғой деймін, зайыбыммен екеуіміз Алматы — Мәскеу пойызымен Түркістанға бара жаттық. Біздің купеге тағы бір егде тартқан кісі әйелімен отырды. Еркегін ауру қалжыратқан болса керек, иығынан дем алып әрең отырды. Дәрігердің кеңесімен климат ауыстырғалы Алматыдан Украинаға кетіп бара жатқандар болып шықты. Біз әдеп сақтап, әңгімеге араласа қоймадық. Бірақ пойыз жылжып қозғалысымен, көрші купеден келген бір әйелдің: «Сонда сіздер қалай, өкінішсіз кетіп бара жатырсыздар ма?» деп қалғаны.

— Мұндағымыздың несіне өкінейік. Не көрмеді дейсің. Бәріне де шыдадық қой — «Уһ!» деп көршінің әйелінің «көкірегі қарыс айырыла» қалды.

Осы бір сәтте манадан бері тұнжырап, үндемей отырған күйеуі әңгімеге араласып:

— Ей, оңбаған, сен бұл елден қандай зәбір көрдің? Барымен бөліскені ме? Саған жаюлы төсек болып, қиын-қилы мезетте аузыңа су тамызғаны ма? Олай болса, мен айтайын, сіздер тыңдай беріңіздер» — деп әңгімені жалғастырып алып кетті.

— Соғыс аяқталып келе жатқан кез. Майданда мен бір қазақ жігітімен достасып кеткен едім. Достығымыздың шексіздігі сонша, соғыс біткеннен кейін Украинада ма, әлде Қазақстанда ма бірге тұруға уәделестік. Сөз бердік. Тағдыр бізді тілегімізге жеткізбеді. Ол оққа ұшты. Аман қалған менің де жағдайым оңған жоқ. Елге оралғанда көргенім — біздің деревняның жермен-жексен болғаны. Ата-анамның қайда кеткенін де ешкім білмейтін болып шықты. Военкомат арқылы берілген сұраныс та нәтижесіз болды. Далада жалғыз қалғандай сезініп, не де болса, Қазақстанға кетуге бел байладым. Қасақана досымның әдірісінен де көз жазып қалыппын. Қазақстан деген елден менің білетінім тек Алматы ғана еді. Пойызға отырып, Алматыға келген соң, вокзалда әрі-бері теңселіп жүріп алыппын. Мұны байқаған бір қазақ әйелі: «Балам, мұнда біреуді іздеп жүрсің бе?» деген соң, бастан кешкенді айтып бердім. Байғұс әйел: «Екеуіміз мұндас екенбіз, қарағым, мен де баламды күнде күтіп, осында келем. Ол елге қайтпай-ақ қойды» — деп көзіне жас алды. Жүр, біздікіне барайық, бір таба нан мен бір шәугім қайнаған су табылады ғой деп менің жүгіме жармасып, үйіне алып келді.

Тап-тұйнақтай бір бөлмелі үй, шай ішіп, диланып алдым. Жатар орын іздеп кетейін дегенімде қолымнан тартып жібермеді.

Сөйтіп сол үйде тұрып қалдым. Баласы әскерден қайтып оралмады. Күте-күте менің қолымда қайтыс болды. Мұсылманша «ақ жуып, арулап» о дүниеге шығарып салдым. Жалғыз

қалған соң, көп ұзамай үйлендім. Балалы-шағалы болдым. Әкеден жалғыз едім, ата-анамның сүйегінің қайда қалғанын да білмеймін. Мұнда екінші анам қалып барады. Егер денсаулығы құрғыр жараса, Алматыдан ешқайда кетпеген болар едім.

Осыны айтты да:

— Сен антұрған, сонша түңілетіндей қазақтан не жаманшылық көрдің?— деп әйелінің қылығына ренжіп, ызаға батып, булыққан қалпында егіліп, жылап қоя берді...

Осы екі мысалдан-ақ соғыстан кейінгі бас-аяғы жиырма жылдың ішінде адам санасында, мінез-құлқында, өзара қарым-қатынасында болған өзгерістерді көреміз. Бәлкім бұл әлеуметтік ортаны эстетикалық тұрғыдан игеруде мол тәжірибеге ие болған халықтың жылдар бойы аяқ-қолын матап, мысқалдап жинақтаған асыл қасиеттерін жоққа шығаруға бағытталған мәдени-идеологиялық экспансияның, қазіргі жалпы мәдениет дейтіннің тағы бір айғағы болар. Тегі бізден кейінгі ұрпақ осы бір қасіретке молырақ шалдыққан болса керек.

Ал қазір ше? Қазір елде байлық жағынан жіктелу күшейді. Баюдан, байлық жинаудан (мұның әркімнің қолынан келе бермейтіні белгілі) басқаны ойлауға мүрсат бермейтін күн туды. Рухани жағынан алып қарағанда, «Шықпа, жаным, шықпа» деп отырған бізбен тұстас қазіргі жас ұрпақтың қал-ахуалы бұрынғылардікінен де мүшкіл. Егер үкімет нақтылы бағыт ұстанып, жан-жақты бағдарлама жасап, алдын алмаса, елде қалыптаса бастаған жағдай орын толмас ұлттық, саяси-әлеуметтік олқылықтарға алып баруы мүмкін.

Қазір Қазақстан отаншылдығы (патриотизмі) деген мағынаға үлкен мән берілетіні байқалып жүр. Мұның бүгінгі таңда өте орынды қойылып отырғанына күмәндануға болмайды. Бірақ оны қазақ отаншылдығынан бөле-жара қараудың қисыны жоқ. Өйткені, кәдімгі өзіміз қолдайтын жалпыға ортақ интернационализмнің өзі ұлттық мақтаньштан, туған жерде қалыптасатын кіші отаннан, оның салқын самалынан, хош иісінен, тіпті балалық шақтың ертегілерінен, ән-күйлерінен, ойындарынан, сайып келгенде, от басындағы наным-танымнан нәр тартатыны белгілі. Мұның өзі халық педагогикасымен, әулеттік тәлім-тәрбие жүйесімен, оның мұқият үйлестірілген имандылық-эстетикалық қағидаттарымен байланысты өрбитін құбылыс. Отаншылықтың да бірін-бірі толықтыра түсетін саяси, идеологиялық, мәдени, тарихи, құқықтық, экономикалық, тұрмыстық негізде қалыптасатыны белгілі. Ол декретпен ендіріп, немесе тиым салуға көне қоймайтын үрдіс. Мемлекеттің қаржысымен шет алге оқуға барғаннан немесе өзіне тағайындалған президенттің стипендиясын алғаннан жастардың бойында отаншылдық сезім ояна қоймайды. Көп мәселе мемлекеттің жастарға қамқорлығының айға-

ғындай болатын тәлім-тәрбие жүйесін жасаумен байланысты шешілуге тиіс. Ондай жүйе әлі жоқ. Көркем әдебиетте, киноте-ледидарда, бейнелеу өнерінде, ақпарат құралдарында жеткіншек ұрпаққа үлгі болатындай қайырымды, еліне, отанына, шын берілген, айрықша қылықтарымен есте қаларлық Қазақстан азаматының бейнесін жасауға бетбұрыс қажет-ақ.

Отаншылдық мүддесіне сәйкестеп, тарихи тақырыпты игеруге де жете мән берілмей келеді. Әйтпесе, «қара қылды қақ жарған», әсіресе сатқындықты кешіре білмеген Әйтекенің жарқын бейнесі, қазақ жұртының қамымен біте қайнасқан Төленің кемеңгерлігі, талай рет қазақ делегациясын басқарып, Қытаймен, Ресеймен, жоңғар қалмақтарымен жүргізілген келіс-сөздердің дем берушісі болған, дәуірінің асқан дипломаты Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы, Абылай дәуірінің бірден бір әскери стратегі дәрежесіне көтерілген Қанжығалы Бөгенбайдың ерлігі шығармашыл қауым үшін дайын тұрған тақырып емес пе?

Ойлап қарасақ, «қайта құрылудан» (1985 ж) басталған, онан кейінгі реформалардан нәр тартқан тәлім-тәрбиелік кеңістіктің тынысы тарыла бастағалы қашан. Сол 1985 жылы туған балалар қазір 11—12-де десек, «үрейлі фильмдерден», жатжұрттық боевиктерден, шетелдік телебағдарламалардан байқалатын озбырлық, зорлық-зомбылықтан басқа не көріп өсті? Мұны неге ойланбасақ.

Қазіргі қоғамға көзқарас жұрттың меншікке, әсіресе жеке-меншікке қатынасымен өлшенетін болып жүр. Солай-ақ болсын. Бірақ бұл үшін, менің пайымдауымша, ең алдымен елге жекешеліктің пайдалы жақтарын, шама-шарқы мен жай-жапсарын тереңірек уағыздайтын ғылыми тұжырымдама, тым болмаса, қарапайым түсініктеме қажет-ақ.

Бақсақ, сегіз сағаттық жұмыс күні үшін күрестен екі демалысы бар бескүндік жұмыс аптасына көшуге дейін талай заман өтіпті. Оның үстіне қоғамның даму заңдылықтарын Маркспен Лениннің деңгейінде айқын ұғындыра білетін ұстындар әлі туа қойған жоқ.

Ричард Никсон өзінің «Алты дағдарыс» атты кітабында: «Біздің алдымыздағы аса күрделі мақсат — тағы бір облыста коммунистермен теңесу, мүмкіндігінше оларды басып озу болып табылады. Коммунизмнің құдіреті оның әскери қуатында, немесе тым асырыңқырап айтылып жүрген экономикалық жетістіктерінде ғана емес. Мұндай күш оның ең алдымен қоғам алдындағы парызын түсіне білуінде, жақтастарын әрбір шайқасқа аттандырарда жеңіп шығуға құлшындыратын еркінде, Тек осындай рух қана көрінген дағдарыстан шығуда шешуші фактор болуы мүмкін» деген екен. Соңынан АҚШ президентінің қызме-

тін атқаруға кіріскенде ол осы ойын қайталап: «Америка бұйымтайымға бай, бірақ рухани жағынан жүдеу ел» дегенді айтқан.

Кейіннен сол Никсон да бізге келіп ақпараттық кеңістікті қалай пайдалану жөнінде ақыл үйретті-ау. Мұндайда «Тәуба!» дегеннен басқа не айта қоярсың. Шамасы, бұрынғы кеңес идеологиясында қалыптаса бастаған тірескен догматизм мен дүмшелікті (начетничество) Никсон сияқты әлемге белгілі қайраткер де байқай алмаған болса керек, әйтпесе ол біле-тұра мұндай үзілді-кесілді пікір айтпаған болар еді.

Десек те, дүние жүзіндегі тепе-теңдікті бір өзі қамтамасыз етіп келгендей боп көрінетін Кеңес Одағының оп-оңай құлауын коммунистік идеяның теріс екендігінен көреміз бе? Әлде оны аяғына дейін жеткізе алмаған Коммунистік партияның немесе оның жекелеген басшыларының кемшілігінен болды деп қараймыз ба? Осындай қарапайым сұраққа жауап әлі жоқ, бірақ жауап керек-ақ.

Әйткені бұрынғы кеңестік кеңістікте «қайта құрылуға» қарсы тұра алатындай саяси күштер болған жоқ. Оны бұқпантайлап, Горбачевты «Форос тұтқыны» кейпіне ендірмей-ақ, Кеңес Одағын «үшеудің» шешімімен таратпай-ақ, елдің жылдар бойы тірнектеп жинаған бар байлығын талан-таражға түсірмей-ақ, саясатты уақытша қоя тұра, экономиканы реформалау жолымен де өткізуге болатын еді. Ондай мүмкіндіктер қарастырылмады. «Кеңес Одағы» деп отырғанымыздың өзі бүкіл әлем түсінігінше Россия болатын, сонда Ресей көпшілігі кішігірім одақтас және олардың құрамына кіретін автономиялық республикалардан аз тәуелсіздігін жариялаған-ба қалай, бұл жағы тағы да түсініксіз.

Бізде толып жатқан мекемелер, мамандар мен ғалымдар «стратегиялық» зерттеулермен айналысып жатқан жоқ па? Нақтылы жауабын қазір айтпаса, қашан айтады? Бәлкім, бұл біздің елде ғылыми теориямен айналысатын мамандардың жетісе бермейтіндігінен туындаған жәйт болар. Барлық кемшілікті қартайған басшыларға арта берудің де қисыны жоқ сияқты. Олай дейтінім — өз елдерін тағы бір белеске көтеріп кеткен қайраткерлер Аденауэр де, Де Голь де, кешегі Миттеран да жас жігіттер емес еді ғой. Дэн Сяопин де қартайған шағында билікке араласқан адам.

Мәселе кеңестік қоғамда орын алған экономикадағы екі-үштілықта, саясаттағы тиянақсыздықта, дағдыдағы тартыншақтықта болса керек. Әйтсе де бұрын арамтамақтықтың, жатып-ішерліктің, мезеттің басқа да қоқсықтарының себептерін ашып, оны тезірек жоюға жете мән берілетін еді. Қазір мұндай құбылыстарға қарсы күрес жүргізудің күнделікті айналымнан шығып

қалғаны сонша, құқық қорғайтын мекемелер «ұсақ-түйекпен» басын қатыра бермейтін болғалы қашан. Президентіміз айтуын айтады, бірақ оның талаптарын тұғырнамаға айналдырып, нақтылы шара белгілеп жатқан үкімет орындары жоқ.

Әлі де болса дәлдей түсуді қажет ететін өзекті мәселе — мемлекеттің сыйпатына байланысты ол ұстанатын идеологияның негізгі бағыттарын айқындай түсу. Қазақстан сияқты көпұлысты елде ұстанатын идеология ұлттық бағытта өрбуге тиіс. Олай болмайынша бізге құптарлық дәрежеде ілгері басу мүмкін емес.

Аяқталып келе жатқан ғасырдың сан қилы жағдайында өмір сүргендіктен, қазіргі ұрпақтың әр түрлі жұрттарды жете танып-біліп, дұрыс бағдар ұстауына толық мүмкіндігі бар. Ал өткен тарих қоғамның бәрін руға, тайпаға, ұлтқа бөліп, бөтен жердің, бөгде елдің қосындарына, өзгеше наным-танымы, түйсігі барларға мін тағумен келген. Мәселен, сен жамансың, өйткені «кәпірсін», сені құрметтеуге болмайды, өйткені «басұрмансың» (о баста «мұсылмансың» деген мағынада болуы ықтимал) дейтін эпитеттердің түпкі мәні міне, осында жатыр. Шақырылмай келген қонақты «татардан да әрмен» дейтін әдет ғасырларға созылған нәсілдік, діни жауласудың әзіл-оспақта қалып қойған ізі болса керек.

Біздің қоғам мұндай тағылықтардан алыстап кетсе де, жұрттың кезекте көбірек тұрып қалатын жерлерінде, ығайма-сығай иін тірескен базарларда, қызметі (сервисі) жөнделе қоймаған жол қатынасында ескі аурудың жарасы ашыла кететін сәттері болып тұрады. Өкінішке қарай, мұндайда бейпілауыздықты, арамзалықты шұғыл тоқтатуды талап ететіндер табыла бермейді. Бәлкім, бұл да наным-таным, түйсік-түсініктің дәрекілігінен туатын жәйттер болар.

Туғанына бұру, теріс қылық көрсетсе де өз адамы болғандықтан, қорғауға алу бүкіл халық болып айыптауға тұратын әрекет. Бізде мұның саяси, әлеуметтік немесе құқықтық себептері жоқ. Мұндай көкөңіз әдепсіздік сызы тек жариялылық жоқ жерлерде ғана өріс алатын құбылыс. Бәлкім бұл дарақы пікірдің, біреуді біреуге айдап салудың, бақай есеппен ұйымдастырылатын эзәзілдіктің, қастандықтың, бопсалаудың, бақастықтың онда-мұнда көріне қалатын сарқыншақтары болар.

Рулық, жүздік, жершілдік қағидаттар бойынша іріктеліп, жоғары қарай бой көтеретін «пирамиданың» заңғарына кім отырса, қызметте де соның жақтастары тағайындала қалатыны қазірде де кездеседі. Шамасы бұл басшы кадрларды таңдағанда ана жүздің өкілі, мына тайпаның топжарғаны деп іштей болса да, бөле жара қарап отыратын саясатпен де байланысты болар. Әйтпесе, несі бар бір, жерде орта жүздің екі өкілі қатар отырса,

келесі жерде кіші жүздің үш адамы билік құрса, одан төңкеріс бола кетпейді ғой. Керісінше, өзге рулардан өрбігендердің арасында жұмыс істеудің үлгісін көрсетсін. Өз басым руға бөлінушілікті кадр тағайындаумен шатастыра берудің жақсылыққа апарып соқпайтынын көптен білем.

Соңғы жылдары біз тағы бір қасіретке тап болдық. Бұл қазір белең ала бастаған хандарды да, билерді де, батырларды да бір-біріне қарсы қойып, ата-атаға, ру-руға, тайпаға бөліп, жіктестіре бастаған сырқатпен байланысты. Мысалға алсақ, Абылай сияқты аса көрнекті мемлекет қайраткерінің 280 жылдығы Көкшетауда кеңінен атап өтілді де, оның туған, тіптен дүние салған жерінде, ежелгі Түркістанда немесе ескі Шымкентте ескерусіз қалды. Шамасы, мәселе Абылайханда емес, оның Орта жүздің ресми ханы болғандығында шығар. Әйтпесе, Тәукеханға облыс орталығының ең үлкен даңғылының атын бергенде, Абылайды да ұмытуға болмайтын еді. Мен Тәуке бабамыздың тарихтағы ролін кемсіткім келмейді. Егер ондайлар табыла қалса, өз басым бірінші болып қарсы шыққан болар едім. Бірақ Әз-Тәукенің «күнде жиын өткізетін» күлтөбесінің өзі қазіргі Ташкент уалаятында, Әнгірен өзенінің Сырға құяр тұсында орналасқан Ханабад деген жерде емес пе? Оның үстіне, бүкіл қазақтың ұлы ханы ретінде тарихқа енген Тәукенің есімін Алматыда немесе Ақмолада, тіптен кез келген облыс орталығындағы алаңдардың біріне, даңғылға беруге болатын еді. Мұны орайластырғандар болған жоқ.

Ал енді қазіргі көптеп шығарыла бастаған шежірелерге келсек, оларды жинап, қағаз бетіне түсіргенде де қазіргі мықтылардың ыңғайына қарай үйлестіріліп, әуелі солардың ата-бабасының тектілігін көрсетуге тырмысқандықтан, қарапайым халыққа орын қала бермейтін болып жүр. Немесе жұртты даңғойлыққа, ысырапшылыққа, «бекер мал шашпаққа» (Абай) итермелейтін жүздеген киіз үй тігілетін мерейтойларды алсақ (әр үйде бір жылқы, жеті-сегіз қой сойылмаса, қазекеннің көңілі көншімейтіні тағы бар), сонша шығынның қажеті бар ма? Алматының өзінде бір киіз үйді үш күн прокатқа алып пайдалану үшін төленетін қаржы 20 мың теңге тұрады екен. Ал егер Атыраудан немесе Маңғыстаудан алып келуге тура келсе ше? Әрине жергілікті мансапқорлар қалтасынан төлесе, мұндай қыруар шығынға бара бермеген болар еді. Бұрын клубта салтанатты кеш өткізіп, концерт беріп, соңынан азын-аулақ банкет ұйымдастырып та той өткізіп келдік қой. Әрбір үйге «салық» салып, немесе жұрттың жалақысынан ұстап қалып өткізілетін «қызықшылық» кімге керек? Мұны ойланған жөн.

Қазір теледидардан көркемөнердің кәсіби түрлерінен көрі әуесқойлықты көбірек көретін болып алдық. Әрине, ұлттық

өнердің бұл екі бағытын қарама-қарсы қоюға болмайды. Солай бола тұра, екеуінің адам бойына сіңіретін әсері әр қилы екенін ескермеске қақымыз жоқ. Немесе, ауылдан келген қазақ баласын опера тыңдауға ықыласы жоқ деп айыптауға бола ма? Сөз жоқ, орыс тілін шала-шарпы білетін қазақ жігіттері мен қыздары бірден орыс классикасын тыңдау үшін опера театрына бара қоймайды. Мұндайлар үшін драма, жастар театры түр. Концерттік мекемелер де тысқары қалғысы келмейді. Кезінде біздер де орыс немесе батыс еуропа классикасын тыңдауға қазақ тілінде қойылатын спектакльдер арқылы дағдыланған едік.

Өкінішке қарай, орыс операсын қазақша қою қайсы бір лауазымдыларға теріс бағыт сияқты болып көрінгендіктен де болар, 1957 жылдан бастап, артистердің орысша айта білетінін тілге тиек етіп, классикалық операны қазақ тілінде қоюды мүлдем тоқтаттық.

Соның салдарынан өнердің классикалық түріне сусындай қоймаған ең потенциалды тыңдаушыларынан бой жазып қалдық. Оның үстіне, орыс операсын (арасында бірер қазақ болса болар) негізінен орыстардың өздері айтқаны жөн емес пе? Алматыда өз алдына орыс опера театрын құру керек деп жанығатындар да түгелдей дарақылар емес шығар. Мұны да ескермеске қақымыз жоқ.

Мәселе, кімнің қай тілде сөйлей алатындығында емес. Көркемдік, әсемдік әлемін игеруге уақыт керек, мерзімін өткізіп алса, кімге де болса оның орнын толтыру қиынға соға беретіні белгілі. Пісігі жетпеген туындыларды сахнаға немесе көгілдір экранға итеріп салып, қарап отыра беретін болсақ, қазіргі көпшілік қолды жаңа мәдениет дегенге қарсы тұратындай құдірет табыла қоймауы мүмкін.

Қазақтың қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтерілуі үшін басты шарттын бірі оның тілін ғылым мен техниканың, іскер қауым мен сыртқы байланыстардың, президент аппараты мен парламенттің, үкімет пен жергілікті басқару орындарының, армияның тіліне айналдыру — дейтін болсақ, мұнда өнерге де қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер жеткілікті. Осы тұрғыдан алып қарағанда, орталық баспасөзде жарияланған «Қазақстан республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы» мен бірге «Тіл туралы заңның» жаңа жобасының ұсынылғаны құптарлық болды. Осыған байланысты, бәлкім, 1944 жылға дейін республикада жүргізіліп келген қазақ тілін білуге ынталандыру саясатына қайтып оралған да жөн болар дегім келеді.

ҮМІТ ПЕН КҮДІК ЖЕТЕГІНДЕ



азақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, демократиялық дамудың кең соқпақты болмаса да қалыс-қалтарысты даңғылына түскен кезеңі 90-жылдармен тұстас келді. Бұл мезеттің бір ерекшелігі М. Горбачевтың «қайта құрылуынан» бастап Коммунистік партияның бұрынғыдай шаруашылық мәселелеріне тікелей араласа бермейтін болып алғанында, ал кеңестердің шын мәніндегі үкімет орындары ретінде аяғынан тік тұрып кете қоймағанында еді. Мұның өзі бізден, партия қызметкерлерінен әдістеме, стиль мәселелеріне барынша ұқыптылықпен қарауды талап ететіндіктен партияның идеологиялық аппаратын шамамыз келгенше ықшамдап, тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретіндей етіп қайта құруға тура келді.

Партия мен үкіметтің тізгінін бір басшының қолына ұстату да жоғарыдан шешілген шарттылық болғанымен мезгіл талабынан туындалғаны көп ұзамай-ақ басқару жүйесінің қызметінен көріне бастады.

1988 жылдың ақпан айынан бастап Орталық Комитетке хатшы болып қызмет істеп үш жылда Республикада партиялық идеологияның әрбір саласын үйлестіруге көптен танымал, қызметіне берік, көпшілігі менімен бұрыннан да қатар істесіп келе жатқан адамдар басшылық етті.

Мәселен, мәдениет бөлімін басқарған белгілі жазушы, публицист, өнер зерттеушісі Камал Сейітжанұлы Смайыловты алсақ, сіз оған қанша «ағынан жарылғаныңызбен» алдыңызда ашыла қоймайтыны болмаса (шамасы, өзгені сөйлетіп қойып, өзі тыңдайтынға дағдыланған болса керек), оның қарапайым, іскер басшы ретіндегі бар болмысы менің көз алдымда қалыптасқан еді. Республика өмірінде Камалдың публицистік назарынан тыс қалып қоятын мәселе бола бермейтінін, басқа шауасын былай қойғанда, соңғы кезде жарық көрген «Жолданбаған 27 хат» (1992 ж.) атты еңбегінен де аңғаруға болады. Мұнда автор жұрттың көкейінде жүретін көп сұраққа жауап іздеп, қарама қарсы пікір айтып, дәйекті тұжырым қалыптастыруға тырмысқан. Өкініштісі, осындай соны тақырыпқа бетбұрыс жасаған туындыға жұртшылық тарапынан жеткілікті мән беріле қоймағаны. Әйтпесе автордың өзара байланысты болғанымен, қарама-қайшылығы мол саясат пен парасат секілді екі құбылыстың, тағы басқа да мәселелердің арақатынасын ашу үшін қаншама құжаттарды ақтарып, нақтылы деректер іздестіргеніне көңіл аудармау мүмкін емес еді.

Идеология бөлімін басқарған Альберт Александрович Устинов те қаламы төселген жазушы, партиялық идеология саласын-

да көптен бері қызмет істеп келе жатқан, өз ісіне мығым қызметкер еді. Жасыратыны жоқ, алғашында Устиновпен арамызда ептеген түсініспеушілік те болды. Мысалға алсақ, сол 1988 жылғы 11-мамырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде өткізілген ұлтаралық қатынастарға арналған ғылыми-сарамаңдық конференцияға дайындық үстінде бөлім меңгерушісінің Орталық Комитет үстана бастаған бағытпен келісе бермейтіні белгілі болды. Ол түзген баяндаманың жобасында республикада көптен бері қалыптасқан тәртіп бойынша мәдениет пен өнердің қаржыландырылуы «қалған-құтқан» қағидатпен іске асырылып келгені, құрметті атақтардың өзі де көбіне өнер қайраткерлерінің азғантай ғана астаналық тобына беріліп, шетелдік гастрольдерге, фестивальдар мен конкурстарға да негізінен солар қатынасып келгені жайындағы бастапқы тезис менің келісімсіз-ақ алынып тасталып, оның орнына Республикада жылдар бойы бір ғана қазақ ұлтының мәдениеті мен өнерін қаржыландыруға жете мән беріліп, өзге ұлыстардың шығармашылығына мардымды көңіл бөлінбей келді деген пікір айтылыпты. Ашу-ыза кернеп, ел арасында ылаң салуға бағытталған мұндай жалған, қасаңқы пікірді қостай алмайтынымды айтып, оны баяндаманың жобасынан алғызып тастадым. Ол бұған қатты ренжіп, Колбинге барып шыққаннан кейін, онан да қолдау таба алмаған соң, айтылғандармен келісуге мәжбүр болды да бастапқы тезис қайта қалпына келтірілді. Әйтсе де соңынан баяндаманы кітапша еткен кезде азғантай ғана түрін өзгерткен болып, негізгі ойын қалдырып қойыпты. Мұны кейіннен білдім.

Жасыратыны жоқ, Орталық комитеттің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Наурызбай Мұқитановпен де тіл табыса алмадым. Оның басты себебі — бөлім меңгерушісінің біреудің айдап салуымен болса да, нақақтап нақақ, жазықсыз айыпталған белгілі ғалым Нәдір Кәрімұлы Надировқа қарсы ұйымдастырған араңдатушылығымен байланысты еді.

Орталық комитетке хатшы болып сайланғаннан кейін мен Надировтен бас-аяғы үш-төрт айдың беделінде сегіз рет шағым айтқан хат алған болатынмын. Мұқитанов болса, оларды «бұрын да тексерілген, айтылғандары расталмайды» деген тәртіп салып, әрдайым «жауып» келген еді. Бөлім меңгерушісіне сенім артып мен де қол қойып бере беріппін.

Ал енді тоғызыншы рет шағым келгеннен кейін, жоқ, мұнда бір гәп бар, неге шағымшы арыз беруін тоқтатпайды деп Надировты шақыртып алдым да Мұқитановпен екеуін мәжіліс столына қарама-қарсы отырғызып, арыздарды өзім талдауға кірістім. Бірақ мұнымнан ештеме шыға қоймады. Бұл екеуінің бір-бірімен жұдырықтасудан да тайынбайтынын байқап, Мұқитановты біз осындамыз ғой, тағы да кездесіп пікір алмасармыз,

әзірше бара тұрғаныңыз жөн болар деп шығарып салдым да Надировтен 40 минут ішінде біраз мәселені дәлдеп алдым. Қолындағы құжаттарын көріп шықтым.

Байқап қарасам, академиктің ғалымдығы түгіл азаматтық хұқына да шабуыл жасалған екен. Әйтпесе бөлімнің бір нұсқаушысын соңына бірнеше ай бойы салып қойып, ғалымның қызмет еткен немесе іс сапарларында болған жерлерінің бәрінен — Хабаровскіден, Киевтен, Мәскеуден, Шымкенттен, Атыраудан арына тиіп, беделін түсіретін «жадығаттар» жинайтындай, Мұқитанов пен оның дем берушісінің бастарына не күн туған деп ойланып қалдым. Ал, енді мұндай қасанқы әрекеттерден де ештеме шыға қоймаған соң, оған Академияның ғалым-хатшысы лауазымын Атыраудағы мұнай химиясы және табиғи тұздар ғылыми-зерттеу институтының (Надировтың бұрын басшылық етіп келген ұжымы) қоғамдық негізде, жалақысыз қызмет етуге орайластырылған директорлығымен қоса атқарып, қағидатсыздық көрсеткені (?) үшін партиялық жауапкершілігін арттырып қана қоймай, оның қатарынан шығаруға дейін қам жасалған. Ол аз дегендей, ғалым-хатшыны тікелей қатысы болмаса да, бюджеттік қаражатты қаралған баптарына сай пайдаланылмағаны үшін де айыптаған. Өзінің ғалымдығына да күмән келтірілгендіктен, Надиров Одақтық ғылым академиясының президиумынан арнайы анықтама сұратып алып, тексергендердің қолына ұстатуға мәжбүр болған.

Тексерудің нәтижесі осылай бола тұра, З. Камалиденов төрағалық еткен Жоғарғы кеңес президиумы оны Қазақ ССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер деген құрметті атағынан айырған, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері болуға да қақы жоқ деген шешімге келген.

Кейіннен мәселе Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюросында қаралып, Надировке қойылған «айып» түгелдей жоққа шығарылып, ғалымның ұлағатты есімі қалпына келтірілді. Оны құрметті атағынан айырған жарлығын Жоғарғы кеңес президиумы да қайта қарауға мәжбүр болды. Тек бір ғана өкініштісі, бәлкім, бұл мәселеде мен де табандылық көрсете алмаған шығармын, әйтпесе, ғалымның арына тиіп оны соншалықты жәбірлеген адамдар жазаланбай қалып қоймаған болар еді.

Бюро мәжілісі өтісімен-ақ, шамасы Камалиденовтың араласуымен болар, Мәскеуден біреулер телефон соғып, бір қаулының жобасы бойынша пікір алмасу үшін Мұқитановты бір-екі күнге Орталық комитетке жіберіп алуды өтінді. Қарсы болғаным жоқ. Ертеңіне Мұқитанов Мәскеуге жүріп те кетті. Мен сөйтіп жүрсем ондағы бөлім меңгерушісінің орынбасарларынан біреу Колбинге телефон соғып, үстімнен шағым айтыпты.

«Мұқитанов сияқты дарынды қызметкерге Жәнібеков күн көрсетпейтін құсайды, өзіңіз араласпасаңыз жағдай қиындай түсуі мүмкін» дегенді есітіп, шыдамы таусыла бастаған бірінші хатшы:

— Ау, сіз не айтып тұрғаныңызды өзіңіз ұғасыз ба? Мұқитановтың қандай қызметкер екенін біз сіздерден гөрі жақсырақ білетін шығармыз. Мұндай тәкаппар, көкөңіз адамды өмірімде кездестірген емеспін. Оның кішкентай ғана болмысына соншалықты зұлымдықтың қалай сыйып тұрғанына қайран қалам. Сізге рахмет, уақтылы сақтандырдыңыз. Келсін, көріп алайық» — деп бөле-жара айтып, телефон трубкасын орнына қойыпты.

Мәскеуден қайтып оралған Мұқитанов пен Колбиннің арасында қандай әңгіме болғанын мен білмеймін. Мұқитановтың маған келіп, болған іске кешірім сұрап, бұған көңіл бөлмей-ақ қоюымды өтінгені есімде қалды. Соның артынша ол Қазақ мемлекеттік университетіне проректорлық қызметке ауысты. Онда тұңғыш рет балама кандидаттар ұсынылған жоғарғы кеңес сайлауына академик Ө. Жолдасбековпен бірге дауысқа түсіп, жеңіліп қалды да, басқа қызметке ауысып кетті...

Менің көңілімді азынаулақ болса да жабырқанқылыққа түсірген, белгілі бір есеппен орайластырылған аппараттары алғашқы қастандық әрекеттер осылай аяқталған еді. Соңынан мен де өзімді қатаңырақ ұстап, мінез көрсете бастадым. Әңгіме Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, әсіресе Міржақып Дулатовтың «ісін» қайта қараумен, кезінде өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол берген партиялық құжаттардың күшін жоюмен, «Наурыз мейрамымен», Солженицын сияқты «керең де керден сәуегейдің («Егемен Қазақстан») «Комсомольская правда» газетінде жарияланған сандырағымен, сол сияқты қазақ тілінің мәртебесін көтерумен байланысты болғандықтан қол қусырып отыра беруге болмайтын еді.

Әсіресе кейіннен қазақтың «бес арысы» атанып кеткен Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың «ісін» қайта қарайтын Орталық Комитеттің комиссиясы жұмыс істей бастаған тұста «алашордашыларды ақтап жатыр» деп менің өзіме шабуыл жасағын келгендер неден де болса тайынатын емес еді.

Осындай шетін жағдайды ескере отыра, мәселені бітістіру мақсатымен Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті, академик Жабайхан Әбділдин басқаратын, құрамына «бесөудің» жақтастары да, қарсыластары да, тіптен «бітіспес» жаулары да енгізілген Орталық Комитеттің арнайы комиссиясының алғашқы мәжілісінде алдымен өзіме сөз сөйлеуге тура келді.

— Өз басым бүгін «қылмысты істерін» қайта қарауға кіріс-

келі отырған Шәкәрімді, Ахмет Байтұрсыновты, Мағжан Жұмабаевты, Жүсіпбек Аймауытовты, Міржақып Дулатовты жалпылама білетінім болмаса, олардың шығармашылығымен таныстығым шамалы адаммын. Біз солай өстік. Істеген «қылмыстарын» да біле бермейміз. Ал сіздер, алдыңғы қатарда отырған ағаларымыз — академик С. Кеңесбаев, академик М. Қаратаев, ақын Ә. Тәжібаев, ғалым-филолог Ә. Шәріпов, кімнің кім екенін жақсы білесіздер. Бұлар нендей қылмыс істеді, нені бүлдіріп қойды, айтыңыздар. Ал қазір айтпасаңыздар, қашан айтасыздар, оны да біліп алайық. Қашанғы «жабылған қазан жабулы» қала береді.

Мен, әрине, Мағжанды немесе Жүсіпбекті оқымайын деп жүргенім жоқ. Кітаптарын табу қиын, сирек қордан да әлдеқашан алынып тасталған, архивтен де мардымды ештеме таба алмадық. Ендігі бар үміт еддің қолында сақталғандарыңда. Бірігіп жұмыс істесек, Прокуратура, Сот, МВД, КГБ бізге көмектесер деп ойлаймын, көп нәрсенің бетін ашып алуымызға болатынына кәміл сенемін. Ұсыныстарыңызды соза бермей, тезірек дайындаңыздар.

Осыны айттым да залға қарадым. Ақсақалдар ләм деп аузын ашпай отырып қалды. Екінші қатарға орналасқан орта буынның өкілдері (олардың арасынан Ә. Әлімжановты, Р. Сыздықованы т. б. көріп отырмын) у-шу болып, «осылар құрымай жақсылық бола қоймайды» деп ақсақалдардың атына қатты-қатты сөздер айтып жатты. Үшінші қатарға орналасқан жастар жағы да өздері тұжырымдаған мәселелерін ортаға салып, пікір алмасып жатқандай көрінді.

— Ал енді комиссияның төрағасы академик Ж. Әбділдинге сөз берейік, жұмыс барысында кездесіп, ақылдасып тұрайық. Прокуратура, Жоғарғы сот, МВД, КГБ орындары да архивін ашып, комиссияға көмек көрсететін болсын.

Осыны айтып, мен орнымнан тұрдым. Менің кетіп бара жатқанымды көріп С. Кеңесбаев: «Өзбекқали, мен саған алғыс айтайын деп едім, жасының ұлғайғанына қарамастан, бірі академик, бірі корреспондент мүше болып Академияның алғашқы құрылтай жиналысына қатысқандардан қалған Кеңесбаев пен Базанова ғана екен. Оларды сол бұрынғы жалақысымен Академияның Президиумына ақылшылар (советниктер) етіп қалдырыңыздар деген екенсің. Сол үшін саған көптен көп рахмет» — деді. Бірақ бүгінгі комиссияда қаралғалы жатқан мәселеге қатысты тағы да ештеңе айтқан жоқ.

Бір ай өткеннен кейін С. Кеңесбаев Әбділдинге барып: «Анада әлгі хатшы бала бізге нендей тапсырма берген еді, ұмытып қалыппын, құдай жарылқағыр, өзің тағы да бірдеме айтып түсіндірші» дегенді айтыпты. Әбділдин тәптештеп тағы да түсіндіріп

бергеннен кейін «Казахстанская правдаға» А. Байтұрсыновтың ғалымдығы жайлы орта қолды ғана мақала жазып беріпті.

Комиссия жұмысының барысында М. Жұмабаевтың 1960 жылғы сот арқылы аяқталғаны жөніндегі құжаттың жоғалып кеткені белгілі болды. Ал қалған төртеуі жайлы ондай мәселе қою да ешкімнің ойына келмепті. Мағжанның сот арқылы ақталғаны жайлы қаулы жесірі — Зылиха әжейдің қолындағы көшірмесі арқылы қалпына келтірілді. Ал қалғандары жөнінде мәселе комиссия арқылы қойылып, тез арада өзінің шешімін тапты.

Тағы бір қиыншылық Орталық Комитеттің арнайы комиссиясының ұсынысымен саяси жағынан ақталған аса көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің шығармаларын бастырумен байланысты еді. Мәселен, Мағжанның өлеңдерін Зылиха әжейдің көмегімен ғана жинастырып алдық. Соның алдында ғана әжей шөбере қызымен бірге менде болған еді. Сәлемдесіп болғаннан кейін:

— Қарағым, менің көрі қойдың жасындай да ғұмырым қалған жоқ шығар (ол кезде әжей 94 жаста еді), ол жағы бір аллаға мәлім. Тым болмаса Мағжанымның бір томдығын қолыма ұстап өліп кетсем деген арманым бар еді. Соған жетсем деген едім деп көзіне жас алды. Мен:

— Әжей, амандық болса ол тілегіңізге де жетесіз. Қазір «Жазушы» баспасы Мағжанның бір томдығын дайындап өндіріске тапсырды. Тез арада жарық көріп қалар. Оған сене беріңіз,— дедім.

Осы бір сәтте Зылиха әжейдің шөбересі сөзге араласып:

— Ағай, сіз «Айсұлу әлде қай сұлу» деп басталатын атамның өлеңін білесіз ғой. Сол Айсұлу осы кемпір. Өзінің Мағжанын ешқашанда ұмытпайды. Шынында да кітаптың жарық көруін тездететін құдірет болса, әжемнің бақытының шегі болмас еді,— деп сөзін аяқтады. Мен оған:

— Солай болады, қалқам, сенің өзіңнің де мәселені қадағалағаның жөн болар. Жәрдем керек болса телефон соғарсың.

Екі күннен кейін «Жазушы» баспасы Мағжанның бір томдығына қазақ поэзиясының ақсақалы Әбділда Тәжібаевтың алғы сөз жазатыны келісілгені жайында хабарлады. Мен Әбекеңнің «сақалын» ғана емес, ақындығын сыйлап, қарсылық білдірген жоқпын.

Мұны естіген Зылиха әжей 60 жылдарда Мағжанды қаралауға бар күшін салған Ә. Тәжібаевтың мезгіл талабымен өзгере қалып, оған басқаша баға бере бастағаны ұятсыздық. Мағжан Жұмабаев пен Әбділда Тәжібаевтың есімдерін бір кітаптың ішіне қатар орналастыра көрмеңіздер. Бұл Мағжанның әруағын қорлау, сыйламағандық болар еді,— дегенді айтыпты.

Енді қайттік деп «Жазушы» баспасының директоры Қ. Най-

манбаевқа телефон соғып, мүмкін Ж. Аймауытовтың 1925 жылы жазылған тәп-тәуір алғы сөзімен шығарсақ қайтеді десем, сол күні бір жалпы дәптердің бірнеше бетін толтыра, көсілте қаріптермен жазылған Ә. Тәжібаевтың хаты келді. Онда: «Сен неге түсінбейсің, мен де Мағжанның алдында арымды тазалап алуым керек емес пе?»— деген өкпе айтылған екен. Тағы да Найманбаевпен хабарласып, Зылиха әжеймен кездесіп бір келісімге келу керек екендігін ескерттім.

Не керек, әжеймен араға Мағжанның туысқандарын салып жүріп, ақыры Ә. Тәжібаевтың да, Ж. Аймауытовтың да жазған алғы сөздерін бірдей басып шығаруға келісімін алыпты. Өкінішке қарай, Ә. Тәжібаевтың жазғанынан Мағжанның әруағы алдында кешірім сұраған немесе «арын тазалап алуға» тырмысқан пиғыл көре алмадым.

Бұл кезде менің «достарым» да бостан-бос қарап отыра алмайтындай еді. Бірде, мен Алматыда жоқта, Орталық Комитеттің бюросының кезекті мәжілісі жабылар алдында, басқа жағдайда «тәңір жарылқағыр, өз басыңды-ақ қарық қылып ал» деуге тұрарлық, «сау» жүретін уақыты бола бермейтін бір азаматтың «талап» етуімен Республиканың «бас идеологы» жөнінде мәселе қаралыпты. Бірақ Бюро мүшелерінен қолдау таппағаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы әңгімені аяқсыз қалдырыпты.

Мұны мен іс сапарынан қайтып оралған соң жабық бюро мәжілісіне қатысқандардан естідім де Ануфриевке (екінші хатшы): «Мынауыңызды тоқтатыңыз, әйтпесе менде де ауыз бар, тілім де жеткілікті» дедім. Ол болса «күшік үреді, керуен көшеді» дегенді айтып, көңілімді жұбатқандай болды.

А. Устинов басқа қызметке ауысып кеткеннен кейін оның орнына бұрынғы оқу министрі, соңынан министрлік кеңейтіліп, Білім министрлігінің мәртебесіне ие болғанда министрдің бірінші орынбасарлығына тағайындалған Мырзатай Жолдасбеков келді. Расын айтсам, бұрын министр болып, алдын-ала дайындап берген қағазға қол қоя салуға дағдыланған осы бір азаматтың қанша іс тәжірибесі мол десек те, аппарат қызметіне құнтсыздығы көріне бастады. Ол кезде біз қазақ, ұйғыр мектептерінің оқыту жоспарына, бағдарламаларына жастарға имандылық-эстетикалық тәлім-тәрбие беру жүйесін енгізу жөнінде үкіметке ұсыныс әзірлеп жатқан едік.

Бір жолы мен оған: «Мырзатай, бөлімнің атынан ұсынылғанымен пісуі жетпеген құжатқа мазмұнымен таныспай-ақ қол қойып, маған жібере салғаныңа жол болсын» деуім мұң-ақ екен ол бірден шарт кетіп: «Сіздің қыр соңыма түсіп алғаныңызға қарағанда, мені Камалиденовтың адамы деп жүрген шығарсыз. Мен ол кісіні танымаймын да, тіптен білгім де келмейді» дегенін естігенде өз құлағымға өзім сенбей, «Ау, мынаған не болған,

сонша қымсынатындай, Камалиденов мемлекеттік қылмыскер емес қой, қызмет бабында кемшілік әркімнің басында бола береді, сонда не, Зақаш Камалиденұлының кезінде қызметке тағайындалғандардың бәрі бүгін табанын жалтыратуы керек пе? Жоқ, тым келте қайырады екенсің, жігітім» деген ойға батып, есікті тарс жауып, кабинеттен шығып бара жатқан қызметтесімнің жотасына қарап қала бердім. Мен оны ентігін бассын деген оймен тоқтатқан да жоқпын, тек он бес минут өткен соң қайтадан шақырып алып, инциденттің осымен біткенін ұқтырғандай боп, басқа бір өтініш айтып, шығарып салдым.

Нұрсұлтан Әбішұлы да, мен де қазақтың көне дәстүрін, тұрмысын, ауыз әдебиетін қадір тұтатын ғалым ретінде Мырзатайға ерекше көзқараста болатынбыз. Бірде мен Жоддасбековке жұмыстан кейін бір жаққа барып қайтатынымызды ескерттім. Бұл Қазақ ССР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, педагог-хореограф Ольга Всеволодовна Всеволодская-Голушкевичтің басшылығымен қазақ билеріне машықтанатын «Алтынай» халық биі ансамблін құруға қам жасалып жатқан кез болатын. Оған Мырзатай секілді дәстүрлі өнерге қанық азамат бас-көз болса, жас ұжымның тезірек аяғынан тұрып кетуіне болады екен-ау деген үмітпен репертуарымен таныссын деп ансамбльдің репетициясына шақырған едім.

Ол болса бұрын-соңды өзі көрмеген қазақтың ежелгі халық билеріне де, би-ойындарына да, этнографиялық ұлттық киім-кешегіне де қызыға қойған жоқ. Керісінше, өзінің мұндай ұсақ-түйекпен айналысуды қаламайтынын аңғартқан боп: «Өз-еке, сіз мені жақсы отырып дем алатындай бір орынға жетелеп келе жатқан шығар десем, репетицияға алып келгенсіз бе, қалай» деп әңгімесін әзіл-оспаққа айналдырмақ болды.

Сонан кейін-ақ, мен Мырзатайды мұндай мәселелерге араластыра бермейтін болдым. Өйткені бөлім меңгерушілерінің қайсысын алсақ та біздегі идеологиялық комиссия арқылы қабылданған «Жаңарып жатқан қоғамдағы мәдениет», «Бұқаралық жұмыстың саяси әдістері», «Жастарға имандылық-эстетикалық тәлім-тәрбие беру жолдары», «Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл құрылысы», тағысын тағы тақырыптар бойынша басшылыққа алынатын тұжырымдарды партия ұйымдарына ұсынуға қатысты өз міндеттері де басынан асып жататын.

Көп ұзамай Мырзатай Жоддасбеков президент аппаратына қызметке ауысты да оны алмастырған Қуаныш Сұлтанов партиялық идеологиямен байланысты мәселелерді мезеттің талаптарына сай қайта реттеуге кірісіп те кетті. Ал, мезеттегі жағдай көңіл жұбататындай емес еді.

Басқаны былай қойғанда, партия өзінің төл ісі болып табылатын идеологиялық қызметтің өзіне немқұрайды қарай баста-

ғаны сонша, Мәскеуден бұрынғыдай күнделікті тапсырма, бағыт-бағдар ала бермейтін болғанбыз. Партиялық идеологияға қатысты көп сұрақ, ұсыныстар жауапсыз қала беретін.

Мәселен, 1989 жылғы Жоғарғы Кеңес сайлауына дайындық үстінде КПСС Орталық комитетінде болған кеңесте партия басшылығы бізден, идеология қызметкерлерінен, сайлау науқанына араласпауды талап етті. Мұны кім қалай ұқса, солай басшылыққа алды. Ал сайлаудың нәтижесі ойдағыдай болып шыға қоймағаннан кейін, бұған партия комитеттерін жазғырған сөгіс естідік.

Тағы бірде Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясында болған семинар-кеңесте маған да сөз тиіп қалды. Мүмкіндікті пайдаланып қалмақ болып: «Біз осы қазір ленинизмге қандай көзқарастамыз? Босқа әурешілікке салынып жүрсек, турасын айтыңыздар. Орталық Комитеттің ұстанатын бағытын, пікірін біз де біліп алайық. Әйтпесе мерзімді баспасөзде, телерадиохабарларында Ленинге, оның іліміне ашықтан-ашық шабуыл жасала бастағалы қашан? Әлде жағдай осылай жүгенсіз кете бере ме?» дегенімде кеңесті жүргізіп отырған хатшыдан Ленин ескерткіштеріне кептеуіл қоюды ұмытпаңыздар дегенді ғана естідік. Мен бұған қанағаттана қоймай: «Бізде Қазақстанда, әзірше Ленин ескерткіштеріне қауіп-қатер төніп тұрған жоқ. Әңгіме бүгін ескерткіштерді ғана емес, ленинизмді қорғау жөнінде болып отырған жоқ па?» дегенімде төрде отырған партия ардагерлерінің, залдың ықыласынан басқа әсер алатындай ештеме көре алмадым.

Әлі есімде Бас хатшының ереуілге шыққан Донецк кеншілерінің өкілдерімен кездескенде сөйлеген сөзінде сіздер төменнен, біз жоғарыдан қысым жасап көрейікші, сонда жағдай түзелмей көрсін — дегені. «Ау, бұл адам кімді қыспаққа алмақшы, партия мен үкімет басындағы өзінің дәрменсіз сыбайластарын ба, әлде станокта тұрып жұмыс істейтін, металл қорытатын, құрылыс тұрғызып, мал бағып, егін өсіріп, заттық игіліктер жасап жатқан миллиондаған қатардағы коммунистерді «тәртіпке шақырмақшы ма» деген жауабы жоқ заңды сұрақ біздің қай-қайсымыздың болса да көкейімізде қалып қойды.

Қазіргі басшылар митинг атаулыға онша мән бере қоймайтын болып алды ғой, ал ол кездегілер митингке біреулер жиналып жатыр десе-ақ орындарынан үдере түрегелетін. Бірде таңертеңгі сағат 9-дан бастап Республикалық партия мектебінде лекция оқып тұрсам, Ануфриевтен записка әкеліп берді. Онда тезірек жет, алаңға жұрт жиналып жатыр деп жазылған екен. Апыр-ау, сонша не болып қалды екен деп екі сағаттық лекцияны 1 сағат 20 минутта бітіріп, алаңға келсем, шыншынды да мың қаралы адам жиналып қалыпты.

Олардың арасынан Ануфриевті көре алмай, өзіміздің қыз-

меткерден осындағы бір қазақ мектебінен өрт шыққаны жайында жұрттың у-шу болып жатқанын біліп, Орталық Комитеттің қабылдау бөлмесіне барсам, бәрі сонда екен. Залдан Ануфриевтен басқа Байжановты, Төлебековті, Сұлтановты, қаланың басшыларын көрдім. Орта жастағы біреу партияны сыбап-сынап жатыр екен, бірақ менің келгенімді байқаған соң сабасына түсе қалды. Күнде араласып-құраласып жүргендіктен бе қайдам, әйтеуір бейресми ұйымдардың белсенділері бізден айылын тартатын. Сұлтанов маған қарап жымыып күлді. Кейіннен мұның мәнісін сұрағанымда ол маған әлгі адамның мен келгенге дейін бет бақтырмай сөйлеп, сізді көрген соң: «Өз-еке, жаңа ғана партия түк істемейді деп сіздерді жазғырған едік, олай емес қой, оғаштау кетсек кешірерсіз, бүгін партия да аз күш салып жатқан жоқ, тек қазақ мектебін өртеп жатқанда мыналардың қол қусырып отырғаны, Ардаев дегеннің («Известия» тілшісі) анық-қанығына жетпей-ақ газетке ақпар беріп үлгіргені жанымызға батып кеткені ғой» деп жуып-шайған болып жатты. «Ал енді төрелігін өзіңіз айтыңыз, біз не істеуіміз керек, бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы бізден екі-үш адамды өзі қабылдаса, нақтылы ұсыныстарымыз бар еді»,— деп сөзін доғарды.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлының Алматыда жоқ екенін ескертіп, бәлкім, ертең келіп қалар, мүмкіндігі болса сіздермен кездесер, мұны ол кісі өзі ішешеді. Ал енді мына алаңға жиналған жұртты тарқатыңыздар, өрттің себебін анықтайық, мүмкін ол электр желісінен шыққан болар, басы-қасында болған ешкім жоқ қой, дегенімде ол менімен келіскендей болды. Ардаевтан тексерудің нәтижесі бойынша газетке қысқаша ғана ақпар (корреспонденция) бере салуды өтіндім. Ертеңіне бірінші хатшымен кездескенде әлгі адамдар өздерінің жағдайын айтып (біреуіне пәтер, біреуіне телефон керек дегендей) жайына кетті. Тексертіп қарағанымызда, өрт деп жүргені ешқандай қазақ мектебіне жасалған қастандық емес, тозығы жеткен электр желісінен шыққан от болғаны дәлелденді.

1989 жылғы қыркүйек айында Алматыда өткізілген студенттердің бүкілқалалық митингі де есімізде қалды. Республика басшылары (бірінші хатшыны қоса) Мәскеуде бір үлкен жиында болатын. Күмісжан Өмірбаевамен (үкімет төрағасының орынбасары) ақылдасып, біз де митингке барып, студенттерді тыңдап қайтпақ болдық. Алматы медицина институтының үлкен залында өткізілген митингке екі мыңға жуық студент қатынасты. Жиналғандардың алдында сөз сөйлеген республика прокуроры Ғ.Елемесов болса, қандай шаралар белгілегенін айтып берудің орнына 1986 жылғы оқиға кезінде кімнің қай жерде тұрып, не істегені жайлы, «ескі әңгімесіне басып кеткендіктен», ызаланған жұрт оны да, басқа да құқық қорғайтын орындардың басшыла-

рын сөйлетпей тастады. Шығып сөйлегендердің (әңгіме 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысты болғандықтан) «Өзбекәлі аға!», «Өзбекәлі аға!» деп маған жалтақтай бергенін көріп, оның үстіне Сафуан Шаймерденовтың кейбір шешендердің сөзін қостап «бұған өзіміздің жақсы көретін хатшымыз Өзбекәлі Жәнібеков не айтар екен?» деп қақпалағанын есітіп, маған да мінберге көтерілуге тура келді.

Мен қысқаша сөйледім. Желтоқсан оқиғасына қатысты мәселелерді бүге-шігесіне дейін мұқият тексеріп, нақтылы ұсыныстар енгізетін депутаттық комиссия құрылатынын және үкімет тарапынан айыпты деп танылған сот, прокуратура және милиция қызметкерлеріне шара қолданылатынын, жазықсыз кінәланған жастардың «ісі» қайта қаралатынын айтып, жұртты тыныштандырғандай болдым.

Сөйтіп, алғашқы бүкілқалалық митинг қақтығыссыз-соқтығыссыз тарады. Бірақ сол күні түнде-ақ Мәскеуде жүрген бірінші басшымызға «Жәнібеков жиналғандарға отпор бермеді, жұрттың тыныштығын бұзып, аузына келгенін лаққандарға тойтарыс жасамады» деген мәліметтеме (депеша) жетіп те үлгірді.

Сонымен не керек, бірінші хатшы екі күннен кейін жаңа митинг өткізіп, студенттерді тыңдайтын болды. Мұны көрген Күмісжан: «Ал енді Нүрекеннің өзінің студенттерге қалай отпор бергенін көрейік» деп қасыма келіп отырды. Митинг сол залда болды. Сонша студент тағы да жиналды. Сол әңгіме айтылды. Сол бұрынғы берілген уәде қайталанды. Тек бұл жолғы митингке қатысқандар желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбандарын еске алып орындарынан тұрды. Төрте отырған басшымыз да сахна сыртындағы көмекшісінен бір құжат сұратқан боп орнынан тұрып, оған дейін саны да, аты-жөні де беймәлім 1986 жылғы желтоқсан құрбандарын еске түсіру рәсіміне қатысуға мәжбүр болды.

Жасыратыны жоқ, бұрын алдын ала орайластырып қойылатындықтан ба, қайдам, мұндай сәт көзге түсе бермейтін. Әйтсе де үлкеннің беделін құрмет тұту сияқты атадан алмасып келе жатқан қасиетті дәстүрдің шайқала бастағанын сол митингтен көрдім...

Бәлкім, бізге, бұрын қалаған министрін шақырып алып тапсырма беруге дағдыланған Орталық Комитеттің басшы қызметкерлеріне жаңа жағдайға үйлесе қою оңайға түспеген болар. Олай дейтінім алғашқыда өздерін қоярға жер таппай, идеологиялық бөлімнің жұмысына да килігіп кетіп жүргендер болды. Бірде мен өзіммен қатар жүрген әріптесімнің Алматыдағы славян қауымдастығына барып, анық-қанығына жетпей-ақ, оның экстремистік басшылығының қылықтарына жоғары баға беріп, құптап келгенін көрдім. Мұның есесіне өзіне сеніп тапсырылған

элеуметтік-экономикалық саясаттың шешімін таба алмай булығып жатқан мәселелерімен тереңірек айналысса, қоғамға да, бұрынғы беделінен айрыла бастаған партияға да пайдалырақ болатын еді.

Сөз орайына қарай тағы бір айта кетейін дегенім, өзіне бекітілген партия ұйымдастыру бөлімінің, іс басқармасының, жалпы бөлімнің, партиялық бақылау комиссиясының қызметіне, сол сияқты партия шаруашылығына қатысты мәселелер аздық қылғандай, біздің бөлімнің жұмысына орынсыз араласа берген соң, бір жолы Ануфриевпен де ренжісіп қалғаным бар-тын.

— Әрине, сіздің екінші хатшы ретінде маған да, идеологиялық бөлімге де тапсырма беріп, қадағалап отыруға қақыңыз бар, бірақ Сұлтановқа қандай тапсырма бергеніңізді менің білуім қажет емес пе? Біздің де өз жоспарымыз бар, идеологиялық қызметке қатысты ыңғайтабыстарымыз бар. Бостан-босқа ұятқа қалмас үшін біздің қызметімізге мен арқылы араласқанымыз жөн болар дегенді айттым.

Ол қызараңдап, әбіржіп қалды.

Қысқа мерзімде, ағымдағы мезеттің әр түрлі қисысында қызмет істесе де, жаңа құрылымдарға басшылық еткен Әбіш Кекілбаев, Күмісжан Өмірбаева, маған кеңесшілікке бекітілген Сейділда Көпбаев (қазір арамызда жоқ), Нұрсан Әлімбаев, Асқар Егеубаев, сол сияқты Саяси үрдістер социологиясы орталығының жетекшісі Сейіт Қасқабасов, Баспасөз орталығының жетекшісі Ербол Шаймерденов, көмекшілерім — Сансызбай Нұркамалов, Владимир Печерских секілді қызметтестерім де әрқашан орындарынан табылып (бұл әрине кабинеттерінен — деген мағына бермейді), мезгіл ерекшеліктерімен айқындалған сан алуан оқиғалардың қою ортасынан көрініп жүрді.

Өз басым республиканың партия белсенділігі (активі) жөнінде де осындай пікір айтқан болар едім. Десек те біздің елде қалыптаса бастаған Коммунистік партияға теріс көзқарасты оның пайдасына өзгерте алмайтынымызға көзіміз жете бастаған еді. Бұл партияның ақырына келе жатқанын аңғарта бастаған тұсы болатын. Олай дейтінім бұрын шетелдік баспасөзде, басқа да ақпарат құралдарында кеңес үкіметінің саясатына қайшы келетін пікір айтылса-ақ, шұғыл түрде жауап қайтаратын ТАСС, АПН тағы басқа да насихатшы орындардың өз пікірін немесе үкіметтің көзқарасын жария ете бермейтін болып алғалы қашан. Тіпті Кеңес Одағы жойылардан екі жылдан астам уақыт бұрын, АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы З. Бжезинский бейтарап орыс баспасөзі арқылы кеңес империясының тез арада өзін-өзі тарату жолымен құлайтынын бізге паш еткен жоқ па?

Мұны қостаған да, даттаған да пікір айтқан кеңес жағы болған жоқ.

КПСС Орталық Комитетіне, Горбачевқа 1963 жылғы Кариб дағдарысы кезінде президент Кеннедидің ұйғарымымен бірнеше нақтылы пункттен тұратын Кеңес Одағын құлатуға бағытталған американдық жоспар қабылданғаны, оның Рейганның, Буштың кезінде қайтадан дәлденгені және тікелей басшылыққа алынғаны белгілі бола тұра, кеңес жағынан қарсы әрекет жасалмады.

Ал мұның бәрін жиып тастағанда, 1991 жылғы «тамыз төңкерісі» дегеннің кезінде Горбачевтың елді иесіз қалдырып, істүзсіз құрып кеткені, онан «Форос тұтқынының» көбін еске салатын жұпыны куртқа киіп, арнайы ұшақпен Мәскеуге қайтып оралғаны, Ельциннің Ресей Жоғарғы кеңесінің мәжілісінде Горбачевты тұрғызып қойып, «бәсеңдік» үшін Коммунистік партияға (КПСС) тыйым салған шешімге қол қойғаны барлық теледидар көріп, радио тыңдайтын қауымның көз алдында өткенін қалай ұмытарсың.

Керек десеңіз, сол жылғы желтоқсанның 9 жұлдызында Кеңестік Одақты құраған басқа республикалардың келісімінсіз-ақ (мұнан артық залымдық бола қоймас), Беловежское пуцге (Белоруссия) жиналған Ресей, Украина, Белоруссия басшылары Кеңес Одағын тарқату туралы шешімге қол қойғанда Мәскеуде, Кремльде өз орнында отырған Горбачевтың шын мәнінде ары таза болса (менің бұған күмәнім бар), қолында шектен тыс үкімет билігі, қарауында армия, авиация, флот, КГБ, МВД, қазіргі заманғы байланыс коммуникациялары, ақпарат құралдары бола тұра, нақтылы іске талпыныс жасамағанын басқаша түсінуге болмайтын еді.

1991 жылғы оқиғалардың Қазақстан жағдайында қалай өрістегені жайында мерзімді баспасөзде, басқа да ақпарат құралдарында аз айтылған жоқ. Оларды қайтадан тәптеңшеп жатудың қажеті бола қоймас. Десек те біздегі өзгерістердің сыр-сыйпа-тына көңіл аудармасқа қақымыз жоқ. Несін жасырайық, Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі бес жылда екі рет парламент сайлауын, екі рет бүкілхалықтық референдум өткізіп, көп мәселелерді «конституциялық жолмен» реттеп алғанымыздың өзі қажайып таңба басқандай болды. Соның арқасында мемлекеттің жаңа Конституциясын қабылдап, Елбасының өкілеттігін тағы бір мерзімге ұзартып алдық. Егер бұл шын мәнінде саяси-әлеуметтік тиянақтылыққа жұрттың қолын жеткізетін бірден-бір тәсіл болса, бұған да шүкіршілік етейік, оқушымы!

Тоқсаныншы жылдар мен үшін дүниежүзілік өркениеттің алтын бесігі іспетті, тарихы мыңдаған жылдарға кететін ескі мәдениеті бар Азия елдеріне — Лаосқа, Непалға сапарыммен де қызғылықты болды.

Лаосқа мен КПСС делегациясын басқарып барғандықтан негізгі мақсатымыз Лаос халықтық демократиялық партиясының ұсақ ұлыстардың тілін, мәдениетін дамытудағы іс-тәжірибесімен танысу болғандықтан елдің президенті Пхуми Вонгвичитпен (ол партияның атынан ұлтаралық қатынастарды да үйлестіреді екен) кездескенде естіп-білгендеріміз, жергілікті ұйымдарда көргендеріміз Лаоста кішігірім халықтардың мәдениетін сақтап қалатындай тәп-тәуір іс-тәжірибесі жинақталғанын байқатты. Бұл жайлы делегация өзінің КПСС Орталық Комитетіне жолдаған хабарламасында атап көрсетті.

Ал енді елден алған әсеріміз жөнінде әңгімелейтін болсақ, Лаос жері, әсіресе тау бөктерлері, сол баз-баяғы американдық авиациясы жарақаттаған, қансыратқан қалпында қиыршық тастары сыртқа шығып қалған шұңқырлармен айшықталған күйінде құс ұшар биіктен қарағанда сары ала, қотыр-қотыр болып көрінеді екен. Ал жердегі көргеніміз азғантай халыққа жасалған қастандықтың «қарғыс атқырлап» тұратын көрінісі ретінде резина төселген жолақтармен кез келген бомбалайтын ұшақтарды қабылдап-ұшыра алатын далалық аэродромның қалдығы болды. Тегі әуеде американдықтардың, жерде — лаостықтардың басым болғанын «Тас құмыралы аңғарда» болғанда күштірек сезінгендей болдық.

Лаостықтар аласа бойлы, бет пішімі жағынан бізге ұқсас халық. Бұл оның арғы атасының о баста Алтайдан Қытайға қоныс аударғаны жайлы гипотезаны растайтын сияқты.

Қайсыбіреулерінің биіктігі 1,5—2 метрдей, ал екінші біреулері бір метрдей немесе сәл биігірек, ал үшінші біреулері бір метрдей ғана, осы бір үлкен аңғарға өз атын берген тас құмыралар не үшін қашалған? дегенімде жергілікті білгірден шарап құю үшін жасалған болса керек дегенді естідім.

Сонда не Лаос елі шараптарын түгелдей бір жерден ішіп келген бе қалай? Оның үстіне мұнда тау басында ескі жүзімдіктер болды дегенге сену қиын. Ал егер бұлар өлік жерленген табыт болса ше? Біздің жақта мұндай дәстүр ертеде болған. Өлікті ашық алаңға апарып тастап, ит-құсқа жегізгеннен кейін, күн қағып, әбден қансыған сүйегін құмыраға салып жерге беретін дәстүр ғылымға көптен белгілі. Сіздерде бәлкім, тас құмыраларға салып, ашық аспан астында қалдыратын болған шығар дегенімде тыңдап отырғандар менімен келісті. Қалай еткенде де Лаостағы «Тас құмыралы аңғар» басқа елдерде кездеспейтін бірден бір тарихи ескерткіш, мемлекет қарауында болуға тұрарлық объект деген қорытындыға келдік.

Дүние жүзіндегі ең биік Гималай тауларына орналасқан Непал корольдігінің үстімен ұшып келе жатқанда бұрын мұнда болмаған жолаушы онда-мұнда сорайып, көкке мойнын созған «сегіз-

мындықтарға» таңдайын қақса, Катмандуға тақап келгенде елдің астанасын жан-жағынан қоршаған таудың жотасына дейін салынған тұрғын үйлерді, ұқсатылған егістіктерін көріп тағы да қайран қалады екен.

Гималайдың сұлу да қатал табиғатының әр түрлі қисынында өмір сүрген непалдықтар бәріне де көніккен төзімді халық. Тау жоталарының жалында кішкентай атыздарға орналастырылған азынаулақ егістігін жамап-жасқау үшін арқасына асынған себетіне топырақ толтырып алып Катмандудан бір шақырым, кейде онан да биігірек көтерілетін жұрт болмысынан үнсіз, бірімен бірі ым қағып та «сөйлесетін» болғандықтан езу тартып, жымия бермейді екен. Катмандудың тұрғын халқының арасында қымбат бағамен төменнен жер сатып алуға қауқары жоқтары таудағы егістігінің маңынан үй тұрғызып, сонда қоныс теуіп қала беретіндіктен көршілерімен күнделікті сөйлесудің қажеті де шамалы болса керек.

1990 жылғы қазанның 27-нен қарашаның 3-жұлдызына дейін Непал корольдігінде Қазақстан күндері болып өтті. Оған қатысқан ресми делегациясының құрамында менен басқа Жезқазған облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы Шәріпбек Шардарбеков болды. Непал премьер-министрі К. К. Бхаттаранмен, Непалдың шетелдермен достық қоғамының басқарма мүшелерімен болған кездесулерде екі елдің арасында достық және мәдени байланыстарды онан әрмен дамытудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Непалдағы Қазақстан күндеріне қатысқан «Алтынай» халық биі ансамблі ұқыпты іріктелген, асқан шебер орындаушылықты талап ететін қазақ билерінен құрастырылған қызғылықты бағдарлама ұсынып, жиналғандардың көңлінен шыққанын сахнаға қайта-қайта шақырған қол шапалақтаудан, бүкіл залды басына көтеріп кетіп отырған «Жарайсыңдардан!» да байқадық. Непалдықтарға қазақ биінің бұрамы, орындау тәсілдері, киім ерекшеліктері, мәңгі есте қаларлықтай бояу-нақышы қатты ұнағанын шығып сөйлегендерден де естідік. Катмандудағы кеңес мәдени орталығының қызметкерлері таңданғанын жасыра алмай, «біз қазақта дәл осындай жоғары билеу мәдениеті бар деп ойламаған едік» десе, ондағы Кеңес елшісі Қ. Құлматов: «Менің қайран қалғаным сіздерге дейін мұнда өзбек, молдаван, эстон артистері де өнер көрсеткен еді, бірақ оларға дәл бүгінгідей қошемет болған жоқ. Мен «Алтынайға» шығармашыл табыс тілеймін» дегенді айтты.

Шынында да, езу тартып күле қоймайтын, күн ұзын бір ауыз сөз сөйлей бермейтін непалдықтардың әрбір жаңа биден кейін еденді тарсылдатып, қол шапалақтап, қазақ бишілеріне сұқтанған кейіп білдіргенін біз де көрдік. Өнердің күші міне

осындай баурап алатын мүмкіндіктерінде екен. Гажайып, тамаша үйлесімділік.

Непал — жері тар, таулы болғанымен табиғи ресурстары мол ел. Оның сан түрлі ағаш өскен қалың ну ормандарын сылай қойғанда, шақырымнан астам биіктіктегі жарқабақтан сызық түзеп, құлап аққан сарқырамаларын көргенде қанша байлық игерусіз жатыр деп ойлайсыз. Адам тіршілігінің ең алғашқы іздерін ашқан тарихи-археологиялық орындарға бай Непал жері, оның өзіндік сәулет өнері, этнографиясы, халықаралық туризмді, спортты дамытатын бірден бір мүмкіндіктері бар осы бір кішігірім мемлекеттің аса бай, қазіргі заманғы жұрттардың қатарынан тез арада-ақ орын алатынына кәміл сеніммен елге оралдық.

Тоқсаныншы жылдарда мен қазақтың дәстүрлі өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеуге қатысты шығармашыл ізденістерімді жалғастыра түстім. «Жаңғырық... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен» (1990 ж.) «Уақыт керуені» (1992 ж.), «Жолайырықта» (1995 ж.) «Қазақ киімі» (1996 ж.) атты кітаптарым жарық көрді. Ал 1991 жылғы 22-сәуірде Одақтық Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесіндегі тарих, филология және философия институтының арнаулы кеңесінде ғылыми баяндама тындалып, тарих ғылымының кандидаты деген атаққа ие болдым. Шығып сөйлеген ресми оппоненттерім — тарих ғылымының докторы Н. А. Алексеев, ғылым кандидаты Х. А. Кауанова екі бірдей монографияның негізінде жасалған ғылыми баяндама түріндегі диссертация қай жағынан алып қарасақ та ғылыми-танымдық, сарамандық мәні бар, этноөнертану ғылымына қосылған күрделі үлес болып табылады дегенді айтып, диссертантқа бірден тарих ғылымының докторы деген атақ беру жөнінде ұсыныс енгізді. Тарих ғылымының докторы Г. Г. Санжиев диссертанттың зерттеп-білгендері жан-жақты, мұнда ең кем дегенде бес кандидаттық диссертация (халық киімі, қолтума өнер, сәулеткерлік, әуездік-әуендік дәстүр, би өнері) жатыр. Зерттеудің хронологиялық шегі де ұзақ уақытты —XVIII ғасырдың аяғынан қазіргі заманға дейінгі мерзімді қамтиды. Сондықтан мен де Ө. Жәнібековке бірден ғылым докторы деген атақ бергенді қостаймын дегенді айтты.

Академик А. П. Деревянко болса, сөз жоқ, Ө. Жәнібековтың жұмысы мазмұнының күрделілігі мен диапазонының кеңдігіне қарай жоғары бағалануға тиіс дегенді айта келе, диссертанттың ғылыми зерттеулерінен оның Георгидің, Уәлихановтың, Потаниннің еңбектеріне тән дәстүрлерді жалғастырып келе жатқаны белгілі болып отыр. Біз әдетте ғылыми жаңалық ашқанда оны қағазға түсіру мен нақтылы ұсыныстар енгізу жағына ғана мән береміз. Ал бүгін біздің алдымызда баяндама жасаған диссер-

тант ашқан жаңалықтарын өндіріске ендірумен де айналысады екен. Оған кепіл-қалпына келтірілген киім нұсқалары, халық аспаптары, бұрын құрып біткен деп есептеліп келген кілем үлгілері, халық биелері, тағысын тағылар. Мұның бәрі диссертацияның кандидаттық деңгейден асып түсетінін көрсетеді. Менің де оған ғылым докторы деген атақ беруге қарсылығым жоқ деп манадан бері үндемей, төмен қарап отырған диссертацияның ғылыми жетекшісіне қарады да, ол алдындағы қағазынан басын көтеріп, өзгеше ыңғай көрсете қоймаған соң: «Бәлкім, осы диссертацияны докторлық деңгейде қарауға үш-төрт айдан кейін қайтып оралсақ қайтеді, өйткені біз қазір диссертацияны докторлық мәртебеде қарағанымызбен ВАК (жоғарғы аттестациялық комиссия) сынықты сылтау етіп, кері қайтарып жіберсе, қайтадан қорғауға тура келетіні тағы бар деп сөзін бітірді. Қарсы пікір айтқандар болмады.

Сонымен диссертация кандидаттық мәртебеде қабыл алынды да кейіннен мен оның соңынан қуып ешқайда барғаным жоқ. Ғылыми кеңестің мәжілісінде қабылданған шешімге қайтып оралатындай Тарих және этнология институты басшыларының белсенділігін де көре алмадым.

Сол жылдары бір орнына келген шаруа «Рауан» баспасында «Арқас» тарихи-танымдық басылымдар сериясының ашылғаны болды. Оған редакция алқасының төрағасы болып мен белгілендім. Төрағаның орынбасарлығын Баспа директоры Жарылқасын Нұсқабаев өз міндетіне алды. Серияның редакция алқасының құрамына белгілі ғалымдар Халел Арғынбаев, Рахманқұл Бердібаев, Сейіт Қасқабасов, ақын Асқар Егеубаев, қоғам қайраткері Зейнолла Серікқалиев, журналист Бақыт Сарыбалаев енді.

«Арқас» тарихи танымдық басылымдар сериясы бойынша (Арқас — көне түрікше «Қолдау» деген мағына береді) қазақтың көне тарихына, әдет-ғұрпына, инабаттылығына, мәдениетіне, тіліне, ұлттық мінез-құлқына қатысты қалың көпшілікке арналған кітаптар шығару ісін қолға алдық. Бұрын тарихи-этнографиялық тақырыпқа қалам түрткендердің көпшілігінің тіл білмегендігінен немесе хабарлама жасағандардың сауатсыздығынан қазақ атауларын дұрыс пайдалана алмағандығына байланысты орфоэпияның, этнологияның, ономастиканың онсыз да шымшытырық мәселелерін қиындата түскені мәлім. Аталған серия бойынша шығатын кітаптардың қалың көпшілікке арналатынын ескере отыра, бұрынғы басылымдарда кездесетін кейбір терминдер мен атауларды (гидронимдерді, эпонимдерді, этнонимдерді), қайта қарап, қазіргі заманғы белгілі жүйеге келтірілген терминология негізінде беріп отыру, оқырманның басын қатыра бермес үшін ескертпелердің де бәрін бірдей бермеу ұйғарылды.

«Арқас» тарихи-танымдық басылымдар сериясы бойынша

соңғы кезге дейін Ә. Марғұлан мен Қ. Сәтбаевтың «Обаған» атты мақалалар жинағы, М. Тынышбаев, М. Массон т. б. авторлардың «Ғалымдар нені паш етті» деген атпен біріктірілген тарихи очерктері, менің өзімнің «Жолайырықта» деген кітабым, «1916 жыл» атты қазақ халқының ұлт азаттық көтерілісінің 80 жылдығына арналған әңгімелер, өлеңдер мен дастандар жинағы (екінші рет басылуы), Ә. Дербісәлиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары атты Әбу Нәсір әл-Фарабидің ізбасарлары жайлы тарихи-филологиялық зерттеуі, О. Всеволодская-Голушкевичтің «Бақсы ойыны» атты қазақ биінің түптамыры жөніндегі кітабы жарық көрді. «Ежелгі Отырар» атты кітап-альбом өндіріске тапсырылды. Кезекте — «Қазақтың тұңғыш этнографтары», «Насабнама» атты басылымдар.

Осылардың арасында «Жолайырықта» атты халық сәулеткерлігіне арналған менің кітабым «Арус» корпорациясының демеуімен, түгелдей соның қаржысына көпшілік тиражбен шығарылғандықтан, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын қолдау мақсатымен басылымды таратудан түскен қаражат толығынан нарықтық қатынас жағдайында тапшылыққа душар болған осы бір ұйымның әжетіне жаратуына берілсе екен деген ұсынысты қабыл алған едім.

Алайда, қаражат тапшылығынан облыстық, қалалық, аудандық ұйымдарымен күнделікті байланысын үзіп алған «Қазақ тілі» қоғамы кітапты тарата алмай, оның тиражының басым көпшілігін жыл жарымға жуық өзінің қоймасында ұстап, жақында баспаға қайтарып берді. Қоғам басшыларының 1992 жылы бір топ халық депутаттарының құрылтайшылығымен ұйымдас-тырылған «Арқас» қазақ тілі мен мәдениетін өрбіту қорын өз қарамағына алып, көптеп-көмектеп қаражатын толықтыра отыра, қоғамның мүддесіне пайдаланбақ болған талабынан да нәтиже шыға қоймады...

Бірде үйдегі жұмыс орнымда қағаз жазып отырсам, телефон аппараты қойылған жозының жанындағы орындыққа жайғасып алып, кітап оқыған кішкентай немере қызым Әзел:

— Ата! Ата! Мынаны тыңдаңызшы, Ыбырай бабамыз мынандай бір керемет өлең жазып қалдырған екен:

«Өнер, білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызған.
Айшылық алыс жерлерден
Жылдам хабар алғызған...»

Қандай тамаша, үйлесімі қандай әдемі?!— дегенін естігенде өзім не дерімді білмей қалыппын.

Бесінші класқа енді ғана көшкелі жатқан немеремнің ел басыларының мекен-жайын, байлардың тұрақтарын кәдімгі қо-

қыр-соқыр, ескі-құсқы сақталатын сараймен шатастырып, «оны неге тастан тұрғызады» демегеніне, «айшылық алыс жерлерден» онсыз да күнде хат келіп жатқанда, «жылдам хабар алғызғаны» қалай? деп ұқпағанына ризашылығымды білдіріп, бетінен сүйдім де, ал Абай бабаңда мынадай бір шумақ бар екен, мұны қалай түсінесің? Ойланып көрші — дедім.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім».

Немерем болса мұны да өзінше жалғастырып:

«Ғылым таппай мақтанба
Орын таппай баптанба
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз.
...Өсек, өтірік, мақтаншақ —
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым, ойлап қой —
Бес асыл іс көнсеңіз.
... Ғалым болмай немене
Балалықты қисаңыз?
Болмасаңда ұқсап бақ
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз» — дегенді айтты.

Соның алдында ғана осы бір қызымның «Бес арыс» дегендер кімдер? Олардың қатарына Ілияс Есенберлинді жатқызуға бола ма? деп сұрап алғаны да есімде бар-тын.

Байқап қарасам, баланың ана тілін білетінінің пайдасы осындайдан көрінеді екен. Әзел қазір ана тіліне жетік бола бастағандығынан да шығар, ойлау, салыстыру жолымен орыс, ағылшын тілдерін де қатар игеріп келеді.

Немере қыздарымның үлкені Мәдина орыс тілді бала бақшаның тәрбиесінен өткендіктен де болар, бесінші класқа барғанда қазақ тілінің грамматикасын ұға бермейтін болып алды. Қанша түсіндірсек те «бастауыш», «баяндауыш», «анықтауыш», «то-

лықтауыш», «етістік» дегендерді ұғына алмаған соң орыс мектебіне ауыстыруға тура келді. Бірақ орыс тілді орта мектепті бітіргенімен, сол төрт-бес жыл қазақша оқығанының арқасында Алматыдағы Әлем тілдері университетінің қазақ бөліміне оқуға түсіп, мектепте жетіспегендерін қайтадан толықтыра бастады. Кәзір орыс, ағылшын тілдерін қазақшамен қатар үйреніп білуде.

Ана тілін білгеннің құдіретін осылайша немерелерімнің басынан көріп жүрмін. Қайсы бір мырзалар болса, қазақша білмесе білмей-ақ қойсын деп балаларын бірден ағылшын тіліне үйретпек болып жанығуда. Апырау, адамға қай тілді білсе де зияны бар ма, қазақ тілінің бүкіл түркі тілдеріне жол ашатыны тағы бар, мұны неге ескермеске. Кейде өзімнен өзім отырып, қайсыбіреулердің балаларын қазақша оқытуға құлықсыз екенін көріп қайран қалам. Шамасы, халықаралық бизнес тілін білсе жетіп-артылар дейтін шығар. Олай болса халқының тілін білмейтін баланың көкірек көзінің ашыла қоймайтынын, ананың ақ сүтімен бірге от басы-ошақ қасынан алынатын ұлттық қасиеттерді құрметтеуден, адамгершіліктен, имандылықтан нәрегей қалатынын қалай түсінуге болады? Оның үстіне ана тілін жете игерген азаматқа өзге тілдерді үйренудің оңайға түсетінін де күнделікті өмірден көріп жүрген жоқпыз ба?!

Мәселен, қазақ тілін білмей тұрып, түрік тілін үйренуге тырмысудың ешқандай қисыны жоқ. Бірде мені белгілі түрік сәулеткерімен кеңесуге шақырған стамбулдық фирма айтылатындарды тәржімалауға түрікше оқыған қазақ қызын шақырған екен. Неткен бейшаралық десеңші. Сол қыз менің қазақша айтқандарымды түрікшеге аударма алмаған соң (Алматыда туып өскен, Мәскеуде оқыған екен) орысша сөйлесуге тура келді. Өз халқының тілін осынша менсінбейтіндерден не үміт, не қайыр?! Тегі, мұндайлардан бойды аулақ салған жөн болар.

Менің мәселенің бұл жағына көңіл бұрып отырған себебім Қазақстанда жылдар бойы шет тілдерін, әсіресе шығыс тілдерін үйреніп білуге мән берілмей келгенімен байланысты еді. Сондықтан да 90-жылдарда орнына келген тағы бір шаруа Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің құрамында Шығыстану факультетінің ашылуы болды.

Жасыратыны жоқ, біздегі ғылыми, шығармашыл интеллигенция, инженер-техник қызметкерлері жылдар бойы шет тілдерін біле бермейтін болып тәрбиеленді. Тіптен кандидаттық минимумның өзін формальды тапсыру кеңінен өріс алды. Шет тілдерінде реферат, мақала жазу деген атымен болмайтын.

Қазақ тарихының көптеген тұстарын, ол өмірге келтірген соны мәдениеттің, дәстүрлі өнердің, ел басынан кешкен оқиғалардың өзіндік ерекшеліктерін тек араб, парсы, қытай, үнді,

жапон, түрік, моңғол, әрмен деректері арқылы ғана ашуға болатыны ескерілмеді. Әйтпесе, шығыстану факультетінің өзі Қазақ университетінде көрші Өзбекстандағыдай, осыдан кем дегенде елу-алпыс жыл бұрын ашылуға тиіс еді. Алматыдағы шетел тілдері педагогтік институтын да алдақашан университет деңгейіне көтеруге болатын еді. Ел басқарған лауазымдылардың жалтақтығынан исламның діни наным-таным сатыларымен қатар араб, парсы тілдерін жете игеретін мұсылман оқу орындарына да бірлі-жарым болмаса абитуриенттер бере алмай келдік.

Сонымен не керек, мұндай өзекті мәселеге мән берілмегендіктен, көп мүмкіндіктен құралақан қала беріппіз. Тіптен әр қилы сәттерде осы бір көптен бері шешімін таба алмай келе жатқан мәселе жайында сөз қозғала қалса ақ, сынықты сылтау етіп, жүре тыңдайтын лауазымды азаматтарды да көрдік.

Өзгені былай қойғанда, университет басшыларының өздері де (шамасы, жаңадан басталатын азабы мол шаруамен айналысқысы келмейтін болса керек) нақтылы ұсыныс енгізуге келгенде әні-міні деп бұлтара беретін. Сондықтан университеттің бұрынғы ректоры Мейірхан Әбділдинмен қатаңырақ сөйлесуге тура келген еді. Соңғы рет 1989 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық жиынында Қазақстанның сол кездегі жоғары және арнайы орта білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовпен екеуін бірдей қатыстыра отыра, Шығыстану факультетін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізуді талап еттім. Үкіметке жолданатын ұсыныста болашақ факультеттің заттық-техникалық базасын дамыту арқылы оны бірте-бірте арнайы институт дейгейіне көтеру жағын қарастыру қажет екенін де ескерттім.

Сөйтіп, 1989 жылғы 27 маусымда Қазақ мемлекеттік университетінің құрамында тұңғыш рет шығыстану факультеті ұйымдастырылды да 1989—1990 оқу жылынан бастап студенттер қабылдана бастады. Оған толық жағдай жасау үшін факультеттің оқу корпусін, жатақханасын салу; «Қазақ университеті» баспасын ашу; шығыстанушы мамандар дайындаудың сапасын арттыру мақсатымен, қазақ тіліне жетік жастардың шығыс тілдерін оңайырақ игеретінін ескере отыра, абитуриенттер таңдағанда қазақ мектебін бітіргендерге басымырақ көңіл бөлу, тағысын тағы шаралар белгіленді.

Қазақстанның аса ірі жоғары оқу орынындағы шығыстану факультеті өмірге осылай келген еді. Араб, парсы, қытай, кәріс, жапон, урду, түрік т. б. тілдерден білікті мамандар дайындайтын факультетсіз Қазақтың ұлттық университетін қазір бөле жара алып қарау қиын. Факультеттің қызметін үйлестіру ісінде оның алғашқы деканы болған белгілі ғалым, қазір сол университеттің проректоры, филология ғылымының докторы, профессор Әбсаттар Дербісалиев үлкен іскерлік көрсетті. Әйтсе де

негізгі ауыртпалық университеттің ректоры Көпжасар Нәрібаевтың үлесіне тиген еді.

— Сонымен Сіздің 60 жасқа толғаныңызды біреу біліп, біреу білмей тұрғанда Президенттің «есебінен» шығып қалғаныңызға жол болсын. Бірін бірі көптен білетін, сыйластығы жарасқан адамдардың бірден қол үзісіп кеткенін қалай түсінуге болады? Әлде араларыңызға от тастағандар болды ма?

Бір жолы маған шетін мәселелерге келгенде сауал қоюға әрдайым дайын тұратын қазымыр журналистердің бірі осындай да сұрақ қойған еді. Соған жауап берудің реті бүгін түскеніне өзім де қайран қалып отырмын. Өз басым, тағыда айтамын, тағдырыма ризамын. Күнделікті күйкілжің үшін ешкімді кінәлағым келмейді. Ел басының бірге істесетін қызметтестерін өзі таңдап алуына қақы бар. Тегі «Жолдасыңды көрсет, сонда сенің кім екеніңді айтып берейін» дейтін халық мәтелі де босқа айтылмаса керек.

1989 жылы маусым айында Г. В. Колбин басқа қызметке ауысуына байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысының міндетінен босатылды да, оның орнына әуелде Жоғарғы Кеңестің төрағасының, кейіннен — Қазақстан Республикасы президентінің мәртебесіне де ие болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Менің қуанышымның шегі болған жоқ. Көптен бері қатар жүріп, бірге өскендей жас досына осындай үлкен сенім білдіріліп жатса, оған қалай қуанбассың. Бірақ менде, мұнымды әркім әр қилы түсінетінін білем, іштей қуанышын сыртқа елірте салатын қасиет болмайтын.

КПСС Орталық Комитеті бұл жолы Қонаевты босатқандағы орашалақтығын ескере отырып, басқаша қимылдап, Алматыға инспекторларын арнайы жіберіп, пікір сұрастырып, мәселені алдын ала тиянақтап алған болатын. Олар Орталық Комитеттің бюро мүшелерімен де жеке-жеке кездесіп, пікір алмасқан еді. Неге екені белгісіз, менімен сөйлескен инспектор алдымен М.Мендібаев жөнінде пікірімді біліп алғысы келетіндей ниет білдірген соң, Алматы облаткомында қызмет істеген кезімде (Мендібаев ол кезде обкомда бірінші хатшы) көріп-білгенімді айтып бердім:

— Бәлкім, сіздер оны керемет ұйымдастырушы деп білетін шығарсыздар, экономиканы да жақсы білетін болар, тәңір жарылқасын, қарсылығым жоқ, бірақ кермағыз, қатыгездігі мен төкаббарлығы басынан асып жататын адам. «Егемен Қазақстан» өзінің «Бұл не, кіші 37 ме?» деген мақаласында ол туралы өте орынды жазды...

Инспектор болса мені тоқтатпақ болып:

— Ау, сонда бұл адам сегіз айдың ішінде жұрттың бәрін

өзіне қарсы қойып үлгіргені ме, қалай, кешелі бері 7-8 адаммен сөйлескенде біреуінен оның атына жылы лебіз ести алмадым. Ал енді сонда сіздің ойыңызша бірінші хатшылыққа кімді ұсынуға болар еді?

— Назарбаевты. Мен оны 1962 жылдан білем. Көз алдымда жұмысшыдан үкімет басшысына дейін өсті, экономиканы да жақсы біледі. Іс тәжірибесі де жеткілікті. Қай жағынан алсақ та дайындығы мол қызметкер. Басқа оған бара-бар келетін адамды көріп тұрған жоқпын. Кейіннен бюро мүшелерін, үкімет төрағасының орынбасарларын Г. В. Колбиннің кабинетіне шақырып, мәселені алдын ала талқылағанда, шамасы Мәскеуден келген өкілмен бір жарым сағат сөйлескеннен кейін бар ой-пікірімді айтып-жеткізгендей болып отыра беріппін. Өзгелер болса жарыса сөйлеп, оны көкке көтеріп, мақтап-мадақтап жатты. Мен сөз сұрайын дегенде кешігіп қалғанымды сездім. Қалай қарғанда да пендешілік қой, Нүрекеңнің мені әдейі үндемей қалды деп ойлағаны ықтимал. Солай бола тұра, мәселеге қайта оралып, жағымпаздана қалуды ыңғайсыз деп таптым. Ол да сыр білдірген жоқ.

Г. В. Колбиннің кейде «ағынан жарылса» ойына келгенін ақтара салатын әдеті бар-тын. Бір жолы Назарбаев үшеуіміз бірге отырған сәтте: «Сіздер, ең потенциалды екі қазақ, мені қолдамайсыздар» деп қалғаны. Мұндайда не айта қоярсың, үндеген жоқпыз. Бірақ осы бір қас қағымда, бәлкім, маған солай боп көрінген болар, Нұрсұлтан Әбішұлының жүзінде бұған дейін өзіме беймәлім сезім ұялағандай болды.

О, пәни дүние-ай, мен өзін бірінші басшылармен тепе-тең ұстауға тырмысып жүрген жан емеспін ғой. Орталық Комитетке хатшылыққа сайлана қоям деген ой да (билікке тырмысу тегі, әлсіздерге тән қасиет болса керек) үш ұйықтасам түсіме кірмеген шаруа еді. Мен үшін Мәдениет министрінің лауазымы да жетіп-артылатын еді, оған бұлар көне қойды ма? Маған өзім таңдап алған өмірлік қағидаттарым, мақсат мүддем бар еді, тегі солардың ұштығынан шықсам да аздық қылмас еді-ау. Енді келіп, аса потенциалды екі қазақтың қатарына қосып, мына кісі арамызға залымдықпен от салып отырған жоқ па деген ойда қалдым.

Мен Назарбаевтың өзіме көрсеткен қолдауын есімнен шығарған емеспін. Әйтпесе, сырттан келген Колбин Орталық Комитеттің хатшылығына ұсынатындай мені қайдан білсін. Ал Камалиденов орнына ұсыныпты-мыс деудің қисыны тағы жоқ. Мұндай ұсыныстың Құбашевтан (сол кездегі екінші хатшы) шығуы неғайбіл. Ұсынысын тек Нұрсұлтан Әбішұлы ғана Колбинге жеткізіп-өткізе алатынын жақсы білетінмін.

Несін жасырайын, оның қолтығына кіріп алып, менің атыма

қауесет, өсек-аяң таратып жүргендердің баршылық екенін байқайтын едім. Ал Нүрекең болса, мұндай шетін мәселе бойынша сыр шертетін ашық пікір алмасуға бара бермейтін.

Шымкентте болған бір кездесуде Колбин мені мадақтап сөз сөйлеп, ұзақ қол шапалақтау үстінде қызметіме ризашылығын білдіріп: «Сіздердің жерлестеріңіз Орталық Комитетке хатшы болып сайланғалы аса келелі мәселелердің дәйекті шешімін табуға бетбұрыс жасай бастадық» депті. Мұны естісімен мен Нүрекеңе: «Апырау, бірінші хатшыға осындай көптірме пікір айтудың қажеті бар ма? Оны әркім әр қилы саққа жүгіртіп жүрсе ше? дегенімде: «Е, сонда тұрған не бар» деп күмілжіді де қоя салды. Осыдан ақ болашақ бірінші хатшының (оның сондай болатынына менің күмәнім жоқ еді) өзіме деген көзқарасының күрт өзгеріс бастағанын сездім.

Бақталастық пиғылдың менде болмағанымен бәсекелес адам болып көріндім бе, қайдам, әйтеуір арамыздан шынайылық кеткенін бұрынғыдай ақылдасып, бірлесе қимылдаудан қалғанымыздан да аңғаруға болатын еді. Болашақ Елбасының «бәрі білем» деп өзінің ой-түйсігіне сенгенімен, адамдардың өзара қарым-қатынасының (әсіресе олардың бірі басшысы, екіншісі қосшысы болса) бір сөзбен айтып жеткізуге болмайтын осал жақтарын ұғынуға іс-тәжірибесі жетісе бермейтін. Әйтпесе мен өзімді «елдің жағасы, ұлттың ағасы» ретінде (кейбіреулер осылай деп дәріптеген екен) көрсете қояйын деп жүрген жоқпын ғой. Мұны түсіне қоймайтыны лепірме жастықтың әсері шығар дейін десем, ол азамат та алпысқа қарай кетіп барады...

Бірінші хатшымыздың қаламаған кісісін қабылдамайтынын, қабылдаса да көп күттіріп, діңкесін құртып қалжырататынын бұрыннан білетінмін. Бірде алдын ала келісіп барғанның өзінде сынықты сылтау етіп, мені де қабылдау бөлмесінде ұзақ отырғызып қойғаны бар-тын. Кабинетіне кіріп барғанда (басқасын былай қойғанда, жасым үлкен ғой) кешірім сұраудың орнына: «Кейде, Өз-еке, осылай бола береді» дегенді айтты. Келесі бір жолы тағы да сондай қылық көрсеткен соң көмекшісіне «Керек болсам, айтарсың» деп кетіп қалдым. Бірақ мені іздеткен жоқ.

Сөйтіп үміт пен күдік жетегінде күндер өтіп жатты. Бұл мезетте жалғыз мен ғана емес, Орталық Комитеттегілер бұрынғыдай бірінші хатшысынан күнделікті тапсырма ала бермейтін болып қалған еді. Мұнысы үшін, бәлкім, президентті кіналаудың да қисыны жоқ шығар. «Мономахтың теллегінің» қаншалықты ауыр екенін түсінеміз ғой. Кім білсін, бұл Елбасының әркім өз басымен ойлап, өзінше қызмет істеуге дағдылансын дегені де болар.

Ол жағы өзіне ғана белгілі.

Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстанда өріс ала

бастаған бейпілауыз демократия партия баспасөзінің беделін түсіре беру мақсатымен оған республикалық бюджеттің есебінен шығарылып келіпті-міс деген жала жапқан болатын. Ал шынтуайтына барсақ, партия баспасөзі ешқашан үкіметтің есебінен өмір сүрген емес. Оған партияның өз қаражаты да жетіп артылатын. Керісінше, Алматыда шығатын барлық газет-журналдар түгелдей Қазақстан КП Орталық комитетінің баспасында жарық көретін.

Бұл жөнінде арнайы баспасөз конференциясында, партиялық ақпарат құралдарында айтылды. Бірақ оған құлақ асқан демократтар болған жоқ.

Партия баспасөзі жайлы қалыптаса бастаған теріс пікірді саябырсыту мақсатымен, Жоғарғы кеңес өзінің «Халық кеңесі», «Советы Казахстана» газеттерін, Министрлер кеңесі арнайы экономикалық журнал шығара бастағанын ескере отыра, біз «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерін 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап Орталық Комитеттің өз органдары етіп қайта құру жөнінде ұсыныс жасадық. Мәселе алдын ала келісілгенімен, партия мен үкімет билігінің тізгінін бірдей ұстаған басшымызға Саяси Бюроның қаулысына қол қойғыза алмай В. Г. Ануфриев ары-бері жүгірумен болды. Аталмыш қаулы күшіне енетін де басылымдар жаңа құрылтайшыларының атымен шығатын 1991 жылдың 1 қаңтары жақындап келе жатқандықтан, қаулыға қалайда қол қойғызу үшін дайындалған құжаттарды алып, жаңа жыл қарсаңында, кешкі сағат 9-ға қарай бірінші хатшыға өзім бардым. Ол үйіне қайтуға дайындалып жатыр екен, қаулының жобасына үндеместен қол қойып берді. Әйтсе де сол кеште оған көптен бері көрген зәбірімді айтып салдым да жаңа жыл қарсаңында мазасын ала бермейін деп шығып кеттім. Менен кейін бір-екі минутқа кірген Ануфриев маған келіп: «Мына кісіге не болған, тіптен әбіржіген қалыпта отыр ғой» дегенді айтты. Мен: «Оқасы жоқ, орнына келе қоймаған бір шаруаға ренжіген шығар» дей салдым.

1991 жылдың 18 тамызында Алматыға белсенді әйелдердің республикалық семинар-кеңесіне қатысу үшін КПСС Орталық Комитетінің хатшысы Г. В. Семенова, Кеңес әйелдері комитетінің төрайымы А. В. Федулова келді. Оларды қала сыртындағы демалыс үйіне орналастырдық (Нұрсұлтан Әбішұлымен Семенованың келесі күні кездесетіні келісілген болатын).

Тамыздың 19 күні таңертеңгі сағат 9-ға қарай Семенованы қалаға алып келмек болып, демалыс үйіне бара жатқанда радиодан Горбачевтың денсаулығының нашарлауына байланысты президенттің міндетін мұнан былай атқара алмайтын болғандықтан өкілеттігі толығынан вице-президент Янаевтың қолына көшкені, күнделікті басшылық үшін мемлекеттік төтенше жағ-

дай комитеті (ГКЧП) құрылғаны, елде ішінара жекелеген аудандарда төтенше жағдай енгізілетіні жөнінде естідім. Болған іске бізден бетер қайран қалған Семенова кеше мұнда жүрерде Янаевта болғанда оның жүріс-тұрысынан немесе сөз саптауынан мұндай оқиғаның азын-аулақ нышанын да байқамағанын айтып (осыған қарағанда партия басшылығы дайындалып жатқан төңкерістен бәрі бірдей хабардар болмаса керек), Мәскеуге телефон соғып, қал-ахуалды білмек болып еді, Орталық Комитеттің хатшыларының біреуі де орнынан табыла қоймады.

Сағат 9-дан 20 минут өткенде Өмірбаева (Орталық Комитеттің қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің меңгерушісі) мен Федулованы бірінші хатшының қабылдау бөлмесінде қалдырып, Семеновамен екеуміз Назарбаевтың кабинетіне кіріп барғанда көргеніміз оның Мәскеуден алынған телеграммаларды оқып, болған оқиғаны Орталық Комитеттің хатшылары Ануфриевпен, Байжановпен бірге талқылап жатқаны еді. Оған біз де кірісіп кеттік, әйтсе де нақтылы жағдай әлі де айқындала қоймағандықтан тұжырымды пікір айтуға болмайтыны көрініп тұрды. Нәтижесінде оқиғаның артын күте тұруға келістік.

Соңғы екі күн ішінде қалыптасқан қал-ахуалға қарап, бізден жауап күтіп отырған мыңдаған партия қызметкерлеріне бірдеме айтудың өзі қиын еді. Мемлекеттік төңкерістің (егер 19 тамыздағы оқиға шын мәнінде осындай сыйпатта болса) қозғаушы күштері, бағыт-бағдары, алдына қойған мақсаты жайлы нақтылы жадығаттар бізде болған жоқ. ГКЧП дегеннің ел алдында масқара боп, екпінді қимылдай алмағанына қарағанда, мұнда да бір гәп бар сияқты еді. Ол жағы кейіннен де ашылмай қалды. Әйтеуір тәңір жарылқағыр Горбачевтың Форостағы саяжайынан табыла қойғаны елдегі шым-шытырық жағдайға бәсеңдік әкелгендей еді. Ар жағын көре жатармыз деп жүргенде, Ельциннің Коммунистік партияға (КПСС) тыйым салғаны белгілі болды.

Республика басшылығы Қазақстан Коммунистік партиясын шұғыл түрде социалистік, социал-демократиялық бағытта қайта құруға бел байлап, ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп те кетті. 1991 жылы 28 тамызда болып өткен Қазақстан Компартиясының XVIII съезінде Қазақстанның Социалистік партиясы оның мирасқоры болып жарияланды. Десек те бұл үйлесімі келмейтін екі қозғалысты жасанды түрде біріктіруге тырмысқандық еді. Мұның қандай нәтиже бергенін көп ұзамай-ақ көре бастадық.

Кеңестік идеологияда ұзақ жылдар бойы тозығы жеткен жаттанды қағидаттарға негізделген мазмұн мен сыртқы түрге басымырақ көңіл бөлініп келді. «Жоспар үшін!», «Бесжылдық үшін!», «Астық үшін!», «Тәртіп үшін!», «Өнім үшін!», «Коммунистік еңбек үшін!»... тағысын тағылар үшін күреске шақырған ұран-үндеулерден құлақ сарсылып, көз талатын. Шынында да

біз не үшін күреспедік десеңші? Мал қыстату да, қозы алу да, жүн қырқу да, көктемгі егіс те, егін орағы да, еңбек өнімділігі де, құрылыс сапасы да ... бәрі-бәрі де «майдан» болып жарияланып, партия ұйымдарынан олардың алдыңғы шебінен көріне беру талап етілетін. Ащы болса да анығын айтсақ, бұрынғы идеология қызметкерлерінің қайсысын алсақ та, осындай «майдандардың» күлкілі де қайғылы мезеттерінен «тәлім-тәрбие» алып, өмір заңдылықтарын басынан кешті емес пе?

Идеологиялық қызметтің тыйымдылығынан гөрі сыртқы पोшымына көңіл аударыла беретіндіктен, партия ұйымдарында қалыптасқан саяси-идеялық және мәдени-ағарту жүйесінде формализм мен стандарттау, догматизм мен дүмшелеу кеңінен өрістетілді. Мысалға, басқаны балай қойып, өзімізге көптен белгілі саяси оқу дегенді алатын болсақ, бәлкім, 20 жылдарда жұрттын басым көпшілігі сауатсыз, саясаттан түйсік-түсінігі шамалы, нәрегей шағында үйірмелік түр қажет те болған шығар, бірақ жетпіс жыл өткеннен кейін де қазіргі заманғы әлеуметтік коммуникациялардың, ақпарат құралдарының қызметімен толығынан пайдалана алатын мүмкіндіктері бар, жоғары немесе аяқталған орта білімді қоғам мүшелерін догматизм мен дүмшелікке итермелейтін саяси оқу жүйесін тықпалай берудің қажеті бар ма еді?!

Өкініштісі, саяси оқуға күдіктену партиялық идеологияға сенімсіздікпен қарағандай болып көрінетіндіктен, партия комитеттері құрғақ сәуегейлікке бой ұсынып, мәселенің бұл жағына көңіл аударма бермейтін. Нәтижесінде партиялық үйірмелер мен саяси мектептерден теориялық семинарларға дейін оқу жылының басында бір-екі рет дәріс өткізетін де жылдың аяғында тағы бір рет жиналып, толық курстан өтсін-өтпесін тыңдаушыларды келесі сатыға көтеретін де мұндайда «жабулы қазан жабулы» күйінде қала беретін. Осындайды көре тұра, оған қарсы шаралар белгілеп, кемшіліктерді жоюға іс-қаракет жасайтын басшы орындар да көріне бермейтін.

Біз Торғай облыстық партия ұйымында осындай шектен тыс келеңсіздіктерге жол бермес үшін нақтылы шаралар да белгілеп көрдік. Мұның өзіндік себептері де бар-тын. Бірде Қима ауданындағы «Есіл» кеңшарында болғанда жылма-жыл формальды түрде бір сатыдан екіншісіне көтере бергендіктен ең жоғарғы сатыдан саналатын ғылыми коммунизмді «үйреніп-біліп» жатқан шала-шарпы білімі бар кочегарларды, истопниктерді, кептеуілге тұратындарды, кеңсе қызметкерлерін көріп қайран қалған едім. Обком хатшысының өзі дәріске қатысып отырғандықтан, басшының алдында ұятқа қалғысы келмеген насихатшы жазып алғандарын судыратып оқып шықты. Сұрақ бергендер табыла қоймаған соң, «қалай, ештеме түсіндіңдер ме?» деп сау-

ал қойғанымда тыңдаушылардан «түк ұққанымыз жоқ» деген жауап алдым. Оның үстіне саяси сабақ орыс тілінде өтті. «Бұлардың қалай, бәрің қазақ емессіңдер ме?» дегенімде жиналғандар ішімізде жалғыз орысымыз бар еді, ол бүгін келмей қалыпты, оның үстіне оқу құралдары жоқ деп күмілжігендей болды. Әрине ол азаматқа орыс тілінде жұмыс істейтін басқа бір түрді ұсыну ешкімнің ойына келмейті.

Саяси оқу барлық ұйымдарда бірдей негізінен осындай дәрежеде өткізілетіндіктен жаттандылығы да, догматизмі де, дүмшелігі (начетничество) де жетіп артылатын.

Тағы бірде осы ауданның «Терісаққан» кеңшарында болғанымда көргенім де дәл бүгінгідей есімде қалды. Саяси дәріске қатыспақ болып мұнда дүйсенбі күні келгенімде (ол кезде саяси оқу дүйсенбі сайын өткізілетін), партком хатшысының көзі шарасынан шығып кете жаздап: «Сіз кешіріңіз, біз бір себеппен оқуды бұл жолы сәрсенбіге қалдырған едік» дегенді айтты. Мақұл, ендеше мен басқа ұжымшарға ақ бара қояйын деп кетіп қалдым да, сәрсенбі күні тағы да қайтып оралсам, парторг байғұс (менің ауданда уәкіл болып жүргенімді қайдан білсін) құлап қала жаздады. Қайта-қайта кешірім сұрап, үйірмелердің сенбі күні жиналатынын айтты.

Сонымен не керек мен мұнда сенбі күні де келдім. Бұл жолы ұжымшардағы саяси үйірмелердің дәрісіне қатынасу үшін аупарткомның бірінші хатшысы, аупартком төрағасы, аудандағы кәсіподақ, комсомол ұйымдарының басшылары да келген екен. Есептеп қарасақ, мұндағы партия, комсомол, кәсіподақ және жергілікті кеңес тарапынан белгіленген «оқу» түрлеріне (олардың жалпы саны 16 екен) әр қайсысына екі-екіден шаққанда 32 насихатшы керек екен. Оларды қайдан таба қойсын? Бекіткендерінің де кім екені белгісіз болып шықты. Әйтеуір барлығы жабылып жүріп, 16 түрден жетеуін ғана жинай алды. Дәріс өткізетін орын таба алмай, директордың кабинетіне дейін бөліске салыпты. Сонда қазақтың «көрпеңе қарай көсіл» дейтіні есіме түсті. Ау, үйірме түрлерін айқындағанда олардың тыңдаушыларының санына қарай дәріс өткізетін орындарын да анықтап алу керек емес пе еді? Үйірмелердің бір қатары оқу жылының жартысына жуығы өткенімен бірінші рет жиналып жатқандықтан мардымды дәріс өткізе алмады. Оқу бағдарламаларының, оқу құралдарының әсіресе қазақ тілінде жетісе бермейтіні сөз болды. Ал Арқалықта қазақ тіліндегі жадығаттар өтпей тұратын.

Сөйтіп, бір бірімізге реніш сезімімізді білдіріп, ұрыспай-керіспей тарқастық. Ертеңіне партком хатшысын облыс орталығына өзіммен бірге ала кеттім де, саяси оқуға қажетгі құрал-жабдықтардың әсіресе қазақ тіліндегілерін түгелдей сатып ал-

ғыздым да, жүк машинасына арттырып, өзін бірге отырғызып шығарып салдым.

Осы бір оқиғадан кейін бүкіл облыстық партия ұйымы бойынша саяси оқуға қатысты мәселелерді қайта реттеуге тура келді. Ең алдымен оқу мерзімін жергілікті жағдайға лайықтап ыңғайластырдық. Әдетте Одақ көлемінде саяси оқу 1 қыркүйекте басталып, маусымның басында аяқталатын. Енді біз оқу жылын жұртпен бірге бастағанымызбен көктемгі егіспен байланыстыра отыра, 22 сәуірге, В. И. Лениннің туған күніне қарай бітіріп, оқу жылының қорытындыларын бұрынғы белгіленген тәртіп бойынша, Орталық комитетке жыл сайын маусым айында тапсырып отыратын боп келістік. Саяси оқу бұдан былай, бұрынғыдай араға бір апта салып емес, қыс кезінде апта сайын сенбі күндері өткізілетін болды. Өйткені Торғайдың жағдайында көктемгі егіске дайындыққа мамырдың басында-ақ қызу кірісіп кететін. Бізге мұны ескермеске болмайтын еді. Оқу бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды бұрынғыдай оқысын-оқымасын келесі сатыға секірте бермейтіндей етіп, келесі жылы бағдарламаға сәйкес биылғы жеткен жерінен әрмен қарай жалғастыратын еттік. Бастауыш ұйымдарда белгілі бір тақырыптар бойынша насихатшы-мамандар жетісе бермейтінін ескеріп, оларды аудан немесе облыс орталығынан арнайы жіберіп отыру көзделді.

Обкомның жанынан ұйымдастырылған үш жылдық партия мектебінің жұмысы да қайта қаралды. Оған жетекші болып обкомның бірінші хатшысы С. Құсайынов белгіленді. Бірінші жылғы қабылданғандарға жетекшілік етуді мен өз міндетіме алдым. Екінші жылға оқуға қабылданғандарға обком хатшысы Е. М. Башмаков, үшінші жылғыларға обком хатшысы Қ. Тұрысов жетекшілік етті. Оқу жеке-жеке топтастырылып, бірінші, екінші, үшінші жылғы оқыту кестелері бойынша жүргізіліп келді. Осылайша кімнің қай жылы оқып жатқаны ескеріле бермейтін бұрынғы формализммен бір жолата қоштасуға тура келді. Семинарлар да сөйлеу, реферат жазу, емтихан тапсыру енгізілді.

Лекциялық насихатты да, саяси хабарламашылар мен үгітшілердің жұмысын да өмір талабына сай қайта құра бастадық. Лекция оқытындардың қолына берілетін жолдамаларға қай кеңшарға барып, қай бөлімшеде, кімдердің алдында, қай тілде сөйлейтініне дейін көрсетілетіні орынды болды.

Әйтсе де шешімін таба алмай келе жатқан осыншама қыруар мәселелердің алдын ала бастағанымызбен, онда қызмет істеген төрт жарым жылда атқарылған жұмысқа қанағаттануға болмайтын еді. Басты себебі саяси оқуға деген ықыластың, жауапкершіліктің шамалы екендігінде еді. Жасыратыны жоқ, барлық ұйымдарда бірдей насихатшының, саяси баяндамашы-

ның, хабарламашының, үгітшінің білімі, лекторлық шеберлігі тыңдаушылардың деңгейінен асып түсе бермейтін.

Бұл салада тағы бір реформа қажет екені көрініп қала беретін. Мәселені ақпарат құралдары арқылы, әр түрлі семинар-жиналыстардағы пікір алмасу кезінде де, тіпті Орталық комитеттің идеология бөлімінің алдына тікелей мәселе қойып та көрдік. Партия басшылығының мұндай шетін жәйттерге тереңірек мән бермейтін болып алғаны сонша, партиялық идеологияда қалыптасып үлгерген келеңсіздіктер оны толғандыра қоймайтын. Ал бір облыстың жағдайында іске асырыла бастаған шаралар жалпыға бірдей ортақ талап қойылмағандықтан жемісті бола бермейтін.

Партиялық үгіт-көпшілік жұмыстарының да мазмұны, түр-түсі, әсіресе көрнекілігі сын көтере бермейтіндей шегіне жеткендіктен оларды да қайта құруға тура келді. Ұрандарды қазақ және орыс тілдерінде жазғызып, уақтылы алмастырып отыру жағы қарастырылды. Үгітші ұжымдардың жұмысы айқындала түсті.

Әртүрлі жиналыстарда, кездесулерде орыс тілімен қатар қазақша сөйлеу дағдыға ене бастады. Кітап саудасы жандана түсті. Облыс аймағында бұрын небәрі төрт қана кітап магазині болған екен, үш жылдың ішінде олардың саны 89-ға жетті. Радиореле желісі іске қосылды. Облысты жаппай радиоландыру аяқталды.

Көп мәселе идеология қызметкерлерінің іс-қарқетінің тиімділығымен байланысты болғандықтан, бұған да жете мән бере бастадық. Тіпті И. В. Сталин заманынан бастап ақ, «партияда бәрін кадрлар шешеді» деген қағиданың дағдыға еніп, басшылыққа алынғанымен нақтылы өмірде осындай ұлағатты мәселеге көңіл аударыла бермейтін. «Аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін» дегендей, идеологиялық қызметте де өндіріс мамандарының болуы құпталатын. Тіпті база боларлық білімі барлардың өзі партия қызметіне жоғарылатыла бермейтін.

Бірде Алматы облысының Күрті ауданында болғанда кеңшардағы партия ұйымы хатшысының «әліпті таяқ» деп білмейтіндей дәрежеде екенін көріп қайран қалғаным бар-тын. Ол болса:

— Сіз мені кешіре көріңіз. Малмен жұмыс істеуге дайындалған мен сияқты пақырды (ол, мамандығы бойынша мал дәрігері болатын) адамдармен жұмыс істеуге қосқаннан «не үміт, не қайыр»? Мұндай қызметтің қолымнан келмейтінін айтсам да аупарткомдағылар «сен мамансың» деп отырып алды. Ал енді көрсін, маманының қандай екенін?

Ол, әрине, ащы болса да шындықты айтқан еді. Идеологиялық кадрларды таңдап алуға бағытталған ынғайтабыс осындай болатын.

Кез келген істің шешімін өндіріс мамандары таба алады деген жаттанды қағиданың кіріптары болған тағы бір жігітпен мен комсомолда қызметтес болған едім. Оның ауыл шаруашылығына қатысты тахниканы жете меңгергені сонша, трактордың дүрсілінен ақ қай тетігінің дұрыс жұмыс істемей жатқанын аңғаратын. Әрине «Казсельхозтехника» бірлестігінің бір үлкен бөлімшесін басқарса, ол қоғамға комсомолдағыдан гөрі көбірек пайда келтіретін еді. Өздеріне кадр тандап алуда жалғыз көрсеткішті нысана етіп алған партия шенеунектері мұндайға көне қойған ба? Қоғамдық қызметтен тәжірибесі шамалы жеке басының мәдениеті де жетісе бермейтін жас жігітті облыстық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа ұсынды. Қасақана бүкіл елде Мәскеуде өтетін партия съезіне дайындық жүріп жатқан кез болатын. Съезд ашылатын күні бізге оның атына Одақтық комсомолдан рапортхат жіберілетіні жөнінде ұсыныс келді. Хаттың мәтінін Мәскеуден алысымен оны қазақ тіліне аударып, ертеңгі сағат 9-дан кешке дейін барлық комсомол ұйымдарында талқылап, қол жинаған қортындысын БЛКЖО Орталық комитетіне табыс етуге міндеттенгендіктен іске кірісіп те кеттік. Комсомол ұйымдарына хаттың мәтінін телетайп арқылы да жіберетінімізді ескерттік. Әлгі жігіт болса оны Телетаев деген біреу әкеледі екен деп Алматыдан келетін ұшақты да, пойызды да, тіптен Ақмола арқылы келетін облысаралық автобусты да қарсы алып әлекке түседі. Ондай адам келе қоймаған соң Алматыға, Қазақстан комсомолының Орталық комитетіне телефон соғады. Трубканы екінші хатшы Иван Зарубин алады.

— Иван Иванович! Мен таңертеңгі 8-ден бастап Алматыдан келген ұшақты да, пойызды да, тіпті облысаралық автобусты да қарсы алдым. Телетаев жолдас әлі келген жоқ. Енді не істейміз? депті.

Әрине өмірінде телетайпты көрмесе, оны біле қоймады деп жазғыруға болмайтын еді. Зарубин қанша күлкісі келіп, жарылып кете жаздаса да сыр білдірместен телетайп дегеннің не екенін тәптештеп түсіндіріп, «байланыс бөліміне біреуді жіберіп сұратшы, бәлкім, келіп те қалған шығар»— дегенді айтыпты. Сөйтсе, жадырат таңертеңгі 8-ге дейін-ақ келіп түскен екен.

Кейіннен сол жігіттің «бірте-бірте» аулартком хатшысына, облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағалығына дейін көтерілгенін көрдім. Бірақ арада қанша уақыт өтті десенші. Бәлкім, ол өз мамандығы бойынша тезірек жетілер ме еді? Өмір заңдылығы осылай болғаннан кейін, лауазымдыларға да адам тағдырына жөнімен араласқан мақұл ғой деймін.

Өзгелерде жұмысым жоқ, өз басым бұрынғы Коммунистік партияда бой көтерген келеңсіздіктердің басым көпшілігі басшы кадрларының іс-қаракетіне байланысты қалыптасқан жәйт деп

есептеймін. Коммунистік идеяның күйреуін, оны басшылыққа алған миллиондаған коммунистердің басын қосқан партияның өзі оп-оңай тарап, кеңес үкіметінің құлай салғанын, бүкіл елден, «бас көтерер» бір азаматтың табыла қоймағанын басқаша түсінуге қақымыз жоқ. Горбачевтің құрғақ сәуегейлігі мен сатқындығы көптен белгілі бола тұра, партия тарапынан нақтылы шаралар қабылданбағаны, уақыттың созылып кеткендігінен идеологиядағы, саясаттағы екіұштылықтың дегеніне жетіп үлгіргені осыдан-ақ көрініп тұр десек қателесе қоймаспыз.

Менің мәселенің бұл жағына баса назар аударып отырғаным бұрынғыны көксегендіктен немесе оған қайтып оралуға құштарлықтан емес, өткенге сын көзімен қарасақ ілгерілей түсетінімізбен байланысты еді. Бұл үшін мені бұрынғы коммунистер де кінәлай қоймас деп ойлаймын.

Осыдан біраз бұрын мерзімді баспасөзде — «Қазақ әдебиетінде» (7 қаңтар 1997 ж.) жарияланған М. Есенәлиевтің «Ұлық пен әлсіздік» деген көлемді мақаласында, «Аргументы и факты» апталығында (қаңтар, 1997, № 5 (193) Сейдахмет Құттықадам ұйымдастырған «Қонаевтың жұмбақтары» атты сұхбат-репортажда менің 1970 жылы комсомолдағы басшы қызметтен кетуімнің басты себебі — Дімаш Ахметұлы тағайындағысы келген азаматты БЛКЖО Орталық комитеті арқылы өз орныма «өткізе» алмағаным, содан біресе Торғайға, біресе Мәдениет министрлігіне, облаткомға қуыла бергенім, тек 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін ғана Мәдениет министрі болып тағайындалып, кейіннен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланғаным жайында айтылды. Осы бір шетін мәселеге қосайын дегенім өзімнің ешқашанда Д. Қонаевтың «есебінде» болмағаным жайында еді. Басшы кадрларды таңдап алуға ол кісінің өз талаптары бар-тын және оларға үйлес қоймайтынымды көптен сезетінмін.

Десек те негізгі себеп — менің техникалық, экономикалық немесе ауылшаруашылық білімімнің жоқтығында (мұнсыз ол кезде кім болса да басшы қызметке жоғарылатыла қоймайтын), кезінде партия мектебін немесе Қоғамдық ғылымдар академиясын бітіріп алуға да жете мән бермегендігімде, сол сияқты 38 жастағы адамды мұнан былай да басшы комсомол қызметінде ұстай тұруға болмайтындығында еді.

Ал енді қисынсыз көтерілген мәселеге келсек (шамасы менің Көкіш досым Қонаев ұсынған кандидатураның Мәскеуден өтпей қалуы мүмкін емес екенін ұмытқан болар), Торғайға қызметке ауысарда сұрастырып білгенім мұндағылардың орныма Аухадиевтің кандидатурасын дайындап жатқаны еді. Ол кезде жастар арасында белгісіз Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы З. Камалиденовтың кандидатурасының соншалықты шап-

шаңдықпен, бір тәулікке жетер-жетпес уақыт ішінде ұсынылып үлгіргеніне, тіптен Облсовпрофтың жұмысы жайлы мәселе Орталық Комитеттің бюросында талқыланып, оған жоғары баға берілгеніне қарағанда бұған басқа да мүдделі күштер араласқан болуы ықтимал. Оның үстіне Д. Қонаев өзінің ойындағысының ұқыпты түрде орындалуын барлық уақытта бірдей қадағалай бермейтін. Саралап «түсіндіріп» бергендер де болуы мүмкін.

Мен үшін өкініштісі — жақындап қалған Қазақстан комсомолының 50 жылдығын өзім басшылық етіп өткізуге мүрсат ала алмағаным ғана. Бәлкім бұл да «асы күнәкар пендешілік» шығар, маған тиісті үкімет наградасы — Ленин ордені де Камалиденовке бұйырды. Мен болсам медаль да ала алмадым. Өйткені, үкімет наградасы дегеніміздің өзі нақтылы қызмет атқарғандарға ғана емес, мансаптыларға да беріле салынатын. Солай-ақ бола қойсын, онда тұрған не бар десем де, несін жасырайын, көңілімде тоғыз жыл бойы істелген азабы мол қызмет үшін өкініш сезім, ашу-ыза қалып қойды. Бұл үшін мені, оқушым, айыптай қоймассың деп ойлаймын. Қайран қалдыратыны — осындай шетін мәселелер бойынша пікір айтатындардың табыла бермейтіні. Шынтуайтына барсақ, қазіргі наградтау жүйесінде де пайымдылық, дәйектілік, салиқалылық жетісе бермейді. Жұртқа Елбасы көрсететін сый-сыяпатпен бірге әділеттілік, көрегенділік қағидаттары сыннан өтіп жататынын ұмытуға болмайтын сияқты. Мұны да есте ұстаған жөн ғой деп ойлаймын. Өкінішке қарай, қолқама суық тиіп ауруханада жатқандықтан, партияның соңғы съезінде де, Орталық Комитеттің пленумында да, бола алмадым. Кейіннен «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайында, тағы бірде «Наурыз» мейрамының құрметіне ұйымдастырылған қабылдауда бас изесіп сәлемдескеніміз болмаса, Елбасымен тілдескен емеспін. Бәлкім бұл шүбәлану мен сенімсіздіктен өрбіген басыбайлы қалпымыздың тағы бір айғағы болар. Оқасы жоқ, «Көш жүре түзелер», замана, уақыт талабын қарсы алған ұлы көштің жетіскендікке, мүлтіксіздікке, мінсіздікке апаратын соқпағында елімізбен, халқымызбен бірге болсақ, біз сияқтылардың қалған өміріне сол да жетіп-артылар деп ойлаймын.

1992 жылғы қазан айында Алматыда дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы болып өтті. Құрылтайдың бағдарламасы бойынша «Ата-баба мұрасы: қазіргі заманғы өмір талаптары тұрғысынан» деген тақырыпта менің де баяндамам тыңдалды. Халықаралық қазақ орталығы салынатын жерге тас белгі қойылды. Шетелдік қазақтар Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығында болып, ондағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратын тамашалап қайтты.

Құрылтай бітісімен премьер-министрдің орынбасары Қуаныш

Сұлтанов (ол соның алдында ғана осы лауазымдағы Мырзатай Жолдасбековты алмастырған болатын) маған болашақ Орталықтың ғылыми тұжырымдамасын (концепциясын), жобасын жасауға басшылық етуді ұсынды. Қалдарбек Найманбаевқа (Халықаралық қазақ қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары) жолығыңыз, сол кісі көмектесетін болады — дегенді айтты. Оған барғанымда оның екі көзі шарасынан шығып:

— Сіз мұнда өзіңізді қандай қызметте көргіңіз келеді? Ол жағы менімен келісілген жоқ еді — дегенді айтты.

— Ал сен өзің қалай ойлайсың? Мынау түріктің өзгере қалғанына қарағанда, шамасы, мен осында мансап іздеп келіп отыр деп ойлайтын шығарсың. Қызметің өзіңе бұйырсын, маған ешқандай лауазымның керегі жоқ. Қуаныш Сұлтанұлының өтініші бойынша, қаласаң, Орталықтың жобасы жасалып, бекітілгенге дейін сөзі өтетін ақылшы (советник) бола ғой десең, көмектесейін, ар жағын өзің алып кете жатарсың, — дедім.

Сонымен жұмысқа кірісіп те кеттік. Межколхозстройдың жобалау институтындағы білікті мамандарды қатыстыра отыра, Орталық түсетін аймақтың топосуреттерін жасаттым. Жер асты суларының деңгейін, топырағының құрамын, тастағының қалыңдығын анықтап алғаннан кейін көріністік шолымын (видовое обозрение), алғашқы эскиздік-ұсыныстар жасауға кірістім. Өйткені, айтылғандардың негізінде ғана жердің гидрогеологиялық және қалақұрылыстық суреттемесіне, эскиздік жобасына кірісуге болатын еді.

Сол тұста Найманбаевпен бірге Стамбулға да барып қайттым. Жобаның авторы болып белгіленген сәулеткер сонда тұратын. Онан сұрап-білгенім мені қайран қалдырды. Түрік жағы халықаралық қазақ орталығын емес, түрік орталығын ұйымдастыруды орайластырған екен. Алматыда салынатын бесжұлдызды мейманхана мен көпқабатты, әртүрлі офистер, банктер орналастырылатын бизнес орталығының қазақ мәдениетіне, әсіресе, оның сәулет өнеріне қандай қатысы бар деген сұраққа жобаның басшысынан нақтылы жауап ала алмадым. Тек менің дәлдеп алғым келгені түрік мәдениетін біз Түркияның өзінен-ақ көріп жүрміз ғой, ал қазақ сәулеткерлігінің қалдықтарын ұланғайыр кеңістіктен іздестіруге тура келетініне түрік жағының көзін жеткізу еді. Солай болды да.

Десек те мәселенің алдымен Алматыда шешіліп алынбағаны көзге түсе берді. Түріктер өздері бөлетін қаржысына кепілдік сұраған екен. Ол жағы аяқсыз қалыпты. Оның үстіне Орталықтың ғылыми тұжырымдамасын жасап алмай тұрып, пісігі жетпеген мәселені шетелдік компанияның алдына қоюдың ыңғайсыздығы да ешкімнің ойына келмепті.

Сөйтіп, не керек, елге қайтып оралғаннан кейін азын-аулақ

істеген жұмысым мен ізденістерімнің нәтижесін (ол бұрыннан есте жүретін) босқа кетпесін деген оймен «Жолайырықта» атты альбом-кітабымның мазмұндық желісіне арқау етуге тура келді.

ЖҮБАН АҒА ТУРАЛЫ ОЙ

«Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкіммен түн түрілген.

...Мен — қазақпын, бір биік белеспін мен
Еуропа да, Азия да емеспін мен.
Аралықпын жетінші материктей
Бірақ барша адаммен телі өстім мен.

«Қазақпын» деп досқа айтам ұғысатын
Мақтан етсін атақты туысы атын.
«Қазақпын» деп жауға айтам қасақана
Біліп қойсын, болса ойы жұғысатын.

Мен — қазақпын, биікпін, байтақ елмін
Қайта тудым өмірге қайта келдім.
Мен мың жылда бір тірілдім мәңгі өлмеске —
Айта бергім келеді, айта бергім».

Бұлай деп кезінде Жұбан ақын ғана айта алған. «Мен — қазақпын» деген өзінің отты тұжырымын ол 1986 жылғы қанды оқиға кезінде Колбин мен оның сыбайластарына да айтты. Кім білсін, сол күндері Алматыда болсам, мен де тоқырау заманының озбырлығына қарсы шыққан жастардың арасында болар ма едім, оны тағдыр менің пешенеме жазбапты. Әйтсе де азулы да ашулы ақынның әділетсіздікке қарсы айтқан отты сөздерінен алған әсерім қажағаймен тайға таңба басқандай кімді болса да бейтарап қалдырмайтын еді.

Жұбан сияқты арыстар өмірге аңда-саңда ғана келеді. Біздің қоғамға «бір бірлеп мың болатындай, тамшы боп тама, көл болатындай» ауызбіршілік, ынтымақтастық қажет екеніне қарамастан, оған көзі тірісінде өзіне лайық қадір-құрмет көрсетілмеді. «Алты бақан ала ауыз» (Абай) болатындай осы жұртқа не керек екенін кейде түсіну қиын.

Жұбан-ағамен жарастығымыз көптен ақ қалыптасқан еді. 1977 жылы Мәдениет министріне орынбасарлыққа тағайындала салысымен менің көзіме түскені 1943 жылдан кейінгі 34 жыл

ішінде республикада халық ақындары айтысының бірде бір рет өткізілмегені, «Халық ақыны» деген құрметті атақтың ешкімге берілмей келгені болды. Сол бір соғыс кезінде өткізілген соңғы айтысқа Қаныш Сәтбаев (қазылар алқасының төрағасы), Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова сияқты аса көрнекті ғылым мен өнер қайраткерлері басшылық еткен екен. Біз де солардың дейгейінде өткізілген айтыстан кем түспейік дегендей, қазылар алқасына аса көрнекті мамандарды (олардың арасында Жұбан Молдағалиев те болатын) қатыстырдық.

Өнер сайысы басталардың алдында (ол жасөспірімдер театрында өтті) жүргізуші диктор айтыстың қазылар алқасын жиналғандарға таныстырып жатты. Менің нақақтан нақақ Орталық Комитеттегі бөлім меңгерушілігі қызметімнен босатылғаным ренішім әлі басыла қоймаған еді. Кезек келіп, фамилиям аталғанда, қанша тырмыссам да бойымды билеп ала алмай, орнымнан тұрдым да қайтадан отыра кеттім. Мұным Жұбан-ағаға ұнаған жоқ. Қазақтың «тоныңды отқа салма» дейтінін есіме салып, ол маған:

— Е, бауырым, сен әлі ренжіп жүр екенсің ғой. Қалай еткенде де халықтан бой тасалауға болмайды. Жұртқа көрінуің керек еді — дегенді айтты. Мен:

— Кешіріңіз, Жұбан аға, байқамай қалыппын. Мұнан былай есте болар,— деп өзімді өзім жұбатқандай болдым.

Ашынғандықтың ащы табындай кімге болса да тұжырыңқы әсер ететін сезімнің бола бермейтінін Жазушылар Одағында бірінші хатшы болып қызмет атқарып келген Жұбан Молдағалиевтей асыл азаматты орнынан босатып, өзгені «тағайындай» салғанда көрдім. Бірақ ол мұқалған пиғыл көрсеткісі келмеді. Ақынның шығармашыл одақтың жұмысын жақсартуға бағдарланған кең өрісті ойлары барын Маңғыстауда өткен қазақ әдебиетінің күндерінде Форт-Шевченкода болған кеште өз құлағыммен естігенім бар-тын. Онысы іске аспай қалды...

Десек те содан бері талай уақыт өтті. «Мен — қазақпын» деген мақтанғыш сезіммен әлемге жар салатын сәт тағы да туар. Басқаны қайдам, өз басым осы ғасырлар алмасатын мезеттен болашағымызға ілгері үмітпен қарайтын уақыт басталар деп ойлаймын.

Лайым, солай болсын!

Бала жастан Жұбан-ағадай болмасам да ұқсап бағып, дүниені құратын сәулеткер де, көркейтетін суреткер де болуға тырмысып келдім. Тағдыр мұнымды қош көрмеді ме, қайдам, қолымды байлай берді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осылай болар. Қазіргі жұлқарларға ұқсап, бала-шағасына қалдыратын байлық жинайтын жағдай менде болған жоқ. Болған күнде де ондайға бара алмас едім. Иісі қазақтың бәрін бірдей тұтып, руға

бөліп жіктеген жоқпын. Мені ұлтшыл дейтіндер де табыла қоймас. Жұрттың ұлтына, дініне, наным-танымына, түр-түсіне, тұрмыс-салтына қарамастан бәрімен бірдей қатынаста болуға тырмысып келдім. Ағат кеткенім де жоқ сияқты. Бірақ өз кінәсін түсінгісі келмей, босқа өкпелегендер болғанға ұқсайды.

Бірде Оралхан Бөкеевті ақтық сапарына шығарып салуға арналған қаралы рәсімге жиналғанда көптің ішінен бұрын «Мәдениет және тұрмыста» редактор болған бір азаматты көріп, қал-жағдайын сұрасам: «Сіз мені суға салдыңыз батпадым, отқа салдыңыз жанбадым» деп сарнап ала жөнелгені. Апыр-ау, осынша өкпе айтатындай мен бұл адамға не істеп қойыппын? Тым тұрпайы болса да, елдің осындайда пайдаланатын мәтеліндегі «қызу басатынын» айтып салайын деп тұрдым да қазақтың қалаулы ұлдарының бірін шығарып салуға бағышталған қаралы сәтте әдеп сақтап үндеген жоқпын.

Соңынан білгенім — мұны қызметінен босатқанда Орталық Комитетке шақырып, себебін тәптіштеп түсіндіргені болды. Ол оған қанағаттанбапты. Партия тарқарға жақын қалған аласапыран уақытқа тап болғандықтан бөлімдегілер оны менімен жолықтырмапты. Ал осы үшін зейнеткер адамның көңіліне тиіп, соншалықты орынсыз айып тағуға бола ма? Әлде ақымақтарға заң жазылмаған деген осы ма? Қазір мұндайлармен қандай деңгейде болса да кездесіп, сөйлесе қояр ма екен?

Сөз орайы келгенде айтайын дегенім кейіннен тұрақты жұмыс істейтін парламентке жол ашу үшін «өзін өзі таратқан» Жоғарғы кеңестің сайлауы бейпілауыз демократияның шарықтап, шегіне жеткен тұсында (1990 ж.), көпшілік жағдайда балама негізде өткен еді. Ұят-арды жинап тастап, өзін өзі депутаттыққа ұсынатындар да сол тұста бой көрсете бастаған болатын. Сайлауға дайындық үстінде менің де мынадай бір таңқаларлық оқиғаға тап болғаным бар еді.

Бір жолы таңертеңгі сағат 8-ден ақ Орталық Комитеттің есігінің алдына орналасып алып, бірінші хатшы орнынан табыла қоймаған соң, менің атымды атап «Жәні-бек-ов!», «Жәні-бек-ов!» деп бар даусымен айқайлап, өздерімен кездесуге шақырған, мойындарына әртүрлі талаптар жазылған плакаттар асып алған «ақ сақалды, сары тісті» көнекөз қарттар мен кимешек киген кейуаналарды көріп қайран қалдым. Араларында бірлі жарым болмаса жастар жоқ еді. Қайта-қайта айқайлап қоймаған соң, көмекшім арқылы Орталық Комитеттің қабылдау бөлмесінің залына сыйғанынша шақырып алып, сөйлеспек болдым.

Әңгімеміз бірден басталып та кетті: Қарттарды толқытқан жәйт өздерінің қалап ұсынған кандидаты, соңынан «Табиғат» қоғамына президентікке сайланған Мэлс Елеусізовты жергілікті орындардың ықпалымен себеп тауып тіркеуден «өткізбей таста-

ғаны» екен. Жалма-жан Орталық сайлау комиссиясынан егер шын мәнінде сайлау туралы ереже бұрмаланған болса мәселеге қайта оралуды өтіндім. Қарттарды шығарып салып, Елеусізовтің өзін ғана қалдырып, кемпір-шалдарды шулатпай ақ (оларды Күрті ауданынан арнайы екі автобуспен алып келген екен), өзің келсең де осы мәселені шешуге болатын еді ғой дегенімде алған жауабым: «Маған да жұрт көңіл аударса екен деп ойлаған едім» болды.

Кейіннен «маған да жұрт көңіл аударса» дегенді жас бизнесменнен де, саясаткерден де, тағы басқалардан да естідім. Шамасы бұл қазіргі жастардың өмірлік мүдделеріне сай өздерін тезірек көрсете білуге тырысатындығының айғағы болса керек. Олай болса бұл жақсылық нышаны, өмірге құштарлықтың тағы бір көрінісі. Тек мұндай құбылыс ізгілікпен, имандылықпен, отаншылдықпен ұштасып жатса. Сонда ғана мұнан отыз жылдан астам уақыт бұрын «Мен — қазақпын» деп әлемге жар салған ұлы ақынның өсиеті орындалатын болады.

Десек те халқымыздың қиын-қилы тағдырын естен шығарып алмас үшін оған оқта-текте бір мезгіл үніліп те алған жөн. Өйткені өткендегі тарихсыз бүгін, бүгінсіз ертең, ертеңсіз болашақ жоқ. Әртүрлі себептермен халқымыздың дамуы тарихтың өн бойына көршілерімен, әсіресе Қытаймен салыстырғанда басқаша өрбігені белгілі. Мәселен, қытайлықтар адамзат тарихының о бастағы нәрегейлік шағында ақ (шамасы, Ұлы қытай қорғаны бостан босқа тұрғызылмаған болса керек) бірегей дами бастаған, біртұтас халық болып үлгірді. Ал біз болсақ, Еуразия белдеуі, арқылы халықтардың ұлы қоныс аударуымен, ешқашанда толастай қоймаған жаугершілікпен, өзара қырғи-қабақтылықпен, аштық-жалаңаштықпен арпалысып келдік.

Сондықтан да қарапайым есеп ғалымдардың айтуынша, сол кезде Қытай жерін мекендеген 16 млн. халықтан 1,2 млрд. қытайлықтардың өсіп өрбігеніне, ал қазіргі қазақ тайпаларының ата тегін құрғандар қоныс тепкен кеңістікте өмір сүрген 1,0 млн. халықтан небәрі он миллиондай ғана қазақ өсіп-өнгеніне меңзейді. Егер біздің халық Қытайдағыдай даму үрдісінен өткенде, бәлкім мұндағы елдің Кіндік Азия халықтарының біразынан бұрын тектестік жағынан айқындалғаны, моңғол шапқыншылығының алдында-ақ мал өсіріп, егін еккен, сауда-саттығы дамыған қалалары мен отырықшы қоныстары бар «Қазақстан» деген атпен белгілі елдің болғаны қазақтың тағдырына тағылым етерлік өшпес із қалдырған деп жорамалдауға болатын еді.

Қазақ жасақтарының Шыңғысхан мен Батудың, Әмір Темір мен Тоқтамыстың, басқа да шығыстық қолбасшылардың әскерінде негізгі соғыскер күш болғаны мәлім. «Балқан, Балқан,

Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген тіркестердің қазақ фольклорында кездесетіні де тегіннен тегін болмаса керек. Бүкіл Таяу шығысты дүбірлеткен мамлюктердің құрамында да қыпшақтар басымырақ болған.

Десек те оқтын-оқтын қайталай берген қуаңшылық, малдың жұты, егіншіліктің күйреуі бүкіл елді қамтыған аштық-жалаңаштыққа, халықтың күрт азайып кетуіне алып келе берген. Қайсы бір әлі де болса дәлдей түсуді қажет ететін деректерге қарағанда, арагідік үзілістермен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен ғаламат шайқаста халықтың үштен бірі қырылғанға ұқсайды. Сөйтіп қазағымның артықшылығы жерінің кеңдігі, жетіспейтіні санының кемдігі болып қала берген.

Егер тарихи шындыққа жүгінсек, отызыншы жылдардағы қолдан жасалған аштық-жалаңаштық, қуғын-сүргін, көрші елдерге қоныс аудару кезінде опат болған 3 млн.ға жуық халықтың әр қайсысынан үш адамнан өрбігенде де қазіргі қазақтың санына 9 млн. адам қосылған болар еді.

Жұбан-ағаның «Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген» дейтінінің түпкі мәні де міне осында жатыр. Өкініштісі өзімізді қорғай да, сақтай да алмадық. «Оқасы жоқ» десек те жан жағымызға қарайлап қырағы болайық, ағайын!

1972 жыл. Құрамында Жұбан Молдағалиев те бар Сәбит Мұқанов бастаған бір топ жазушы Сырбай Мәуленовтің 50 жылдығына байланысты Торғай облысына келетін болды. Облыс енді ғана құрылған, Арқалықта керек десеңіз Мәдениет үйі де, мейманхана да, тіпті ресторан да жоқ уақыт болатын. Мерейтойдың ашылу салтанаты Құрылысшылардың клубында өтті, ал қонақтарды қала сыртындағы жасанды көл жағасына тігілген екі киіз үйде күтіп алуға тура келді. Менің Сәбенді өзінің «Сұлушаш», «Адасқандар» (кейіннен — «Мөлдір махаббат») романдарының оқиғалары өрбіген жерлерге алып барып, әңгімесін тыңдап, қызығына батсақ деген ойым бар еді. Бағдарламаны да соған орай құрастырдық.

Па, шіркін, Сәбеннің әңгімесін бір рет тыңдағанның өзі қандай ғанибет десеңші! Бұрын мұндай сәттерді басымнан кешсем де, ұлы жазушыны тыңдай бергім келетін де тұратын. Бұл жолы да сондай сезім бойымды билеп алған еді. Өкініштісі, қасында ұзақ бола алмадым. Делегацияны облаткомның орынбасарына қалдырып, Мәскеуде болатын бір кеңеске қатысу үшін іс-сапарымен кетіп қалуға тура келді. Әйтсе де Сәбенмен қоса әрқайсысы бір бір елдің әдебиетіне ұстын болуға тұрарлық Сырбай Мәуленовпен, Мұхаметжан Қаратаевпен, Жұбан Молдағалиевпен, Ғафу Қайырбековпен екі күн бірге болып, есітіп-білгендерім мәңгі есімде қалды.

Келесі күні Аманкелді ауданындағы Сарыторғай жылқы за-

уытында болдық. Халықтың Сәбеңе, Сырбайға деген ықыласының шегі жоқ еді. Мұнда да жұрт екі ақ үйді қатар тігіп қарсы алды. Күндіз осы аймақтағы тарихи ескерткіштері бар жерлерде болдық. Әсіресе бір бірімен қатар екі қырқаға қатар орналасқан VIII—X ғасырларға жататын, тақтатастан қаланған Екі дін («Екі дінгек») ғибадатханасы, XIX ғасырда тұрғызылған Қыз моласы атты бейіт қонақтарға үлкен әсер етті. Мұнда аңыз бойынша есігіндегі жалшысына ғашық болып, қытымыр заманда шынайы махаббатының құрбаны болған байдың жалғыз қызы жерленген екен. Әсіресе Сәбең қыздың бейітін, әрі-бері айналып:

— Апыр-ау, осы менің Сұлушашым емес пе екен? Қай жағынан алып қарасаң да соған меңзей беретін сияқты деп қалбалақтай берді. Мен жазушының айтқанын дәлдегім келіп:

— Сонда Сәбе, сіз, романыңызды мұнда болмай жазған ба едіңіз? деп сұрадым.

— Жоқ, мәселе мұнда болып-болмауда емес. Романның мазмұндық желісіне арқау етіп ел арасында кеңінен тарап кеткен әңгімені алған едім. Бұл арада болмасам да жердің табиғатымен, бедерімен, адамдарымен сырттай таныстығым бар-тын деп сөзін бітірді.

Сәбең Қызбелге («Адасқандардың» оқиғасы болған жер) де барып қайтуға ықыласты екенін айтты. Бірақ күннің ысып кетуіне байланысты асфальтталған жолдың жоқтығын айтып, жеңіл автокөліктің жүре алмайтынын ескертіп, ондай сапарды келесі кезекке қалдыруға келісімін алдым.

Жұбан-ағамен екі күн бірге болу да мен үшін қызғылықты еді. Ақын сырт қарағанда көп сөйлеп кете бермейтін парасатты да, сабырлы да болғанымен, шешіле кетсе сөзшең, әңгімешіл, ақылкөй ұстаздай көрініп тұратын.

Оны мына бір шумақтардан да аңғаруға болады:

Күптасаң да, сөксең де сен өзін біл,
Кейде асқақтау сөйлесем мен өзім бір.
Құлағы естіп, кенеттен тілі шыққан,
Саңырау-сақау құлқындай мінезім бұл.

Кешір ана, еркеңді елпілдеген,
Есесі бұл мың жылдың желпінбеген.
Дүр сілкіндім өзіңнің қанатыңмен,
Еркін келем тек сенің еркінменен.

...Тар жолдан таймай өткен халық — батыр
Алдында бұдан да әсем өмір жатыр.
Дариға-ай, дәурен жетіп көрсем сені,
Тойыңа толған шақта толы ғасыр!

Кешкі кездесуден кейінгі дәм үстінде кеңшардың директорын оңаша шақырып алып (ол өзі бір жеңілтектеу жігіт болатын) Сәбеңнің қасына жұбайы Мәриям-апай еріп келген екен, әлгі өздерінің «Торғай түрі», «Алты ауыл» атты осы өңірге кеңінен тараған кілемдерінің бірін сыйға тартсаң орынды болар еді десем директор жігітім:

— Сонда не, Сәбит біздікіне келді деп кеңшарды таратып жіберуім керек пе? Жылқы сойдым, қой сойдым, сол да жетеді ғой — деп қалды.

Мен өзімді қоярға жер таппай, ашу-ыза кернеп:

— Ей, оңбаған, бұл не дегенің? Сәбең сенің үйіңе екінші рет келеді ме, келмейді, ме, ол жағы бір құдайға мәлім. Бірақ сен сияқты көргенсіз әлі талай рет Сәбең біздікінде болып еді деп баласының баласына мақтаныш сезіммен айтатын боласың. Бүкіл ел қадір тұтатын атамыздың атын саудаға салатындай, сен кім едің? Сен не, Сәбеңнің үйінде кілемі жоқ деп ойлайсың ба? Әлде мен саған кеңшардың есебінен сатып алып бер деп отырмын ба? Кілеміңді жамылып жата қал, онда менің жұмысым жоқ. Арқалыққа барған соң тоқымашылардан өзім-ақ сұрап алам. Олар сен сияқты надан емес, өздері-ақ алып барып сыйлыққа тартатын болады. Мен Мәскеуге барып келейін, әзірге сау бол, жігітім.

Осыны айтып, Мәскеуге ертемен ұшатын ұшаққа үлгіру үшін үйге кіріп, қонақтармен қоштасып, шығып кеттім.

Ертеңіне жазушылардың делегациясын Иманов атындағы кеңшардың Үрпек деген ауылында ешкім қарсы алмай (шамасы уақытын шатастырған болса керек), жалғыз түп ағаштың көлеңкесінде отырып қалыпты. Сәбең шыдай алмай:

— Апыр-ай, ит байласа тұрмайтын жер екен! — депті.

Мұны естіп қалған Ғафу Қайырбеков:

— Сәбе, бұл не дегеніңіз, әркімнің туған жері өзіне алтын бесік емес пе? — деп өкпесін айтыпты.

Сәбең болса:

— Ей, Ғафу, мен сен жөнінде айтып жатқан жоқпын. Байқадың ба, обком хатшысы кеше неге қабағы салынқы, бір нәрсеге ренжігендей кейіппен бізбен қоштасып түнде кетіп қалды? Сенің мыналарыңды тәртіпке келтіру үшін бұл адамға үлкен күш жұмсау керек шығар, — депті.

Ертеңіне бұл әңгіме Мәскеудегі маған жеткеннен кейін аудандық партия комитеттеріне телефон соғып, қандай үйде қарсы алу-дан дастарқан мәзіріне дейін тәптіштеп тапсырма беруге тура келді.

Мен мұны сөз ретіне қарай айтып отырмын. Әйтпесе құлазыған кең даланың бір қалысында қазіргі заманғы әлеуметтік коммуникациялардан тысқарылау қалып қойған елден басқаша нәтиже күтуге болмайтын еді. Өзгені қайдам, өзім мұны жақсы түсінем де. Сондықтан да Торғайдағы бар өмірім сол елдің

басылып қалған еңсесін көтерсем деген талпыныспен өтті. Оны торғайлықтар жақсы біледі.

Біз жоғарыда әрбір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болатыны, оның құдіреті — уақыт, шындығы — ақиқат, талабы — талғам, келешегі — болжам арқылы ашылатыны жөнінде айттық. Мұны түсіне білу — мемлекеттік тәуелсіздіктің әліпшесін енді ғана оқи бастаған біздің халық үшін қажет-ақ. Олай дейтінім қайсы біреулер бұрынғы кеңестік құрылысқа қайта оралғысы келетінін бұқпантайламай, ашық айтып жүр. Екінші біреулер бірден американдық өмір салтына алмасып кетсек деп жануғуда. Сайып келгенде, бұл екі бағыттың екеуінің де тілге тиек ететіні Қазақстанда сан түрлі ұлыстардың қоныс тепкені болғандықтан қазіргі саяси, әлеуметтік қал-ахуалға сәйкес емес. Үшінші бағыт шын мәніндегі тәуелсіз мемлекеттік құрылыспен байланысты. Бірақ оның да негізгі қағидаттары, шама-шарқы әлі де болса жөнді ашыла қоймай келеді.

Біз соңғы бес жылда көп есейдік. Елде қалыптаса бастаған жағдайды жетістіктерімен, де, кемшіліктерімен де, қиыншылықтарымен де, бұрмалаушылықтарымен де бірдей қабылдап, тәуелсіздік мектебінен өте бастадық. Мұның бәрін сыпырып тастап, Ресейдің қолтығына кіре қалайық деудің өзі тым келте қайырғандық болар еді. Америка нұсқасы да бізге үлгі бола алмайды. Өйткені Америка ойдан-қырдан, әр түрлі халықтардың ұрпақтарынан құралған ел. Түбінде олардың да тектестік санасы оянуы мүмкін. Әзірге жанартау жарыла қоймағандықтан Американы әлеуметтік сілкіністерден бір жолата арылған ел деп қарауға болмайтын сияқты. Оның байырғы халқы құрып біткен десе де болатындай қалде. Бізде құдайға шүкір, халықтың 52 процентін құрайтын, елге өз атын беріп, оның түпқазығы болған, өзіндік этномәдениетімен, үш мың жыл бойы желісі үзілмей жалғасып келе жатқан антропологиялық тұрпатымен ерекшеленетін өлкенің түп тамырлы тұрғындарынан өсіп-өнген жергілікті қазақ ұлты бар. Оның мүддесін көздемейтін мемлекет тәуелсіз өмір сүре алмайды да, өзгелерге үлгі бола алмайды да.

Мұндай жағдайда тәуелсіздік тізгінін өз қолына алған жас мемлекеттің өмірлік доминанттарының жалпылығы, дербестігі, тіршілік бастаулары бір салада біріге алмай, қоғамның қозғаушы күштерінің аса маңыздыларынан саналатын мәдени өзегінің үдемелі қағидаттары орныға алмауы мүмкін.

Сонымен не керек, қалған өмірім болмысымды билеп алған ел тағдырына, халқымыздың болашағына деген үміт пен күдік жетегінде өтіп жатқан сияқты, құрметті оқырман қауым. Мұны кітаптың екінші тарауында әңгімеміздің желісіне арқау етуді жөн көрдім.

Күте тұрайық.



Маршал В. И. Казаковпен бірге.
Алматы, 1964




Спандияр Жәнібековтен қалған
жалғыз сурет. Ленинград, 1939



Юрий Клушкин. Хельсинки,
Финляндия, 1962



Тұманбай Молдағалиев — комсомол сыйлығының иегері. Алматы, 1969



Жөнiбек Сауранбаев,
Заңғар Жөркешев — Комсомол жүлдегерлерi. Алматы, 1970



Демалыс сәтiнде. Алматы, 1970



«Біз Торғайданбыз». Арнайы телехабардан,
Алматы, 1972



Мерекелік шеру мінберінде. Алматы, 1977



Бибігул Төлегеновамен, Ермек Серкебаевпен бірге.
Австрия альпісі, 1982



Халық ақындарымен, өнші-күйшілермен бірге.
Алматы, 1986



Тас құмыралы аңғардағы кездесу. Лаос, 1989




Президент Пхуми Вонгвичитпен кездескенде.
Вьентьян, Лаос, 1989



Әдебиет пен өнер институтында. Алматы, 1989



Қазақстан КП XVII съезіндегі бір сәт,
Алматы, 1990



Қызғылықты пікір. Жоғарғы кеңестен бір көрініс.
Алматы, 1992



Мәжілістің басталуын күтіп... Алматы, 1992

«ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ...»



л аузынан жазып алынған көп аңыздардың бірінде әлденені іздеп, мал табу, жер тану жолына түскен, «бес саусағынан өнер тамған» үш шіленгер¹, жансызға жан бітіре алатын қауқары бар бір кемеңгер төртеуі жолдас болып жолға шыққаны жайында айтылған. Күндердің күнінде жолаушылар бір асқар тауға кезігеді, қисапсыз қалың науға келгенін сезінеді, қаптаған жыртқыш аңдары бар қорқынышты жерге елігеді. Төрт қаладан шыққан, бірімен бірі бұрыннан сыр мінез емес төрт өнерпаз әрі-бері кеңесіп, әрқайсысы кезегімен кептеуілге тұрып ұйықтайық деген мәмлеге келеді.

Әбден сілесі қатып, қалжыраған үшеуі ұйқыға кетеді де, күн ұзын жұмыссыз ерікпен ағаш ұстасы бір керемет, көрген жанды тамсандыратын ару қыздың мүсінін шауып, иығына қалың шашын «жауып», сызылтып от басына отырғызады да тігіншіні оятып, өзі ұйықтауға кіріседі. Тігінші түрегелсе, адамнан туманы айдан анық қор қызын көріп, әл-дәрмені құрып, талып қалады. Әлден уақытта есін жиып «сен кімсің?» десе қыз үн ката қоймайды. Телміріп, кербездене өзіне қарағаны болмаса, икемге келіп, жігітке көңіл аудармайды. «Апырау, жиған-тергеннің бір басына жетпеген неткен жан едің?»— деп қызға қолын соза бергенде оның ағаш қуыршақ екеніне көзі жетеді. Әйтсе де сыр-сыйпатына риза болып, ағаш ұстасы көрсе қайран қалсын дегендей, жасанды қызды үлде мен бұлдеге орап тастайды. Әсем киінген қыз бұрынғыдан да құлпырып, сұлулана түседі. Ісін бітірген тігінші зергерді оятады да өзі ұйқыға кетеді. Зергер болса жасанып, қылмия қарап тұрған қызды көріп, үндеместен алтын алқа, гауһар сырға, күміс білезік соғуға кірісіп те кетеді. Шашағын сым күмістен төгілдірген зергер бұйымдарын бойына ілгеннен кейін, қызды сымбаты мен сәулетіне келтіріп, келбетін жан тойғысыз етіп, дамылдау үшін зергер төсегіне жатып, ғалым досын күзетіне оятады.

Аруға көзі түскен ғалым оның сұлулығына, қызды жасандырған шеберлердің өнеріне қайран қалып, бар кітабын ақтарып, оған жан бітіру жағын қарастырады. Ақыры керегін тауып алып, тетікпен көмейінен үн шығарып, қызды сөйлеттіреді де, ісін бітірген бұл да ұйқыға кетеді.

Әлден уақытта барлығын айқай салып, қыздың өзі оятады. Шеберлер басын көтеріп қараса, от басында әрі-бері жүрген сұлу қыз бәрін таң қалдырады. Олар біріне бірі қарап, әрқайсысы өз өнерін мадақтап, біреуі мен алам деп, екіншісі, жоқ

¹Өнерпаз, шебер деген мағынада.

қыз менікі болуға тиіс, үшіншісі қыздың арулануына менің еңбегім көп сінді дегенді айтып өзара таласа бастайды. Қыз болса «қан төкпендер, жиһан кезіп жүріп қақтығыспаңдар» деген тоқтамын айтып: «Сүйгенім, сүйсінгенім адал еңбек, өзімді ұстамайды онан өзге!» деп әндете жөнеледі.

Осыны айтып, ағаш мүсін тына қалады. Өнерпаздар болса:

— Мен шаптым!

— Мен киіндірдім!

— Мен сырға тақтым!

—«Адал еңбек» дегенде менікін айтып тұр,— дей берген екен. Ақыры қызға бәрі таласып, шағым айтып биге келеді. Сыланған, періштеден туған дейтіндей, қызды көрген би орнынан атып тұрып:

«Жоғалтқан мынау менің қалыңдығым,
Жәбірдің көп көріпті ауырлығын
Уа, жаным жатырқамай, кел қасыма,
Зынданға қаматайын мұның бәрін»,—

дегенді айтып, қызға иемденбек болады.

Биден аяғын әрең алып қашып үлгірген шеберлер ханға келіп жүгінеді. Бөтен жанға сенбей, сезіктеніп, кезектесе құшақтап, ордаға әкелген қызды көрген хан да қайран қалғанын жасыра алмай, былай деген екен:

«Ұрылар! Тыңдамаймын арызыңды!
Жазалап, дарға астырам барлығыңды.
Кеткелі сендер ұрлап, жылдан асты,
Нақсүйер, таңдап алған ханымымды.
Жендетім, жазықтылар міне саған,
Қатын ұрлап күн көрген өңкей жаман,
Апарып төртеуін де зынданға сал!
Ал, сұлу, жақындай көр бері таман».

Жендеттер қылышын жалаңдатып, бұлардың дыбысын шығармай, шауасын бітірмек болып, орда қақпасының алдына алып келеді. Өнерпаз жолдастарына араша түспек болып хан ордасына кірген ғалым:

«Айтайын арызымды тыңда, жаным!
Бұл жұмыс сынау ғана заман заңын.
Соғушы сұлу қызды үш өнерпаз,
Жансызға жаны бардай берген наным.

Бұл ағаш. Жаны да жоқ, қаны да жоқ.
Ханға ханым болардай қалы да жоқ.

Бұл үшін кісі өлтіріп, қанын төгу,
Кір жағад адамдықтың арына көп.

Сабыр ет, жеңдетіңнің тоқтат бәрін,
Шығарма жазықсыздың босқа жанын.
Бұл қыздың көрсетейін көзіңізге,
Қалайша сөйлегенін, қозғалғанын.

Сұлу қыз хан жанынан тұрған қашық,
Тегігін ғалым барып, қойды басып.
Адымын үш-төрт рет аттады да,
Отырды хан алдына жақындасып.

Сөйлетті, тілі келді сегіз сөзге,
Қимыл жоқ, не ерінде, не бір көзде.
Мелшиді, қимыл да жоқ, дыбыс та жоқ.
Сұлудың үні шықпай онан өзге.

Хан ғалымды қасына шақырып, қолынан қуыршақты жүргізетін, сөйлететін кілтін ала бергенде қыздың киімі сыпырылып, бойына таққан зергерлік бұйымдары ағытылады да қу ағаштың сопайған сұлбасы қалады. Өнерпаздар далаға шығып кетеді де, отырғандар үн қатпай, тұнжырап қала береді. Өкінішін жасыра алмай, санын сабаған ханның «Әттеген-ай!» деуге ғана шамасы келеді. Адамдардың кеудесіне қимастықтың отын маздатып, жасанды қыз алауанып, аспанға өрлей ұшып кете береді...

Шатырлап, жанды мүсін ұшқындатып,
Қимастықтан тұрды рас іш мұңданып.
«Содан бері ер, әйел кеудесінен
Махаббат оты маздапты ұшқын дарып».
Деген сөзді ертеден келе жатқан
Хатқа сыздым, халайық, ұқтым да анық,—

делінген екен Үмбетәлі ақынның «Төрт өнерпаз хикаясы» атты әйгілі дастанында.

Шебердің қолы ортақ, өнердің жолы ортақ болатынының бар сыры міне осында, оның «жансызға жан бітіретін», адамның болмысын көркемдік сезімге, мүлтіксіздікке, мінсіздікке бейімдейтін құдіретінде жатыр. Мұны мен алғаш рет 40 метр биіктікке тартылғандықтан бір орында тұра алмай, титандай беретін аспалы себетке мініп, біресе мықшиып арқанға жармасып, біресе ілгері тырмысып, немесе кейін шегініп жүріп, Түркістандағы Ахмет Иасауи сәулет кешеніндегі порталдың босаңси бастаған маңдайшасын қайтадан жөнге келтірген қазақ ұстасы, Республикаға еңбегі сіңген құрлысшы Арынбек Оразбайұлының

іс қимылынан аңғарған еді. Бұл Арекеңдей шебердің ғана қолынан келетін шаруа еді. Портал астында себетке мініп, қалқып жүзген ақсақалға қарап, жерде тұрған менің жонымнан тер сорғалап, арқама қатып, үрейленгенім сонша, «осындай қарттарым аман болғай» дөп тәңірге жалбарынғандай кейіпке енгенімді өзім де байқамаппын. Шебердің қолы ортақ болатыны осындайдан көрінеді екен. Мұны Арекеңнің кәдімгі өзіміз білетін сынықшыға ұқсап, Өзірет Сұлтан мешітінің әбден сырқы кетіп болған көне мақпұрында (михраб) шыңылтыр (глазурь) қиыршықтарынан құрастырылған бірегей сурет желісін шығарғанда, немесе Ахмет Иасауидің қабырханасындағы 45 градусқа дейін бір жағына қисайып ауытқыған тасын (надгробие) бір жыл бойы мысқалдап (миллиметрлеп) түзетіп, тікесінен тұрғызғанда тағы да көрдім.

Арынбек Оразбайұлы кейіннен менің өтінішіммен Жезқазған облысындағы әйгілі Алашахан бейітін қалпына келтірумен де айналыса бастаған еді. Бірақ жергілікті керенаулардың мұндай ұлағатты істің маңызын түсініп, нақтылы көмек көрсетуге өрісі жете бермейтінін сезген Арекең «Керек болсам айтарсыңдар» деп өзінің Түркістанына қайтып кетіпті.

Шебердің қолы ортақ, өнердің жолы ортақ болатынын 70 жылдардың аяғында 80 жылдардың басында Маңғыстау мен Үстіртте жүргізілген тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерінің есебін алып, «Маңғыстау — Үстірт» музей-қорығын ұйымдастыра бастаған тұста тағы да аңғардым. Маңғыстау деген атаудың өзі (оны кейбіреулер «Мыңқыстау» деп жорамалдайды) менің пайымдауымша «Мәңгіқыстау» деген тіркестен шығуы ықтимал. Олай дейтінім осы бір кішкентай ғана түбекте жоғарғы тас дәуірінен (неолит) қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын 10 мыңнан астам сәулет, археология, мүсіндеу өнеріне жататын ескерткіштердің бар екені белгілі болды. Олар негізінен 300-ден астам «өлі қалаларда» (некропольдерде) орналасқан. Осынша ескерткіштері бар кішігірім аймақты Қазақстан мен Кіндік Азияның өзге аудандарынан іздеп табу қиын. Оның үстіне мұндағыдай дулыға іспетті күмбездер, ежелгі қойтас, құлпытас-тар, петроглифтер, «үзілмес», «өткізбе» стиліндегі ою-өрнектер басқа жерлерде қайталана бермейтін құбылыс.

1989 жылы Атырауда өткен Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессиясына қатысқан академик Гурий Иванович Марчукке осы жөнінде айтқанымда әлемге танымал ғалым бұған қайран қалып, «бәлкім мұнда төменгі неолит дәуірінің де ескерткіштері бар шығар» деп түсініскендік білдіріп, Қазақстанның өз археология институты болуы керек деген пікірімді қызу қолдаған еді.

Маңғыстаудағы «Кіші Тәжі-маһал» атанған Сенек күмбезін,

акрополь іспетті сезім оятатын Қапаш мешітінің қалдығын, мүлтіксіздіктің көрінісі сияқты Ақүйік мазарын, Омар мен Тур сенесін, Шақпақ Ата жертөле мешітін, Қамысбайдағы сағанатамдарды өмірінде бір рет көрген адамның бейтарап қала алмай, мұнда қайта-қайта келіп тұрғысы келетіндей қалге түсетіні көптен белгілі.

Маңғыстау мен Үстірттегі тарихи-мәдени, археологиялық кешен өлкенің газ бен мұнай компанияларының мүддесіне сай кеңінен игеріле бастағаны мұндағы ата-баба мұрасын қорғау мәселелерін түбегейлы шешу жағын қарастыруды алға тартып отыр. Бәлкім, ЮНЕСКО-ның да қамқорлығы қажет болар. Бұл да кезек күттірмейтін іс.

Шебердің қолының күдіретін бұрынғы Мәдениет министрлігі орналасқан ғимаратты қайта ұқсатқан дарынды ағаш ұстасы Ирик Исмағиловтың құрлыстың шіріп бітуге айналған бөліктерін (блоктарын), есік-терезесін, бағаналарын дәл бүгін құрастырылғандай етіп қиыстырғандағы шығармашыл ойынын, негізгі залдарын қыр оюымен (ганч шекпесі) безендірген мамандардың Владимир Ивановтың, Дайырбек Үмбетбаевтың, Әлібек Меңдіқұловтың, Қырым Алтынбековтың, Бекмағамбет Қазанғаповтың, Бердәлі Көшербаевтың, құйма табақшаларын (розетка) қайта мөнерлеп, еденін паркеттеген марқұм Николай Белобородовтың өнерінен көрдім.

Болар істің басы-қасында біліктілер жүрсе ойластырылған шаруаның орнына келе қалатынын кезінде өзіме қолқабысын тигізген шеберхана басшыларының — Қазақстан өнеріне еңбегі сіңген қайраткер Шәміл Қожахановтың, Жанәділ Бектұрсыновтың, Мақсұт Нұрқабаевтың, музей-қорықтардың директорлары — Әуелхан Есжановтың («Ежелгі Отырар»), Әжібай Әпсәметовтың («Ежелгі Тараз»), Николай Зайцевтың («Шығыс Қазақстан»), Сеңсей Мылтықбаевтың («Алтын Емел»), Есбол Өмірбаевтың («Маңғыстау — Үстірт»), шыңылтыр шілеңгерлігінің жаңа технологиясын жасаған Республикаға еңбегі сіңген құрылысшы София Тәкібаеваның, басқа да ондаған ғылыми тәжірибе мен өндіріс ұйымдастырушыларының шығармашыл ізденістерінен де байқаған едім.

Түркістандағы әлемге әйгілі сәулет кешенін авариялық қауіп-қатерден шығару (бұл біздің негізгі мақсатымыз болатын) үстінде Республикаға еңбегі сіңген сәулеткер, жобаның негізгі авторларының бірі Алексей Проскуриннің, ғылыми кеңесшісі профессор Малбағар Меңдіқұловтың дарыны мен іскерлігі көрінді. Жылдар өтсе де орны толмас абзал ағамыз, бұрынғы Мәдениет министрі Ілияс Омаровтың қалдырып кеткен жөн-жобасын басшылыққа алу біз үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Ғимараттың ауытқи бастаған тұстарын қайта қиылыстыру, ірге-

сіндегі өзгерістерді аспап арқылы қадағалау, шыңылтырланған отқа төзімді (огнеупорный) плиткаларды ұқсату жұмыстарына пайдалану жөніндегі Ілияс Омаровтың идеялары осы күнге дейін құндылығын жоймай келе жатқан ұшқыр ойдың тамаша үлгісі болып табылады.

Жылдар бойы сәулет кешеніне шын мәнінде кептеуіл болып келген қорықшы Орынбай Дастановтың да еңбегін атаусыз қалдыруға қақым жоқ. Орекең секілді қызметіне мекеме азаматпен бірге істескен жылдарда оның шынайы адамгершілікпен кешенді талан-таражға түсіртпей, қызғыштай қорғап, ұқыптылықпен сақтап келгенін көрген едім. Жасының ұлғайғанына қарамастан оның қазірде де солай болып қала беретініне күмәнім жоқ. Ескі әдетімен оқта-текте ғимаратты қайта ұқсатудың ойдағыдай жүрмей жатқанын айтып, реніш сезімін білдіретін сәттерінде мен оған нендей ақыл-кеңес бере қояйын, қазіргі шенеунектер «өзім білемнен» басқа өзгелермен, әсіресе аздықепті түйсігі барлармен ақылдасудан қалғалы қашан. Түбінде бір сұрау болатын шығар, бұлай кете берсе, қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ата-баба мұрасының қалған-құтқанынан айрылып қалу қаупі төніп келе жатқаны айдан анық.

Ескерткіштерді есепке алып, қорғау, қалпына келтіру және ұқыпты пайдалану жұмыстарымен айналысып, бірегей саясат ұстанатын мекеменің жоқтығы мұнан былай көріне беретін болады. Айында, жылында кездесіп, ақылдасып, біріне бірі қолқабысын бере алмай, әркім өзінің облысында, ауданында қала беретін болса нағыз тоқырау сонда басталатыны даусыз. Қазірдің өзінде есеп-қисап, бақылау, кадрлар дайындау, ескерткіштердің қорғалатын аймақтарын айқындап, тиісті орындарға бекіттіріп, заңды күшіне енгізу мәселелерімен кімдердің айналысатыны белгісіз. Мәдениет департаментіндегі жалғыз инспектор қай жағына жетсін.

Жасыратын несі бар, ақыл-кеңес айтамын деп қайсы біреулерге жақпай қалатын сәттерім де болады. Оқасы жоқ. «Отаның үшін отқа түс, күймейсін» деп Бауыржан ағамыз айтқандай, біреу болмаса біреу керегін алар деген оймен бәріне де көнуге тура келеді. Әйтпесе мен өзім өсірген «шұнағым» іспетті болған Баян Тұяқбаеваға «Жәнібеков күн көрсетпей барады, қайдағы бір мафиоздық құрылымды тартқылап әкелмекші» деп байбалам салатындай, не істеп қойыппын? Ау, Түмекеннің қызын зейнеткер болғалы бір рет көріп жүздеспесем, Мәдениет министрлігінде бірде бір рет болып көрмесем, мафиоздық құрылымды орнықтыратын мен кіммін, әлде осы зейнеттегі адамға қатысты нәрсе ме?

Бәлкім, осыдан бес жыл бұрын Жоғарғы Кеңесте болған пікір таласы кезінде Жекен Қалиев, Камал Смайылов және мен

үшеуіміз Мәдениет министрлігінің жауапкершілігі онсыз да басынан асып жатыр, тарихи және мәдени ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтірумен арнайы мемлекеттік мекеме (Мемлекеттік комитет немесе Бас басқарма) айналысатын болса дұрысырақ болар еді дегенді айтып едік. Одан бері талай уақыт өтті ғой, мүмкін сол әңгіме біреулерге мафиоздық құрылым болып көрініп жүрген шығар. Мұндайларды түбінде «емдемесе» талайларға дімкестігін жұқтыруы мүмкін. Кәсіпқой мекеменің атын бірлестік, трест, инспекция, департамент деп өзгерте бергеннен не пайда келді?

«Осынау ерекше сахара мәдениеті,— деп жазған екен Л. Н. Гумилев өзінің «Көне түркілер» деген кітабында,— ескі дәстүр мен тереңге меңзейтін тамырлардан нәр тартқанымен бізге отырықшы жұрттардың мәдениетімен салыстырғанда құптарлық деңгейде белгілі емес. Мұның мәнісі түркілердің, басқа да көшпелі тайпалардың көршілеріне қарағанда дарындылығының төмендігінде емес, олардың заттық мәдениетінің қалдығы — киіздің, терінің, ағаш пен былғарының нашар сақталатынында болып отыр». Тері мен былғары адам баласының киіміне жаратқан алғашқы материалдарының ішіндегі есте жоқ ерте заманнан белгілі болғандары. Қазақтың тері-терсекті, жүнді, ағашты, сүйекті ұқсатуда, әсіресе киіз басуда, кілем, алаша, шекпен тоқуда, тігіншілікте, зергерлікте, үй жиһаздарын, ер-тұрманды, ыдыс-аяқты, әуез аспаптарын, қару-жарақты безендіруде мүлтіксіздікке жеткеніне ежелгі заман авторлары да көңіл аударған.

Қазақ тұрмысында киіз басудың ерекше маңызы болғанын ол арқылы дәстүрге енген бұйымтайымның сан алуандығынан да аңғаруға болады. Тіпті киім-кешектің, бас киімнің де кейбір түрлері арнайы басылған қағылез ақ киізден тігілетін болған. Қазақ кәсіпшілігінде ши тоқу, әсіресе асқан шеберлікті талап ететін мазмұны алдын ала ойластырылатын сурет желісіне құрылатын орама ши (оны шымши, жезши деп те атайды) тоқу кең өріс алған. Ақ қазақ кілеміне тән ерекшелік — оның төсемінде міндетті түрде сызықшамен («Су») ажырасатын, қорған-қоршауы («Жиек»), шаршысында («Көл») қатар-қатар орналастырылатын, мазмұнынан тікес немесе нәубетаты сарыны байқалатын табақшаларының болатыны. Кілем тоқумен бұрын тек әйелдер айналысқан. Қазақ арасында тықыркілем (алаша) тоқу дәстүрінің кеңінен өрістегені оның көшпелі топтарының өмір салтымен байланысты. Уақытты көп алатын, көбіне бір әйелдің ғана қолынан келе қоймайтын түкті (қалы) кілем тоқу дәстүрінің Сыр бойында, Түркістанда ел аузында сақталған аңызда айтылғандай, бабамыз Асанқайғы түйесіне өңгеріп алып кетсем деп армандайтын «Екі Келес — бір Талас», Шу атырабында өмір сүрген отырықшы, жартылай отырықшы елде кең өріс алған. Мұндағы

кілем тоқымашылығына қолтума өнердің осы бір түрі кеңінен дамыған Иран, Шығыс Түркістан, Ауғанстан сияқты елдердің әсері мол болса керек. Мұндай пікір айтуға қазақта түрікмендердегідей қалы кілемнің «тауық нұсқа» үлгісіндегілерінің кеңінен тарағаны дәлел бола алады.

Тағы бір көңіл аударатын жәйт — қазақы кілемнің алғашқы нұсқаларының пайда болған жерлеріне («Жетісу», «Торғай түрі», «Алтыауыл»): белгілі бір руға, тайпаға тиістілігіне («Қоңырат кілем», «Керей үлгі», «Найман құсқа», «Адай кілем»): табақшаларының сырқына («Шұғыла», «Гүлкүмбезді», «Торкөз кілем») жіктелетіні.

Қазақтағы ағаш шекпесі (резьба) де өзіндігімен ерекшеленетін құбылыс. Бұл оның көбіне тайпақы, шығынқы, теспелі болып келетінімен және мәнерлі бояумен, сүйектеумен толықтырылатынымен байланысты. Халық шіленгерлері сүйектеу әдісін көбіне үй жиһаздарын, ер-тұрманды, қару-жарақты, әуез аспаптарын, теркешті безендіру үшін қолданып келген. Күмістен, алтыннан, әр түрлі асыл, жартылай асыл тастардан білезік, сақина, шолпы, алқа, тамақша, сәкәгүл, шытыр соққан. Бұл үшін ширатпа, керту, шөку, жалған қара, зерлеу, қаралау т.б. тәсілдерді пайдаланған. Ағаштан, кірпіштен, жұмбаздан, үй тұрғызған, тау жыныстарынан, ұлустаан, мәрмәрдан, тақтатастан, құлпытас, қойтас, көктас соққан.

Осы айтылғандардың өзінен-ақ қазақ қолөнерінде көркем ойдың, оның икемді баламасы — өрнектің ғасырлар бойы қоғам талғамымен біте қайнасып, тікелей сәйкестікте дамып келгендігін аңғаруға болады. Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән жүйесін қалыптастыруда айналадағы ортадан алынған, киелі, ғұрыпты делініп келген белгілермен жымдасып, ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға алмасып келген көркем ойдың затқа айналған үлгілері мен құбылыстарын көреміз. Оларда мақдұқаты, ғарыштағы, тікес, нәубетаты стильдеріндегі сарындар кездесетіні де міне осыдан.

Қазақ киім-кешегі де айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаның әсерімен қалыптасқан заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден бір көрінісі боып табылады. Онан халықтың талғамына, өмір салтына, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалына, шыққан тегіне меңзейтін факторларды аңғаруға болады. Ауызекі тілмен, бетпiшiнмен, антропологиялық тұрпатпен қатар қазақы киім кезінде халықтың тектестік сезімін ояту мен нығайтуда маңызды роль атқарған. Қазақ киіміне қарап та өзінің қандастарын өзгелерден ажырататын болған. Ол қарапайым болғанымен дала жағдайына ыңғайластырылғандықтан адамның денесіне қонымды, әсіресе көлік үстінде жүріп-тұруға қолайлы. Киім-кешекті, зерлі жіптермен кестелеу, оқамен безендіру кейінірек қазақ

қоғамының таптық жағынан жіктелуіне байланысты жұрттың қандай әлеуметтік топтарға жататынын, байлығы мен дәулетін баса көрсетуге құштарлықтан туған жәйт деп білеміз.

Қазақтың қолтума бұйымдарының барлығы дерлік, киім-кешегі, заттық-тұрмыстық мәдениетке қатысты басқа нәрселерінің көпшілігі ою-өрнекпен безендірілетін болған. Оның өзінше пайымдауға бейім, бір түрден екінші түрге оңай ауыстырып отыруға болатынымен ерекшеленетіні жалпыға мәлім.

Қазақы киімнің алды ашық болып келетіні, солға қаусырылатыны, бешпеттің, камзолдың белінің қымталатыны, үкілі бас киімнің, қосетекті көйлектің, белбүрме, арқа бүрме жөн көйлектердің оған ерекше сән беретіні белгілі. Мұнан біз қазақ халқын қалыптастырған тектестік қоспалардың ықпалын, елдің өткендегі өндіргіш күштерінің деңгейін, шаруашылығын, кәсіпшілігінің сыйпатын, тарихи дәстүрлерін, көршілерінен ауысқан түр өзгерістерін аңғарамыз.

Ал халық сәулеткерлігіне (архитектурасына) қатысты зерттеп-білгендерімізді ортаға салатын болсақ, оның қазақпен бірге жасасып, ерте заманнан келе жатқан құбылыс екеніне күмәндануға болмайтынын ата-бабамыздың біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында ақ қам кірпішті пайдалана бастағанынан байқауға болатын сияқты. Алғашқы баспанадан қазіргі заманғы қалаларға дейін екі мың жылдан астам уақыт өткені бұған дәлел бола алады.

Шынтуайтына барсақ, шебердің қолы ортақ, өнердің жолы ортақ болатыны осындай тарихи факторлармен де байланысты.

Қорыға келгенде айтатыным қазақтың аса бай тарихи, мәдени мұрасы, ою-өрнегі, ісмерлігі, қолтумасының қайталанбас сыйпаты, киім-кешегі ұлттық мақтаныш сезімін тудыратын құбылыс. Масаттануымызға да, мақтануымызға да қақымыз бар.

Болар істің басында «біліктілер жүрсе» деп халық айтса босқа айтпағанын Арқалықта облыстық музей ұйымдастыруға кіріскенде оның тұңғыш директоры болған Райса Ілиясованың іс-қаракетінен көргенімді паш етпесем әңгімеміздің орны толмайтындай болып отыр. Жоқтан барды құрастырып, қазақ ою-өрнегінің, таңбалы белгілердің эволюциялық дамуы арқылы үш мың жылдық мәдени тарихы бар елдің болмысын шығару үшін бір жағынан экспонат, сан түрлі деректі құжаттар жинауға тура келсе, екінші жағынан оларды музей экспозициясына лайықтап орналастырудың бар тауқыметі осы бір нәзік жанды, оп-оңай жарақаттанатын, сөзі мен тыңдырған ісінің арасында алшақтық бола бермейтін қарапайым қазақ әйелінің үлесіне тиген еді. Оның бар іс-қаракеті өзі басқарған ұжымды нақтылы істерге жұмылдыра білетінімен, шешімін табу қиын-ау деген мәселелердің

өзіне де ыңғайтабыс іздестіре түсетінімен ерекшеленетіні — белгілі геолог — ғалым Алан Медоевпен, музейдің өз археологі Владимир Логвинмен ақылдаса отырып, «Сақ тан қазаққа дейін» деп аталған музей экспозициясын құрғанда сан қырынан көрінді.

Іскер қызметкерлердің дәл осындай ыңғайтабыспен қимылдайтынын Семейдегі және Жидебайдағы Абайдың мемориалдық музей-қорығының директоры Төкен Ибрагимовтың көп жылдық адал еңбегінен де көріп жүрміз.

Өз басым әуелде мәдениет министрлігінде, кейіннен Орталық Комитетте қызмет істеген жылдарда халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын қорғау сияқты ұлағатты істің ыстық-суығын бірге бөліскен қимас достарым — Маңғыстау облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Бәри Халеловпен, облыстық Мәдениет басқармаларының бастықтары Мәулімғазы Масалимовпен (Семей), Егеубек Далбағаевпен (Талдықорған), марқұм Жарылқасын Үмбетовпен (Қызылорда) басқа да мәдениет қайраткерлерімен істес болғанымды мақтаныш тұтам. Әрине мәселенің үштығына жете алмай, босқа әуре-сарсаңға түсіп, шапқылайтындар да, жанын қинап, маңдай терін төккісі келмейтіндер де болды. Қазақ арасында кеңнен тарай қоймаған бір анекдотта, тәжірибесі шамалы бала бүркіттің аспаннан шүйіліп келіп, бір қоянды ілмек болғаны жайында айтылған. Бар пәрменімен шүйіліп келсе, қояны құрғыр бұлтарып кетеді. Екінші рет те солай болады. Үшінші рет шүйігігенде қоян байғұс бүркіттің тырнағына тап болады. Мұны көріп, сайдың ішімен қабаттаса жүгірген бір қу түлкі қоянды жұмалап отырған бүркіттің қасына келіп шоқияды да: «Ой, Бөке-ай, әйтеуір сіз боп, біз боп алдық-ау!» деген екен. Сол қоян, бүркіт, түлкінің қылығын еске салатындар да баршылық еді.

1979 жылы Шымкентке барғанда обкомның бірінші хатшысы Асанбай Асқаровта болып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан қорығының жағдайымен таныстырғаным бар-тын. Тым болмаса ұзаққа созылып кеткен қайта ұқсату жұмыстарының қалай жүріп жатқанын күнделікті бақылап отыру үшін ғимараттың қайта қалпына келтірілген орталық залы — қазандықты қаптаған құрылыс ағаштарынан тазартып, музей ұйымдастыру жөнінде мәселе қойдым. Әрине кішігірім залдарын, мешітін бірте-бірте қайта ұқсата отыра, музей экспозициясын кеңейте беруге болатынын ескерттім. Асекең ұсынысымды қызу қолдап, обком хатшысы Ы. Тілеубергеновтың, облатком төрағасының орынбасары А. Ф. Шалаяның, мәдениет басқармасының бастығы К.Сәрсенбаеваның менімен бірге болып, тиісті көмек көрсететінін айтып, менің көзімше олардың біреуіне телефон соғып, тапсырма да берді. Бірақ, не пайда, мен Түркістанда болған 28 күн

ішінде біреуін де көре алмай, болашақ музейді прожекторлармен, үлкенді-кішілі электр қағанақтарымен, келетіндер отырып, аяғын суытатын орындықтармен қамтамасыз етем деп қосымша қиыншылықтарға тап болдым. Өртке қарсы, кептеуіл қызметіне қатысты сигнализация, телефон орнату да Түркістан жағдайында оңайға жүре қойған жоқ.

Бірде жергілікті тұтыну қоғамының төрағасы қондылау адам отырса қаусап қалатындай, қалт-құлт еткен орындықтар алып келгенде, басымды шайқап: «Еркініз білсін, енді таяғын қолына ұстатып, Ахаңның өзін жібермесек, сіздердің қимылдай қоятын түрлерің жоқ екен» деп қалжыңдағанымда ол кісі мүлдем шошып кетті. Әруаққа сенім дегеннің күштілігін қарасаңшы, «атай көрмеңіз, қазір-ақ Шымкент жаққа кетіп, мығым мебель іздестіретермін» деп шыға жөнелді. Екі күннен кейін бұрынғыдай қалт-құлт етпейтін, төрт аяғынан тіке тұра алатын креслолар алып келді.

Сөйтіп не керек, менің шымкенттік «қонақтарым» музейді ашуға 20 минут қалғанда ғана Түркістанға келіп жетті. Шымкентте обкомға хатшы, немесе облаткомға орынбасар болсам, мен әрине бір айға жуық мерзімде Түркістанға кем дегенде үш-төрт рет келіп кеткен болар едім. Ал мәдениет басқармасына бастық болсам, осында қонып-түнеп жатқан болар едім. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген осы екен. Әрине бұлар да манағы жағымпаз тұлкінің кейпіне еніп, басшыларына «өйттік, бүйттік» деп барды-ау. Бұған күмәндануға бола қоймас.

Халықтың тарихи-мәдени мұрасының жылжымалы түрлерінің барлығы дерлік қазіргі музей қорында шоғырланған. Оған бас-көз болатындардан манағы министрліктегі жалғыз инспектордан басқасын табу қиын. Бұрын музейлер бөлімі деген болатын еді, ол жойылғалы да талай уақыт өткенге ұқсайды. Сонда біз қайда бара жатырмыз? Халық музейлеріндегі бағалы экспонаттар иесіз қалғандықтан жоғала бастапты. Олардың баламаларын жасап беріп, бастапқы түп нұсқаларын мемлекеттік музей қорына алу ұйымдастырылмай келді. Республикалық, облыстық музейлердің ғылыми мәдени-ағартушылық қызметіне келсек, олардың тоқырау заманында құрастырылған экспозицияларын белгілі бір деңгейде қайта реттеу үшін тақырыптық жағынан жаңғырту, экспонаттарын қалпына келтіру, сақтау жұмыстарын жеделдете түсу қажет-ақ. Музей экспозициясындағы бағалы заттардың орнына баламаларын қоюға бетбұрыс жасаудың кезек күттірмейтіні тағы бар. Олай дейтінім — қазақ бұйымтайымының, әсіресе киім-кешегінің, үй жиһаздарының, негізгі материалдары барқыт, шұға, шекпен тоқымасы, жібек, мақта матасы, қағылез киіз, елтірі, көн, пұшпақ, аң терілері температуралық-ылғалдық тәртіп сақтала бермейтін мекемелерде (біздегі

музейлердің көпшілігі осындай қалде) ұзаққа бармай, істен шығып қала беретіні ықтимал.

Шынтуайтына барсақ, ғылыми ізденіс, тәжірибе алмасу жолымен қайта ұқсатылып, дыбыстандырылып, тұрмысқа, концерттік дағдыға ендіріле бермесе қуыс мойын, қоссаз, іші ішекті, аша (теріс бұрау, оң бұрау) домбыралардың, сазген, нарқобыз, адырна, керней, бұғышақ, сырнай, сыбызғы, желбуаз, үлдек, шың секілді әуез аспаптарының мұнан былайғы өмірі де сол музей деп аталатын «көрмеде» өте береді ме деген күдігіміз де жоқ емес.

Қазіргі нарықтық жағдайда мәдениет департаментінде музейлік заттардың баламаларын шығаратын кәсіпорнын ұйымдастырып, түп нұсқаларын мемлекет қарамағына (қамқорлығына) алатын күн туса, олардың көпшілігін болашаққа сақтап қалуға, баламаларының бір бөлігін сатуға шығарып, тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыра түсуге мүмкіндік туар еді. Сонда ғана қазіргі олпы-солпы, түкке тұрғысыз бұйымтайымдарын тықпалай беретіндіктен жұрттың талғамының құнын түсірумен келе жатқан шеберсымақтардың іс-әрекетіне тосқауыл қоюға болар еді.

Жұрттың «Шебердің қолы ортақ» дейтіні қазақтың айналадағы әлеуметтік ортаны эстетикалық тұрғыдан игерген тәжірибесінің атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып, затқа айналғанымен байланысты болса керек. Мұны Алматыдағы халық әуез аспаптары музейінің тақырыптық-экспозициялық жоспарына негіз болған белгілі аспап зерттеушісі, профессор Болат Сарыбаевтың Хиуада (Өзбекстан) өткен халықаралық конгресте жасаған баяндамасының ғылыми тұжырымдамасынан, Садық Қасимановтың, Омар Хаймолдиннің, Әуелбек Қоңыратбаевтың тағы басқа ғалымдардың жазып қалдырғандарынан аңғаруға болады. Мұны музейді ұйымдастырудың басты ауыртпалығын мойнына алған оның тұңғыш директоры Жарқын Шәкәрімовтың, аспапшы шеберлер Оразғазы Бейсенбаевтың, Дәркембай Шоқпаровтың қолтаңбаларынан да көреміз.

«Бес саусағынан өнер тамғандай» дейтін, ата-жолын қуып келе жатқан әйгілі ұсталардың ұрпағы Дәркембай Шоқпаровтың көкше теңіз түбінен інжу іздегендей, қазақ қолөнерінің өткерме, жалған қара, таптаурындау сияқты тәсілдерін қайта ендіруге, мүлдем ұмытылған деп есептелген кәдімгі қымыз құятын торсық шығарудың технологиясын қайта қалпына келтіруге сіңірген еңбегі зор. Оның торсық тігудің «құпиясын» ашу үшін кезінде бірнеше облыстарда, көптеген аудандарда болып, көнекөз қарт ұсталармен кездесіп пікір алмасқаны жемісті болды.

Бірде Ғылым академиясында маған ғалымдардың мынадай бір жәйтті айтып бергені бар-тын. Жапониядан келген қарт

профессор қазақта өрнектелген тері ваза болады екен, соның бірін сатып алсам деп қоймапты. Тері ваза деп отырғаны таптаурыңдалған торсық, ол тек музейлерде ғана сақталған, магазиндерде сатылмайтын. Мені іздесе орнымнан табыла қоймап-пын. Сондықтан не де болса шебердің өзімен сөйлесейік деген оймен ол кезде «Казмузейреставрация» шеберханасында қызмет істейтін Дәркембаймен ақылдасып, ақау шыққан, шұрық, тесік, қымыз тұрмайтын біреуін қолына ұстата салғанда жапондық қонақ осындай қымбат нәрсені тегін беріп отырсыздар деп риза болғаны сонша «шалқасынан» құлап қала жаздапты дейді. Ол оған не үшін керек, әлде технологиясын үйрену үшін керек пе, әлде кәдімгі әуесқойлықтан ба, ол жағы белгісіз, ол тұста біздің адамдар мәселенің бұл жағына көңіл аудара бермейтін.

Міне «шебердің қолы ортақ, өнердің жолы ортақ» дегеннің тағы бір мысалы, мұны да өмірдің өзі үйлестіріп отырғандай. Қазір Дәркембай Шоқпаров өзінің шеберлік мектебі бар, музейі бар өнерпаз. Мен оған шығармашыл табыстан басқа тілейтінім жоқ. Барша уақытта салауатты болсын.

Қазақтың қолтума өнері оның өткен өмір салтын, өндіргіш күштерінің деңгейін, әлеуметтік ортаны игерудегі тәжірибесін, көрші халықтармен қарым-қатынасын аңғартатын заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден бір көрінісі дедік. Қолтума өнер ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу үшін де қажет. Қазіргі әмбебаптықтың бір ұшы осы саладағы келеңсіздіктерге тіреле беретіні тағы бар.

Өкініштісі кешегі кеңес жылдарында жаңаша өмір құрамыз деп жүріп, дәстүрлі өнердің бірқатар түрлерінен бой жаза бастағанымызды аңғармаппыз. Олардың орнын бүгін толтырайын десең қазақы бұйым шығарудың бір қатарының технологиясы жоғалғаны алдыңнан кесе көлденең шыға беретін болып алған. Мұндай мәселелермен шұғылданатын ғылыми-мәдени мекемелер тағы жоқ.

Мысалға қазақ кәсіпшілігінде ең байырғылардан саналатын киіз басу машықтығын алсақ, қазіргі ең жоғарғы сортты деп есептелетін төсемдердің өзінен саңылауланып күн көрініп тұратынын байқамау мүмкін емес. Ау, сонда тіптен ежелгі заман авторлары көңіл аударған қазақ киізінің мүлтіксіздігі, қалыңдығының біркелкілігі, күнмен шағылысатын ақ реңкі, әрбір қылшығы жалтырап, көздің жауын қайтарып қана қоймай, суқағары болатын қағылездігі қайда кеткен? Бұрын киізге ақ реңк беретіндей бор, мығамдайтындай егіп сүйек ұнтағын қосып басатын болған. Иін қандыра басылатын мұндай киіздердің сақталымы 50—60 жылға кететін болған, ал қазіргілердің сақтау мерзімі екі-үш жылға да жете бермейді.

Киіз үйдің қаңқасын — кереге-уығын, шаңырағын, босаға-

сын, сықырлауығын алсақ, бұлар тезде тұрып, мұқият ұқсатылғаннан кейін, әр түрлі бұта тамырларынан алынатын табиғи бояуларға малынып, балық желімімен қоса сырланатындықтан және түйе терісінен тілінген таспамен көктелетіндіктен жылдар бойы сақталатын болған. Қазір мұндай тәсілдерге көңіл аударып жатқан шіленгерлер де жоқ.

Қазіргі өтпелі кезеңде көрші Өзбекстанда, Тәжікстанда, Қырғызстанның оңтүстігінде тұрмыстан шыға қоймағанымен, жетімсіреп қалған өнердің қатарына тері ұқсатуды, көн илеуді жатқызуға болады. Осындайда қайта дами бастайтын кілем тоқымашылығы да, ағаш шекпесі де, табиғи бояу өндіру, сабын қайнату, тағысын тағы кәсіпшіліктердің де хал-ахуалы құптарлық дәрежеде емес. Мектепке баратын балаларына аяқ киім тауып бере алмай отырса да, өздерінің де аяғына іле қоятын лыпасы шамалы бола тұра, ауыл-селен тұрғындары етік, кебіс-мәсі тігуден қалған.

Бұлардың есесіне қазақы киім тігудің «оңайлатылғаны» сонша, жұрт оған ескі дәстүр бойынша оқа жүргізуді, кесте тігуді, жиектеуді талап ете бермейтін болып алған. Тек киіз төсемдеріне салынатын «қошқар мүйіздерін» ойып, киім-кешекке жапсыра берсе, оны көрі-жасына қарамай иығына іле берсе, жұрт соған да мәз-мейрам болып жатады. Оның талғамының төмендегені сонша, қазақы киімнің мұндай ерекшеліктеріне көңіл бөле бермейді. Тігіншілердің де қазақтың «бізкестесінен», «ілемкестесінен», «өңіржиегінен», «жақтауынан» түйсігі жоқ. «Соқыр тауыққа бәрі бидай» дегендей, күйеуге ұзатылатын қызына немесе түсіретін келініне картоннан қиыстырып, сопайған «сәукеле» тігіп, капроннан «үкі» қадап берсе, қазекең оны бір бірімен жарыса мақтап, соған да мәз болып қала береді. Кейуаналардың көйлегіне қосетек салып, шалдардың шапандарына бажырайта «қошқар мүйізін» жапсырып жатса болғаны, оған да ризашылығын білдіріп жататынын көріп жүрміз. Тігіншілері мен іс тапсырушыларына жол тапқан мұндай ыңғайтабысқа кім қарсы бола қойсын?! Өкінішке қарай, енді бірер жылда-ақ мұндай қоқырсықтар қазақтың «дәстүрлі өнері» дәрежесіне орнығуы ықтимал. Сонда жеткіншек ұрпақ «апыр-ау, біздің әке-шешелеріміздің басына не күн туған, осындай да дәстүрлі өнер бола ма?» деп жүрсе ше. Мұны қазір ойлансақ, артықшылығы болмас.

Көп айтып-аз айтқанда, халық пен өнер бір туған. Өнер бар жерде халық, халық бар жерде өнер өлмек емес. Өнері шалқыған ел ғана тарихтан өз орнын алады. Өнерсіз халық тұл, халықсыз өнер тұл. Өнерсіз елдің үні шыға қоймайтыны хақ. Өнер өшті дегенше, өмір өшті дей бер. Мұны қазір ойланбасақ, қашан ойланамыз, ағайын!

ЕКІНШІ ТАРАУ

Ата қоныс,
алтын ордан,
бесігім...

АБАЙҒА ТАҒЫМ ЕТЕЙІК, АҒАЙЫН!

(Абайдың 150 жылдық мерейтойынан кейінгі ой)



ен бұл тақырыпқа осыдан бес жыл бұрын да қалам түрткен едім¹. Ол кездегі негізгі мақсат — үкіметтің қабылдаған қаулысын насихаттау, жұртқа түсіндіру, аса маңызды қағидаттарын еске салу еді. Онан бері қазақтың жаңа әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаған ұлы ақыны, теңдесі жоқ композиторы, ағартушысы, сынгер сезім оятатын ойшыл философы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы болып өтті, шығармашылығына сан түрлі талдау жасалды, талай-талай соны пікірлер айтылды. Абай тойының Қазақстаннан тыс көптеген елдерде асқан салтанатпен атап өтілгені оның дүниежүзілік өркениет тарихынан ерекше орын алған бірден бір жаңашыл, реформашыл тұлға болғандығының тағы да бір айғағы еді.

Ең алдымен Абай кім еді, ол тарих деңгейіне қалай көтерілді? Осындай сұраққа жауап іздейтін болсақ, оны ақын өмір сүрген кезеңнің заңдылықтарынан бөле-жара қарауға болмайтыны белгілі. Абай өмір сүрген XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейінгі мезгіл Ресейдің Қазақстанды өзіне түгелдей қаратып алғаннан кейінгі отарлау саясатының жүгенсіздігіне қарамастан, далалық аймақта қалалар салып, саудасаттықты күшейтіп, мектептер ашып қазақ қоғамын бұрын көріп-білмеген қозғалысқа түсіріп, жаңғырта бастаған тұсы еді. Міне осындайдағы тарихи қажеттілік Абай секілді алып тұлғаны өмірге келтірген-ді. Оның шығармашылығының ренессанстық сыйпатқа ие болғаны да осы бір шарттылықпен байланысты болса керек.

Олай дейтінім, егер ренессанстық, сыйпатқа ие болу үшін ақын шығармашылығында ежелгі дүние мәдениетінің элементтері

¹Мақала бастапқысынан өңделіп берілді. (ред.)

бой көрсетуі керек десек, Абайда бұл да бар. Алғашында мөреседе оқып жүргенде Физули, Шамси, Сайхалиді, Науаи, Сағди, Фирдоусиді, Қожа Хафизді пір тұтқан Абай, есейе келе орыс тілі арқылы Сократты, Аристотельді оқып, көне грек тарихымен, мәдениетімен, ежелгі перпатетиктердің философиясымен таныс болады. Танып-білгенін шығармаларына арқау етіп, өз пікірін білдіріп ой қозғайды. Ол Шығыс ренессансының алтын діндегінен саналатын классикалық поэзия мен ислам пәлсафасын, әсіресе суфизмді, хақиқат, шарифат, тарихат, мағрифат болып төрт сатыға бөлінетін исламның наным-таным ерекшеліктерін толық меңгереді. Бұл жайында ақын өз ойларын поэзияда да, қарасөзде де ортаға салып, олардың кейбір қағидалары бойынша пікір таластырады. Абай үшін Аристотель, Платон, Сократ, Фараби, Фирдоуси, Низами, Иасауи, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Крыловтар тек ұстаз ғана емес, сонымен қатар пікірлес ойшылдар, сырлас достар, кейбір сәтте өнер сайысына түсіп күш сынасатын сөз зергерлері болды.

Екіншісі мерейтойға дайындық үстінде, онан кейін де жарық көрген жадығаттарда мәселенің бұл жағы жөнді ашыла қоймағаны. Абайдың Абай болып қалыптасуына осы бір жәйт бірінші себеп болды десек, екінші себеп, сөз жоқ, Абайдың жеке басының табиғи дарыны мен кемеңгерлігінде еді. Оның әулетінде үлкен дарындылық болғанын әкесі Құнанбай мен атасы Ырғызбайдың, нағашы жұртынан шыққан шешендер мен өнерпаздардың іс-қаракетінен, Абайды тәрбиелеп, өсіруге тырмысқан қамқорлықтан көреміз.

Үшінші себеп қандай дегенде Абайдың өз басының көп ізденіп, көп оқып, көңілге тоқығанын айту керек. Мұхтар Әуезов Абай шығармашылығының үш қайнар көзі бар, бірі қазақ фольклоры мен әдебиеті, екіншісі Шығыс әдебиеті, үшіншісі — орыс және Батыс әдебиеті деген екен. Міне осы үш саланы ол өмір бойы танып-білумен болған, оларды бір бірімен шебер салыстыра, толықтыра білген.

Әрине бұл айтылғандар Абай құдіретін толық айқындай алмайды. Десек те, Абайды түсіну үшін осындай бір талдау керек сияқты. Жасыратыны жоқ, біз осынау уақытқа дейін Абайды көбінесе ұлы ақын, ағартушы-демократ деп есептеп, оның шығармашылығын ақындық жағынан ғана бағалап, ауқымын тарылтып алдық. Ақиқатына жүгінсек, Абай тек ағартушылық идеямен, демократтық бағытта өлең шығарумен шектеліп қалған жоқ. Ол өзімен тұстас қоғамға ғана емес, бүкіл адамзатқа қатысты келелі мәселелерді қамтыған суреткер.

Абай — шын мәніндегі жаңашыл, қамтымаған саласы жоқ алып тұлға. Поэзия, әуез-әуен, философия, өнер, тарих, этнография, эстетика, педагогика, дін, тағысын тағылар... Ал осының

өзінен-ақ Абай шығармашылығының шын мәнінде энциклопедиялық сыйпатта болғаны көрініп тұратын сияқты. Абайды тану, өзге жұртқа да таныта білу біз үшін күн тәртібінен түспейтін негізгі мәселе болып қала бермек.

Абай тойына дайындық бес жыл бұрын қолға алына бастағанымен енжарлықтан ба, әлде ұқыпсыздықтан ба, алдын ала орайластырылған біраз шаруа іске аспай қалды. Мәселен, Абай шығармашылығы жайлы сөз қозғала қалса, көпшілік жұрт ақын өлеңдерінің өзге тілдерге әсіресе орыс тіліне көңілдегідей аударылмай жүргенін айтып жатады. Кезінде біз Жазушылар одағының жанынан қазақ әдебиетінің үздік туындыларын орыс тіліне аударумен айналысатын 42 адамнан тұратын аудармашылар коллегиясын да құрдық. Сонда біреулердің аудармашы мекемені құрғаннан кейін жөндеп құру керек қой, бұл не мазақ, Грузияда мұндай коллегия 200 адамнан құралған екен деп көксігенін де естіген едік. Кәдімгі, қазақтың даңқойлығы мұнан да көріне кетті. Ау, Жазушылар одағы алдымен осы 42 аудармашыны-ақ таңдап алып, жұмыспен қарық қалып жатса, ар жағын тағы да көретін едік қой. Не пайда, Жазушылар одағында (өзі тілеп алса да) аудармашылармен тыңғылықты айналыса қоятындай құштарлық көріне қоймады. Коллегияға басшылық етуді көбіне аудармашылықтан хабары жоқ, кездейсоқ адамдарға тапсыра бергендіктен, 42 аудармашының жартысын да таңдап ала алмай, асқан қиыншылықтармен құрылған ұжым бірте-бірте өмір сүруден қалды. Енді бұл олқылықтың орнын толтыру оңайға түсе қоймас. Оның есесіне келер уақыттың маңызды мәселесі ретінде әрдайым қазақ әдебиеті жөнінде сөз қозғалғанда көріне беретін жәйт болатынына кәміл сенуге болады.

Сонымен не керек, Абай шығармаларының толық жинағы орыс тілінде (әуел баста ойластырылған еді) шықпай қалды. Қазақ тілінде оның екі томдығы жарық көрді. Ақынның жеке-леген кітапшалары, шығармалары ағылшын, француз, қытай, араб, түрік (таңдамалылары) тілдерінде басылып шықты. Абайдың энциклопедиялық томы, «Абай әлемі» атты альбом-кітаптың жарық көргені еліміздің мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды.

Десек те, Абай ең алдымен қазақтың Абайы болғандықтан ақынды әуелі өзіміз танып-білуіміз қажет. Негізгі мақсат оны туған халқының шын мәніндегі жансерігіне, сырласына, ақылшысына, рухани демеушісіне, әділ қазысына айналдыру. Қайсы біреулер қазір Абайды пайғамбарға теңеп, босқа әуре болып жүр. Бұл Абайды оқымағанның, оқыса да көңілге тоқымағанының салдары болар. Әйтпесе адамның жандүниесінде пайғамбар пайғамбар болып, ақын ақын болып қала береді емес пе? Оларды бір біріне қарама қарсы қоюдың өзі надандық, кешірілмес күнә, арсыздық болып шықпайды ма?

Бақсақ, талайымыздың ой-сезімімізде Абай қалдырған іздер, шамасы бұл Абайды оқудың салдары болар, самғап жататын сияқты. Бүгінге дейін өзіміздің болмысымызда, ұлттық мінез-кұлқымызда, әлеуметтік өмірімізде, от басындағы тыныс-тіршілігімізде кездесе беретін, иісі қазақтың жанын жегідей жеп жүрген көп мерездің талайы Абайды жете білмеуден, онан тағылым алмаудан десек асылық болмас еді. Яғни ақын ата алдындағы перзенттік борышымызды, парызымыз бен қарызымызды ақтаудың бірден бір жолы да Абайды бүгінгі ұрпаққа сан қырынан көрсете білу, соны қасиеттерін таныта отыра, өсиеттеріне адал болу. Сайып келгенде, бұл ауызбірлігі мол, инабатты, еңбекқор, бауырмал, достықты төбесіне көтерген іргелі ел екенімізді күнбе-күнгі ісімізден таныту.

Сонда ғана «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстара-сыз аузыңа түсті-ау мұртың» деп күніреніп өткен Абайдай дананың әруағы разы болмақ. Осындай парасат биігіне ұмтылып, Абай ұрпағы деген қасиетті ұғымның өзі әрқайсымызға салмақ салып, жауапкершілік жүктейтінін жан-тәнімізбен сезінетіндей жағдайға жете алмасақ, ақынға қанша жерден ескерткіш тұрғызып, есімін қанша қаланың көшесіне беріп, өлеңдерін қанша тілге аударсақ та, тындырған шаруамыз шамалы болатыны хақ.

Осыны есте ұстайықшы, ағайын!

Жалпы, Абайдың мерейтойы барша суреткер қауымның шабытына шабыт қосып, әр салада аса дарынды туындылардың дүниеге келуіне себепкер болады деп күтілген еді. Шынында да оның әр өлеңі тұрмақ, әр шумағынан, тіпті, әр жолының өзінен терең-терең ой туындалып, қилы-қилы қиял қозғауға, сан түрлі суретті көз алдыңызға әкелуге болатын еді. Мысалға алсақ, «Желсіз түнде жарық ай...», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға...», «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай...» деген жолдар дарынды қылқалам шеберлері үшін дайын тұрған тақырыптар еді. Немесе «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...» деп басталатын өлеңнің оқиға желісінен тағы бір көркем дүниенің сұлбасы көрініп тұратындай болатын.

Не пайда, мұндай мүмкіндіктер толығынан пайдаланылмады. Тіпті комиссияның шешімімен қаулыға енгізілген Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» атты дастандары бойынша қысқа метражды кинофильмдер шығару ісі де қолға алынбады.

Расында шығармашыл қауым белсене араласатын іс көп-ақ еді. Әсіресе сәулеткерлердің көмегі ауадай қажет болатын. Абайдың Семейдегі музейін қайта жабдықтауда ұлттық сәулет өнерінің өзіндік ерекшеліктері ескерілмеген сияқты. Оның Жидебайдағы үйін алсақ, сол баз-баяғы ұжымшардың дала қосына (полевоу стан) ұқсаған күйінде тағы да жападан жалғыз қалып қойды. Ау, Абайдың туған-туысқандары, шәкірттері, аспаздары

мен атқосшылары да өздерінің баспаналарында тұрған шығар. Олар неге жоқ деген заңды сұрақ әрдайым қойыла беретін болғандықтан Ұзақбай Қараманов (сол кездегі үкімет басшысы) жетекшілік еткен мерейтойлық комиссияның шешімімен Жидебайда қазақтың тіркеспе, шошала, тоқалтам, дүкен, шарбақ ұй сияқты осы өңірге тән тұрғын жайларынан қазірде де қонақ түсіруге болатындай етіп, жергілікті орта қолды материалдардан-ақ кішігірім қыстау (ауыл) тұрғызу көзделген еді. Оған қайсы бір білгіштер араласып, қыстау қайта тұрғызымай қалды. Түбінде бұл мәселеге қайтып оралмасқа болмас. Өйткені, Жидебайдағы Абайдың қыстауын жетімсіретіп, жападан жалғыз қалдыра беруге болмайды. Бұл жағы тарихи, этнографиялық, мәдени-тұрмыстық жағынан әлдеқашан орайластырылған шаруа.

Соңғы кезде Шәкәрімді Абайдың деңгейінде көргісі келетіндер бой көрсете бастады. «Әр нәрсенің орны бар, бағасы бар, әр нәрсеге өзінше баға шығар» деп Әлішер Науаи айтқандай, бұл екеуінің тарихтан алған орны бар. Оны өзгертуге тырмысу — әурешілік, босқа әурешілік. Оларды бір бірімен «тенестіруге» немесе қарама қарсы қоюға қақымыз жоқ. Қалай жаныққанда да біз үшін Абайдың Абай, Шәкәрімнің Шәкәрім болып қала беретіні хақ. Өзін өмір бақи Абайдың шәкіртімін деп есептеген қажы-екеннің өзі-ақ, көзі тірі болса мұндай «тенестірудің» орынсыз екеніне жауап қайырған болар еді. Сол бастапқы Ұ. Қараманов басқарған мерейтойлық комиссияның ұйғарымымен Абай мен Шәкәрімді «жарыстырып» қоймас үшін Абайдың басына кесене тұрғызу, Шәкәрімнің мүрдесіне қойтас (надгробие) орнату келісілген болатын. Кейіннен бұған көңіл аударылмай, бір бірінен сәулеткерлігі жағынан айырмашылығы шамалы, жарыса орналасқан екі кесене тұрғызылды.

Орнына келген шаруаның қатарына Абайдың туып-өскен жерінде ұйымдастырылған тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық «Жидебай-Берілі» музей-қорығын жатқызуға болады. Шынында да осы қорыққа бөлініп берілген он мың гектар жерде Абай заманындағы меңіреу табиғат (нәубетаты мен мақұлықатын қоса), тарихи ескерткіштерімен, әсіресе олардың Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы айтылған оқиғаларға қатыстыларымен қоса қалпына келтірілген болса, тәлім-тәрбиелік, танымдық мәні бар, мәдени кешен бой көрсететіні даусыз еді. Бірақ мәселе о бастағы комиссияның ұйғаруымен үкімет қаулысына енгізілгенімен, кейінгілердің көңіл бөлмеуінен аяқсыз қалды.

Мысалы, мұнда Қазақстан республикасының ұлттық ғылым академиясының Ботаникалық бағының бөлімшесін құру қолға алынған жоқ.

Менің мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғаным бұрын мұндағы ел қой бағудан көрі жылқы өсірумен көбірек айналыс-

қан екен. Абай елі белуардан келетін көкөрай шалғын, сулы-бұлақты, таулы-тасты болып келетіндіктен жылқы өсірумен айналысуға қолайлырақ болғанға ұқсайды. Сондықтан ерте ме, кеш пе аймақтың бастапқы табиғатын қалпына келтіріп, бастау көздерін ашуға тура келеді. Бұл өмірлік қажеттіліктен туындаған жәйт еді.

Біз Абайға жаңа заманның асқақ — биігінен қарап, тағзым етуге міндеттіміз. Өйткені Абай мұрасының ағартушылық сыйпатын тым баса айта бергендіктен оның шын мәніндегі ұлылығын танытатын қырлары қағажу қалып бара жатқан сияқты. Бақсақ, Абайды оқып, ұғына білудің өзі адамға бір сын екен. Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда» деген екен. Шынтуайтына барсақ, бүгін де осыдан асып кеткеніміз шамалы. Көпшілік жұрт Абайды мектеп хрестоматиясындағы өлеңдері арқылы ғана біледі. Жаның тілеп, қайталай оқып отырмаған соң, Абайдай асқар өзін алдыртар ма? Сонан барып Абайдан қалайша ақыл сұрап алуға болады? Теледидарға жиі шығатын кейбір әдебиетшілердің айтқанына қарасақ, Абай кәдімгі дидактиканың ақынындай ғана болып көрінеді. Әлдеқашан қанатты сөзге айналып кеткен он шақты шумақты жаттап алып, қайталай бергеннен Абай поэзиясының тұңғыық тереңдігі таныла қаламақ емес.

Шын ұлылық күрделіліктен көрінеді, «қарама-қайшылық» арқылы ашылады. Әсіресе қара сөздеріне қарағанда Абай, бірімен бірі шарпысып, қиылысып жататын талай-талай пәлсафалық ағымдарға бой ұсынған адам. Мұны да біліп қойған жөн.

«Жүрегіңнің түбіне терең бойла. Мен бір жұмбақ, адаммын, оны да ойла» дейді ақын. Қазақ қоғамының дәл қазіргі даму сатысында Абай жұмбағын шеше қоямыз деу асылық та болар, дегенмен сол биікке ұмтылмасқа болмас. Сондықтан да Мұхтар Әуезов дүние салғалы бәсеңсіп қалған Абайтану тың серпінмен дамыса дейміз. Ой тұсауы алынған қазіргі тұста Абайды қайтадан қолға алсақ онан ұтарымыз көп.

Абай күдіретінің қыры да көп, сыры да көп. Түсінген адамды Абай өрісінің кеңдігі қайран қалдыратыны мәлім. Ілгеріде ағылшын саяхатшысы Джордж Кеннан 1906 жылы шыққан «Сібір және қоныс аударушылар» деген кітабында Абайдың философияны егжей-тегжейіне дейін зерттеп жүргенін, Милль, Бокль, Дрэнпер сынды аторларды түгел оқығанын, тіпті оның Дрэнпердің «Еуропа ой-өрісінің өркендеуі» атты кітабы бойынша қатарынан екі түн (!) өзінен «емтихан» алғаны жайында жазып қалдырған болатын. Ақын шығармашылығына Батыс және Шығыс әдебиетінің терең мағыналы әсерін былай қойғанда, төл топы-

рағындағы қазақ фольклоры мен әдебиетінің шешуші ықпалының өзі ойдағыдай ашылмай жүр. Бұл орайда, Абайдың алдындағы «зар заман» ақындарын да зерттемеске болмас. Абайдың исламға қатысты философиялық, саяси-әлеуметтік, педагогтік, эстетикалық, мінез-құлықтық көзқарастары да қозғаусыз жатқан бір әлем іспетті.

Кезінде әртүрлі себептермен ойдағыдай зерттелмеген Абайдың ақындық мектебі деген үлкен сала тағы бар. Ақынның Шәкәрім шығармашылығына ықпалы да түрен тимей тың жатқан тақырып. Мысалы «Дубровский әңгімесіндегі»: «Ат бырбыр, арба құр-құр, қоңырау шылдыр» деген жалғыз жолдың өзінде қаншама жанды сурет, қимыл-қозғалыс, ішкі ырғақ, әуезді әуен бар деп таң-тамаша қаласың. Осындай ерен шеберліктің бір ұшы Шәкәрімнің рухани әкесіндей болған Абайда жатса керек. Атышулы «Алашқа» жақындап кетсе-ақ ауызға алынбай қала берген Абай шәкірттері қаншама! Оларға да өздеріне лайық бағасын беруге ұмтылыс жасалған сияқты. Бірақ ол әрдайым айналысқанда ғана табысты болады. Жалпы рухани түп тегін таппайынша, әдеби дәстүрін танымайынша, ақындық айналасын ашпайынша Абай бар қырынан көрінбек емес.

Тағы бір көңіл аударатын жәйт — ақын шығармаларын текстологиялық тұрғыдан мұқият зерттеу қажеттігі. Әлі күнге дейін әр басылымда әр түрлі алынып жүрген шумақтар баршылық. Өскен, өркеніетті елдерде Абайдай ақындарының бір сөзі қате көшірілсе қып-қызыл дау болатынға ұқсайды. Ал бізде бұл мәселеге баса назар аударыла бермейтіндіктен Абайдың бастапқы түп нұсқасын қалыптастыру керек-ақ.

Абайдың композиторлығы жөнінде әркім әр түрлі пікір айтып жүр. Кейбір зерттеушілер онан орыс ырғағының әсерін көргісі келетінін (мұндайлармен ешқашанда келісуге болмайды) анда-санда аңғартып жүр. Қазақ әуезінен азды-көпті хабары бар адамның Абай әуендерінің халықтық негізін ажырата білмеуі мүмкін емес.

Осылайша тізе берсек, әлі де іске асыратындай қыруар шаруа бар, мұны да ойланған жөн, ағайын!

АТА ҚОНЫС, АЛТЫН ОРДАМ, БЕСІГІМ



ақсақ, «Еуропалық үлгінің» өмірімізге тікелей ене бастағанына ғасырдан астам уақыт өтіпті. Соңынан оның құрамдас бөлігіндей болып алған «орыс ықпалының» алғашында жасқаншақтап, XVII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап қана, онда да орыс тауарларымен бірге, қазақ өміріне араласа бастағанымен, кейіннен метрополияның халықтарды өзіне бейімдейтін саясатымен болмысымызды

билегеніне 250—300 жылға таяу уақыт өткен екен. Ал енді кеңес үкіметі құлағалы американдық өмір салтының бой көрсете бастағаны байқалатын болып жүр.

Бұлардың орнығуына көп жылғы мәдени-идеологиялық, экономикалық, діни, құқықтық өктемдіктердің (экспансиялардың) қызмет етіп келгені мәлім. Соның салдарынан қазақтың өзіндігі, ұлттық мінез-құлқы, игі-қасиеттері, дәстүрлі өнері ығыстырыла бастады. Тұрмыстағы әрқилы келеңсіздіктерге тап болдық. Халқымыздың діни сана-сезіміндегі ыдыранқылықты, тиянақсыздықты православие, баптизм, иегово куәгерлері, иудаизм, кришнаизм тағы басқа діни ағымдар толықтыра бастады. Бұған Қазақстанда идеологиялық және саяси әр алуандықтың конституциялық жолмен танылғаны қолайлы жағдай туғызуда.

Ұлттық дәстүр мен уақыт талабының арасындағы қарама-қайшылықтың өрістей бастағанын қазіргі заманғы әмбебаптықтан (әрқилылықтан, әркелкіліктен) де көріп жүрміз. Десек те тәуелсіз Қазақстан жағдайында батыстың рухани жетістіктеріне бір жақты бас июден арылып, ұлттық қасиеттерімізді қайта жаңғыртуға болатын уақыт туып келе жатқанға ұқсайды. Мұның өзі басқа бір төтенше жағдайға тап болмасақ, жалпыға мәлім өркениеттік жолға жедел өтуімізге мүмкіндік берер еді. Бұл қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік өмірінен туындаған ерекшеліктерін қалпына келтіріп қана қоймай, бастапқы табиғи ортасына қайтара түсуге ықпал етер еді деп жорамалдауға болады. Сонда ғана қазақтың генофондын, тілін, мәдениетін сақтап қалуға толық мүмкіндік туатыны ықтимал.

Әрине әмбебаптықтың айрықша құбылыс ретінде халықтарды, мәдениеттерді жақындастырудағы, мәдени-ақпараттық кеңістікті толықтырудағы рөлін жоққа шығаруға болмайды. Оның замана, уақыт, ұрпақтар сабақтастығын дәлдей түскені де жалпыға мәлім. Әйтсе де әрбір құбылыстың күнгеі мен теріскейі шығысы мен батысы, Фараби айтқандай, төрт тұсы болатынын естен шығаруға қақымыз жоқ.

Менің әмбебаптыққа қатысты мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғаным қазіргі өтпелі кезеңде елдің өткен өміріне, мәдени жетістіктеріне әділ баға бере отыра, бойымызға сіңген игі қасиеттерге қарсы жаңа шабуылдарға тойтарыс беріп қана қоймай, қоғамдық ойда бүркеме пікір мен теріс қағидаттардың орнығуына қарсы тұра білсек деген тілекпен байланысты.

Бұлай дейтінім қазір бізде шетелдік, әсіресе американдық өмір салтына бой ұсыну кеңінен өрістеп келе жатқан сияқты. Оған қазіргі заманғы игіліктермен қатар от басы — ошақ қасынан қоғамдық орындарға дейін халықтық негізде өмір құру қағидаттарын тиімді пайдалану арқылы ғана қарсы тұруға болады. Мұның өзі, сайып келгенде, ұлттық мақтанышпен байла-

нысты бола беретіндіктен ата-баба мұрасына ұқыптылығымыз да өз үйлесімін тауып жатса демек едім.

Қазір қайсы біреулер ұлттық бірлік тек капитализмнің қайтып оралуымен ғана әлеуметтік, мәдени, құқықтық жүйе болып қалыптаса алады-мыс дегенді айтып жүр. Мұның жалған көзқарас екені даусыз. Өйткені, өркениет деген пәлсафалық түсініктің өзі өмірімізге соңғы кезде ғана ене бастағандықтан оның ортақ қағидасы әлі жасала қойған жоқ. Десек те қазақ қоғамында оның орнын толтыра алатын түйсік-түсініктер жеткілікті. Тіпті, өзгені былай қойғанда, исламның наным-танымдық сатыларының — хақиқаттың, шарифаттың, тарихаттың, мағрифаттың мүмкіндіктерін белгілі бір деңгейде пайдалануға болатын сияқты. Өйткені, олар да халқымыздың рухани өмірімен біте қайнасып, оның кейбір топтары арасында өздерінің о бастағы көзқарастық нышандарын сақтай отырып, әлеуметтік қатынастарға, рухани қал-ахуалға, адамның жан дүниесіне негіз бола алған. Тек Қазақстандағы мұсылман қауымының құлшынысы қажет-ақ. Онсыз оның орнын өзге діни ағымдар басуы ықтимал.

Біз тарихтан қазақтың үш жүзінің де ас-ауқатына қажет диханшылық өнімдерін, үй жиһаздарын, көрпе-төсегіне қажет материалдарын, құрал-сайман, ыдыс-аяғына дейін алып келген отырықшы-егінші аймақтары болғанын және оларды мекендеген елдің арасында өз руластарының да қоныс тепкенін жақсы білеміз. Көшпелі қазақ үшін Сыр бойы, Талас-Шу атырабы, Ежелгі Хорезм ғасырлар бойы осындай қызмет атқарып келген. Мұның өзі қазақ қауымдастығының құрамында жартылай отырықшы, тіптен отырықшы топтарының болғанын көрсететіндіктен оны түгелдей көшпеліліктен «өрбітудің» (ғылымда көп жылдар бойы осындай пікір басым болып келді) қисыны жоқ екенін аңғартады. Оның үстіне көшпелі-малшы қауымның ақша түріне біріншілер болып келетіні жөнінде Маркс айтқан кемеңгер пікірді жоққа шығара қоятындар табыла қоймас. Тіпті, тауарлық-ақшалық қатынастың көшпелі Ұлы дала мен отырықшы Мауреннаһрдың, басқаша айтқанда, Тұран мен Иранның өзара байланыстылығына негіз болғаны да белгілі.

Тағы бір тәрбиелік мәні бар, ерекше көңіл аударуға тұрарлық жағдай бар. Ол қазақ қоғамының көшпелі малшылардан, жартылай отырықшы және отырықшы топтардан құралғанының тарихтан баламасы табыла қоймайтын соны мәдениет жасауға мүмкіндік бергенімен байланысты еді.

Әйтсе де әмбебаптықтың әсерімен қазақ өзінің өмірін әралуан етіп ұйымдастырудан қалды, ертеңгі күнінің қандай болатынын ойлауды қойды, мемлекеттік өндірістің мүмкіндіктеріне иек арта беретіндіктен дәстүрлі өнердің қадіріне жете бермейтін, көп жағдайда әсемдік пен тұрпайылықты ажырата білмейтін

болып алды. Елден мейірімділік, от басы — ошақ қасынан береке кетті, тұрмыстан азғындау күшейді. Дінге, рухани өмірге көзқарас өзгерді.

Алматыға іс-сапарымен келген Шымкенттегі бұрынғы Мәдениет институтының бір оқытушысы, маған жолығып, мынадай бір оқиғаны паш еткені бар еді:

— Бірде біздің институттың екі студентінің Иегово куәгерлері деген сектаның жиындарына қатынасып жүргені белгілі болды. Мұны біле сала сектаның жиынына мен де бардым. Сырттан келген адам екенімді біліп, ұйымына жаңа мүше қосылыпты дегендей, мені құрметпен қарсы алып, төрден орын босатып берді. Ең алдымен көзге түскені жиналғандардың жетпіс процентке жуығының қазақ екені. Бәрі де оқыған дұғаны шын пейілімен қабылдағандай болып, еліріп отырды. Дұға оқылып бітісімен жиын «Біз еврейміз!», «Біз еврейміз!» деген сөздерді бірігіп айтып тарқасты.

Одан кейін бұлар нендей жігіттер екен, осындай қалге тап болатындай, бастарына не күн туғанын білмек болып үйлеріне барсам, әке-шешелері бет бақтырмайды: «Шырағым-ау, сонда тұрған не бар, бұрын балаларымыз кеш болса не ғып жүр екен деп үрейленіп отыратын едік, қазір құдайға шүкір тыныштады, тәртібі жақсы, сектасынан басқа ешқайда бармайды, аздаған қайырымдылық көмек те алып тұрады» — дегенді айтты.

Сонда, біз ағатай-ау, қайтіп өмір сүреміз, бүйте берсек жас ұрпақтан мүлдем айырылып қаламыз ба деп қорқам. Бұрын мұндайда шағым айтып баруға болатын комсомол ұйымы бар еді, партия комитеті деген болушы еді, қазір олар да жоқ. Студенттер болса, қысым жасай бастасаң, оқуын тастап кетуден де тайынатын түрі жоқ.

Шымкенттен келген ағайын осыны айтып, тұнжырап төмен қарап, үндемей отырып қалды. Мен оған басы-қасында болып, өз көзіммен көрмеген соң не айта қояйын, әйтсе де, шамам келгенше ақыл-кеңесімді айтып шығарып салдым.

Басқа дінге еліктеушілік осылай басталады екен. Мешіт, медресе тұрғыза берген дұрыс қой, бірақ оларға барып, тәлім-тәрбие алып, алла-тағалаға мінәжат ететін жастар бола бермесе, мұсылман қауымы қашанғы қол қусырып отыра береді? Мұны да ойланатын уақыт жеткен сияқты. Рас, бұрынғы тоталитарлық идеологияның, оны коммунистік дейсіз бе, еркінсіз білсін, баукеспелік немесе басып-төстеушілік идеологиясы дейміз бе, одан бүгін келіп-кететін ештеңе жоқ, тек оның орнын толтыратын күштердің арасынан исламның ерекше орын алуы Қазақстан жағдайында заңды екеніне күмәндануға болмайды. Бұлай дейтінім батыс мәдениетіне бірегей тәнті тұрушылықтың ықпа-

лынан біржолата арылу үшін де халықтық негіз керек, ал оның бір ұшы мұсылмангершілікте жататыны хақ.

Халықтық негіздің біз үшін аса маңызды болатыны тәуелсіздік тізгінін қолына алған Қазақстан сияқты жас мемлекетте бұдан былай рухани өмір мен өркендей түсу мүмкіндігі онсыз да бөгде факторларға тіреле беретін болады.

Халықтық негіз дәстүрлі өнермен, әсіресе сәулеткерлікпен, кәсіпкерлікпен, кәсіпшілікпен, тұрмыс құрумен, ұлттық киім-кешекпен, ою-өрнекпен жымдасып жатады. Ол әуез-әуенмен, шешендікпен, суырып-салма ақындықпен, билеу машығымен, аңыз-ертегілермен, тағысын тағылармен де байланысты. Ал әмбебаптық болса, жылдар бойы халықтың мұндай қасиеттерінің үнін өшіріп, буындырып, сыртқа шыға бермейтіндей етіп, жалпылықты, мәдени кеңістіктің ортақтастығын уағыздаумен болды. Соның салдарынан әмбебаптыққа қарсы тұра алатындай мәдени жетіскендік көрсете алмағандықтан тарихтан арттырғанынан гөрі жоғалтқаны көбірек халық болып қалыптастық. Қазіргі әмбебаптыққа қарсы күрестің халықтың болашағын қорғаумен ұштасып жататын құбылысқа айналып бара жатқаны да осымен байланысты.

Жазушы Софы Сматаевтың «Егемен Қазақстанда» басылған бір мақаласында халқымыздың әсіресе опасыздықты кешіре бермейтіні жайында кеменгер бабамыз Қаз дауысты Қазыбекпен байланыстыра айтылған бір үлгілі аңыз бар еді. Соған көңіл бұрсақ, көп нәрсе түсінікті болатын сияқты.

... Бір жолы жоңғарлармен келіссөз жүргізіп, елге оралған сапарында Қаз дауысты Қазыбек шешен соңына ерген шағын тобымен жол жөнекей бір қазақтың үйінде қонып қалады.

Қонақжай қазақ дәстүрімен қолын қусырып, құрақ ұшып қымызын ұсынған үй иесінің жүзі сынық, көңілі күпті көрінген екен. Қонақтар да әліптің артын бағып, суырыла сөйлеп, сұғына қоймапты. Ет пісіп, табаққа түсіп, қадірлі қонақтың алдына келіп қалады. Сыйлы меймандардың мүшелі сыбағасын турап, алдына қойған жігіт тағы бір табақ етті ұсақтан кесіп, құрулы тұрған шымылдықты түріп жіберіп, ағаш төсекте жатқан иттің алдына апарып қойыпты. Қонақтар аң-таң болып үнсіз отыра берген ғой. Жігіт сыртқа шығып кетіп, үйдің жанындағы үйшіктен үсті-басы алба-жұлба, мойнына дорба асылған, шашы ұйысқан, бет-ауызы жара-жара, көзі кіртиген, өңсіз-сөлсіз бір әйелді ертіп кіріп, итаяқта қалған сүйек-саяқты алдына итере салыпты.

Би тіксініп қалып, қолын майлыққа сүртіп, кейін шегініп, арқасын жұқаяққа сүйеп, қасын қиғаштай кере үй иесіне шаншылып қарапты. Жігіт те түйсіксіз болмаса керек, қолын кеудесіне қойып, басын иіп, әңгімесін бастап та кетіпті.

Сөйтсе, келіншек жігіттің қыздай айттырып алған әйелі екен. Содан бірер жыл бұрынғы ойрат шабуылы кезінде қолды болыпты. Қазақ-ойрат бітімінен кейін келіншегін іздеп барған жігітті некелі жары кеудесінен итеріп, жақындата қоймайды. Тұтқында жүріп тұрмыс құрған ойрат күйеуіне әбден бауыр басып алған бейшара әйел бұрынғы отағасына пысқырып та қарамайды. «Қолға түскендерді түгел қайтарыңдар» деген хонтайшы өміріне бас иген ойрат: «Көнсе алып кете берсін!» деген мәрттік білдіріпті. Әйелін елге қайтуға иіктіре алмай, әбден мысы құрыған жігіт: «Алыстан іздеп келіп ем, тым болмаса әудем жерге шығарып сал» деп келіншегіне жалынады. Сөзге еліккен әйелді ұзап шыға бере, мойнына қыл шылбырды тастап жіберіп, алдына өңгеріп, іліп ала жөнеледі. Ер жігіттің аты қанатты болса керек. Түнімен жүріп таң ата қазақтың жер шебіне жеткенде артынан шаң көрінеді. Жарамды атпен түнделетіп қуып жеткен әйелдің ойрат күйеуі екен. Анадайдан айқайлап, дабылын қағып, «жекпе-жекке» шақырады. «Сенімен бір аянбай айқасайын, ортағы шық!» деп, қылышын ала ұмтылады. Қазақ жігіт те аттан қарғып түсіп, қарсыласына ұмтыла бастайды. Дәл сол мезетте жерде аунап жатқан әйел қазақ күйеуінің аяғынан тартып қалып, екеулеп жерге алып ұрады. Ойраттың астына түсіп, өлуге жақын қалғанда күшігінен асыраған иті жауын бас салып талап, жарып тастайды. «Ит опа — қатын жапа» деген мәтел сол заманнан қалған екен дейді қазақ. Содан бері өмірін сақтап қалған итті қадірлеп, күйеуі иттік жасаған әйеліне ита-яқтан ас беріп келген екен.

Қаз дауысты Қазыбек ұзақ ойланып отырып, қоңыр қаздай қаңқылдаған даусымен айтатын кесімін көмейден төгіпті деседі:

— Жүрекке әмір жүрмейтінін білмей, құштарлықтың қызыл тілді құрметтейтінін білмей, сен, балам, жүректі жеңбек болыпсың. Құшағына өктемдікпен енбек болыпсың. Сенің өктемдігіңе көнбеген бұл әйел айыпты емес, жүрекке ерік бермеген сен айыптысың. Одан соң бұл әйел басқаны ұнатқаны үшін емес, жауыңа болысып, сені құлатқаны үшін айыпты. Сонымен айыпты айып жүзсын да, ашуды ақыл құзсын. Бұл әйел төркінің тапсын. Сен өзің өшпенділіктен босап, еркіндігіңді тап — деп би бабамыз кесігін қайтарыпты.

Халық тағдырының қиын-қыстау шағында қазақ жұртының болашағын, туған халқының тарих бетінен өшіп кетпеуін тілеген атақты бабамыздың елін үлкенді-кішілі орынсыз қылықтардан сақтандырып келгенін осы бір өнегелі мысалдан да көреміз.

Қазіргі заманғы әмбебаптықтың халықтың болмысын билеп алғаны сонша, қазақтың әл-ауқаттыларының қайсысының үйіне барсаң да бұрын Ресейден алынатын, қазір еуропа елдерінен, АҚШ-тан әкелінетін бірін бірі қайталай беретін импорттық

жиһаз көресіз. Онсыз қонды және қолды қазақтың көңілі көншімейтін болып алған. Қазақы бұйымды үй жиһаздарының арасынан шам алып та таба алмайсыз. Үй қожасы да мұндайға көңіл аудара бермейтін болып алғалы қашан.

Ұлттық тауар шығаратындар көбейіп келе жатқаны құптарлық. Бірақ сол ұлттық тауар деп жүргеніміздің өзі жұрттың эстетикалық, сәндік талғамын әбден төмендетіп болған бұйымдар болса ше? Өйткені киім-кешектен қонымсыз шапан мен бөріктерден, жұртты жексұрын етіп көрсететін сүйір тақиялар мен сопақ қалпақтардан басқа «ұлттық нұсқа» көрінбейтін болып алғалы қашан. Ата-баба мұрасына осылайша, қалай болса солай қарап, оның табиғатына кездейсоқ өзгерістер енгізе беруге бола ма? Бұған да бақылау; керек десеніз, әдістемелік басшылық ету қажет дегім келеді. Елдің тамақтану жағы да бір келкі; ұлттық тағамдардан ет асқаннан басқа (оған тағы да халықтың намысына тиетіндей етіп «бес бармақ» деген ат бере бастағанымызға мәзбіз) ештеңе жоқ десек те болады. Ауылдық жерлердің өзінде құлынды биесі бар үйде қымыз, бұзаулы сиыры барында айран бола бермейді.

Халқымыздың денсаулығы нашарлап келеді, дәрі-дәрмектің өзіне қыруар қаржы кететіндіктен, оны сатып алу қиынға түсе бастады, Ауруханаға өз төсегімен, ыдыс-аяғымен, тамағымен барады дегенді бұрын-соңды естімеген едік. Мұны да ойланайықшы, ағайын.

Кенес жылдарында ұлттық дәстүрлерге ұлтшылдық сыйпат берілгендіктен олардың тұрмыстан шығып қалғанын, от басы — ошақ қасындағы әулеттік тәрбиеге орны толмайтын залал келтіргенін де ұмытуға болмайды. Қазақтағы дәстүрлі өнердің ата-баба мұрасының құрып біте бастаған қосынына айнала бастағанына да жетіс жылдан астам уақыт өтіпті. Бұрын екінің бірі іпешен, ән салып, домбыра тарта білген қазақта, әсіресе жастардың шешіліп сөйлей алмайтыны, ән салып билей алмайтыны тағы бар. Көптен жалықтырып біткен бір сарынға құрылатын қазіргі қазақ әуендерінің жұрттың жан дүниесін баурап әкете алмайтынын ескеріп, осындай бір келеңсіз құбылысқа қарсы тұрарлық іс-қаракетпен айналысып жатқан мәдениет орындарын да көре алмай келеміз.

Әмбебаптықтың әсерімен қазақтың өзіне тән әдет-ғұрпындағы адам өміріне, ер жетіп есеюіне, тағысын тағыларға қарай орайластырылған шынайы қасиеттерінің ұмытыла бастаған тұстарын да көріп жүрміз. Қазақ бұрын өзіне тән ерекшеліктерін сақтап қалу қамымен генеалогиясын ата жағынан жалғастырып, тек ұлынан туғанды ғана немерем деп санаған. Қыздан өрбіген бала немере деп есептелмейтін де «жиен», ал оның үбір-шүбірі «жиеншар» делінген. Қыз баланы жат жұрттық деп санайтын

дала тұрғындары үшін қыздан тараған ұрпақ ата әулетін «жалғастыра» алмайтын. Өйткені қазақтың отын өшірмей, шаңырағына иелік ететін ұрпағы — қыздан емес, ұлдан тараған немере, шөбере, шөпшектері болатындықтан мұны өмірден туындалған әулеттік қатынас қалыптастырған құбылыс деп қараған жөн.

Қазақ немересінен туғанды «шөбере», шөбереден өрбігенді «шөпшек», ал шөпшектен тарағанды «немене», неменеден өргенді «туажат» деп атаған. Мұнан әрмен қарай есептің жоқтығына қарағанда, шамасы баланы қаршадайынан үйлендіретін салт бойынша («он үште отау иесі» болатындықтан) бұрын туажатына дейін жеткен көнекөз қарттар болғаны ықтимал. Бұл оларға алтыншы буын болып келеді екен.

Қазақ сәбиім тезірек өсіп ер жетсін деген ниетпен шілдеханадан кейін «бесікке салу», жылдам жүретін желаяқ болсын деп «тұсау кесу», ат жалын тартып, азамат болсын деп «атқа отырғызу», сүндеттеу рәсімдерін ескерусіз қалдырмауға тырысатын болған.

Адам өміріндегі үлкен белес — үйлену болатындықтан оның салтанатына жасалған тойды ән-жырмен, алтыбақан айналасындағы ойын-сауықпен, әр түрлі қашықтыққа ат шаптыру, көкпар беру, қыз қуу, қазақша күрес, жаяу жарыс қызықшылығымен есте қалатындай етіп өткізіп келген. Мұндайда қазақтың ұлттық ойындары да сан қырынан көрінетін.

Кеңес жылдарында осындай тамаша, халықтың мейрамдар адам болмысында эгоистік қылықтарды қалыптастыратын «туған күн» дегенмен, есейе келе — даңғойлыққа итермелейтін «мерейтойлармен» алмастырылды да бұрынғы тәрбиелік мәні бар ұлттық дәстүрлер ұмытыла бастады.

Мен әрине «туған күнге» де, «мерейтойға» де қарсы емеспін, бірақ тек осы екеуі ғана адам өмірінің барлық белестеріне лайық деудің өзі озбырлық, тіптен халықтың өзімен біте қайнасқан дәстүрлеріне зорлық, әдет-ғұрыптарына жасалған қастандық болды десем қателесе қоймаспын деп ойлаймын.

Бұлай деп отырғаным батыс мәдениетіне бірегей тәнті тұрушылықтың ықпалынан біржолата арылу үшін де халықтық негіз керек, ал оның бір ұшы мұсылмангершілікте жататыны хақ.

Халықтық негіздің біз үшін аса маңызды болатыны тәуелсіздік тізгінін қолына алған Қазақстан сияқты жас мемлекетте бұдан былай рухани өмір мен өркендей түсу мүмкіндігінің өзі онсыз да бөгде факторларға тіреле беретін болады.

Ал қазақтағы рулық белгілердің бізге жеткен аражігін ажыратып, ғылыми тұрғыдан ұқыптылықпен зейін қоя отыра, өзімізге мәлім жазба және басқа да деректермен салыстыратын болсақ, белгілі орыс тарихшысы Аристов айтқандай, қазақ рутайпаларының тектестік құрамын, шыққан тегін, шұғылданған

кәсібінің, шаруашылығының, тұрмыс құру деңгейінің сыр-сый-патын, тарихтан алған орнын анықтап білуге болар еді деп жорамалдауға хақымыз бар.

Мәселен, қоңыраттардағы «босаға» таңбасы туған жерге, қонысқа, тұрақты мекенге деген ықылас-құштарлықтың белгісі ғана емес, осы тайпаның басым көпшілігінің бұрын отырықшы, жартылай отырықшы болғанын аңғартатын жәйт. Халық арасына кеңінен тараған «Қоңырат болсаң, босаған берік болсын!» деген нақыл сөз де сол есте жоқ ескі заманнан қалған болуы ықтимал. Немесе сунақтардағы «қылыш» таңбасын алсақ, (кей-бір зерттеушілер оларды қазақтарғы таңбасы жоқ бірден бір ру деп босқа әуре болып жүр, маған сенбегендер XIX ғасырдағы орыс деректеріне үңілсін) мұның осы бір азғантай ғана отырықшы елдің Сығынақты айнала қоныс тепкен көшпелілерден жер-суын қорғап қалуға қатысты іс-қаракеттерімен байланысты болғаны даусыз.

Мұндай мысалдарды басқа қазақ руларының таңбаларынан да келтіруге болады.

Қазақ өліктің әруағын қастерлеуде де мұсылмангершілікпен қатар, оған дейінгі әдет-ғұрыптық дәстүрлерді кеңінен ұстанып келген. Мұнан да аңғарылатыны — халықтың өмірге де, өлімге де белгілі бір қатынас қалыптастыра білгені. Оның дүние салғандарға деген ниеті де тек өлікті жерге беру немесе еске салу үшін ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпаққа арналған. Ата-баба әруағын сыйлау, үлкенге ізетті, кішіге инабатты болу дәстүрі ең алдымен имандылық, — әдептілік, ізгілік қасиеттерден нәр алған, ел басына күн туған сәттерде оның тектестік тұтастығын сақтап қалуға кепіл болған құбылыс деп қараймыз.

Менің әмбебаптыққа қатысты мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғаным қазіргі Әтпелі кезеңде елдің өткен өміріне, мәдени жетістіктеріне әділ баға бере отыра, бойымызға сіңген игі қасиеттерге қарсы жаңа шабуылдарға тойтарыс беріп қана қоймай, қоғамдық ойда бүркеме пікірлер мен теріс қағидаттардың орнығуына қарсы тұра білсек деген тілекпен байланысты еді.

Өйткені қазір шетелдік, әсіресе американдық өмір салтына бой ұсыну кеңінен өрістеп келе жатқан сияқты. Оған қарсы тұра алатын жалғыз құдірет күнделікті өмірімізде от басы — ошақ қасынан қоғамдық орындарға дейін халықтық негізді дамытумен, түбегейлі орнықтыра түсумен, ұлттық мақтанышпен байланысты бола беретіндіктен ұқыптылығымыз өз үйлесімін тауып жатса демек едім. Ол үшін қазіргі заманғы әмбебаптыққа қарсы тұрып, халқымыздың генефондын, антропологиялық тұрпатын, тілін, мәдениетін сақтап қалуға ықпал ететін бағдарлама қажет-ақ. Онсыз қазақты қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтеру мүмкін емес.

Ойлап қарайықшы:

Қазақстан... Бұл не? Шын мәнінде тәуелсіз мемлекет пе? Әлде көкейдегісін шындыққа балағысы келетін қайсыбір қайраткерлердің айтып жүргеніндей, құдіреті күшті, көршілері үшін жағрасаяси фактор ғана ма? ✓

Кезінде көрші елдерге баса көктеп кіріп, өктемдігін орнатуға тырмысқан іс-қарекетін өмірлік кеңістік «жетіспейтіндіктен» жағрапиялық факторлармен түсіндіргісі келген герман фашизмі тіліне тиек еткен, ғылыми жағынан түкке тұрғысыз осы бір кертартпа, фашистік «теорияның» бүркемеленген түрде, бірте-бірте саяси айналымға қайтадан еніп келе жатқанына қайран қаласың. Ел басқарған лауазымдылардан төменгі шенеунектерге — аудан әкімдеріне дейін түпкі түсінігін ұғынуға шамасы келсін-келмесін, ағымға ілесіп, осындай сөз тіркесін оңды-солды пайдалана беретін болып жүр. Жағрасаяси фактордың түпкі мәні көрші елдердің ішкі істеріне араласуда жатқанын бұлардың түсінгісі де келмейді. Әйтпесе Ресей неге НАТО-ның шекарасын шығысқа қарай жылжытуға шарық ұрып қарсы болды? Мұндай шешім оны, басқа салдарларын былай қойғанда, өзгелерге жағрасаяси кеңістік болуға алып баратын еді. Өз мүддесіне қатысты мәселелерді Ресей жақсы түсіне біледі. Оған қарағанда біз «ай қарап отырғандай» болып көрінуіміз мүмкін.

Ілгеріде менің Шечен-Ингуш обкомында хатшы болып қызмет атқарған Бисұлтан Габисов деген досым болды. Бірде Сочиде дем алып жатқанда арнайы кісі жіберіп, қонаққа шақырғаннан кейін Грозныйда болып қайтқаным бар-тын. Екі күнде біз шечендер мен ингуштердің елінде, Кабардино-Балкарияда, Солтүстік Осетияда болып, ені қыстағанда алты-жеті шақырымнан аса қоймайтын Дариял шатқалын бойлай отыра, әскери-грузин тас жолымен үлкен Кавказ асуындағы Казбеги қаласына дейін тамашалап, Грозныйға қайтып оралған едік.

Екі жағынан биік тау құздары төніп тұратын, ұлтанымен асау Теректі ирелендетіп, ауыздықтауға көне қоймайтын мөддір суын кәрі Каспийге қарай қуып жататын Дариял шатқалының меңіреу табиғаты талайды көрген менің өзіме де естен кетпейтіндей әсер етті.

Бақсақ, кешелі бері жеңіл машинамен ары-бері зыр етіп өте шығып жүріп, өзен аңғарындағы әрбір жарты шақырым жерге орналастырылған және Теректің өн бойына созылып жатқан бекіністі қоныстар мен қамал-қорғандардың құландыларының тізбегін байқамаған екенбіз. Олар осы бір азғантай ғана тау халқының қиын-қилы тағдырын еске салғандай еді. Менің толғана ойланып қалғанымды байқаған Бисұлтан ел тағдырына қатысты қызғылықты әңгімесіне кірісіп те кетті:

— Біздің халық жөнінде әркім әр түрлі пікір айтатынын

білем. Біреулер оның батылдығына, ауызбірлігіне, бауырмалдығына, достыққа деген шын ықыласына ризашылығын білдіріп жатса, екінші біреулер оның қатыгездігіне, ымыраға көне бермейтін кекшілдігіне көңіл аударатын құсайды. Шечендердің ешкімнің алдында бас имегені мәлім. Оның ұлттық мінез-құлқы осы биік екі құздың арасындағы көк жолақта қалыптасты. Осы алақандай жерге қыстау тұрғызып, егін еттік. Малымызды тауға айдап салып күн көрдік. Тарихтың өн бойына біздің азғантай ғана «өмірлік кеңістігіміз» біреулерге көп көрінгендей, Дариял арқылы бізге арабтар да, парсылар да, гректер де, түріктер де басып кіріп отырды. Ата-бабамыздың қанымен боялған жер Шыңғысханды да, Тамерланды да көрді. Геноцидке айналған орыс отаршылығын да басымыздан кештік. Қазақтармен де шайқастық. Әсті қақтығысты көрмей өскен шечен немесе ингуш болмаған шығар. Шечендердің (Ингуштер бізге қарағанда сәл момындау келеді) әсіресе сатқындықты кешіре бермейтіні, әрдайым «қанға қан» алуға даяр тұратыны, тағы басқа сырт қарағанда жағымсыз көрінетін қылықтары осы жағрапиялық фактормен біте қайнасқан болса керек. Біздің әуендеріміз де жинақы, билеріміз де шапшаң, жігерлі қимылдауды талап етеді. Ою-өрнегіміз де шартты.

Ал енді сіздің халықты алсақ, менің бір кітаптан оқығаным бар-тын, ел шегіне жау тисе-ақ, бірлесіп қарсы шығудың орнына Алтайдан Атырауға дейін үдере көшіп, қозғалысқа түседі екен. Қуып жетіп көр, өзіңе тұтқиылдан тиісіп, берекеңді кетіріп, әр қайсысы әр жаққа бытырап шауып кете берсе, оған не істей қоясың?

Сіздің халықтың мейірмандығын, қайырымдылығын, кіммен болса да барымен бөлісетінін Қазақстанға қоныс аударғанда көрдік қой. Шечен халқы мұны ешқашан ұмытқан емес, ұмытпайды да. Егер қазақтың басына күн туса, шечендер бірінші болып достық қолын ұсынатынына кәміл сенуге болады. Айтпақшы, қазақ әуенінің құлазыған кең даланы еске салатындай диапазоны кең, сарнап, бар дауыспен шырқап, айтылатыны, күйінің ырғағы, билерінің бұрамы ешкімді де бейғам қалдыра қоймайтыны тағы бар.

Жағрапиялық фактор дегеніміз осындайлардан көрінеді екен деп Бисұлтан әңгімесін бітірген еді. Кеше ғана біз сол азғантай шечен халқының Ресейдің бақайына дейін құрсанған, сан жағынан асып түсетін, көктен де, жерден де соққы беретіндей қауқары бар қазіргі заманғы қарулы күштеріне қарсы тұра алғанының куәсі болдық. Ұлттың ұлылығы оның жалпы санының азды-көптігінен, немесе жерінің кеңдігінен, тіпті шалқыған байлығынан емес, ең алдымен бостандыққа, тәуелсіздікке деген еркінен, қиын-қиылы заманда тілін, мәдениетін, ата-дәстүрін,

халықтың тұрпатын сақтай білгендігінен, ауызбірлігінен, өзара ынтымақтастығынан көрінетінін осыдан-ақ байқауға болады.

Әрине, шечендердің алақандай жері өзгелерге жағрасаяси кеңістік болуды көтермейді. Ал біз үшін «жағрасаяси кеңістік» деген тіркестің «саяси» дегенін алып тастасақ та жетіп-артылатын еді. Өйткені жағрапиялық фактордың қазақ тағдырымен біте қайнасып кеткенін оның ұлттық мінез-құлқында, іс-қарекетінде, тұрмысында қалдырған іздерінен көруге болады. Қазақтың шектен тыс момын, бейғам, аңқаулығы да басынан асып жататын халық болып қалыптасқаны ең алдымен жағрапиялық фактормен — ұланғайыр кеңістікте еркін төстеп өмір сүргенімен байланысты еді. Оның осы уақытқа дейін қазіргі заманғы ұлт ретінде бой көтере алмай келе жатқаны, тұрмыстық мәдениетінің төмендігі, көпшілігінің ауылдық жерлерде тұратыны, кәсіпшілік, мамандану жағынан қала өміріне жақындаса қоймағаны, мамандық таңдауда тұрпайы күнкөріс қамының бірінші орында тұратыны, тағысын тағылар бұған дәлел бола алады. Көп айтып, аз айтқанда, түбінде қазағымның жерінің кендігі өзіне сор болып жүрмесе болғаны.

Қазір көп мәселенің шешімін табуы енді ғана есін жиып, тәуелсіздік тізгінін қолына алған қазақ елінің көршілерімен қарым-қатынаста өзін тепе-тең ұстай білуімен байланысты болуы ықтимал. Тепе-тең қатынасыз елдің елдігін сақтап, аймақтық тұтастығын сомдай түсу мүмкін емес екенін қазақтың қазақ болғалы басынан кешкені талай рет көрсеткен болатын. Тарих өткелдерінің қайсысын, немесе қай кездегісін алсақ та, олардың азабы мол өкініші де, азын аулақ болса да көңілге ой салатындай өнегесі де біз үшін өмір мектебі, тәлім-тәрбие жолы болды. Ойлап қарасақ, «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Тәуекелханның тура жолы», Тәукеханның «Жеті жарғысымен» қоса, күлтөбенің басындағы күнде жиыны, «Абылай аспаған асу» деген түсінік, тағысын тағылар осыған меңзейді екен.

Бізге жанына қатер туса-ақ, құлазыған сахарادا түк көрмеген болып, басын жерге көме салатын түйетауықтың бейнесін еске салатындай саясат ұстануға болмайды.

Сонымен:

Қазақстан... Бұл не? Ғасырлар бойы қалыптасқан далалық өркениет бесігі ме? Әлде қазақтың түп қазығы — ортақ отаны, өсіп-өнген от басы — ошақ қасы ма? Онда неге оны өзгеге көзтүрткі етпей «көлденең келген көк аттының» қанжығасында кетпейтіндей қал-ахуалға жеткізетін нақтылы шаралар белгілемеске? Бұлай дейтінім әлемді дүбірлеткен ХХ ғасыр аяқталып келеді. Оның саяси сыйпаттамасында негізгі белестер болған бүкілдүниежүзілік екі жойқын соғыс, жер шарын бұрын-соңды

болмаған әлеуметтік сілкіністерге түсірген қазан төңкерісі, дүниенің екі жүйеге, қоғамдық-саяси құрылымға бөлінуі, ымыраға келе қоймайтын таптық күрес, темір құрсаудан қырғи-қабақтыққа дейінгі уақыт мезеті, ядролық жарылыстар мен экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, ақырында коммунизмнің күйреуі қоғамның сана-сезіміне, наным-танымына, моральдық өлшемдеріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Ал Қазақстан үшін қазіргі қоғамтанушылар айтып жүргендей, қауымдық-шонжарлық топтасудан коммунизмге дейінгі секірме дамудың кеңшілігі мен таршылығы, молшылығы мен тапшылығы қатар жатты. Әлеуметтік ортаны эстетикалық, мәдени-тұрмыстық жағынан игеруде мол тәжірибеге ие болған халықтың өзіне тән, мысқалдап жинаған асыл қасиеттерінен бірте-бірте айырыла бастадық.

Мұның әуел баста үйлестірілген қисынын іздестірудің оңайға түсе қоймайтынын Мәдениет министріне орынбасар болып қызмет істеген алты жарым жылда, әсіресе Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратын қауіпқатердегі қалпынан шығару үстінде, немесе Алматыдағы халық әуез аспаптары музейінің коллекциясын тірнектеп жинап, экспозициясын құрастырған сәтте, тіпті «Алтынай» халық биі ансамблін құрған мезетте (бұларды өздері ұйымдастырған боп, қазір қайдағы жоқ біреулер үкіметтен абырой-атақ сұрап алып жүр), әсіресе дәстүрлі өнердің ұмытыла бастаған тұстарын, әр түрлі себептермен жоғалып кетуге айналған бөліктерін (блоктарын) қайта қалпына келтіріп, бұрынғы табиғи және кәсіби ортасына қайтара түсуге бетбұрыс жасауға қамқоршылық ете бастаған кезде талай рет сезінген едім. Мұндай ыңғайтабыстың қаншалықты қиын шаруа екенін қазіргі нарықтық қатынас жағдайынан да көріп жүрміз.

«Ерлік — елдіктің белгісі» деп бұрынғылар босқа айтпаған. Алтайдан Атырауға, Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньның теріскей сілемдеріне дейінгі ұланғайыр кеңстікті, кеңінен жайлап өмір сүрген қазақтың ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсағандықтан жауынгерлік рухы, батылдығы, өзіне сенімі, отаны мен елі үшін тәуекелге бел байлауға дайын тұратыны көптен белгілі болған. Оның ұлттық рухы, мінез-құлқы, табиғи болмысы өз жұртын іргелі ел ретінде сезініп, Ресей, Қытай мен Кіндік Азия елдері аралығында оқшауланған, тәуелсіз мемлекет құратын тұсымен, әсіресе арагідік үзілістермен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен жойқын шайқаста өзі жасақтаған атты әскерінің тұяғының дүбірімен қалыптасты.

Қазақ мемлекеттігі деген түсініктің біз үшін аса маңызды Азаттық, Теңдік, Бірлік, Туысқандық секілді паритеттердің қатарынан көріне беретін себебі міне, осында жатыр. Мемлекеттің тәуелсіздігімен ойнауға болмайтыны да осымен байланысты.

Сөз жоқ, жоңғар қалмақтарымен болған көпжылдық соғыста, әсіресе Абылайханның тұсында қазақ жасақтары асқан ерлік мектебінен өтті. Ол замандағы қазақтың атты әскерінің Еуразия белдеуіндегі саны жағынан ең басым, даладағы ұрыс қимылдарына шыңдалған, қаһарлы, ең ұйымдасқан соғыскер күш болғаны белгілі. Бұл жөнінде нақтылы мағлұмат белгілі орыс тарихшысы А. Левшинде бар. Қазақ қаһармандығы жайында 1954 жылы Ноғай (ноғайлы) ордасында болып қайтқан орыс елшісі Данил Губиннің Иван Грозныйға жолдаған хабарламасында да айтылған. XVI ғасырда бізде болған тарихшы Фазиллах Рузбихан өзінің «Бұқарлық қонақтың жазып қалдырғандары» атты кітабында: «Қазақ өзінің қайтпас ерлігімен де, күшқуатымен де бүкіл әлемге танымал халық» деп жазса, Г. Н. Потанин қазаққа «мейлінше сергек, дені сау, өмірге іңкәр халық» деген мінездеме берген. Керек десеніз, қазақтың ата-бабасының текстік құрамын түзген түркі-қыпшақтардың, ғұндардың, сақ-массагеттердің ерлік істері де өз алдына бір хикая болып шығар еді.

«Қазақтың аңыз-жырларында,— деп жазған екен Шоқан Уәлиханов,— Абылай есімі ерекше бір әсерлі мәнге ие болған. Абылай дәуірін жұрт қазақ қаһармандығының (рыцарлығының) кемелденген тұсы деп біледі. Абылайдың жорықтары, батырларының ерлігі тұрмыстық-салттық дастандардың арқауына айналған». Қарапайым халықтың Абылайға арқа сүйеп, оны қазақ атаулының ханы ретінде танып, соңына ергені бостан босқа емес. Өзін көкке көтерген елдің қамын ойлаған пиғылы, ауызбірлігін, ынтымақтастығын нығайтуға тырмысқан іс-қаракеті Абылайды қазақ хандарынан бұрын-соңды ешкім көрмеген абырой-атаққа бөлеген.

Біз тек Абылай арқылы ғана ел басынан өткен XVIII ғасыр сияқты аса күрделі кезеңнің бар шындығын ашып, тарих қойнауларында қалып қойғандықтан ұмытыла бастаған тұстарын қалпына келтіре аламыз. Абылайға қатысты тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыдан зерттеп-білу арқылы ханның қайталанбас алып тұлғасын сан түрлі аңыз-ертегілерден біржолата арылтып, нақтылы өмірбаянын қалыптастыратын боламыз.

Өкінішке қарай, оның Түркістанда (Оңтүстік Қазақстан) туып-өсіп, сонда дүние салғанына қарамастан Ұлттық ғылым академиясы Абылаймен байланысты мәселелерді зерттеп-білуде белсенділік көрсете алмай келеді. Абылайға қатысты жадығаттарды Пекиннен, Санкт-Петербургтен, Орынбордан, Омбыдан, Ташкенттен іздестіруге болатыны да әзірше ескерілетін түрі жоқ.

1876 жылы Петербургте өткен шығыстанушылардың халықаралық көрмесіне тұңғыш қазақ этнографтарының бірі, сұлтан Шыңғыс Уәлиханов тапсырған қазақтың қолтума өнерінің шоқ-

тығынан көрінетін заттардың арасында Абылайхан мен Уәлиханға (Шоқанның атасы) қатысты қымбат бағалы тастармен безендірілген алтын ұңғыға отырғызылған, таптаурындалған қынға салынып, кемербелдікке ілінетін алмас қылыш, аса сапалы металмен құрсауланған ер-тұрман, ханның жеке қару-жарағы, білте мылтықтары болған. Қайсыбір әлі де болса дәлдей түсуді қажет ететін деректерге қарағанда, сол көрмеде Абылайдың киім-кешегінің де бірден бір үлгілері, алтын тағы көрсетілгенге ұқсайды.

Қазақтың қолтума өнерінің туындыларымен еуропалықтарды алғаш рет таныстырған осы бір көрмеге келушілерді қызықтырған экспонаттардың арасында бағалы тастарды ұқсататын станок, егістікке су көтеретін қондырғы, күнделікті тұрмысқа қажет құрал-сайман, Шоқанның інісі Мақы Уәлихановтың қолынан шыққан кейбір бұйымтайымы қойылған екен.

Осындай қазір шашырап, әркімнің қолында кеткен десе де болатын бәсі жоқ экспонаттарды қайтарып алатын уақыт жеткен сияқты. Жоғалтқан дүниемізді жиып ала берсек, оның ешқандай сәлекеттігі жоқ. Ол үшін бізді ешкім кінәлай қоймас.

Абылай жөнінде телесериал шығару, оған және оның батырларына арнап ғылыми еңбектер жазу, көркем туындылар жасау қажет-ақ. Егер Қазақстанның үкіметі шынымен-ақ өзін-өзі сыйлайтын болса, Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығын туристік кешенге, саябаққа айналдырсам деп жанығып жүргендерге үзілді-кесілді тыйым салуға тиіс. Олай етпеген жағдайда қорықтың астындағы көпғасырлық мәдени қыртыстырға су кете береді де, жер астында қалып қойған ежелгі некропольді, ескі құрылыстың қалдықтарын былай қойғанда, 1819 жылы түн жамылып қалаға басып кірген қоқандықтар суға алдырған, 1864 жылы Түркістанды қоршауға алған орыс әскерлері зеңбірекпен атқылаған, тек кеңес жылдарында ғана азын аулақ болса да жүйеленген мемлекеттік бақылауға алынған Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының қалі мүшкіл бола бермек.

Ал енді қазіргі заманғы коммуникациялары қатар орналасатын туристік кешен дегенге келетін болсақ, оны ғимараттың ауласына орналастыру қажет пе? Онда ескерткіштің қорғалатын аймағын жасаудың керегі бар ма еді? Әдетте туристерге көрсетілетін объектілердің олардың жатақханаларынан, ресторанынан басқа жерлерге орналасуы шартты болатын. Оның үстіне қазіргі заманғы коммуникацияларды қорықтың ортасынан тұрғызу оның өмірін қысқартпаса ұзарта қоймайтыны мәлім. Қайткен күнде де осындай ұлағатты мәселені халықаралық экспертиза арқылы шешіп алған жөн.

«Әзірет Сұлтан» қорығы бұрын пантеон ретінде де пайдаланылып келген. Онда Есімхан, Абылайхан, Қаз дауысты Қазыбек, Бөгенбай батыр секілді көне Қазақстанның белгілі мемле-

кет қайраткерлері жерленген. Өкінішке қарай, олардың мүрделері жоғалғанын мен мұнан бұрын да оқырманның есіне салған едім. Енді олардың атына пантеон тұрғызылғаннан басқа жол қалған жоқ. Абылайханның соңғы ордасының орны табылуына байланысты онда да мемориалдық қорған орнату қажет. Оңтүстік Қазақстан, Көкшетау, Жамбыл, Талдықорған облыстарындағы Абылайға қатысты тарихи орындарға мемориалдық белгілер (тақталар) қойылса, бұл да оның жарқын бейнесін есте қалдыруға қосылған үлес болар еді.

Біз жоғарыда Абылай дәуірін қазақ қаһармандығының кемелденген, жұрттың бой жазып, өзін іргелі ел ретінде сезіне бастаған тұсы болды дедік. Ол кездегі қазақтың жауынгерлік рухы да, өзіне сенімі, отаны мен ел-жұрты алдындағы азаматтық борышына беріктігі де жоғары болғанға ұқсайды. Ал сол қазақтың кейіннен шектен тыс бейғам, «қой аузынан шөп алмайтын» мүсәпір, орашалақтығы да, салақтығы да жеткілікті, аңқаулығы да жетіп-артылатын халық болып қалыптасқанының себептерін бір сөзбен айтып түсіндіру қиын.

Өйткені қазақты шын мәнінде халықтық тұрғыдан зерттегендер болған емес. Бізге белгілісі — қазақты бірте-бірте өзіне қаратып алу үшін оның құдіреті мен осал жақтарына көбірек мән берген Ресей экспедицияларының нәтижелері ғана.

Кеңес жылдарында жүргізілген зерттеулер де қазақ ауылын кеңестендіру саясатынан бастап негізінен үкіметтің қазақ даласына билігін орнықтыра түсуге бағытталды. Қолды байлай беретін қаражат тапшылығынан жекелеген мәселелердің төңірегінде жұмыс істеген ғылыми экспедициялар да қазақты халық ретінде жан-жақты зерттеу ісіне ықпал ете алмады. Ал Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін әр түрлі себептермен мұндай мәселелерге көңіл аударыла бермейтін болып алды.

Сондықтан да бізге қазақтану керек-ақ. Өйткені қазақтану (халықты, елді жан-жақты танып-білу) ғылымынан түйсігі шамалы, арттырғанынан көрі жоғалтқаны көбірек біздің қазақ мұны қазақыланумен, қазақша тұрпаттанумен шатастыра беретінге ұқсайды. Әрине, өзімізбен аттас елде тұрып, қазақтануды тілге тиек етудің ыңғайсыздығы да бар. Бірақ, қазіргідей біреу «тойып», біреу «тоңып» секіріп жатқан өтпелі заманда барын ұқсата алмай, бұрын мемлекетке иек артып жаман үйренген халықтың рухани жүдеушілігі соған итермелесе, онан қайда қашып құтыларсың. Оның үстіне халықтың осындай қал-ахуалын жете түсінетіндіктен нақтылы шаралар белгілеп, елді әлеуметтік тығырықтан шығарудың жолын қарастырып жүрген, арнайы дайындықтан өткен жергілікті басшыларды да көрген емеспіз. Мұнсыз қазақтың таяудағы жылдарда заттық игіліктер жасауға елеулі үлес қосатынына сену қиын. Оның болмысындағы түбінде ұлттық

қауіп-қатерге алып баратындай, келеңсіз, екі ұшты құбылыстардың алдын алудың қамын ойлап жүргендер тағы жоқ.

Қазақтың өзіндігін, ғылыми-танымдық мәні бар ұлттық ерекшеліктерін зерттеп-білу арқылы оның әлеуметтік органы игеруде затқа айналған еңбек тәжірибесінің сарамандық жағын аша түсуге мүмкіндік туар еді. Мұның өзі, сайып келгенде, ұлттың генофонды, тілін, дәстүрлі өнерін сақтап қалуға қосылған үлес болатыны даусыз.

Солай бола тұра, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Тарих және этнология институты әзірлеген «Қазақтар» («Казахи») атты тарихи-этнографиялық ғылыми зерттеуінің өзінде (Алматы, 1995 ж.) қазақтың тектестік құрамына, шаруашылығына, кәсіпшілігіне, заттық мәдениетіне, тағысын тағыларға талдау жасай отыра, оның антропологиялық тұрпатынан, ұлттық мінез-құлқынан, дүние танымынан, кәсіби бейімделуінен, қансаулығынан, тұрмыс құру деңгейінен, «от'басы — ошақ қасындағы» әулеттік тәлім-тәрбиесінен мағлұмат беруді ұмыт қалдырған. Нарықтық қатынас жағдайында мүмкін болатын демографиялық өзгерістерге жете мән берілмеген.

Институттың арсеналында әлемге танымал ғалым-антрополог Оразақ Ысмағұловтың, ғылыми жұртшылыққа «Ежелгі қазақтың дүниетанымы» атты монографиясымен белгілі болған көрші институттың ғылыми қызметкері, философ Мұқан Орынбековтің, тіпті алғаш жарық көрген «Ақыл таразысы» атты еңбегінен бүгінгі ғылыми ізденістеріне дейін атам заманнан бергі көркемдік өнертаным ерекшеліктерін терең зерттеп, таңдаулы мәдени қазыналардың бірін бірі толықтыратын жақтарын қарастырып келген әдебиет зерттеушісі Зейнолла Серікқалиевтің, басқа да ғалымдардың зерттеп-білгендерінің нәтижелері бола тұра, мәселеге нақтылы көңіл бөлінбегені өкінішті-ақ.

Өйткені, бұған соңғы 250 жылда бойға сіңген тарихи мәнгүрттігімізді қоссақ, қазаққа қатысты мәселелердің түбегейлі ғылыми зерттеу арқылы ғана алдын алуға болатын құбылыс екені түсінікті болып шығатын еді. Мұның өзі оның өмірлік пәлсафасы мен тіршілік болмысын аяусыз бұзу арқылы қалыптаса бастаған қазіргі рухани жүдеушілік пен жоқшылықтың алдын алмаса, оның орнын кейіннен толтыру оңайға соға қоймайтынның тағы бір айғағы. Ал елімізде қазаққа қатысты мәселелердің түбегейлі шешімін таппай келе жатқанына қарағанда, біз бұрынғыша ауылдық (селендік) жерлерде тұратын ұлт болып қала беретінге ұқсаймыз. Мұндай жағдайда қазақты қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтеру мүмкін емес. Өйткені оның кәсіби жағынан айқындалуына жағдай туғызу қиынға соға беретін болады. Қазақ өзінен шыққан индустриалдық жұмысшы табын, инженер-техник қызметкерлерін қалыптастыра алмай тағы да орта жолда қалып қоюы ықтимал.

Жылдар бойы ауыл шаруашылығына, әсіресе малшылыққа бейімделіп, бес-алты ғана мамандықты — шопандықты, механизаторлықты, зоотехниканы, мал дәрігерлігін, мұғалімдікті, агрономдықты, медицинаны меңгеріп қана келген халықтың мінез-құлқын, өмір салтын күрт өзгерту оңайға түспейтінін біз жақсы түсінеміз. Әйтсе де оны қайта бағдарлау керек-ақ. Ол үшін ұлттық бағдарлама керек, әлеуметтік жағынан айқындалған экономикалық саясат ұстану қажет. Солай еткенде ғана қазақты қазіргі заманғы өнеркәсіпті, транспортты, автоматика мен компьютерді, әлеуметтік коммуникацияларды игеруге құлшындыра алатын боламыз. Қазақ техникаға бейімсіз халық деген қасаңқы пікірден арылатын күн туады.

Кәсіби деңгейі төмен, селендік халық болып қала берсе, қазақтың көсегесі көгере қоймайтыны белгілі. Әлі күнге дейін бірен-сараны болмаса, кез келген қазақтың қолынан жөндеп үй тұрғызу да келе бермейді. 80 жылдардың аяғы —90-шы жылдардың басында баспанасыздар қозғалысы дегеннің пайда болғаны мәлім. Арамызда сәулеткерлеріміз де, құрылысшыларымыз да, инженер-конструкторларымыз да бар, бізге тек жер кесіп берсеңіздер өзіміз-ақ үй салып аламыз дей берген соң, Алматы әкімшілігі оның «Шаңырақ» деген ұйымына астана түбіндегі ең шұрайлы жерлерден учасоктар бөліп берген болатын. Нәтижесінде — салынған қалашықтарды көре алмадық. Үй тұрғызып оңдырмайтын қазақең ары-бері жүріп бой көрсетті де, кесіліп берілген учасоктерді өзгелерге сатып, жайына кетті.

Құрылыс мәдениетінің нәрегейлігінен (әрине екі мың жыл бойы жақсы ма, жаман ба, өзінше үзілмей, жалғасып келе жатқан дәстүрі бар қазақ тағы үй құрлысына осындай баға берудің қисыны жоқ бола тұра) қайда барсаң да қазақ ауылының ұсқынсыз болып келетінін көресің. Бізде жерді де өңдеп, ұқсата алмайды. Манағы жоғарыда айтылғандай, кең даланы еркін төстеп өмір сүрген қазақ маңдай терін төгіп, жанын қинағысы келе бермейтін болып алған. Баяғы тұйық шаруашылық ұйымдастыру дәстүрі, қарабайыр кәсіпке дағдыланған өмір салты оның қолын байлай беретін болса керек. Әйтпесе 1897 жылғы халық санағы бойынша 3 млн. 787 мың немесе бүкіл Кіндік Азия халқының 52,5 процентін құраған қазақтың саны соңғы 78 жылда 23,3 процентке кеміп кеткені ең алдымен көшіп-қонуға негізделген атам заманғы шаруашылық ұйымдастыру тәсілдерімен айқындалғаны көптен белгілі.

Солай бола тұра, көпшілік жағдайда қазақтың санының күрт азайғи кетуін аштық-жалаңаштықпен, кеңес үкіметінің қуғын-сүргінімен түсіндіріп келдік. Әрине, негізгі күнкөріс көзі — малынан айырылған елдің аштық-жалаңаштыққа душар болып, босып кеткені «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі ел басынан

кешкен, орны толмас ең үлкен қасірет болғаны рас. Десек те 1921—1931 жылдардағы аштық тек қазақтың ғана басына түскен ғаламат емес еді. Ол Ресейде де, Кіндік Азияда да болды. Сол тұста Өзбекстан астанасы «Ташкент — нанды қала» деген атаққа ие болды. Сол «нанды қалада» болған бір эпизод жөнінде Дүйсенқұл Сарықұлов ақсақалдың (бұрын Қазақстанның су шаруашылығы министрі болған) бала кезінде көргенін айтып, көзіне жас алғанның куәсі болғаным бар-тын.

— Қанша тосқауыл қойса да бір топ ашыққан қазақ базарға басып кірді. Нан пісіріп, сатуға әзірлеп жатқан наубайшылар дайын нандарын қымтап жауып, «етті шыбыннан қорғағандай» қақпалап, олардың көзіне түсірмеуге тырмысып-ақ бақты. Бір кезде нанның иісіне шыдай алмай, аштық ақыл-ойын билеп алған қазақ наубайхананың астан-кестенін шығарды. Қолына түскен күлшелерді бұлғақтата шайнап, қақалып-шашалғанына қарамай асығыс жұтып жатқандарды көргенде жүрегіңіз тітіркенетіндей еді. Наубайшылар қолына түскен кесеуімен, оқтауымен, тіпті ыдыс-аяғымен ұрып бастарын жарып, қанын шығарғанда да сескенгендер болған жоқ. Менің араша түспек болғанымнан да ештеңе шықпады. Қанша күннен бері нәр татпаған сорлы қазақтың қылжиып құлай бастауы мұң-ақ екен, наубайшылар екеу-екеу қолдасып, көшеге шығарып тастады.

Қазақстанның оңтүстігіне Арқадан ойысқан қазақтың асқабақты шикідей жеп, қабақты қауын деп кеміріп, іші кеуіп опат болғандары жайлы ауыл ақсақалдарының әңгімесін талай рет мен де естіген едім. Торғайда қызмет істеген жылдары ондағы қазақтың балық аулап күн көрудің есебін таппай, қозы-құйрықты (оны кей жерлерде көмбелек, қозықарын деп те атайды) саңырауқұлақпен (оның уландыратын түрі) шатастырып, суға қайнатып, қорек еткендіктен уланып өлгендері де болған екен.

Осындай қайғылы әңгімелерді естіген сәттерде Сұлтанмағұмұттың:

«Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!»...
... Көргенде күміс кесе алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта»
Демейінше болмады қарап жай-ақ
Шал айтты көріңіздер, жасқанба деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп»


аяқталатын шумақтары тілге орала беретін еді.



Юрий Гагаринмен соңғы рет. Звездный, 1968



Петре Кейнаманмен соңғы рет жүздескенде.



Кеңес елшісі К. Құлматовпен өуежайда.
Катманду, Непал, 1990



Непал премьер министрі К. К. Бхаттаранның
қабылдауында болғанда Катманду, 1990



Кеңестік Кремльге соңғы рет.
Мәскеу, 1990



КПСС XXVIII съезі (алдыңғы қатарда — В. Г. Ануфриев),
Мәскеу, 1990



Соңғы кездесуіміз осылай басталған еді.



Соңғы лекцияда. Алматы, 1991

О, қайран дүние-ай, біреуді ағынан жарылқап, екінші бір бейбақты аштан өлтіретіндей өмірдің ұштығына қалай жетерсің?! Неткен әділетсіздік десенші!

Сонымен жалпы адамзаттық прогрестен шеткерірек қалыңқырап қойған қыр қазағын қазіргі заманғы ұлт өкілдерінің деңгейіне жеткізу үшін оның шаруашылығын реттеу, кәсіби бағытын айқындай түсу, әлеуметтік қал-ахуалын жақсарту қажет. Қалалық мамандықтар бойынша жұмыс істей алатындай етіп, қазіргі заманғы тіршілікке бейімдеу жағын кеңінен қарастырған жөн. Балалар бақшасынан басталып, мектепте өрбитін бұл үрдіс қазақтың өзінен шыққан индустриалдық жұмысшы табы мен инженер-техник қызметкерлерін дайындауға жете мән беретін ұлттық бағдарламамен орайластырылуы қажет. Ондай бағдарлама міндетті түрде үкімет тарапынан қадағаланатын және қаржыландырылатын жағдайда ғана халқымыздың болмысында қалыптасқан келеңсіз де екіұшты құбылыстармен біте қайнасқан, халықтың өткендегі қарабайыр тірлігін еске сала беретін мінез-құлқын бірте-бірте өзгерте аламыз.

Қазақ атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға алмасып келе жатқан наным-танымға киелі мән беріп, қадір тұтқан халық. Сәулеткерліктегі шаршы тұстары («Дүниенің төрт тұсы», «Әлемнің төрт бұрышы») Фараби айтқандай, өлеңдегі үйлесімге, поэзиядағы шумаққа, логикадағы силлогизмге дәл келетін болған. Ал шеңбер («Әлем кеңістігі») шаңыраққа; босаға, табалдырық, маңдайша — отбасына; қазан-ошақ от басының ырзығына меңзейтін болған. Олардың мазмұндық желісі, сарыны ою-өрнекте, жартасқа қашалған суреттерде, зергерлік бұйымдарда кездесіп отыратыны міне осымен байланысты. Көне түркілерден қалған ескі түсінік бойынша құс — аспанның, балық — судың, ағаш — жердің белгісі болып қазақтың қолтума өнеріне енгендіктен оның мазмұнын байыта, молайта түскен.

Қазақ киім-кешегінде қалып қойған түркі-қыпшақ киім үлгісінің кейбір дәстүрлері — сәкәгүл, үкі қадау, бойтұмар тағу, оқа, жақтама («өңір'жиек») тігу — адамды пәле-жаладан, сұғанақ көзден, жын-перілердің «салқынынан» сақтайды-мыс деген ескі ұғымның сарқыншақтары іспетті.

Шаңыраққа түрлі түсті жіптерден түйіншектелген, керемет, әсемдіктің үлгісі болатындай шашақтармен безендірілетін шаңырақбау, желбау, уықбай ілетін дәстүр тек шаңыраққа киелі мән беретіндіктен ғана емес, ол арқылы тәңірге, бүкіл аспан әлеміне көрсетілетін құрмет белгісі болған.

Қазақ өзінің төрт түлік малына да киелі құбылыс ретінде қараған. Оның әрқайсысы үшін қайырым сұрап, мінәжат ететін пірлері, мәселен, түйенікі — *Ойсыл қара*, жылқынікі — *Қамбар Ата*, сиырдікі — *Зәңгі Баба*, қойдікі — *Шопан Ата* болған. Ал

ешкі байғұсқа мұндай құрмет бұйырмапты. Ол сорлыны бұрын қораның аузына байлап қойып, малын бастап қызмет ететініне қарамастан текесін де, серкесін де, өзін де бойындағы «жын-шайтанын» қуып шығарам деп қазекең әрі-бері өтіп жүріп, бірде қамшылап, бірде таяқтап, бақырта сабап кете беретін болған. Малшылар арасында текені түнде иірулі жатқан немесе қораға қамалған қойға қасқыр шабады-ау деген жағында ұстаушылық та осы қатыгез, тағы әдеттің жалғасы болса керек.

Ескі қазақ ауылында бұрын мал терісін өз атымен емес, бүркемелеп «көл» деп атап келген. Ел арасында кеңінен тараған бір аңызда құдалыққа жүріп кеткен кемпір келініне:

— Қарағым, мен келгенше көлді айналып қой, келісімен екеуіміз бірге отырып, тазалап тастармыз — деген екен.

Кемпір кешке қарай аулына оралғанда, түске дейін үйдің қасындағы көлді он рет айналып, әбден қалжырап, шаршаған келінін көріп, бұрқан-тарқаны шығып ашуланады да:

— О, шұнақ қар, сен ақпақұлаққа мен суды айнала бер дегенім жоқ қой, анада сойылған малдың тұздалған терісінің айналасына үн сеуіп, сүруге дайындап қой дегенім еді. Соны ұқпайтындай, әке-шешең сені қалай тәрбиелеген?!— десе керек.

Жерошақтан аттауға, ондағы шоқты су құйып өшіруге тиым салатын, ауруды сумен ұшықтап емдейтін ескі салт та оған бұрыннан, отқа табынған ескі заманнан бастап киелі мән бергеннің көрінісі, тіпті айналадағы әлеуметтік ортаны эстетикалық тұрғыдан игерудің жалғасы іспетті.

Өмірге бірегей көзқарас қалыптастыратын ата-баба дәстүрі әдеттің (адат) ғасырлар бойы діни наным-таныммен қатар жүріп, бірін-бірі толықтырып келгені белгілі. Десек те, мұның әлеуметтік, қоғамдық мәнінен көрі қауымдастықты орнықтыруға қызмет еткен жағы басымырақ болып, олардың әрқилы сыйпаттағы бірлігі дұрыс түсініле бермегендіктен, қазақтағы наным-таным жүйесіндегі ескі түйсік-түсініктермен шырмалған құбылыстарға сын көзімен қараған жөн. Әйтсе де, түрі мен түсі ұқсас келе бермейтін шаруаның жараса жымдасуы тегіннен-тегін болмаса керек. Мәселен, әуездегі адам үні мен ырғағынан әуен құрالاتыны өлеңнің мәтініндегі әр түрлі дыбыстардан сөз құралатыны сияқты аталмыш қалыпта бір түсті бояудың болуын біркелкі талап ету орынсыздық болар еді. Қазақтың наным-танымына әр түрлі әлеуметтік топтар қосқан элементтердің өзара диалектикалық бірлігін сақтап, бір бірімен етене жақындасып кеткендіктен ортақ өмір сүріп келгендерін дұрыс ұғына білген мақұл.

Алайда күнделікті өмірде қайсыбір үйлеспеушіліктермен үнемі ұшырасып отырсақ та, шіленгер шәкірттерінің бәрі бірдей да-рынды болса деп армандайды, қайсыбір журналист газет алқасының қоржынына түскен кез келген автордың мақаласын өз

түсінігімен түзетіп бастыруға әуес, тек менің айтқанымдай болсын деп талап ететін басшылар да жоқ емес.

Өмірлік құбылысты, кез келген пәлсафалық қағиданы өз түйсігінің ғана қалыбымен өлшеу — көргенсіздік. Нағыз адамның көргенсіздік жасай қоймайтынын, жұрттың адамдық қасиеттері «мен мұңдалап», тұратын тәрбиелі, пайымды азаматтарға құрметпен қарайтынын олармен теңесуге ұмтылатынын көріп жүрміз.

Мәдениетті деген қасиетті ұғымға білімпаздығы мен парасаттылығынан басқа, өзгелермен тіл табыса білетін, көршілерімен тату-тәтті тұра алатын адамды жатқызуға болады. Бұған көп нәрсенің қажеті де шамалы. Кішіпейілділік, өзгені құрметтей білу, бөгде пікірмен санаса білу, өз қылығына сын көзімен қарау, басқалардан да сондай қатынасты күту ғана. Тегі ұлты басқаларға, олардың әдет-ғұрыпына, дәстүрлеріне қатысты орынсыз пікір айту, немқұрайдылық көрсету мәдениеттіліктің нышаны болған емес.

Бір жолы Талдықорған мектептерінің бірінде аяқ астынан өрбіген пікірталасының куәсі болған едік. Ол мектеп оқушыларының өз деңгейінде көп мәселелерді ересектерге қарағанда дұрысырақ түсінетінін, аса күрделі мәселенің өзін оңайырақ шеше алатынын көрсеткен еді. Әңгіме бір қазақ қызының шетел тілдерінің, тіпті ана тілінің сапасыз оқытылатынын айтқанынан басталып кеткен болатын. Екінші бір орыс қызы оған қарсы шығып, тіл үйрену әркімнің өз ынтасына байланысты дегенді айтқан. Бірақ одан сен өзің, мәселен, қазақ тілін білесің бе? деп сұрағанда, ол білмеймін деп жауап қайырған. Үйренгім келмегендіктен емес, араласатын ортаның жоқтығынан үйрене алмадым. Бізде қазақ балалары өте аз, олар әдетте өз тілінде сөйлемейді. Ал біздің үйде, шешемнің неміс, әкемнің орыс екеніне қарамастан, қазақ тілін құрмет тұтады. Әкем қызмет бабымен мал жайылымдарында жиі болып, малшылармен көп араласады дегенді айтқан.

Сонымен, не керек, пікір таластың аяғы тағы бір жоғары класс оқушысының (бұл жолы да қазақ қызы) егер біреулер қазақ тілін білгісі келмесе білмей-ақ қойсын, зорлаудың қажеті жоқ, оларға қазақ халқы туралы, оның ұлттық дәстүрлері, мәдениеті мен өнері, тұрмысы жайында сыр шерте білу керек деген тұжырым айтқан. Меніңше деген, әлгі қыз, ең бастысы халықтың рухани байлығын құрметтей білген жөн. Тілді үйрену қажеттілігі сонда өзінен өзі-ақ пайда болады.

Интернационализмнің сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі көрінісі осындай-ақ болар. Бұл да наным-танымнан, от басындағы әулеттік тәрбиеден өрбіген құбылыс болып табылады.

Біз халқымыздың басқалардан толып жатқан өзгешеліктері-

мен ерекшеленетінін жақсы білеміз. Өзгелердің де ұлт болып қалыптасуына әдетте тектестік, мәдени-тұрмыстық, әлеуметтік жәйттер әсер еткен. Бірақ, олардың ерекшеліктерің де бөтен, бөгде тұрғыдан қарауға болмайды. Айталық, көзің түсіне, мұрнының сырқына, жанарларының орналасуына, тағамының түріне немесе салған әнінің ырғағына қарай баға берудің қисыны жоқ.

Қазіргі жағдай бірсарындылықты, жаттандылықты көтере бермейді. Бірақ осы мәселе дәл бүгін туып, өрбіп жатқан үрдіс емес. Мысалға алсақ, балаларымыздың әсіресе қалада туып, өскендерінің ата, ана тілін біле бермейтіні көптен белгілі. Ата тілі деп бөліп айтып отырғаным, осындай бір тіркес Мағжаңда бар екен. Тіл білмегеннен кейін жастар салихалы әуезге әуестеніп, қазақша билеп, ән сала қоймайды. Олардың бар білетіні қазіргі заманғы мәдениет дегеннің ырғақ, жарық, дыбыс шеңберінде ғана. Солай бола тұра, осындай өзекті мәселеге ата-анасының көңіл бөле бермейтінін қалай түсінеміз. Бұл президенттің жарлығымен немесе үкіметтің қарарымен орнына келе қоятын шаруа емес. Әрбір ата-ана, тым болмаса, өз от басында азаматтық көрсетіп, бала-шағасының қамын ойласа, жеткіншек ұрпақты мұндай қалге жібере бермеген болар едік.

Мектептен алатын тәлім-тәрбиенің де жүйелілігі шамалы. Мұғалімдер жетіспейтіндіктен (олардың көбі күн көрудің тауқыметімен арпалысып жүр), күнделікті сабақ өте бермейтін жерде қандай оқу болсын. Мектеп пен балабақшалар көптеп жабылып жатыр. Бұл үрдіс әзірге тоқталатын түрі жоқ.

Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың болмысына тереңірек үнілетін болсақ, жетісе бермейтін жақтары молшылық. Оны шын мәніндегі қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтеру үшін нақтылы шаралар белгіленіп, іске асырыла бастамаса, өзгелерді қайдам, біздің халық өзінің рухани мүмкіндіктерін іске қоса алмай қалуы ықтимал.

АЛЫС, АЛЫС ТА БОЛСА ЖАҚЫН

(Отырар өркениеті тақырыбына)



гер тарихқа жүгінсек, есте жоқ ерте заманнан бастап-ақ, Сыр бойында қыстап, көктем шыға малын Сарыарқаға, Оңтүстік Сібірге, күзге таман — қайтадан Сырға қарай айдап-бағып күнелтуді дәстүрге айналдырған дала тайпалары өзара тікелей қарым-қатынаста болып келгендіктен бірте-бірте тұтас халықтың нышандарын орнықтыра түскен. Бұл үрдіске көшпелі Ұлы дала мен отырықшы Мауреннаһрдың шегіне орналасқан Ежелгі Отырар мен оның ықпалында болған отырықшы-егінші қоныстар да

үлесін қосқан. Олай дейтінім мұнда сол кезден-ақ көшпелілердің де, отырықшы елдің де қатысуымен өзіндік ерекшеліктері бар соны мәдениет қалыптаса бастаған. Ежелгі Отырар арқылы көшпелі қазақтың арғы атасы отырықшылық әлемімен танысқан, сауда-саттыққа үйреніп, халықаралық қатынастар шеңберіне іліккен.

Ежелгі Отырардың қазақ тайпаларының тектестік сезімін оятуда, олардың тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, тілінен, дәстүрлі өнерінен көрінетін біркелкілікті нығайта түсуде атқарған қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Ертеортағасырлық Сайрам, Тараз, Құлан, Қойлық секілді сауда орталықтары өздерін өмірге келтірген көне керуен жолына иек артып, қала тіршілігін ұйымдастыруда, сауда-саттықта, қорғаныс ісінде көбіне соғдылардан тұратын көпестер серіктестіктерінің (колонияларының) кіріптарлары болса, Ежелгі Отырар дала тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де өз үйі, өз ошағы болып қала берген. Өйткені қала бекінісінің ішінде де, айналасында да осы өлкені ежелден мекендеп келе жатқан қанды, қыпшақ, қоңырат сияқты тайпалардан құралған өз қосындары басым болған. Егер даладағы елді жау шауып, соғыс өрті шыға қалса, қала халқы да дала тұрғындарымен бірігіп, ортақ жауға қарсы тұрған. Ал қала бекінісіне өрмелеп шығуға тырысқан жаумен бетпе-бет кездесетін сәтте «ат құлағында ойнайтын» дала шабандозы да, дүкендерін жауып үлгірген шіленгер де, малын оқшау жерге иіріп тастап, мұнда келген бақташы да, шәкірттерін үйлеріне таратқан ұстаз да жауынгерлермен қатар тұрып шайқасқан.

Отырардың ұлылығы міне, осында жатыр.

Екі мың жылға жуық өмір сүріп, қанатын кең жайып, шарықтаған шағында екі жүз гектардай жерге көсіліп жатқан Отырар да Кіндік Азияның ортағасырлық қалалары секілді негізгі үш бөліктен — бұрыштарында, қақпа үстінде күзет мұнаралары болатын бекіністі қамалы бар Хан сарайы, қазына, уәзірлік мекемелері, сарай мешіті, күзет гарнизоны орналасқан *Ордаган* (Арк, Кремль); оған тіркестіре орналастырылған айналасы мығым қорғанмен қоршалған керуен-сарай, мешіт-медресе, ханака (ақысыз мейманхана), тұрғын жайлардан құралатын іскер қауым мекені — *ішкі қалаган* (Шаһристан); құрамында маманданған шеберханалары, ұстаханалары, құмдандары, базарлары, моншалары, мөлтек мешіттері болатын қарапайым халық пен қолөнершілер тұрағы — *тысқы қалаган* (рабад) тұрған. Отырардың негізгі сұтартқышы да осы бөлігінде болған.

Соңғы ортағасырларда қаланың Хан сарайы орналасқан орталығы мен ішкі қала бірігіп кеткендіктен тұрғын жайлары шектен тыс тығыздалып, бірыңғай бекіністі қамалмен қоршалған. Сөйтіп, қазіргі құландысы 20 гектардай жерге жайылып

жатқан, ғылымға Отырартөбе деген атпен белгілі қала орталығы бірегей тәртіпке келтірілген. Бұл әрине қаланың бекіністі орталығы (цитаделі) ғана. Оған қарап Үлкен Отырарды көзге елестетуге болмайтын сияқты. Қала орталығының тығыз орналасқаны сонша, жүлгерлерімен кішігірім арба да өте алмайтын 20 гектар жерге қаланың бас әкімі Қайырханның қарауындағы 60 мың қолы жатар орнымен, бүкіл қару-жарағымен, мінетін аттарымен түгелдей сыйып, жарты жыл бойы қаланы қоршаған жауға қарсы тұра алды деудің қисыны тағы жоқ. Отырартөбе қаланың басқа бөліктерімен салыстырғанда тып-типты болмағандықтан, оның қорғанысына өз тұрғындары қатыспапты-мыс деп (қайсы бір зерттеушілер осындай пікір айтып жүр) жорамалдаудың да ыңғайы бола қояр ма екен? Егер қала халқы алты айға созылған ерлік қорғанысқа қатыспай, қол қусырып отыра берген болса, Отырартөбені қоршай 170—180 гектар жерді алып жатқан қарапайым халық пен қол өнершілер мекендеген тысқы қаланың (рабадтың) XI—XII ғасырларда тұрғызылған және кейіннен жаңғыртылған бекінісінен биіктігі 3—5 метрдей, ені 20—25 метрдей болып келетін жалдар ғана қалғанын немен түсіндіруге болады?

Бәлкім, Отырартөбе аумағында қаланың ерлік қорғанысының соңғы айы өткен болар.

Археологтардың айтуына қарағанда, Отырардың кез келген жауға қарсы тұра алатын берік қамалы, айнала қазылған тереңдігі екі метрдей, ені 10—15 метр болып келетін сулы ор үстіндегі аспалы көпірлермен жабдықталған үш қақпасы болған. Олар арқылы жұрт қаланың орталығына шыға алады екен. Ақша соғатын кәсіптің, қаланың бестен төртіндегі бөлігін алып жатқан қарапайым халық пен қолөнершілер тұрағының, су құбырларының, нәжіс жүйесінің болғаны мұндағы қала өмірінің кемелденген шағында астаналық сыйпатта болғанын аңғартады.

Отырардағы суландыру жүйесі отырықшы қазақтағы сияқты оның «атыраулық» түріне жататындықтан өзен арнасын, оның жанама сай-салаларын бөгеп «реттеу» арқылы жиналатын суды арықтармен егістікке таратып әкетуге негізделген. Кішігірім бақшалықтар көктемгі тасқын су жайылатын көлшіктердің ылғал жинайтын ұлтанына да орналастырылатын болған. Оқсыз бен Мейрамтөбеде оманарықтардың¹ реттелген егістіктің, қарабурамен буылатын тоғанның, шығыр қондырғыларының ізі табылғаны Отырардағы егіншілік мәдениетінің деңгейі жоғары болғанын көрсетеді.

Жазба деректер де, археологиялық зерттеулер де Отырар халқының күріш, тары, бидай, тағы басқа азықтық дақылдар

¹Магистральды каналдардың — деген мағына береді.

егіп, мақта өсіргенін, жүзімдікпен, бау-бақшамен айналысқанын көрсетті.

Моңғол шапқыншылығымен байланысты қала өмірінің құлдырауы Отырардағы суландыру жүйесінің істен шыға бастауына әкеліп соққанымен, XV—XVI ғасырларда Сыр бойындағы саяси өмірдің тұрақталуымен егіншілік қайта жандана түскен. Осы тұста диханшылықпен, қол өнерімен, сауда-саттықпен айналысқан отырықшы қазақтың саны көбейе бастаған. Әйтсе де XVII ғасырдың екінші жартысына қарай дендей бастаған жаугершіліктің зардабынан Отырардағы суландыру жүйесі бірте-бірте қысқара берген.

Ел аузында тым асыра айтылған десе де болатындай Отырардан Түркістанға, Сайрамға дейін алып баратын жер асты жолы жайында аңыз сақталып қалған. Археологиялық қазба жұмыстары мұндай үңгірдің болғанын дәлелдейді. Бірақ ол аңыздағыдай, 45—100 шақырымдай қашықтықтағы қалаларға апаратын жер асты жолы емес, ескі су бөгемінен қаланың орталығына құпия су құбырын өткізу үшін пайдаланылған үңгір болса керек.

Өкініштісі, қанасының өн бойымен екі қатар су құбыры тартылған үңгірдің жиырма метрлік бөлігінің ғана сақталғаны. Осыған қарағанда, ел басынан кешкен қиын-қыстау кезеңде қала халқы құпия су құбырын түгелдей тартып үлгіре алмағандықтан, қаланың орталығынан сыртқа шығып кетуге болатындай етіп қазылған жер асты жолын жаудың қоршауында қалған жұртты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланған жоқ па екен деген де ойға қаласың. Жер асты жолы жөнінде өзге мағлұмат әзірше жоқ.

Қолда бар мәліметтерге, әсіресе тарих ғылымының докторы, шығыстанушы ғалым Мұқтархан зерттеген қытай деректеріне қарағанда, алғашқы отырықшы қоныстар бұл өңірде осыдан кем дегенде екі мың жыл бұрын Қанғүй этносаяси бірлестігінің негізінде пайда болған. 6 тайпадан, 12 рудан құралған қанғүйлердің бір бөлігі біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырдың екінші жартысында Ферғана аңғарынан солтүстік батысқа қарай ығысып, Сыр бойы мен Қаратау аралығында бірыңғай шаруашылық-мәдени кеңістігін құраған.

Күшейе келе, қанғүйлердің билігі Каспий теңізінің солтүстік жағалауына дейін тараған. Қанғүй негізінен малшы ел болғанымен оның қалалары мен отырықшы-егінші қоныстары да болған. Алайда олардың қайсысы мемлекет астанасы болды деген сұраққа келсек, нақтылы жауапты өзімізге белгілі Білгеқаған, Күлтегін көнетүркі жазуларынан табамыз. Бұл тасқа қашалған жазулардан түркі қағандығының батыстағы шегі ретінде Сырдың орта ағысына орналасқан өзімен аттас астанасы бар Канһу Тарбан мемлекет бірлестігі көрсетілген.

Белгілі орыс тарихшысы, шығыстанушы ғалым А. Н. Бернштам қанғұйларды түркі тілдес халық болған десе, қайсы бір авторлар Сыр бойына қоныс аударуына байланысты түркі тайпаларының ықпалымен тұрпаты мен тілін өзгерткен Солтүстік Иран малшыларына жатқызады.

Қанғұйлар алғаш қоныс тепкен Арыс өзенінің Сырға құяр тұсында Қаратау аңғарларынан нәр тартатын Бөген, Боралдай, Шаян, Арыстанды өзендерінің атырабын қамтитын, батысында Қызылқұммен, солтүстік шығысында Қаратау жотасымен шектелген бұл алқап ғылымға Отырар жазирасы (оазисі) деген атпен белгілі.

Аталмыш алқап пен оның бас қаласы Қанһе, Қанһу Тарбан, Фараб, Тұрарбанд, Тұрар, Отырарбанд, Отырар болып, әр түрлі атпен қатар аталып келген. Мұның басты себебін жиһан кезген саяхатшылардың, саудагерлердің жергілікті халықтың тарихынан беймәлім болып келетінін былай қойғанда, тілін білмеуінің салдарынан жер-су, ел атауларынан өзінің ұққандарын бұрмалап айтып, бұзып жазуында деп шамалауға болады.

Бәлкім, бұл VIII ғасырда Сырдың орта ағысында тәуелсіз екі аймақтың — Фараб пен Отырардың болғанымен де байланысты болар. Оның біріншісі Сырдың сол жағалауында Фарабта (Уәсіж, Оқсыз), Әбу Нәсір әл-Фарабидің (870—950) туған жерінде болса керек. Ал екіншісінің Сырдың оң қанатында, өзімізге белгілі Отырарда орналасқаны даусыз. Алайда, көп ұзамай бұл екеуі біріккеннен кейін де, бастапқы екі түрлі атауын сақтап қала берген. Біріккен аймақтың басты қаласы да Фараб, Отырар деп екі түрлі аталып келген.

Ежелгі қанғұй астанасының Отырардың ізашары болғаны да ғылыми тұрғыдан дәлелденген. О бастағы Қанһу Тарбан (Отырар) тек жазба деректерден ғана емес, археологиялық қазба зерттеулерінен де мәлім. Ол кездегі қала сәулетінің деңгейін Құйрықтөбедегі археологтар ашқан сарайдың қалдығынан да көруге болады. Биіктігі он метрден астам үйіктің үстіне тұрғызылған бұл ғимарат айналма дәлізбен қоршалған салтанатты залдан, қонақжай мен тұрмысқа қатысты басқа да бөлмелерден тұрған. Салтанатты залдың бұғатына ағаштан шекіп, бояумен толықтырылған құр берілген. Онда құда түсу, үйлену салтанаты, кептеуіл-садақшылар, қайсыбір құбыжық бейнелер, төрт қолды құдайдың тақта отырған кескіні бейнеленген бекініс бұрыштама мұнаралары бар қамалмен қоршалған. Шамасы бұл осындағы қоныстың жүздегерлерін тарататын әкімнің қала сыртындағы тұрағы болса керек.

Отырар алқабын мекендеген елдің тектестік құрамы жөніндегі мәселеге келсек, мұның әлі де болса дәлдей түсуді қажет

ететінін айта кеткен жөн. Мәселен, көнетүркі қағандығының құдіреті күшейген тұсында (VI—VIII ғ.ғ) оның құрамына енген қанғұйлар бірте-бірте түркіленіп кеткендіктен де болар, кейінгі тарихи жылнамаларда арнайы атала бермейді. Керісінше, (VII—VIII ғасырларда Сыр бойын арабтар жаулап ала бастаған кездегі жазба деректерде түркі-соғды жағында соғысқан қаңғарлар, кеңгерестер жайында айтылған.

Отырарды зерттеп-білуге көп еңбек сіңірген тарихшы-археолог, Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті Карл Байпақов печенегтердің орыс даласына қоныс аударғанға дейін қаңғарлар деп аталғаны жайлы жазып қалдырған Константин Багрянородныйға (X ғ.) сүйене отыра, келесі ғасырларда қаңғарлар «қанлы» этнониміне айналған болса керек деген пікір айтқан. Ал онда кеңгерестер кімдер? Бұл екеуін бір халық деп түспалдаудың қисыны бола қояр ма екен?

Егер, шежіре деректеріне жүгінсек, кеңгерестер Отырардың түп-тамырлы тұрғындары болған қоңыраттар емес пе? Кейбір зерттеушілер қоңыраттарды монғолдың хонкират тайпасына балап, Сыр бойына монғол әскерлерімен бірге келген деген пікірді қостайды. Олай десек, наймандар да монғол жерінен қазаққа ығысып, оның тектестік құрамында маңызды кірме болғанын дәлелдейтін Алтайдан Қараталға, Қараталдан Ұлытауға дейін көсіліп жатқан қалың Найман жұрты бар. Ал бұл кеңістікте Қоңыраттың Найманмен қатар орналаспағанын былай қойғанда, онан қалған ауылдар бар дегенді де естіген емеспіз.

Мұның есесіне Сұрхандариядан (Жиделі Байсын) бастап, Жизақ уәлаяты арқылы, қазіргі Шыназдың тұсынан Сырдың орта ағысымен Қаратау бөктерлеріне дейін, онан әрмен өзеннің сол жақ қанатымен Қарақалпаққа, ноғайлы жұртына дейінгі аймақта қыпшақтармен, қанлылармен, тамалармен т.б. қатар орналасып, қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғайлы халықтарының құрамына енген қоңырат тайпасы бар. Бәлкім, сол қоңыраттар арабтар жаулап алғаннан кейінгі дәуірде Ежелгі Отырар мен Мауреннаһрдың арасында дәнекер болған да шығар. Олай дейтінім қоңыраттар отырықшы, жартылай отырықшы ел болған, азынаулақ мал ұстап (олардың ең бай дегенінде мың қаралы қой, аздаған түйесі, жылқысы, сауын сиыры болған), диқаншылықпен¹, айналысқан. Қоңырат кірекештері², Ташкентке, Са-

¹Қазақ суармалы дақылдар мен бау-бақша өсіретіндерді қысқаша — диқан, бағараға астық себетіндерді — егінші деп атаған.

²Орта ғасырлардан соңғы кезге дейін сауда керуендерін тартатындарды қазақ кірекештер деп атап келген.

марқанға, Бұқарға, Шымкентке, Таразға дейін сексеуіл артып, шөп тамырларынан алынатын бояумен, қолдан қайнатылған кір сабынмен, әйгілі Қоңырат кілемімен, бау-басқұрлармен, киізбен, алаша, текеметпен, орама шимен, былғары-көнмен сауда жасаған.

Қоңырат тайпасының шыққан тегі әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді. Мәселені айқындай түсу үшін өзбек, қарақалпақ, ноғайлы, құмық-балқар деректерін де ортаға салған жөн.

Олай дейтінім қоңыраттың өз шежіресі оны Отырардан шығарады. Ноғайлыларда қоңыратты монғолдан шығаратын мағлұмат атымен жоқ. Керісінше, олардың үш атадан таралған ноғайлының жергілікті тайпасы болғаны жайында нақтылы пікір айтылған. Орыс деректеріне (Аристовқа) жүгінсек, қоңыраттар печенегтердің қалдығы болып шығады. Қалай өткен күнде де ежелгі қанғұйдан қаңғарлар мен кеңгерестер жалғастырған қазаққа дейінгі тектестік байланыстың жатқаны даусыз.

Тоғыз тарау керуен жолдарының түйіскен жеріне орналасқандықтан Отырарды жаулап алу әрбір кезектегі басқыншыға Сыр бойының барлығына билігін орнатқандай болып көрінетін. Тегі, Н. А. Бернштам бүкіл Кіндік Азиядан, қай жағынан алып қарағанда да, Отырар сияқты «қызыл итке жем болатындай» қызғылықты да қатерлі жер табу қиын деп бостан-босқа айтпаған болса керек. Отырар арқылы бір тармағы Таразға, Баласағұнға, онан әрмен, Шығыс Түркістанға (Қытай), екіншісі — Шашқа (Ташкент), Соғдыға, Мәрі, Нишапурға апаратын керуен жолдары өткен. Сауда керуен жолдары Отырарды Үргенішпен (Хорезм), Еділ бойымен, Кавказбен, Қаратеңіз жағалауымен, Бетпақ дала арқылы — Қимақтардың елімен, Сібірмен байланыстырған.

Отырар жайындағы деректер көбіне араб, парсы тілді авторлардың еңбектерінде кездесіп отырады. Саяхатшылардың бірі Отырарды Арыс өзенінің Сырға құятын жеріндегі аса бай құнарлы алқаптың астанасы етіп көрсетсе, екіншісі — көшпелілердің Қаратау бөктеріндегі бекіністі қамалдарының бірі дегенді айтады. Ал үшінші бір жолаушы Бөген мен Арысты кесіп өтіп Таразға бұрылатын керуен жолының басталатын жері деген дерек қалдырған.

Алайда Отырар біреу. Оның ортағасырлық саяхатшыларға әр жерде орналасқандай болып көрінгені әр тұстан келетін керуен жолында кездесетін жер ыңғайымен байланысты болса керек. Әрине, Бетпақдала арқылы жол азабын тартып, әбден қалжыраған керуенге Қаратау жотасынан асқаннан

кейін Отырар шынында да Дешт-і-Қыпшақтың¹, шегіне орналасқан көшпелілердің берік қамалы болып көрінуіне негіз бар.

IX—X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан түгелдей мұсылманданған. Бірақ ата-бабасынан пұтқа табынуды мирас еткен Отырар тұрғындары арасында жаңа дін бірден орныға қоймаған. Ел арасында исламға дейінгі сенім (зороастризм, манихейлік, буддизм де болуы ықтимал), түркі жазуы сақтала берген.

Дегенмен мұсылмангершілік қала халқынан қызу қолдау тапқаннан кейін мешіт, медресе т.б. діни орындар салына бастаған. Итарқасы (төбе жабыны) ағаш ұстындармен (бағаналармен) тірелген осындай бір алғашқы мешіттің (X ғ.) қалдығын археологтардың Кедер қаласының орнынан тапқаны ислам сәулет өнеріндегі «ұстынды» құрылыстар салудың қай кезден бастап Қазақстан жеріне ене бастағаны жөнінде құнды мәлімет болып табылады.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе сол кезден бастап қала сыртында мұсылман зиратының пайда болуы. Мұнда кейін ел аузында «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб» деп дәріптелген исламды уағыздаушы, бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх, Ахмет Иасауидің рухани ұстазы Арыстанбаб жерленген. Қам кесектен тұрғызылған күмбезді мазарлар осы бір ескі зиратта тіптен соңғы кезге, XX ғасырдың 40-жылдарына дейін сақталған болатын. Ал шейхтардың шейхы Арыстанбабтың XII ғасырда тұрғызылып, Әмір Темірдің кезінде қайта жаңғыртылған күмбезі бізге жетпеген. Тек 1907 жылы мұсылман қауымының қаржысына бұрынғы ескі құрылыстың орнына оның мақамымен жаңадан кесене-мешіт салынған.

Әйтсе де X ғасыр Сыр бойына тыныштық әкеле қоймаған. Оның өзіндік себептері де бар-тын. IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басында Шаштан (Ташкент) Сырдың төменгі ағысына дейін иемдеген оғыздардан соққы жеген қаңғарлардың біразы Отырар алқабынан батысқа қарай ығысқан, ал, бәлкім, осы кезде кенгерестер оғыз мемлекетінің құрамына енген болса керек. XI ғасырдың басында мұнда оғыздарды Сыр бойынан түгелдей қуып шыққан қыпшақтар өз билігін орнатқан. Қазақ даласын ұзақ уақытқа өзіне бағындырған қыпшақтар батысқа қарай жыл-

¹Оңтүстік Сібір даласы мен Сарыарқа X—XII ғасырлардан бастап, кейбір деректерде онан да әрірек, «Дешт-і-Қыпшақ» (парсыша — қыпшақ даласы), оны мекендеген қыпшақ, қимақ, арғын, қарлұқ т.б. түркі тайпалары — көшпелі өзбектер деп аталып кеткен. Сол «қыпшақтардың монғол үстемдігінен кейінгі дәуірде қазақ халқының негізін құрағаны» (Бартольд) белгілі. Ал олардың тағы бір бөлігі Дешт-і-Қыпшақтың ханы Әбілхайырдың (1408—1469) әулетімен бірге Мауреннаһрды жаулап алып, өзбек халқының негізін қалаған.

жып, половецтер деген атпен Киев Русі мен Византияның көршісі болған.

Осы тұста қала өмірі жаңа белеске көтерілген. Отырарға іргелес орналасқан отырықшы-егінші қоныстар кеңейе бастаған. Қаланың өзі де қолөнершілер тұрағы — рабадтың есебінен дами түскен. Құрылысы жүйелі жүргізіле бастағандықтан онда біркелкі үйлер бой түзей бастаған. Су құбыры, нәжіс жүйесі жөнге келтірілген. Қаланың орталығы да, іргелес рабаттары (предместье) да бекіністі қорғанмен қоршалған.

Қыпшақтар бірде хорезмдіктерге қарсы соғысса, бірде оған тәуелді болып отырған. 1195 жылы Текеш сұлтан (Хорезмшаһ Мұхаммедтің әкесі) Сыр қыпшақтарының ханы Қыранға қарсы жорыққа аттанғанымен, көп ұзамай қыпшақтардан жеңіліс тауып, Үргенішке қайта оралғаннан кейін, олардың арасындағы алауыздықты пайдаланбақ болады. Бұл кезде Қыран хан мен оның жақын туысы Алып Теректің арасында таққа таластық бел ала бастаған еді. Текеш Сұлтан Алып Теректі қолдап, көмекке әскер жібертеді. Қыран хорезмдіктерге қолға түседі. Алайда Алып Теректің күшейіп бара жатқанын сезген соң, ол Қыранды босатып, Алып Терекке қарсы аттандырады.

Ұзаққа созылған қақтығыстардан кейін таққа болашақ Отырар қорғанысының ұйымдастырушысы Алып Терек отырады. Оның түрікше өз аты Жаған-Тұғды («Піл келді»), лақап есімі Иналшық («Кіші»), яғни тақ мұрагері деген мағынада болған. Ал Қайырханның «Насабнамада» қаңлы текті делінуі оның руын көрсетіп тұрған жоқ, хан болуға лайық, текті әулеттен шыққанын еске салады. Махмұт Қашғаридың сөздігінде «Қаңлы — қыпшақтың ұлы адамы», яғни ханы деген мағына бар екен. Бәлкім, бұл қыпшақ ақсүйектерінің өздері бағындырған ежелгі елдің шыққан тегіне қарай икемделгісі келгендігінен де болар. «Қаңлы болмаса хан болмас» деген қазақ арасында кеңінен тараған мәтел де сол заманнан қалған болса керек.

Алып Терек Сыр қыпшақтарының ханы болып көтерілгенімен Хорезмшаһ Мұхаммедтің билігін мойындауға мәжбүр болған. Оның тәуелсіздікке ұмтылып, 1216 жылы Хорезмге қарсы қыпшақ тайпаларын көтергені сәтсіздікке ұшырайды. Алайда Хорезмшаһ та қыпшақтармен ашық араздасуға бара алмай, Алып Терекпен тез арада татуласып, оны Отырар тағына өзі отырғызып, Қадырхан (арабша «Қуатты хан» деген мағынада) деп жариялайды. Бірақ кейіннен бұл лауазым түркіше Қайырхан, Ғайырхан деген өзгеріске түскен.

Қайырхан ұзаққа созбай, қаланың қорғаныс шебін, бекінісін нығайтып, күрделендіре түскен. Сондықтан 1219 жылы қала түбіне келген моңғолға өзгелерден бұрын тойтарыс берген де осы Отырар болды. Отырардың ерлік қорғанысын ұйымдасты-

руда Қайырханның қолбасшылық дарыны сан қырлы жағынан көрініп, халқының адал перзенті ретінде тарихқа енді. Оның есімі ұрпақтан ұрпаққа алмаса бермек.

Көпшілік жұрт Отырардың күйреуін монғол шапқыншылығымен байланыстырады. Рас, жарты жылға созылған ерлік қорғаныстың кезінде жауға өз қақпасын өзі ашуға мәжбүр болған Ұлы қаланың күлі көкке ұшқан¹, Кезінде талайды тамсандырған әсем қаладан жалпыған үйіндісі ғана қалғаны осымен байланысты. Қаншама ата-баба мұрасынан айрылды. Отырардың кітап қоры жоғалды. Әйтсе де отырарлықтардың ауызбірлігінің арқасында бас-аяғы 30 жыл өтпей-ақ, қала қайтадан қалпына келген. Сауда керуен жолдарының түгескен жерінде, Қазақстандағы отырықшы күнкөріс пен көшпелі тіршілік шегінде орналасқандықтан XIII ғасырдың ортасына қарай-ақ, мұнда ақша соғатын орын жұмыс істеп, алтын, күміс, мыс теңгелер шығара бастаған. Әсіресе XIII ғасырдың аяғында Масуд-бектің ақша реформасынан кейін қала шаруашылығы жанданған.

Солай бола тұра, Отырар тағдырдың тәлкегіне талай рет түскен. Ол әуелде Дешті Қыпшақты жайлаған көшпелі өзбектер мен Алтын Орда билеушілерінің қол астында болған. Кейіннен Әмір Темірге бағынған. Қазақ хандығы мен Әбілхайыр әулетінің, Мауреннаһр билеп-төстеушілерінің арасындағы Сыр бойы үшін бітіспес күрестің кіріптары болды.

Егіншілігі шарықтап дамыған, шұрайлы күздік және қыстық жайылымдары бар, қыста малды жусататын шөбі мол тоғайы, ықтасын болатын қопа қамысы жеткілікті бұл өлке қазақ хандығының өмірлік мүдделеріне сай еді. Керуен жолдарының түгескен жеріне орналасқан аса маңызды сауда және қолөнер орталықтары ретінде көптен танымал Отырар, Сайрам, Иасы (Түркістан), Сауран, Сығынақ, Созақ (Құзақ), Баба Ата (Құмкент) сияқты бекіністі қалалары бар Сыр бойы мен Қаратау қойнауы Қазақ хандығы үшін тек экономикалық жағынан ғана емес, әскери-стратегиялық жағынан да аса қолайлы болған.

Бір тілде сөйлейтін, діні бір, бірегей тұрпаты бар, дәстүрлі өнері, тұрмыс-салты, әдет-гүрпы біркелкі тайпалар мекендейтін бұл аймақтың көшпелі және отырықшы топтарды жақындасты-

¹Әңгіме 1219 жылдың күзінен бастап, алты айға созылған ерлік қорғаныс кезінде отырарлықтарға жәрдемге келген Хорезмдік қолбасшы Қараша Хаджибтің түн жамылып, опасыздықпен қаланың қақпасын ашып, жауды ішке кіргізіп алғаны жайында болып отыр. Монғолдар әрбір әуліде, көшеде, алаңда жанталаса қарсыласқан Отырарды қиратып өртеп, халқының тірі қалғандарын құлдыққа айдатқан. Қорғанысты басқарған Қайырханды Самарқанда жатқан Шыңғысханның алдына апарып масқаралап, өңешіне күміс құйып азаптап өлтірген. Опасыздықты кешіре қоймайтын монғолдар жауыз Қараша Хаджибті де сыбайластарымен қоса өлім жазасына кескен.

рып қана қоймай, бірігіп қимылдауға дағдыландыра түсетіні, қазақ жерін біріктіру үрдісін тездетуге ықпал ете алатыны айдан анық болатын.

Ақыры, өзге Сыр бойы қалалары сияқты Қазақ хандығының құрамына енген Отырарда Қасымханның (1445—1518), Хақназар ханның (1538—1580), әсіресе Тәуекелханның (1586—1598) кезінде қала құрылысы қайта қолға алынып, сауда-саттығы нығая түскен. Ақша соғу жанданып, қазақ хандарының құрметіне теңге шығарыла бастаған. Осы тұста қол өнер шеберханаларының мамандануы айқындала түскен. Металл қорыту, темір ұсталығы, мыс және зергерлік кәсіпшілік, тас қашау, шыңылтыр шіленгерлігі, шыны өндірісі дамыған.

XVI ғасыр Қазақстан тарихында елдің экономикасы қарыштап дами бастаған, қалалары өркендеп, жергілікті және ел аралық сауданың өрістеуімен қазақ көпестерінің исламдық Шығыс елдеріне дейін сапар шеге бастаған тұсы еді. Әйтсе де Отырардың сорына XVII ғасырдың алғашқы ширегінен-ақ, Қазақ хандығы мен Сыр бойына қармалауышын созған жоңғар шонжарларының арасындағы қақтығыстар жиілей түскен. Қаланың тынысы тарылып, бар өмірі қала орталығына, қазіргі Отырар-төбенің аумағына шоғырлана бастаған.

Отырар басқа Сыр бойы қалалары секілді жоңғар шапқыншылығының зардабын түгелдей тартқан. Мұны қала халқының күрт азаюынан да аңғаруға болады. Отырарда бұл кезеңде бес мыңнан астам ғана халық тұрған. «Ақтабан шұбырынды» кезінде Отырар халқының біразы босып кеткен.

Әйтсе де мәні бөлектеу мына бір деректі бөле жара атаған жөн. Шымкент, Түркістан, Созақ, Сайрам сияқты тұрақтанған қоныстарды былай қойғанда, күйреп-тозған ескі мекендердің өзінде де ол кезде тіршілік белгісі өше қоймаған. Аман қалғандар шағын-шағын топ құрап, қашып-босып жүріп, егіншілікпен, саудамен, малшылықпен айналыса берген. Қазіргі төбе-төбенің айналасына шоғырланып, үй салатын дәстүр де сол заманнан қалған. Сұрай келсеңіз, олардың сол төбе боп жатқан ескі қонысты мекендегендердің ұрпағы болып шығатыны тағы бар.

XVI—XVIII ғасырлардағы орыс деректерінде Отырардың қазақ хандығындағы қала екені, соңғы деректе — оның 40 үйі ғана бар шағын қалашық дәрежесіне дейін құлдырағаны айтылған. Бұл тұста сауда керуендері мұнда бұрынғыдай келе бермейтін болғандықтан сауда-саттығы, қол өнері тоқыраған. Суландыру жүйесі істен шыға бастағандықтан арықтары тартылып, егістігін сор басқан, оңтүстіктің аптап ыстығына төзе алмай бау-бақшасы, жүзімдігі қурағаннан кейін соңғы тұрғындары тастап кеткен Отырар халқының бір бөлігі Түркістанға, қалғандары Шымкент жаққа қоныс аударып, ондағы қала халқының құрамына енсе

де өздерін көп уақыт бойы отырарлықтар деп атап келген...

Отырардың көпғасырлық қабат-қыртысынан археологтар К. Ақышев, К. Байпаков, Л. Ерзакович, тағы басқа да Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясына қатысқандар қала өмір сүре бастаған алғашқы жылдардан XVIII ғасырдың ортасына дейінгі заттық-тұрмыстық мәдениеттің ескерткіштерін тапқан. Әсіресе Көкмардан, Күйікмардан, Қыркескен, Пұшықмардан қазбаларынан табылған заттарда, саз балшықтан күйдірілген, тастан қашалған, металдан соғылған бұйымдарда, еңбек құралдарында уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығын айқындай түсетін жәйттер кездесіп отырады. Мұндағы археологиялық Отырар — Қаратау мәдениеті ескерткіштерінің біз үшін маңызды болатыны олардың малшылықпен қатар дамыған егіншілік дәстүрлеріне бейімделгенінде ғана емес, байырғы қазақ тұрмысы мен мәдениетін еске салатынында болып отыр.

Мұның өзі Отырардағы тарихи-мәдени және археологиялық кешеннің Әбу Нәсір әл-Фараби мен оның ізбасарларының өшпес ілімі секілді қазақ халқымен тағдырлас екенін көрсетеді. Қазақстанның Отырар, Оқсыз, Кедер, Бұзық (Шілік), Көкмардан, Иасы, Сауран, Сығынақ, Құзақ, Баба Ата сияқты ортағасырлық қалаларының тарихи-мәдени жетістіктерін ескеретін болсақ, олардың қазір ғылымға танымал Отырар—Қаратау археологиялық мәдениетінің ескерткіштерімен, Отырардан шыққан энциклопедист-ғұламалардың, пәлсафшылардың, ақындардың артына қалдырған мұрасымен қоса Ұлы Отырар өркениетіне негіз болғаны хақ.

Егер бұрын қалың жұртшылыққа Отырардың ұлы перзенті Әбу Нәсір әл-Фарабидің есімі ғана белгілі болса, қазір қайсыбіреулері Шығыстың белгілі орталықтарына қоныс аудармай-ақ, туған елінде тұрақтап, ғылыммен айналысқан әлфарабилердің өзі 10 болып отыр. Олардың аты-жөні, шығармашылығы филология ғылымының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлиевтің көпжылдық ізденістерінің нәтижесінде анықталды. Ғалым «анау айтты, мынау айтты» деген құрғақ сөзге сүйеніп емес, теңіз түбінен інжу іздегендей тыным таппай қимылдап, тиісті мәліметтерді Сирияның, Морокконың, Тунистің кітапханаларынан, көне қолжазба қорларынан, Шығыс пен Батыстың әлемге әйгілі ғалымдарының еңбектерінен тапқан.

Отырар өркениетінің біз үшін аса маңызды болатыны — ең алдымен оның қазаққа тән құрылыс ісінен, әсіресе үй тұрғызудан, суландыру тәсілдерінен, еңбек құралдарынан, әуез аспаптарынан, қолтума өнерден көрінетіні. Бұл оның қазақ мәдениетінің ізашары болғандығын дәлдей түсетін жәйт.

Отырардан табылған бір бөлмелі, екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер біздің заманымызға дейінгі 1 мың жылдықтың аяғынан бері Қазақстанның оңтүстігіне тән құрылыс нұсқалары

болып табылады. Отырардағы қазба баспананың негізгі ұясы — дәлізді немесе түнекті бөлме, сол сияқты көп бөлмелі тіркеспе, археологтар К. Ақышевтың, К. Байпаковтың, Л. Ерзаковичтің айтуына қарағанда, отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Қазақта итарқасы (төбе жабыны) шаруашылыққа қатысты қосалқыларымен бірге жабылатын екі, үш бөлмелі үйлердің болғаны археологтардың пікірін растайды. Сыр бойының отырықшы және жартылай отырықшы халқының бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін, ортасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажырасатын, теріскей жағынан өн бойына астық құятын түнек (қойма) орналастырылатын қарсы есікті «Қоржын үйі» де Отырардағы баспананың баламасы екені даусыз.

Отырардағы баспананың жатақ бөлігінде шеті күйген қышпен қаланатын суфалары болса, қазақ үйінде оның тікелей баламалары болып табылатын қам кесектен соғылатын суфа (оны сыпа деп те атайды), ағаш сәкі кездесіп отырады. Отырардың қазба үйіндегі ошақ құрылымы мен қызметінің төркіні жағынан қазақтың жер ошағына сәйкес келеді. Ал қазақтағы «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тіркеспесіндегі қабырғалары арқылы жылытылатын оттық жүйесі шығу тегі жағынан соңғы ортағасырлардағы кандармен байланысты болса керек.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Отырар халқының көпшілігі қыста қалада, жазда азынаулақ мал ұстап, диханшылықпен айналысуға мүмкіндік беретін қала сыртындағы егістігі мен бау-бақшасында орналасқан үйлерінде тұрған. Дәл осындай дәстүр 40-жылдардың аяғына дейін Сыр бойының қазағында да болған. Мұнда да жұрт қыс айларын қыстағында өткізіп, жазда сол маңайдағы көгеріске көшіп шығып, киіз үйлерде тұрған. Қыстақтан тыс жерге егін еккендер уақытша баспана — өлшек соғып, жазды сонда өткізіп келген.

Отырардан қазып алынған астық құятын хумдарға, су таситын құмыраларға, ыдыс-аяққа қазақ руларының таңбасын салатын дәстүрдің де мұндағы қолтума өнерді қазақ тұрмысымен байланыстыратыны хақ.

Қазақ арасында баланың әуезге бейім қабілетін дамыту үшін дүңгіршек, шың, қамыссырнай, қостілік, сақпанмен бірге пайдаланылып келген үшкіріктің Отырардағы X—XII ғасырларға жататын баспаның орнынан табылуы да кездейсоқ емес. Аспап зерттеуші ғалым Омар Хаймолдиннің айтуына қарағанда, біздің үшкірік деп жүргеніміз кезінде Әбу Нәсір әл-Фараби тартқан гипчак болса керек.

Кедерде (Күйрықтөбе) X—XI ғасырларға жататын тұрғын үйдің орнын қазғанда саздан құйылған маска үлгісі табылған. Мұның өзі жасанып, маска киіп жұрт алдына шығатын ойыншылардың қатысуымен өтетін қызықшылық Қазақстанда орта-

ғасырларда, бәлкім онан да әрірек болған деген ой туғызады. Мүмкін Арқаның шаншарлары мен қулары, Сыр бойының масқарапаздары (осы атаудың «маска» деген түбірден шығуы ықтимал), тіптен ортекешілердің, сал-серілердің, жыршылардың өзі осындай дәстүрдің жалғасы десек, бұл пікірге күмәнданудың қисыны бола қоймас. Тіпті айла-шарғы жасап, кемпірі мен шалын ұрыстырып, күйеуге шығайын деп отырған қызын еңіретіп, сиырын мөңіретіп, малын қасқырға шапқызып, екеудің керісін, үшеудің дауласуын шығарып өнер көрсететін қазақтың «бір актерден тұратын театрының» өзі де осы бір көптен келе жатқан көне өнердің жалғасы болса керек.

Әттен, бізде әдет-ғұрыптық, тұрмыстық, әуездік археологиямен айналысатын мамандар болса мұнан басқа да жаңалықтар ашуға болар еді-ау. Отырарды жиырма жыл қазғанда мәселенің бұл жағына көңіл аударылмағаны өкінішті-ақ. Олай дейтінім, бізге қазақтың ортағасырларда, онан да бұрын қалай киініп, қайтіп өмір сүргенін, қандай мәнерде ән салып, қалай билегенін, әдет-ғұрпының, мәдени-тұрмысының қандай бағытта болғанын білу қажет емес пе? «Түйенің танығаны — жапырақ» дегендей біздің айналып-соға беретін шегіміз өзімізге белгілі XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы ғана.

Отырардың әр түрлі бөліктерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында, қаланың өзара сәйкес келетін үш қабат қыртысынан соңғы ғасырларға жататын құнды мағлұматтар алынған. Л. Б. Ерзакович қазба жұмыстары арқылы табылған ақшалардың стратиграфиясына, ашылған көмбелердің қайсы бір ғаламат оқиға қарсаңында немесе дәл соның кезінде жасырылғанына көңіл аударып қана қоймай, бізге жеткен жазба деректерге сүйене отыра, қаланың соңғы қыртысын қиян-қилы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысына жатқызған. Қазба жұмыстары мұндағы өмірдің соңғы кезеңінде бүкіл қаланы қамтыған үлкен өрт болғанын айқындаған.

Сөйтіп Отырардың біржолата күйреп, өмір сүруден қалуына қандай оқиға себепкер болды?— деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, жас тарихшы, археолог Мұхтар Қожаев хабарлаған жәйттерге көңіл аударуға болады. Отырардағы соңғы оқиғалар жөнінде жазба деректердің жоқтығынан зерттеуші 1904 жылы Темір, Арыс станцияларында жұмыс істеген А. Кларе дегенге Шілік облысының (Отырармен) көрші қыстақ) басқарушысы Төле Байтереков айтып берген аңызға көңіл аударғаны құптарлық. Ол былай деген: Әмір Темірден 400 жыл кейін Түркістан өлкесіне қалың қолмен Қашғардан келген қолбасшы Аяку (Қожаевтың жорамалы бойынша — жоңғарлар) Ескі Ташкентті басып алып, Отырар жеріне жеткенде қала халқы бір жарым жыл қарсыласып, ата-мекенін жауға бере қоймаған. Ескі Ташкентке

қайтып оралуға мәжбүр болған Аляку қыс бойы бүкіл әскерімен арық қазып, қазіргі Ташкент уәлаятындағы Шыршық өзенінің суын Отырарға бұрып қаланы суға алдырған да, өрт қойған.

Әңгімеші мұны Отырарды жұрттың ең соңынан тастап шыққан Бабашөл дегеннің (ол оның бабасының досы болған) Түркістан мен Шілікте тұратын ұрпақтарының аузынан естіген.

Жас ғалымның болжамының негізінде шыңдық жатқанын ескере отырып, өз тарапымыздан тағы бір жәйтке көңіл аударуды жөн көрдік. Ілгеріде Арыс пен Бөген арасын қосқандықтан тасқын суды Отырардың дәл төбесінен түсіре алатын «Ақарық» дегеннің ізі қазір де бар. Осы жолдардың авторының Ақарықтық ұлтанымен екі мәрте әдейі жүріп өтіп, оның суының реттелген егістікке бұрылған ізін таба алмай қайран қалғаны бар-тын.

Ал енді Ақарық Шыршықтың суын емес, Арыстың суын Отырарға бұрса ше? Арыс бұрын басқаша, мәселен, Сыршық (Сырға құлайтын су) деп аталуы да мүмкін ғой. Олай дейтінім Түркістан түбінде Қарашық (Қара су), онан әрмен қырға қарай беттегенде қазір тегістеліп кеткен Қаршық (Қар су) дейтін өзендер бар. Арқада Жыланшық (Жыландай ирелендеп ағатын су) делінетін өзен атауы да кездесіп отырады. Әйгілі Сарайшық та кішігірім өзенмен байланысты аталған болса керек.

Тіпті менің бұл айтқаным да көңілге қонбайтын болса, онда қазақ тілінің лексиконында «Шары шық[ты]» (биікке көтерілді, дегеніне жетті) деген ұғым тағы бар. Ал бұл сөз тіркесі суды «биікке шығарды» деген мағынаны беретін болса ше? Мұндай жағдайда біздің «Ақарығымыздың» не үшін қазылғаны өзінен өзі-ақ түсінікті болып шығатыны даусыз. Оның үстіне Күркелесті былай қойғанда, Шыршықпен арада қыратты алқап, онымен бір бағытта ағатын Бозсу, Келес, Арыс өзендері жатыр. Отырарды суға алдыру үшін осы үш өзеннің соңғысының да суы жетеді емес пе? Аляку де соншалықты ақымақ болмаған шығар. Әйтпесе, қиырда жатқан Шыршықта не жұмысы бар? Тіпті шыршықтың суын (бұрын ол Әмуға құйған болса) Сырға аударғанның өзінде де Отырар орналасқан дөңге көтеріліпті-міс деп жорамалдау түгіл, қиялға сыйғызу қиын. Мұны да ескерген жөн болар.

Отырар тағдыры — осы жердің түп-тамырлы тұрғыны болған ата-бабамыздың тағдыры, қазақтың алғаш рет халық болып қалыптаса бастаған алтын бесігінің тағдыры. Біз үшін Куликово алаңы, Бородино алаңы, Ватерлоо алаңы секілді ерлік алаңы болып табылатын Отырар тағдырына болашақ ұрпақ әлі де талай рет оралатын болады. Осы жерде, ата-бабамыздың қаны төілген қасиетті жерде, Отырар қамалының батыс қабырғасын, ондағы аспа көпірмен жабдықталған қақпаны қалпына келтіріп,

алдына алып монумент тұрғызуды, жарты жылға созылған ерлік қорғаныс кезіндегі «жекпе-жек» сайыс алаңын қалпына келтіруді қолға алған жөн. Бәлкім, бізге Отырартөбенің өзін де тарихи және мәдени ескерткіш ретінде болашаққа сақтап қалу жағын ойластырған дұрыс болар.

Әрине ежелгі Отырар тұрғындары мен қазақ халқының арасындағы тектестік, уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығы — әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет ететін өзекті мәселе. Егер бұған ерекше мән беріп, күш салатын күн туса, ежелгі Қазақстан тарихының әлі де болса жөнді айқындала қоймаған тұстарын ашуға мүмкіндік алар едік.

Сонда ғана қазақ халқы Отырар өркениетінің заңды мұрагері ретінде өзінің ерлікке, бірлікке, елдікке ұмтылған өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болады.

«КӨРЕ-КӨРЕ КӨСЕМ БОЛАРСЫҢ...»

(толғау)



егі «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деп бұрынғылар босқа айтпаған. Екі жыл бойы¹, сырлас дос болдық, талай-талай сәті түскен мезетті бастан кештік. Несін жасырайын, өзіңмен сырласқанда жеңілдеп, желпініп қалатыным рас. Сұхбатымыздың соңында айтар сөзімді, оқырман қауым, өзіңе жолдағым келіп отыр. Өйткені бастан кешкенді, азаматтық парыз бен жаңа заман айшықтарына қатысты ой-толғамын іште сақтамай, қимас достарыңмен бөлісіп пікір алмасқанға не жетсін. Айтарым көп еді, оның ұштығынан шықтым ба, жоқ па, әділ қазым өзің болдың, оқушым! Соңғы әңгіmemіз де құрғақ ғибараттылықтан аулақ болуға тиіс. Бұған күмәнданбасаң да болады.

Өмір болған соң әр түрлі жәйттер бола береді. Бірақ кімге де болса адамгершілік, имандылық, әдептілік, ізеттілік қағидаттарын таптап кете беруге жол жоқ. Менің бұрын үлкен құрлыс мекемесін басқарған, қазір бизнеспен айналысып байыған бір досым бар. Бұрын қолымда лауазымым барда айналшақтап, соңымнан қалмай жүргендіктен «бауырмалдық» сезіміне шын пейіліммен сеніп, қасыма ерткен едім. Көп ұзамай ағалы-інілі дегендей болып та кеттік. Бірақ мен зейнетке шыққаннан кейін аразым суына бастады. Бұрынғыдай бір бірімізге етене бола бермейтіндей қалға жетіп, бірте-бірте алшақтай бердік. Сөйтіп

¹Әңгіме «Тағдыр тағылымының» екі жыл мерзімде жазылғаны және жекелеген бөлімдерінің мерзімді баспасөзде жарияланғаны болып отыр (ред.).

жүргенде оның жалғыз ұлы (ол да бизнеспен айналыса бастаған еді) мерт болды. Адамның күні адаммен ғой, досымның басына түскен қайғы-қасірет екеуімізді қайтадан жақындастыра бастады. Әйтсе де көп ұзамай баяғы суысқан қалпымызға қайтадан келдік. Науқастанып, ауруханада ұзағырақ жатып қалған тұста, келіп қал-жағдайымды сұрауға да жарамды. Іштей қапа болсам да сыр білдірмеген болып мен де жата бердім. Солай бола тұра, дәтім шыдамай бірде шақырып алып жүздесуге тура келді. Көптен көрмегендіктен көңлім босап, туған інімдей болып кеткен досымның алдында әлсіздік те көрсетіп алыпмын. Ол әрине оған тұратындай адам емес екен, бекер болғанын соңынан түсіндім.

Менің осы бір келеңсіз мысалды алдына тартып отырғаным, оқушым, адамның күні адаммен десек те, рухани, адамдық қасиетімізді олай-бұлай шаша беруге қақымыз жоқ демек едім.

Бұрынғы тұрмыс салтының аса қарапайымдылығынан біздің қазақ өзіне тән ұтқыр ойды, көрегендікті, білуге деген құштарлықты өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортадан алғанын қазір біреу білсе де, біреу мұндай «ұсақ-түйекке» көңіл аудара бермейді. Қазақтың қанағатшылдығының өзі сырт қарағанда кегесін кейін тартып тұратын сияқты болып көрінуі мүмкін. Шүкір, қазір бұрынғы бастауларымызға қайтып орала бастаған сияқтымыз. Бірақ бұған асқан пайымдылық керек-ақ. Біздің қоғам байлық жағынан жіктеліп бітті десек те болатындай. Бір жағында әбден байыған азғантай ғана топ, екінші жағында қайткен күнде де «шықпа жаным шықпа» деп отырған қалың көпшілік. Көпшілікті неге егін салмайсың, неге мал ұстамайсың деп үрсуыңа да, сөгуіңе де болады. Ол үнсіз, оның пікірін естіп-білгісі келетіндер шамалы. Егін егейін десе су жоқ, мал ұстайын десе қаражаты жоқ дегендей. Ол байғұс өмірінде бірінші рет мұндайға тап болғандықтан осындай үлкен мәселені қалай шешсін. Оның қарап отырғысы келмейді. Бүкіл ұжымдасқан шаруалар болып бір сутартқышты моторымен, жанар-жағар майымен қоса ұстап тұратындай қауқары жоқ болғандықтан Сырдың суын өз деңгейімен бұрынғы ескі арықтар желісі арқылы жағаға шығарып, таратып әкетуге қам жасап жүргендер де табылатынға ұқсайды. Мұның арты немен бітетінін кім білсін, Сырдария бұрынғыдай буырқанып таси бермейді. Оның үстіне саға жағында өзенді бірнеше жерден тас қып буып алған тәуелсіз мемлекеттер бар. Тіптен су жіберген күнде де көп жылғы лай-балшықпен, құм-топырақпен бітеліп қалған өзен арнасы оны түгелдей қабылдай алмайды. Земснарядтар қойып, Шардарадан Қазалыға дейін атқылап, тазалау үшін қыруар қаржы керек. Ондай мүмкіндік жекешеленгенімен бірін бірі қолдау үшін кішігірім ұжымдық қожалықтарға, біріккен диқандардан табыла бермейді. «Былай тартсаң арба сынар, олай тартсаң өгіз өлер» деген осындай-ақ

болар. Мұндай қиыншылықтар Қазақстанның барлық аймақтарында кездесе беретін болып алған.

О баста жекешелендіруге кіріспестен бұрын алдын ала орайластырылмаған шаруа қазір бой көрсете бастады. Соңғы кезде халық үкіметті, үкімет халықты бас сап «сөге» беретін болып жүр. Тегі тірі адам тіршілігін істеу керек қой. Жұрттың «жерге ие болғаны» рас, ал оған су шықпайтын болса ше? Мұндайда мемлекет қамқорлығы керек. Бұл мәселе түбегейлі шешімін таппаса, орны толмас олқылықтарға апарып соғуы мүмкін. «Көре-көре көсем болатын, сөйлей-сөйлей шешен болатын» күн сонда туар.

Ал күнделікті өмір сүрудің тауқыметін тартып, таңның атысынан күннің батысына дейін еңбек етсе де мардымды пайда таба алмай, айлығын, зейнетақысын уақтылы ала алмай азап шегіп жүрген қаладағылар қайтіп күн көрмек? Бірде Шымкенттің түбінде тұратын бір суретші, керамика шығаратын шіленгерден хат алғаным бар-тын. Бес саусағынан өнер таматын шебер құмырашы тағдырына шағым жасап, ақыл-кеңес сұрапты. «Есіңізде ме, былтыр (1995 ж.) — деп жазыпты ол, — сізде болып, өте ризашылық сезіммен аттанған едім. Содан бері өмірімді дұрыс жолға қойғандаймын. Шәуілдірдегі шеберхана, үйімді саттым да, Шымкент маңынан бос жер алып, үй салдым да соған кіріп алдым. Айтуға оңай, дегенмен қиыншылықтар артта қалғандай. Әрине сізді үй-шілік, майда-шүйдемен мазалай бермейін деп хат жазбағаным рас. Енді мені толғандырып отырған нәрсе — жұмыс мәселесі. Күн көру — қыстан тоңбай шығу — өнермен айналысу. Бірақ менің шығарғандарыма сұраныс болмай тұр. Аздап болса да Отырардың қорқапты керамикасымен айналысып жатырмын. Әйтеуір өнерді жетімсіреткім келмейді. Соған сізден өтінетінім нендей кеңес бересіз? Қазір үйде бір қап ұн қалды. Ашаршылық дегенді бұрын аталарымның аузынан естуші едім, енді басыма келді. Не істерімді білмей отырмын. «Күл базарға» барып жалдансаң, тек өзіңнің бір күндік тамағыңды ғана табасың. Әрі сол күні жеп бітесің. Жұмыс істегің келсе де аштан өле бер дегендей. Інілерім мен бала-шағамды тұйықтан қалай алып шығарымды білмей отырмын.

Соңғы үмітім сізде ғана. Жауап күтем. К. Қ. 09.12.96».

Мен бұған не айта қояйын. Қайсы біреулерге телефон соғып, көмек көрсетугін сұрадым. Бірақ нақтылы жауап ала алмадым. Ал енді қалай қарайсың, оқушымы, осы бір суретші-шіленгерді жұмыс істегің келмейтін жалқаусың, арамтамақсың деп айыптауға бола ма? Оның шығарған бұйымтайымын сатып ала қоятын туристер де қыс кезінде бола бермейді. Қайткен күнде де осындайларды қолдау парызымыз емес пе? Шымкенттегі суретшілер одағы да көмек көрсете алмағанға ұқсайды.

Жұрт байығандарға қызғанышпен қарайтын болып алғалы қашан. Расында маңдай терімен қорлана бастаса, оған ешкімнің дауы жоқ. Ал елдің есебінен, ұрлық-қарлық арқылы байыса ше? Алаяқтар байып жатса мұны қалай түсінуге болады? Президентіміз мұндайларға жол бермеуге тиіс. Көрші мемлекеттердің бірінде Елбасы жиырма жылға дейін баитындар болса ортаға шықсын, көріп алайық, қалай байығанын дегенді де айтыпты десіп жүр ғой. Мұндай екіұшты мәселеде айқындық керек-ақ. Қайткен күнде де жағдайды «ұзын арқан, кең тұсауға» жібере беруге бола қоймас.

Қоғамның салауаттығы адамгершілік, мораль, имандылық сияқты қасиеттерден құралатыны мәлім. Ал кейбір мәселелер мұндай өлшемдермен үйлесе бермейтін болса ше? Қоғам ғасырлар бойы от басының тазалығы, шынайлығы, мүлтіксіздігі үшін күресіп келген болатын. Адам құқығы, еркектер мен әйелдердің теңдігі сияқты мөлшер жылдар бойы алдыңғы шептегі келелі мәселелер қатарынан көрініп келді. Ал қазір болса, неке қатынастарының жөнді реттеле қоймағандығынан, анда-мұнда қосарлап әйел алушылық көріне бастады. Өз басым осындай от басында бақыт, ырзық, береке болады дегенге сенбеймін. Ондайды көрген де емеспін. Мұндай жағдайда мемлекетіміз, үкімет орындары жұртты бір жағына шығатындай тәртіпке келтіруі керек қой дегім келеді. Біздің демократиялық, құқықтық қоғам орнату жолына түсе бастағанымыз тағы бар. Өзіміз қол қойған халықаралық декларацияларда мұндай қағидаттар бар дегенді естіген емеспіз. Мәселеге немқұрайды қарауға болмайтынының тағы бір себебі жас ұрпақтың дұрыс тәрбие алуымен байланысты. Алда-жалда көп әйел алушылықты сондай маңызды мәселе деп есептейтін болсақ, оны тиісті заң жолымен үйлестіріп алған жөн. Бірақ мұның қазаққа бұрын үйреншікті қалып болғанымен өркениетті елдерге жат қылық болып шығатыны даусыз.

Біздің қоғам ренессанстық сыйпат алып, қайта жаңғыру кезеңін басынан кешуде. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Мораль, имандылық, ізгілік қасиеттер оның жарық жұлдыздары іспетті болуға тиіс, жоғары мәдениет те қажет ақ. Бірде өзінде болған баспасөз конференциясында аңдамай сөйлеген бір жоғары лауазымды азамат «соғыс кезіндегідей, кітапханаларға қол ұшын бере алмай» жатқанын айтып, елді мүсіркегендей пиғыл көрсеткен екен. Мұны естіген жазушылардың құрамында Қалтай Мұхаметжанов, Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов бар бір тобы «Казахстанская правдаға» ашық хат жолдап (24.02.96): «Ау, үкімет кітапханаларға қол ұшын бере алмай жатса, оның кітапқа да мұршасының жете бермегені ғой. Сонда не, нарықтық қатынастың білімсіз-ақ, парасатсыз-»

ақ күн кешетін болғаны ма?» деп өз ойларын ортаға салған болатын.

Шынында да, соңғы үш-төрт жылда Қазақстанда алты мың кітапхана жабылыпты және бұл үрдістің онан әрмен жалғаса беретін түрі бар. Ұлттық кітапхананың да жағдайы мез емес. Қазақстанның ең үлкен кітап қоры жексенбіде жұмыс істемейді, үйге кітап босата алмайды. Қазақстанда соңғы кезге дейін екі жарым мыңға жуық кітап шығарылып келсе, 1995 жылы алты жүздей ғана басылым жарық көрген. Кітап саудасымен айналысатын мекемелер, бибколлектор жұмыс істемейтін болып алғалы да аз уақыт өткен жоқ.

Сол қиын-қыстау соғыс жылдарының өзінде Қазақстанда сақталымы 130 млн. данаға жететін басылымдар жинақталған 17 мың кітапхана жұмыс істеген екен. Баспалар да уақытша біріктірілгенімен бұрынғы қалпында жұмыс істей беріпті. Газеттер де уақтылы шығып тұрған. Тіпті соғыс майдандарының өзінде ондаған газет қазақша шығарылып келген.

Ол кезде ел басынан кешіп жатқан қиыншылықтарға қарамастан мектептер де қысқармаған. Керісінше олардың саны 1940—1950 жылдары 7,7 мыңнан тоғыз мыңға дейін өскен. Ал қазір ше? Тек соңғы жылдары ғана 600-ден астам мектеп, үш мыңға жуық мектепке дейінгі балалар мекемелері (бұл олардың жалпы санының жартысына жуығы) жабылып қалған. Мектеп пен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде тәрбиеленетіндердің саны да күрт азайып кеткен. Ауруханалар, емханалар, денсаулық сақтау пункттері де қысқартылып жатыр. Егемендік, тәуелсіздік жағдайында осындай болады деп кім ойлаған? Бәлкім бұлар өтпелі кезеңнің қиыншылықтары шығар.

«Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген мәтелдің сыры міне, осында жатыр. Мұны да ойла-нып қояйық, оқушымы.

Соңғы кезде ұлттық идея жөнінде көбірек айтылатын болып жүр. Бұл оның әр қилы жағдайда қоғамның дені сау күштерін біріктіре түсуде маңызды роль атқара алатынымен байланысты болса керек. Мәселен, ұлттық идея, оны ұлтшылықпен шатастырудың еш қандай қисыны жоқ. Қазақстан сияқты көпұлысты жас мемлекеттің алдына қойған негізгі міндетін іске асыруда оның төңірегіне жұртты топтастыру үшін де қажет. Кезінде ұлттық идеяның қағидаттарыш Қазақстандағы ұлттық демократияның көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар да пайдаланған. Бірақ кеңес үкіметінің тарапынан оларға пақақтан-пақақ жала жабылып, «ұлтшылар», «халық жау-золары» деген айдар тағылғандықтан, еліміздің асыл азаматтарының өздері бастаған ұлы істі аяқтата алмай мерт болғаны кімді болса да бейтарып қалдыра қоймайтын жауыздықтың айғағы еді.

1917 жылғы қазан төңкерісінің ықпалынан тысқары қалып қойған қазақ ауылын кеңестендіру кезінде де ұлттық идеяның кейбір қағидаттары елдің көңілін аулау үшін кәдеге жаратылғанын қазақ фольклорында сақталып қалған «Есік алды бес қарға, бесеуі де жас қарға, саясаттың білімін үйретеміз жастарға» деген шумақтан да аңғаруға болады. Ал «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген тіркестерден ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатының алғашқы сәттерінен бастап ақ тұрмысымызға ене бастаған болашақ трагедияның жай-жапсарын көреміз.

Біз әрине ұлтжандылықты ұлтшылдықпен шатастыра беретін қалыптан алыстап кеттік. Әйтсе де осы бір түсініктің өмірімізге қиыншылықпен енгені есімізде қалды. Кейіннен тұрақты жұмыс істейтін парламентке жол ашу үшін «өзін өзі таратқан» Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесіндегі пікір таласы кезінде қайсы бір депутаттарға «Ұлттық банк» деген түсініктің өзі түрпідей тигені сонша, неге біз «Мемлекеттік банк» немесе «Орталық банк» демейміз деп байбалам салуға тырмысқандар болған еді.

Соңынан ұлттық идеяның жұрттың болмысын билеп алғаны сонша, қазір ондай «ұсақ-түйекке» көңіл аударар бермейтін болып алдық, керісінше оның негізінде қоғамның дені сау күштерін біріктіруге тырмысқан қозғалыстар пайда болды. «Азат», «Желтоқсан» секілді қозғалыстардың Бостандық, Теңдік, Туысқандық идеяларын өздеріне айбар тұтып көшбастаушы болғаны құптарлық. «Невада—Семей», «Әділет», «Табиғат» сияқты ұйымдар да 90 жылдардағы халықтық қозғалыстың қалың ортасынан көрініп жүрді. Өз басым қызмет бабын пайдаланып, ешқашан да оларға қарсы әрекет жасап, қысымға алған емеспін. Керісінше, Орталық комитеттің хатшысы ретінде жылдар бойы жұрттың жігерін құм етіп, сана-сезімін матап, тұншықтырып келген ой тұсауы алына бастаған тұста олардың арасында бағдарламалары елдің конституциясына қайшы келмейтіндеріне тікелей қолдау жасап келдім. Мұны біреу дұрыс түсінсе де, екінші біреулер ұғына бермейтін. Мұндай жағдайда, еркі білсін дей салатын едім.

Десек те демократиялық қозғалыстардың өзара бірлесіп, қоғамның дені сау күштерін қазіргі заманғы ұлттық идея төңірегіне топтастыра алатын бірыңғай саяси партия дәрежесіне көтеріле алмағаны (әрине өздерін партиямыз дейтін бірлестіктер баршылық қой) елдегі қоғамдық өмірдің нәрегейлігін көрсетеді. Шамасы біздегі қозғаушы күштерге әлі де болса ымырала-са түсуді талап ететін негізгі бағытта қажырлы қимыл жасауға тура келетін шығар.

Жасыратыны жоқ, қазақтың бойына сіңген көп қасиеттері

мәмлеге келетін ауызбірліктің жетісе бермейтіндігінен ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа алмасып, келелі мәселелердің түбегейлі шешімін табуына тосқауыл болып келді. Мұның әлеуметтік ортамен біте қайнасқан, үлкенді-кішілі мәселелерде жұрттың жанын жегідей жеп келген қызғаныш сезіммен ұштасып жататыны тағы бар. Оған бақталастықты, көреалмаушылықты, кермағыз керенаулықты қоссақ, көпұлысты елдің жағдайында конституциялық бостандықтарды ұқыпты пайдалануға бағытталған ұлттық идеяға қарама қарсы құбылыстың айғағы болып шыға келетіні даусыз.

Қазақтың «бет-ауызы» түзулеу, жарқын жүзді, атжақты, ашық көзді азаматты көрсе-ақ, қызғаныш сезіммен қарайтыны сонша, «Ей, мынауың қазакқа ұқсамайды ғой» дегенді айтып, өзіне тели қойғысы келмейтінін де көріп жүрміз. Ау, сонда қазақ болу үшін адамның қысықкөз, бүйрек бетті, тайқы маңдайлы, пәттек тұмсықты, қотан аяқты болуы міндетті болғаны ма деген ойға қаласың. Жылдар бойы бейнелеу өнерінде қазаққа осындай тұрпат беріліп келгені оның ұлттық «ұрқын» жасаудағы немқұрайдылықтың нәтижесі болса керек.

Қазақтың бойына сіңген тағы бір мерез бар. Ол оның өзінен шыққан белгілі адамдарының қызметіне, шығармашылығына баға берудегі орашалақтықпен ұштасып жататын керенаулығымен, асырасілтеушілігімен байланысты қалыптасқан мінез-құлықтық қалып. Бірде қазақ операсының негізін қалаған жарық жұлдыздарының бірі, қайталанба бермейтін бірден бір лирико-колоратуралық сопрано Күләш Байсейітованың өнер жолына, шығармашылығына шолу жасаған телехабарға қатысқан өнерзерттеушісінің Күләштің арына тиетіндей етіп, оның өз тұсында үлкен абырой-атаққа ие болғанымен қазіргі өлшеммен қарағанда аса зор дарын иесі бола алмайтыны жөнінде шындыққа үйлеспейтін, қисынсыз пікір айтқанын естіген едік.

Шамамен алғанда, 50 жылдардың аяғында 60 жылдардың басында туып-өскен, Күләшті сахнадан көріп, үнін естімеген маманның оған соншама өрескел баға беретіндей әкесінің ақысы бар ма? Өйткені, оның қолында «алтын қор» дегендегі шалашарпы записьтерден, мүлтіксіздігі шамалы киножолалқтардан басқа ештеме жоқ. Күләштің құдіретін түсініп-білу үшін талай-талай архив жадығаттарын, ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөздің жекелеген сандарын ақтарып, әнші өнерінің мыңдаған жанкүйерлерімен кездесіп, пікір алмасқаннан кейін ғана түбегейлі пікір айтуға болатыны бұл азаматтың ойына да келмепті. Өйтпесе Күләш Байсейітованың, қай жағынан алып қарасақ та, бұрын-соңды қайталанбаған құбылыс екені көптен белгілі емес пе? Күләш сияқты өнер қайраткерлерінің анда-санда ғана тарих бетінен көрінетіні тағы бар. Сонда қазіргі Бибігүл мен Роза,

өңкей
түсірілді
13.06.09
01.09.10
02.09.10

Рахима мен Қорлан ғана асқан дарындылар болғаны ма? Олардың қай қайсысының болса да қазақ өнеріне қосқан үлесі, алатын орны бар екені даусыз. Бірақ әйгілі опера әншілерінің шығармашылығын Күләш сияқты өнер сандағының артында қалдырған мұрасына қарсы қоюдың қисыны жоқ. Әлде жұртты бір бірімен соғыстырып жүрмесек, көңліміздің көншімейтін болып алғаны ма?

Бәлкім, қайсы бір мамансымақтар осыдан қырық жыл бұрын дүние салған атақты әншінің үнсіз, жауап қайтара алмайтынын пайдаланып оңды-солды соққылай беруге болады деп ойлайтын шығар. Күләштің Қызжібегі мен Ажары, Сарасы мен Маросы, Ақжүнісі мен Татынасы, Алтыншашы мен Баттерфляйі қайталанбас бейнелер ретінде жұрттың абайында мәңгі қалып қойды. Оның кез келген әуенді мың құлпыртып әкететін асқан әншілігін де қазақ халқы, мыңдаған алғыскер тыңдаушылары есінен шығара қоймас.

Тегі арамыздан үш-төрт буын алмасып үлгіретіндей уақыт бұрын дүниеден өткен ұлы актрисаның (оның қалай қайтыс болғанын да білеміз ғой) әруағын құрметтейтін мезгіл жеткен сияқты. Мұны өздерін опера өнерінің бірден бір білгірлері ретінде сезінетіндер де есте сақтағаны жөн.

Сөз орайына қарай, атақты биші Шара жөнінде де бірер сөз айта кетуді жөн көріп отырмын. Осы бір өнер сандағының шығармашылығы жөнінде де «аз ғана ән, азынаулақ би» («не много песни, не много танца») деп әжуалағысы келетіндер қазірде де табылатынға ұқсайды. Кезінде «Алтай», «Алтай», «Алтайды» айтып апай қартайды»,— деп Жамал Омарованың шығармашылығын әзіл-оспаққа айналдырғандарды да көрген едік.

Ау, сонда өзінің өткендегісін құрметтегісі келмейтін біздер кімбіз? Шынтуайтына бұрсақ, Шараның бишілігі де, Жамалдың әншілігі де ескірмейтін, мәңгілік өнер емес деп жұртқа ұғындыра алатындар табыла қояр ма екен?! Тіпті олардың денгейінен асып түскен дарын иелері де әлі көріне қойған жоқ. Ал, мұндай шындықтан қайда қашып құтыларсың?

Бізде түп-тамырымен қоса, қопарып алып тастауға тұрарлық тағы бір індет бар. Ол ата, ана тілімізді қастерлей, құрметтей алмай келе жатқанымызбен байланысты. Біздің тіл диалектсіз, аса бай, оралымға көне беретін ел мұрасы. Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясына 16 мың сөз пайдаланған екен. Ал Шекспирдің, Толстойдың, Пушкиннің аса танымал шығармаларындағы сөздік 6,5—8,5 мыңнан артып түсе бермейді дегенді айтады білетіндер. Әрине алыптарды бір-біріне қарсы қою — ақымақкершілік. Десек те қазақ өзінің осынша байлығын қалай пайдаланып келді дейтін болсақ, мұнда да орайы түссе «қырқысып» жататын қазекенде ауыз тұщытып айта қо-

М. Омаров
Толстой
Шекспир
1991
М. Омаров
Т-1

ятын жауап жоқ. Кежігімізді кейін тарта беретіні ұланғайыр кеңістікте қоныс тепкен елдің көшпелі, жартылай отырықшы және отырықшы-топтарының іс-қаракетіне байланысты кейбір сөздердің барлық жерде бірдей кездесе бермейтіні. Бір аймақта кездеспейтін сөз екінші бір атырапта ұшырасып жатса, онан артық байлық бола ма?

Төркіні рушылдыққа, тайпаға, жүзге, жерлестікке, жікшілдікке бөлінуге апарып соғатынына қарамастан, сол бес-алты сөзден «диалект» жасап жүрген зерттеушілер де бар. Әрдайым бір бірімен мольнан араласып, Алтайға жау тисе-ақ Атырауға, кәрі Каспийге дейін үдере көшетін, от басын құрайтын күн туса, экзогамиялық неке қатынасының талаптарына сай қалыңдығын генеалогиялық жағынан жеті атадан арғы жерде ажырасатындардан іздестіретін қазақта, керек десеніз, бұрын жекелеген хандықтарда оқшаулана өмір сүріп көрмеген қазақта диалект қайдан болсын?

Солай бола тұра, құлазыған кең даланы төстеп, көшіп-қонған қыр қазағына Сыр бойында немесе Оңтүстікте, Талас-Шу атырабында қоныс теуіп, диқаншылықпен айналысқан отырықшы елдің қайсыбір атаулары түсініксіз болса-ақ, өмірінде өзбекті көрмеген жұрттың «Ей, мынауың өзбектікі ғой!» деп оқырая қалатынын кайтерсін. Мәселен, Сыр бойында «күріш арқасымен күрмек су ішеді» деген мәтел бар. Оның «жақсының арқасында жаман күн көреді» деген мағына беретіні күріш еккен алқапта онымен бірге күрмек (арам шөп) те су ішетінін, мәселен, күрмекті білмек түгіл күріштің өзін «іріс» (рис) деп атайтын теріскей қазағы қайдан біле қойсын? Ал осы сөзді пайдаланып, диалект «құрай» салудың ыңғайы бола қояр ма екен?

Тілге жанкүйер болып, сабылып жүргендер мұны неге ойлана бермейді. Гәп міне, осында жатыр.

Өмірімде бір-ақ рет терминкомның мәжілісіне қатысып, талдықорғандық бір азаматтың қауынды «дінке», қарбызды «қауын» деп жазғызғысы келіп шарық ұрғанын да көргенім бартын. Сонда, оның ауылында солай атаса, бүкіл қазақ болып қайталауы қажет пе?

Ігеріде алғаш рет іс сапарымен Семейде болғанда Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің экспозициясымен таныспақ болып, сонда барғанда көріп-білгенім бұлардан да асып түскен еді. Әдеби тақырыпқа әжептәуір әңгіме-дүкен құрып келе жатып, қабырғада ілулі тұрған Хлудовтың «Бай ауылдың көші» деген суретінің тұсына барғанда экскурсия жүргізген музей қызметкері «тегі бұл қазақ өмірінен алынбаған болса керек, жорғаға мініп, көпші жетелеген қыздың бұрымының бірнеше тарам болып өрілгеніне, басындағы бөрігінің шектен тыс қоқырайғанына қарағанда көш ұйғырдікі болуы мүмкін. Тек тараншылар ғана

осылай көшіп-қонған»,— деп қалғаны. Мен бұған қайран қалып:

— Бұл не дегеніңіз, ол өзі байдың еріккен қызы болса, шашын бірнеше тарам түгіл тоқсан тарау қып өргізем десе де еркі бар емес пе? Ал басына кигені көш бастайтын қыздардың мұндайда арнайы киетін қазақтың қарқара бөркі болса ше? дегенді айттым. Ол да менімен жарыса сөйлеп:

— Кешіріңіз. Сіз мені дұрыс түсінбедіңіз. Жетісудың қазағы тараншы (ұйғыр), Талас-Шу атырабының елі қырғыз, Шымкенттіктер — өзбек болып кеткендіктен олардың тілі де, киген киімі де өзгешелеу ғой,— деп жуып-шайған болды. Мен оның әңгімесіне тағы да қанағаттана қоймай:

— Ау, сіздің мына суреттегідей, түйесіне шаңырағын арта көшкен ұйғырды көргеніңіз бар ма еді? Оның үстіне суретші де туындысын «Бай ауылдың көші» деп тегіннен-тегін атамаған шығар. Осы «бес ұй қазақ отырып» жіктеле қалмасаңдар іштерің кебе ме қалай? Тым болмаса осы бір жаман әдетті тоқтататын уақыт жеткен шығар? Мен Шымкенттің қазағымын, білгіш болсаңыз айтыңызшы, менің айтқандарымнан өзбектің қанша сөзін тауып алдыңыз? Ал сіздің он сөзіңіздің сегізінен татар лебі есіп тұр. Идеологиялық мекемеде отырып, бұлай сөйлеуге болмайды. Мұндай әңгімені менен басқа ешкім естімей-ақ қойсын, ұятқа қаласыз!— дедім. Ол болса:

— Кешіріңіз, кешіріңіз, ақсақал,— дей берді...

— Мен сізге ақсақал түгіл көксақал болуға да жарамаймын. Әкемдей екенсіз, мұндай әңгімеге үйір болмаңыз!— деп қолымды ұсындым.

Абайдың «алты бақан алауыз» дейтінінің сыры міне, осындайда жатса керек.

Сұхбатымызға арқау еткен ел тағдыры жайлы әңгімемізді соңына жеткізу үшін де, оқушым, өзінмен сыр шерту қажет болды. Бұл қазіргі өтпелі кезеңде қоғамдық болмыс пен сананы айқындап, жетілдіре түсу қажеттігінен туындалған ой еді.

Мұның өзі қазіргі «интеграциялық» үрдістермен де тікелей байланысты бола бермек. Несін жасырайын, кейде маған бүкіл қазақ даласын интеграциялық елес кезіп жүргендей болып көрінетіні де рас. Әрине, өтпелі кезеңде көрші елдермен бірлесе отыра, экономикалық ынтымақтастықты мемлекетаралық қарым-қатынастарға арқау еткенге не жетсін! Десек те интеграцияның жемісті болуы оған қатысатын жақтардың «терезесі» тепе-тең болмаса да, өндіргіш күштері, ұлттық даму дәрежесі бір шамада болуы қажет ақ. Онсыз күшті жақ әлсізді «жұтып» қоюы ықтимал, немесе өз арамыздан ұлттық жұмысшы табын өрбіте алмай, қазіргі заманғы инженер-техник қызметкерлерін аяғынан тұрғыза алмай, тағы да орта жолда қалып қоюымыз мүмкін.

Бір мысал. Бұрынғы экономикалық өзар көмек кеңесіне (СЭВ) ең соңғы болып енген Моңғол халық республикасын қабылдағанда оның экономикасын көптеп-көмектеп, таяудағы жылдарда дамыған елдердің қатарына қосу көзделген болатын. Өкінішке қарай, Моңғолияның табиғи ресурстарын Шығыс Еуропаның социалистік елдерімен бірігіп пайдаланудан әрі аса алмаған «интеграцияның» нәтижесінде онсыз да тапшылық көріп келген моңғол елі сол баз-баяғы қалпында қалып қойған.

Сөз жоқ, еуропалық интеграцияның тілге тиек етерлік жақтары молшылық. Әйтсе де ондағы жағдайды, ортақ валютаны енгізген күнде де, біздің қал-ахуалымызбен салыстыруға болмайды ғой. Бізде әлі Еуропадағыдай экономика, мәдениеттілік, әлеуметтік коммуникация, хұқық қорғау ісі орныға қойған жоқ. Шама-шарқы жағынан дағдарыстық қиыншылықтарға қарсы тұратындай институттарымыз да шамалы.

Бәлкім, қайсы біреулерді Қазақстанның табиғи байлықтары қызықтыратын да болар. Соңғы бес-алты жылға дейін Орталықтың шикі зат қоры есебінде пайдаланылып келген Қазақстанда өндірілген әр бір килограмм жүн, шопандардың жалақысын, кеңшардың шығынын қоса есептегенде 15 сомға бағаланып, Орталықтың кәсіпорындарына жөнелтіліп келген. Ал сол бір килограмм жүннен шығарылған тоқымадан әр қайсысы 250 сомнан тұратын екі костюм тігіліп, біздегі сауда орындарына қайтадан түсіп жататыны дағдыға айналған екен. Тіптен түскен пайданың Орталықта қалып қоятынының өзі алдын ала үйлестірілген шарттылық іспетті болып көрінетін. Кім білсін, егер тағы да осындай «интеграцияның» кебіне ұшырайтын болсақ, онан не пайда? Тегі жариялылық, ашықтық қағидаттарға жұрттын қолы әлі де жете алмай келе жатқанына қарағанда басқаша ойлану қиын.

Қазір бізге мемлекетаралық қарым-қатынастардан шағын бизнеске дейін қай саланы алып қарасақ та, тепе-тең серіктестікті (равноправное партнерство) қалыптастырудың алдыңғы шептен көріне беретіні белгілі. Өйткені серіктестіктің бір жағы сәл басымырақ болса-ақ, алдын-ала үйлестірілген шарттылықтың берекесі кете бастайтыны қақ. Осыған қарағанда тепе-тең серік болу алға қойылған мақсаттың табысты болуына апаратын бірден бір жол болатындықтан оған немқұрайлы қарауға негіз жоқ. Егер ол ел алдындағы қарыз бен парызға бейімдейтін адамгершілікпен, имандылықпен ұштасып жататын болса, табыстың қосымша көзі ашылатыны даусыз.

Өкінішке қарай, біз жұртты бизнеске, сауда-саттыққа дағдыландырамыз деп жүріп, маңдай терін шығара еңбек етуден бой жазғызып алдық па, қайдам, қазір ондай шаруамен айналысқысы келетіндер кездесе бермейтін болып алған. Станокта тұрған

да, мал бағып, егін салғанда не пайда, онда табатын азынаулақ жалақыны (оны да уақтылы алу қиын) мен мұнда бизнес жасап бір сағаттың ішінде таба алам дейтіндер де азая қоймағанға ұқсайды.

Сондықтан да бізге тепе тең, хұқылы серіктестікті дамыту қажет ақ. Мұның өзі Қазақстан секілді жас мемлекеттің тұлғасын сомдай түсуге тіреле беретінін де ұмытуға болмайды. Мәселен, қазіргі бой көрсете бастаған көп келеңсіздіктерден ұлттық арқаудың қырқыла бастағанының, тәлім-тәрбиенің ғасырлар бойы қалыптасқан имандылық-эстетикалық жүйесінен бірте-бірте ауытқып бара жатқанын көруге болады.

Өкініштісі, мәселенің бұл жағын үйлестіріп, ұқсатып жатқандар жоқ, оның жолдарын қарастырып, халық игілігіне пайдалануға ұсынып, сабылып жүрген қоғамтанушыларды да көрген емеспіз. Сол «баяғы жартас, бір жартас» дегендей айналамызға қарайлап, жалтақтаумен келеміз.

Қазақтың қазақ болғалы қалыптастырған ұлттық ерекшеліктері оның жеке дара сыйпатын, әдеуметтік ортамен, тарихпен байланыстыра отырып, өзіне тән әдептілігіне, сыпайыгершілігіне, үйлесіміне, тәрбие жүйесінің ұйқастығына үңіле түсуді қажет етеді. Мұның Қазтуған жыраудың, Асанқайғының, Қаз дауысты Қазыбектің, Әйтекенің, Төле бидің, Ақтамбердінің, ұлы Абайдың пәлсафалық, педагогтік, дүниетанымдық мұрасын игеруге талпыныс жасауды керек ететіні мәлім.

Біз соңғы кезге дейін әлеуметтік-экономикалық жағынан жалпыланудың рухани өмірге түбегейлі ене бастағанын, оның тұрмыстағы әмбебаптыққа, сайып келгенде, адамның жеке басының орташалануына, алып келгенін аңғармаппыз. Оның үстіне жалпыға ортақ игі қасиеттердің бәрі көп жылдар бойы интернационалдық сыйпатта ғана насихатталып келгендігінен ұлттық мақтаньштың өзі өрісі тар надандарға бүркеме немесе ашықтан-ашық ұлтшылдық болып көрінетін.

Шүкір, мұның бәрі қазір келмеске кетіп бара жатқан сияқты. Әйтсе де олардың жанталасып қарсыласа бастағандығынан жалпылық ызың аңда-саңда бой көрсетіп жүр. Бірақ қалай болған күнде де адам мен табиғаттың арасындағы сәйкессіздік, бірінен соң бірі апат аймағына айналып бара жатқан аудандардың көбейе бергені елдің мінез-құлқынан, салауаттылығынан көріне бастағаны нақтылы шаралар іске асырылмаса орны толмас оқылдықтарға алып баратыны ықтимал.

Хұқылы серіктестіктің соншалықты қажет екенін Атырауда Күсни Айтқалиевтің авторлық мектебінде болғанда ұстаздар мен шәкірттер арасындағы түсініскендік негізінде жасалған тәлім-тәрбие жүйесінен аңғарған едім. Ен бастысы мұнда балаға бала деп қарамайтындығында еді. Ол ұстаз үшін тең хұқылы серік,

өзімен санасуды талап ететін, сенім артуға болатын белсенділік көзі. Осындай серіктестік қарым-қатынас орнаған мектепте оқу-тәрбие жұмысы да нәтижелі болады екен.

Қазақтағы театр өнерін алсақ, қайсы бір қойылымдар жылдар бойы сахнадан түспей келеді, ал екінші біреулері 3—4 көрсетуден кейін-ақ көрермендерді жалықтырып болады да ұжымның репертуарынан шығып қала береді. Мұның түпкі мәні де автор мен режиссердің труппамен арасында о баста қалыптасқан тепе тең серіктестікпен байланысты. Мәселен, бұрын әрбір жаңа туындыны театрдың репертуарлық жоспарына енгізуден бұрын өзара пікір алмасу жолымен, шығарманың жетіспейтін жақтарын ортаға салып, болашақ орындаушы-актерлардың қатысуымен оларды жою жолдары қарастырылатын болған. Қазіргі «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Абай», «Біржан мен Сара» опералары, «Еңлік-Кебек», «Ақан сері-Ақтоқты», «Қаракөз» драмалық қойылымдары осылай өмірге келген екен. Сондықтан да олар жылдар бойы театрлардың алтын қорында сақталып, халық игілігіне қызмет етіп келеді. Ал қазір ше? Мұндай шығармашыл ыңтымақтастық жоқ десек те болғандай. Алдын ала қаламақысын алғаннан кейін автордың труппада, труппаның авторда жұмысы жоқ. Барлығына режиссер қожайын, соның айтқаны болады да қала береді. Әрине мұндай тең хұқылы серіктестік жоқ жерде пайда болған спектакльдер көп ұзамай театр репертуарынан шығып қала береді.

Мен осымен, оқушым, әңгімемізді доғарсам деймін. Оқырманға қазақ болмысы мен тұрмысынан әңгіме-дүкен құратын туынды берсем деп армандаушы едім. Соған қолым жетті ме, жетпеді ме, оған да төрелік айтатын өзің боларсың, оқушым. Тағдыр жазса әлі де талай-талай кездесерміз. Айтылғандардан, өсиет, нақыл сөз болмаса да, әркім өзіне керегін ала жатар. Азынаулақ болса да біреулерге пайдалы болып, өнегеге жараса, автор өзіне үлкен бақыт деп есептейді. Жаңа мыңжылдықтың табалдырығын аттарда қадамың құтты болсын!

Көріскенше сау бол, өзіңе мол байлық, зор денсаулық тілеймін!

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау ҮМІТ ПЕН КҮДІК ЖЕТЕГІНДЕ

Замандастарыма	6
Үміт пен күдік жетегінде	23
Жұбан аға туралы ой	57
«Шебердің қолы ортақ»	64

Екінші тарау АТА ҚОНЫС, АЛТЫН ОРДАМ, БЕСІГІМ

Абайға тағзым етейік, ағайын	80
Ата қоныс, алтын ордам, бесігім	86
Алыс, алыс та болса жақын.	109
«Көре-көре көсем боларсың...»	123

Литературно-художественное издание

Джанибеков Узбекиали

СУДЬБЕ НАПЕРЕКОР

(мемуары)

(на казахском языке)

Редакторы **Г. Әдуова**

Көркемдеуші редакторы **В. Логинов**

Техникалық редакторы **Р. Ниязова**

Корректоры **А. Сәлімова**

ИБ № 7424

Теруге 04.05.97. жіберілді. Басуға 10.06.97 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Балтика». Шартты баспа табағы 8,137+0,697(вкл)+0,232 (форз) Шартты бояулы беттаңбасы 9,531. Есептік баспа табағы 8,181+0,621(вкл)+0,386(форз.). Таралымы 10000. Тапсырыс №544

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің «Рауан» баспасы. 480016, Алматы қаласы, Абай даңғылы 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты. 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41-үй.